



Жылдық есеп

# Ағынмен үндесіп

«ҚазТрансОйл» АҚ

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
Магистральдық құбырлардың схемасы  
2023 жылғы негізгі оқиғалар  
Компанияның бизнес-моделі

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

### 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

### 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

### 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

### 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

### 6. ҚОСЫМШАЛАР

# Мазмұны

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі .....	04
Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі .....	06
2023 жылғы негізгі көрсеткіштер .....	08
Магистральдық құбырлардың схемасы .....	12
2023 жылғы негізгі оқиғалар .....	14
Компанияның бизнес-моделі .....	18

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ 20

Даму тарихы .....	22
Қысқаша бейіні мен қызмет бағыты .....	24
Компанияның 2028 жылға дейінгі даму стратегиясы .....	25
Бизнестің құрылымы .....	37
Трансформациялау және цифрландыру жөніндегі іс-шараларды іске асыру .....	43
Мемлекеттік реттеу және қызметтерге арналған тарифтер .....	47

## 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ 50

Экономикалық және салалық шолу .....	52
Компанияның 2023 жылғы қызметінің нәтижелері .....	56
Инвестициялық қызмет .....	69
Корпоративтік қауіпсіздік .....	71
Ақпараттық қауіпсіздік .....	73
Ғылыми-техникалық даму .....	74

## 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР 78

Орнықты дамуды басқару .....	80
Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздіктің маңызды ережелері .....	92
Персоналды басқару, теңдік және әлеуметтік-экономикалық әсер .....	106
Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту .....	134
Қоршаған ортаны қорғау .....	136
Энергия тұтыну және энергия жинақтау .....	143



## 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ 154

Корпоративтік басқару жүйесі және оның негізгі қағидаттары .....	158
Корпоративтік басқару кодексінің сақталуы туралы есеп .....	159
Акционерлердің жалпы жиналысы .....	160
Директорлар кеңесі .....	164
Басқарма .....	173
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл .....	178
Салық салу .....	182
Ішкі және сыртқы аудит .....	183
Тәуекелдерді басқару .....	184




## 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ 202

Негізгі шоғырландырылған қаржылық нәтижелер .....	204
Активтер, капитал және міндеттемелер .....	208



## 6. ҚОСЫМШАЛАР 212

1-қосымша. Есеп туралы .....	214
2-қосымша. 2023 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ жасаған, «ҚазТрансОйл» АҚ-ның жасалуына мүдделілігі бар мәмілелер тізбесі .....	219
3-қосымша. GRI индексі .....	221
4-қосымша. БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттары және орнықты даму мақсаттары бойынша индекс .....	226
5-қосымша. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл .....	228
6-қосымша. Аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілік .....	232
7-қосымша. Орнықты даму саласындағы сандық көрсеткіштер .....	297
8-қосымша. Қысқартулар тізімі .....	311





Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
Магистральдық құбырлардың схемасы  
2023 жылғы негізгі оқиғалар  
Компанияның бизнес-моделі

#### 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

#### 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

#### 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

#### 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

#### 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІН НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

#### 6. ҚОСЫМШАЛАР



**Құрметті акционерлер, серіктестер және әріптестер!**

# Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

**«ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық мұнай құбыры бойынша ұлттық оператор және Қазақстанның жетекші мұнай тасымалдау компанияларының бірі бола отырып, мұнайдың ішкі нарыққа және экспортқа тұрақты жеткізілуін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.**

Компания жалпы ұзындығы шамамен 5,4 мың км магистральдық мұнай құбырының тармақталған желісіне иелік етеді және елімізде өндірілетін барлық мұнайдың 38%-дан астамын және отандық мұнай өңдеу зауыттарына жеткізілімдердің 90%-дан астамын тасымалдауды қамтамасыз етеді. Бізге отандық және шетелдік серіктестер сенім артып келеді. Компания 80-нен астам мұнай кәсіпорнына қызмет көрсетеді.

2023 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ өзінің негізгі және қаржылық көрсеткіштерін өсірді. Есепті жылдағы шоғырландырылған түсім 2022 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 14%-ға өсіп, 290,4 млрд теңгені құрады. 2023 жылы шоғырландырылған таза пайда 32,8 млрд теңгені құрап, 2022 жылмен салыстырғанда 66%-ға ұлғайды. 2022 жылдың қорытындысы бойынша есепті кезең үшін дивидендік төлемдер сомасы 15 млрд теңгені немесе бір жай акцияға есептегенде 39 теңгені құрады.

2023 жыл «ҚазТрансОйл» АҚ үшін мұнайды экспортқа тасымалдау бағыттарын белсенді әртараптандыру жылы болды. Атап айтқанда, Компания Ақтау портынан «ҚазМұнай-Газ» ҰК АҚ мен Әзірбайжан Республикасының мемлекеттік мұнай компаниясы SOCAR арасындағы келісімде көзделген Теңіз кен орнынан «Баку — Тбилиси — Джейхан» мұнай құбыры бағытында 1 млн тоннадан астам мұнайды жөнелтті. Бұдан басқа, «ҚазТрансОйл» АҚ одан әрі «Адамова Застава» ҚТП-ға және одан әрі Германиядағы мұнай өңдеу зауытына жеткізу үшін Қарашығанақ кен орнынан «Атырау — Самара» мұнай құбыры арқылы 1 млн тоннаға жуық мұнай тасымалдады.

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның транзиттік қызметтер нарығындағы позициясы айтарлықтай күшейді. 2023 жылға дейін «Роснефть» МК» ЖАҚ-мен «Ертіс — Атасу-Алашанькоу» бағыты бойынша Қытай Халық Республикасына жыл сайын 10 млн тонна Ресей мұнайын жеткізу туралы шарттың қолданысы ұзартылды. «ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық мұнай құбырлары жүйесімен Ресей мұнайын Өзбекстан Республикасына айдау қайтадан басталды. 2023 жылы Ресей мұнайының Өзбекстан Республикасына транзит көлемі 0,15 млн тоннаны құрады.

Есепті жылы Компания 2 ірі инвестициялық жобаны іске асырды. Атап айтқанда, Атырау облысында Қашаған кен орнының газын кешенді дайындау үшін суағызғысы салынды. Жаңғыртудан кейін «Астрахань — Маңғышлақ» магистральдық суағызғысының өткізу қабілеті тәулігіне 110 мың м<sup>3</sup>-ден 170 мың м<sup>3</sup>-ге дейін ұлғайтылды. Екі жоба да Қазақстан Республикасының мұнай-газ секторының орнықты дамуы үшін стратегиялық тұрғыдан маңызды, сондай-ақ өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін сенімді база болмақ.

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның «Каспий Құбыр Консорциумы-Қ» АҚ-мен 2024 жылдан бастап 2028 жылға дейінгі бес жылдық кезеңге Қазақстан Республикасының аумағында Каспий Құбыр Консорциумының мұнай құбыры жүйесіне техникалық қызмет көрсету бойынша жаңа шарт жасасуы кәсіби нарық қатысушыларының «ҚазТрансОйл» АҚ-ны мойындауының дәлелі болды.

2023 жылғы шоғырландырылған таза пайда

# 32,8

млрд теңге

«ҚазТрансОйл» АҚ өндірістік қызмет қауіпсіздігін, әлеуметтік және экологиялық жауапкершілікті, энергия тұтыну мен энергия үнемдеуді қамтамасыз ету мәселелерінде проактивті тәсілді ұстануды жалғастыруда.

Есепті жылы Компания «ҚазТрансОйл» АҚ энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру есебінен энергетикалық ресурстарды жалпы тұтынуды 2022 жылмен салыстырғанда 11,2%-ға қысқартты. Осы жоспардың негізгі іс-шараларының бірі «Атырау-Самара» «ыстық» мұнай құбыры жұмысының температуралық режимін оңтайландыру бойынша жұмыстар жүргізу болды. «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 5000-нан астам жұмыскері алғаш рет «Еңбек қауіпсіздігі мәдениеті» тақырыбы бойынша оқытылды. 2023 жылы Компания «ҚазТрансОйл» АҚ мен «ҚазТрансОйл» АҚ қызметкерлері арасындағы ұжымдық шартқа сәйкес өз қызметкерлері алдындағы барлық әлеуметтік міндеттемелерді орындады.

Есепті кезеңде геосаяси тұрақсыздық жағдайында «ҚазТрансОйл» АҚ нарықтағы позициясын сақтап қана қоймай, сондай-ақ өсу үшін мүмкіндіктер таба білді.

Директорлар кеңесінің атынан біздің акционерлерге, «ҚазТрансОйл» АҚ серіктестеріне, менеджментіне және қызметкерлеріне жемісті ынтымақтастық пен Компанияның дамуына қосқан үлесі үшін алғысымды білдіргім келеді.

## Болат Зәкіров

«ҚазТрансОйл» АҚ  
Директорлар кеңесінің  
төрағасы





Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
Магистральдық құбырлардың схемасы  
2023 жылғы негізгі оқиғалар  
Компанияның бизнес-моделі

#### 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

#### 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

#### 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

#### 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

#### 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІН НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

#### 6. ҚОСЫМШАЛАР

# Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі



Құрметті оқырмандар!

**Назарларыңызға «ҚазТрансОйл» АҚ-ның интеграцияланған жылдық есебін ұсынып отырмыз, онда біз 2023 жылғы қаржылық және өндірістік қызметтің қорытындыларын көрсетіп, Компанияның одан әрі даму перспективаларымен бөлістік.**

Геосаяси тұрақсыздыққа қарамастан, Компания 2023 жылы ұлттық энергетикалық қауіпсіздік мәселелерін шешу және мұнай экспортының баламалы бағыттарын дамыту бойынша барлық міндеттемелерді орындады. Өндірістік және қаржылық көрсеткіштердің өсуіне қол жеткізілді. Мәселен, 2023 жылдың қорытындысы бойынша мұнай тасымалдаудың шоғырландырылған көлемі 45,8 млн тоннаны құрады, бұл 2022 жылғы нақты көрсеткіштен 7,5%-ға жоғары. Бұл өсім Компанияның магистральдық мұнай құбырлары жүйесіне қосымша мұнай көлемін тартуға байланысты. Есепті жылы шоғырландырылған таза пайда 32,8 млрд теңгені құрап, 2022 жылмен салыстырғанда 66%-ға көбейді.


Қазақстан Республикасының көмірсутектерін тасымалдаудың көпвекторлы жүйесін құру саясаты аясында 2023 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ Теңіз мұнайын «Баку – Тбилиси – Джейхан» мұнай құбыры бағытында, сондай-ақ Германияға Қарашығанақ кен орнынан мұнай тасымалдауды жүзеге асырды. «ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық мұнай құбырлары жүйесімен Ресей мұнайының Өзбекстан Республикасына транзиті қайта жанданды.

«Роснефть» МК» ЖАҚ-мен Қытай Халық Республикасына жыл сайын 10 млн тоннаға дейінгі көлемде Ресей мұнайын жеткізу туралы шартты ұзарту, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында Каспий Құбыр Консорциумының мұнай құбыры жүйесіне техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметтерді көрсетуге 2024-2028 жылдарға арналған жаңа шарт жасасу 2023 жылдың маңызды оқиғалары болды.

2023 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ екі инвестициялық жобаны сәтті аяқтады. «Астрахань-Маңғышлақ» суағызғысын жаңғырту бойынша жұмыстар белгіленген мерзімдерден бұрын орындалды. Бұл жобаны іске асыру нақты өткізу қуатын тәулігіне 170 мың м<sup>3</sup> дейін арттыруға және Батыс Қазақстанның су тапшылығы бар аудандарын сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Сондай-ақ, есепті жылы Қашаған кен орнында ілеспе газды қайта өңдеу зауыты үшін суағызғысын салу жобасы аяқталды.

Қолданыстағы мұнай құбыры жүйесінің техникалық жай-күйін қолдау және жақсарту мақсатында 2023 жылы Компания жалпы сомасы 80,9 млрд теңгеге күрделі салымды жүзеге асырды, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 86%-ға артық. Құбырларды, резервуарларды және жылыту пештерін диагностикалау жұмыстары жүргізілді, магистральдық мұнай құбырларының 46,8 км учаскесін ауыстыру жүзеге асырылды, құбырлардың 1390 ақауы жойылды. Б. Жұмағалиев атындағы БМАС-да мұнай сақтауға арналған екі резервуар пайдалануға берілді.

Өндірістік саладағы жетістіктермен қатар, қызметкерлер үшін қауіпсіз еңбек жағдайын жасау Компанияның маңызды басымдығы болып қала береді. Осыған қарамастан, 2023 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ МИ-8 тікұшағының «қатты» қонуы салдарынан магистральдық мұнай құбырларын айналып ұшуы кезінде жазатайым оқиға орын алды. Болашақта мұндай жағдайлардың алдын алу үшін Компанияда өндірістің барлық деңгейлерінде қауіпсіздік ережелері мен талаптарының сақталуын бақылау қосымша күшейтілді, тәуекелдер қайта қаралып, түзету іс-шаралары әзірленді.



2023 жылғы мұнай тасымалдаудың шоғырландырылған көлемі

# 45,8

МЛН ТОННА

«ҚазТрансОйл» АҚ экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелеріне ерекше назар аударады және қоршаған ортаға теріс әсерді азайтуда. Осыған байланысты 2023 жылы «Павлодар-Шымкент» магистральдық мұнай құбырында күн панельдері бар 11 энергия қондырғысы орнатылды. Сондай-ақ, Компанияда Охват 2 деп аталатын парниктік газдардың жанама шығарындыларын есепке алу рәсімі енгізілді.

Компания өз қызметкерлерінің кәсібилігі мен еңбекқорлығын бизнестің тиімділігін қамтамасыз ететінін ұғынып, олардың әлеуметтік әл-ауқатына аса мән береді. Есепті жылы қызметкерлер алдында әлеуметтік міндеттемелерді орындауға шамамен 3,7 млрд теңге бөлінді.

2023-2027 жылдарға арналған «ҚазТрансОйл» АҚ жұмыскерлерінің еңбек және демалыс жағдайларын жақсарту жөніндегі жол картасы аясында 10 өндірістік объектіде әмбебап спорт алаңдары орнатылды. Ақтөбе мұнай құбыры басқармасының «Кеңқияқ» МАС-да 56 орындық жатақхана қайта жаңартылды. 2024 жылы әлеуметтік маңызы бар объектілерді салу және жөндеу жалғастырылатын болады.

Сөзімді қорытындылай келе, барлық акционерлеріміз бен серіктестерімізге сындарлы ынтымақтастық пен сенім артқаны үшін, ал «ҚазТрансОйл» АҚ-ның барлық ұжымына кәсібилігі мен ортақ іске адалдығы үшін алғысымды білдіргім келеді.

## Талғат Құрманбаев

«ҚазТрансОйл» АҚ  
бас директоры  
(Басқарма төрағасы)





Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
 Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
 2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
 Магистральдық құбырлардың схемасы  
 2023 жылғы негізгі оқиғалар  
 Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ
2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ
3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР
4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ
6. ҚОСЫМШАЛАР




# 2023 жылғы негізгі көрсеткіштер

## Мұнай тасымалдау

Мұнай тасымалдау және мұнай өнімдерін ауыстырып тиеу көлемі (шоғырландырылған)

«ҚазТрансОйл» АҚ бойынша мұнайды жеке тасымалдау көлемі

Мұнай жүк айналымы (шоғырландырылған)\*\*





\* Көрсеткіш компания мен «Батумский нефтяной терминал» ЖШҚ (БНТ) көлемін ескере отырып шоғырландырылып есептеледі.  
 \*\* Көрсеткіш компанияның еншілес және бірлесіп бақыланатын ұйымдардағы (ЕББУ) қатысу үлесін ескере отырып, шоғырландырылған түрде есептеледі.

## Қаржы көрсеткіштері\*

Түсім

ЕБИТДА

Қорытынды пайда



\* Компанияның шоғырландырылған қаржылық көрсеткіштері көрсетілген.





Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
Магистральдық құбырлардың схемасы  
2023 жылғы негізгі оқиғалар  
Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ
2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ
3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР
4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ
6. ҚОСЫМШАЛАР

## Орнақты даму көрсеткіштері

### ESG Экологиялық аспект

«ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларға арналған инвестициялар

МЛН ТЕҢГЕ

1 094,9

↓ 26,4%




«ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша энергетикалық ресурстарды жиынтық тұтыну көлемі

ТДж

3 979,3

↓ 11,2%



«ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша парниктік газдар шығарындыларының жалпы көлемі (1 және 2-қамту)

431,5

тыс. т CO<sub>2</sub>-экв

«ҚазТрансОйл» АҚ энергетикалық саясаты өзектендірілді  
Алғаш рет 2-қамтылған парниктік газдар шығарындыларын сандық бағалау жүргізілді

### ESG Әлеуметтік аспект

«ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша персоналдың тізімдік саны

АДАМ

7 699


↑ 0,4%



«ҚазТрансОйл» АҚ-да кадрлардың тұрақтамау коэффициенті

2,05

↓ 31%




«ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша әлеуметтік төлемдер

МЛРД ТЕҢГЕ

4,45

↑ 26,8%



### ESG Корпоративтік басқару аспектісі

«ҚазТрансОйл» АҚ дивидендік төлемдер

15,0  
млрд теңге

«ҚазТрансОйл» АҚ салық төлемдері

40,1  
млрд теңге

«ҚазТрансОйл» АҚ бойынша сыбайлас жемқорлықтың расталған жағдайы

0




Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
 Бас директордың (Баскарма төрағасының) үндеуі  
 2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
 Магистральдық құбырлардың схемасы  
 2023 жылғы негізгі оқиғалар  
 Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ
2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ
3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР
4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІН НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ
6. ҚОСЫМШАЛАР

# Магистральдық құбырлардың схемасы

5 373  
 магистральдық мұнай құбырлары  
 КМ



Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
Магистральдық құбырлардың схемасы  
2023 жылғы негізгі оқиғалар  
Компанияның бизнес-моделі

**1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ****2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ****3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР****4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ****5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІН НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ****6. ҚОСЫМШАЛАР****02 Ақпан****Әлеуметтік қолдау**

«ҚазТрансОйл» АҚ бас директоры (Басқарма төрағасы) Талғат Құрманбаев пен «ҚазТрансОйл» АҚ жұмыскерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» ҚБ төрағасы Тұяқбай Бекібаев «ҚазТрансОйл» АҚ мен Компания жұмыскерлері арасында жаңа Ұжымдық шартқа қол қойды.

**Мұнай тасымалдау**

«Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В» ЖТАҚ мұнайын «Атырау-Самара» мұнай құбыры арқылы әрі қарай Германия бағытында «Адамова Застава» (Польша) МТП-ға жеткізу үшін тасымалдау.

**03 Наурыз****Кредиттік рейтинг**

S&P Global Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі «ҚазТрансОйл» АҚ рейтингі бойынша болжамды «Терістен» «Тұрақтыға» («ҚазТрансОйл» АҚ рейтингі – «BB+») қайта қарады.

S&P Global  
Ratings  
**BB+**

**Мұнай транзиті**

2023 жылға «Теңізшевройл» ЖШС-мен жасалған шарт аясында міндетті ең төменгі көлемі жылына 1,5 млн тонна болатын мұнайды «Ақтау-Баку-Тбилиси-Джейхан» бағыты бойынша танкерлерге тиеу басталды.

**Тарифтік саясат**

«ҚазТрансОйл» АҚ бас директорының (Басқарма төрағасының) 2023 жылғы 31 наурыздағы №30 және №31 бұйрықтарымен Компанияның Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге экспорт және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзит мақсатында магистральдық құбырлар арқылы мұнай тасымалдау бойынша кейбір қызметтеріне тарифтер (қосымша қызметтер) бекітілді.

**04 Сәуір****Қарыз қаржыландыру**

«Магистральдық Суағызғысы» ЖШС «Астрахань-Маңғышлақ» магистральдық суағызғысын реконструкциялау және кеңейту 1 кезек» жобасын қаржыландыру мақсатында Қазақстан қор биржасында (KASE), «Жеке орналастыру» алаңы, облигациялар шығару арқылы 50 млрд теңге мөлшерінде ақшалай қаражат тартты (Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссияның 2022 жылғы 30 желтоқсандағы шешіміне сәйкес бөлінген 70 млрд теңге мөлшеріндегі дағдарысқа қарсы қаражаттың 1 траншы).

**Тарифтік саясат**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитеті (ТМРК) Төрағасының 2023 жылғы 24 ақпандағы №36-НҚ бұйрығымен «ҚазТрансОйл» АҚ-ның Н.Н. Шманов атындағы мұнай айдау станциясында «Кеңжияқ-Атырау» мұнай құбырына (МАС) мұнайды ауыстырып тиеу бойынша реттеліп көрсетілетін қызметіне 2023 жылғы 1 сәуірден бастап 2024 жылғы 31 наурызға дейін қолданысқа енгізіліп, 1 тонна үшін 37,12 теңге (ҚҚС есептемегенде) мөлшерінде уақытша өтемдік тариф бекітілді.

**05 Мамыр****Ресей мұнайының транзиті туралы шарт**

«ҚазТрансОйл» АҚ «Роснефть» МК» ЖАҚ-мен Ресей мұнайын Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Қытай Халық Республикасына (ҚХР) тасымалдау бойынша қызметтер көрсетуге арналған шартқа қосымша келісімді жасасты, ол шартты 2034 жылғы 1 қаңтарға дейін ұзартуды, жылына 10 млн тонна Ресей мұнайын ҚХР-ға тасымалдауды және қолданыстағы тарифті сақтауды көздейді.

**Тарифтік саясат**

«ҚазТрансОйл» АҚ бас директорының (Басқарма төрағасының) 2023 жылғы 26 мамырдағы №53 бұйрығымен Компанияның Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге ҚҚС-сыз 1000 км-ге 1 тонна үшін 10 150,00 теңге мөлшерінде (бұрын ҚҚС есептемегенде 1000 км-ге 1 тонна үшін 8 830,51 теңге мөлшерінде тариф қолданылған) экспорттау мақсатында магистральдық құбырлар арқылы мұнай айдау бойынша қызметіне тариф бекітілді.

**Акционерлердің жылдық жиналысы**

2022 жылдың қорытындысы бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы өтті.

**06 Маусым****06 Маусым****Кредиттік рейтинг**

Fitch Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі эмитент – «ҚазТрансОйл» АҚ ұзақ мерзімді дефолт рейтингін «BBB-»-дан «BBB»-ға дейін көтерді.

FitchRatings  
**BBB**

**Тарифтік саясат**

2023 жылғы 20 маусымда ТМРК Төрағасының №85-ОД бұйрығымен ТМРК төрағасының 2020 жылғы 27 қарашадағы №71-ОД бұйрығына мұнайды «ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық құбырлар жүйесімен Қазақстан Республикасының ішкі нарығына айдау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызмет тарифтерін 1000 км-ға 1 тонна үшін 4 849,39 теңге (2023 жылғы 1 шілдеден бастап 2024 жылғы 30 маусымға дейінгі кезеңде) және 1000 км-ге 1 тонна үшін 4 851,87 теңге (2024 жылғы 1 шілдеден бастап 2025 жылғы 31 желтоқсан аралығында) деңгейіне дейін ұлғайту бөлігінде өзгерістер енгізілді.

**07 Шілде****Директорлар кеңесінің құрамындағы өзгерістер**

«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері Марат Орманов пен Марлен Оразбековтің өкілеттіктері олар берген өтініштердің негізінде мерзімінен бұрын тоқтатылды.





Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
Магистральдық құбырлардың схемасы  
2023 жылғы негізгі оқиғалар  
Компанияның бизнес-моделі

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

## 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

## 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

## 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

## 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІН НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

## 6. ҚОСЫМШАЛАР

## 08 Тамыз

### Директорлар кеңесінің құрамындағы өзгерістер

«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері Винишиус Агостини Алвес пен Мартинес Лопес Альбертоның өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды. «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына келесілерді сайлады: Болат Зәкіров — «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі; Ардақ Қасымбек — «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі; Қазбек Құсайынов — тәуелсіз директор; Миллер Тимоти Глен — тәуелсіз директор.

Болат Зәкіров «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланды.

### «Өзен-Атырау-Самара» магистральдық мұнай құбырының учаскелерін ауыстыру

«ҚазТрансОйл» АҚ 1190,4 – 1235,4 км-де диаметрі 720 мм «Өзен – Атырау – Самара» магистральдық мұнай құбыры (ММҚ) құбырының жаңадан салынған учаскелерін және 1235 км-де қабылдау-тапсыру пунктін іске қосу бойынша жұмыстар жүргізді.



## 09 Қыркүйек

### Тарифтік саясат

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Атырау облысы бойынша департаментінің (ТМРҚД) 2023 жылғы 28 тамыздағы №56-НҚ бұйрығымен ТМРҚД-нің «Магистральдық Суағызғысы» ЖШС-ның 2022-2027 жылдарға арналған магистральдық құбырлар арқылы су беру бойынша реттелетін қызметтеріне тарифтері мен тарифтік сметасын бекіту туралы» 2022 жылғы 19 тамыздағы №74-НҚ бұйрығына өзгерістер енгізілді.

«Магистральдық Суағызғысы» ЖШС өнеркәсіптік кәсіпорындар, коммерциялық ұйымдар және мұнай-газ өндіруші кәсіпорындар үшін магистральдық құбырлар арқылы су беру бойынша реттелетін қызметке тарифті 37%-ға көтерді.



## 11 Қараша

### Жаңа жобаны «Магистральдық Суағызғысы» ЖШС жүзеге асырды

«Магистральдық Суағызғысы» ЖШС («ҚазТрансОйл» АҚ 100% қатысу үлесімен) Атырау облысында «Қашаған кен орнында газды кешенді дайындау қондырғысы үшін суағызғысын салу» жобасын іске асырды.

Суағызғы Қашаған кен орнында ілеспе газды өңдеу зауыты құрылысының бірінші кезеңін іске асыру үшін су беруді қамтамасыз етеді.

### Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы кодекс

«ҚазТрансОйл» АҚ Халықаралық мұнай және газ өндірушілер қауымдастығының (International Association of Oil & Gas Producers, IOGP) үздік әлемдік тәжірибелері мен ұсынымдарын ескере отырып әзірленген «Өмірлік маңызды қағидалар» еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы кодексін бекітті.

Кодекстің талаптары еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз ету бөлігінде корпоративтік мәдениетті, әрбір жұмыскердің өндірістік жарақаттануға және кәсіптік ауруларға, авариялар мен қақтығыстарға жол бермеуге жеке қызығушылығы деңгейін арттыруға бағытталған.

### Қарыздық қаржыландыру

«Магистральдық Суағызғысы» ЖШС «Астрахань-Маңғышлақ» магистральдық суағызғысын реконструкциялау және кеңейту 1 кезек» жобасын қаржыландыру мақсатында KASE-ге, «Жеке орналастыру» алаңы, облигациялар шығару арқылы 20 млрд теңге көлемінде ақшалай қаражат тартты (Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссияның 2022 жылғы 30 желтоқсандағы шешіміне сәйкес 70 млрд теңге мөлшерінде бөлінген дағдарысқа қарсы қаражаттың 2 траншы).

### «ҚазТрансОйл» АҚ — акциялар нарығының көшбасшысы

«ҚазТрансОйл» АҚ KASE атынан «Акциялар нарығының көшбасшысы» дипломымен наградталды. Наградтау рәсімі Алматы қаласында KASE-нің 30 жылдығына орай ұйымдастырылған халықаралық биржалық форум барысында өтті.



### «Астрахань-Маңғышлақ» магистральдық суағызғысын реконструкциялау 1 кезек

«Магистральдық Суағызғысы» ЖШС «Астрахань-Маңғышлақ» магистральдық суағызғысын реконструкциялау және кеңейту 1 кезек» жобасын іске асыруды аяқтады.

Жоба шеңберінде ұзындығы шамамен 176 км «Астрахань-Маңғышлақ» магистральдық суағызғысының екі учаскесін ауыстыру жүзеге асырылды. Жобаны іске асыру нәтижесінде «Магистральдық Суағызғысы» ЖШС «Астрахань-Маңғышлақ» магистральдық суағызғысының өткізу қабілетін тәулігіне 110 мың м<sup>3</sup>-ден 170 мың м<sup>3</sup>-ге дейін қамтамасыз етті.

## 12 Желтоқсан



### «КҚК-Қ» АҚ-мен жаңа шарт жасасу

2023 жылғы 27 желтоқсанда жаңа келісімге қол қойылды «ҚазТрансОйл» АҚ мен «Каспий Құбыр Консорциумы-Қ» АҚ («КҚК-Қ» АҚ) жаңа бес жылдық кезеңге (2024-2028 жылдар) Қазақстан Республикасының аумағында Каспий Құбыр Консорциумының (КҚК) мұнай құбыр жүйесіне техникалық қызмет көрсету бойынша жаңа шартқа қол қойды.

### «ТОН-2» мұнай құбыры бойынша мұнай транзитіне арналған тарифті арттыру

Компанияның бас директорының (Басқарма төрағасының) 2023 жылғы 26 мамырдағы №53 бұйрығымен «ҚазТрансОйл» АҚ-ның «Туймазы – Омск – Новосибирск-2» («ТОН-2») магистральдық құбырының қазақстандық учаскесі бойынша Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзит мақсатында мұнайды айдау бойынша қызметіне тариф бекітілді, ол 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіліп, 1000 км-ге 1 тонна үшін 11,28 АҚШ долларын (ҚҚС-сыз) құрады.



### Екі жаңа мұнай резервуарын пайдалануға беру

«ҚазТрансОйл» АҚ Жезқазған мұнай құбыры басқармасының Б. Жұмағалиев атындағы бас мұнай айдау станциясында (БМАС) мұнайды сақтауға арналған жаңадан салынған екі резервуар пайдалануға берілді. Олардың әрқайсысының сыйымдылығы 20 мың м<sup>3</sup> құрайды.

Жаңа резервуарлар Б. Жұмағалиев атындағы БМАС қауіпсіз және үздіксіз жұмыс істеуі үшін қажетті жабдықтардың толық жиынтығымен жабдықталған.

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
Магистральдық құбырлардың схемасы  
2023 жылғы негізгі оқиғалар  
Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ
2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ
3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР
4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІН НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ
6. ҚОСЫМШАЛАР

# Компанияның бизнес-моделі

## Қаржы капиталы

Меншікті капитал **956,9** млрд теңге  
Жарғылық капитал **61,9** млрд теңге

## Компанияның өндірістік қуаттары

Адами капитал  
Персоналдың тізімдік саны **6 713** адам  
Персоналдың орташа жасы **44,5** жас

Табиғи капитал  
Электр энергиясын тұтыну **949,7** ТДж  
Суды тұтыну **365,8** Мл

Әлеуметтік-беделдік капитал  
Іскерлік этика кодексі  
Жедел желі

Зияткерлік капитал  
F3TKЖ  
Транкингтік байланыс желісі

## Құнның құрылу процесі

**Мұнай тасымалдау**


### Тасымалдау бағыттары:

- Ішкі нарыққа мұнай жеткізу (МӨЗ)
- Ресей Федерациясының аумағы арқылы мұнай транзиті
- «ҚҚК» ЖШС, «КҚК-Қ» АҚ және «МұнайТас» СБҚК» ЖШС жүйесіне ауыстырып тиеу
- Теміржол эстакадасынан вагон цистерналарға мұнай құю
- Ақтау портындағы танкерлерге мұнай тиеу

**Операторлық қызметтер**

### Операторлық қызметтерді тұтынушылар:

- Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В.
- «Торғай Петролеум» АҚ
- «МұнайТас» СБҚК» ЖШС
- «КҚК-Қ» АҚ
- «ҚҚК» ЖШС
- «Магистральдық Суағызғысы» ЖШС



«ҚазТрансОйл» АҚ – мұнайды ішкі нарыққа, транзит мақсатында және экспортқа тасымалдау бойынша қызметтер көрсететін Қазақстан Республикасының ең ірі мұнай құбыры компаниясы.

## 2023 жылғы нәтижелері

2023 жылдың қорытындысы бойынша дивидендтер **15,0** млрд теңге  
2023 жылдың қорытындысы бойынша таза пайда **32,8** млрд теңге  
Бюджетке салықтар мен басқа да міндетті төлемдер **40,1** млрд теңге

Тасымалдау көлемі **44 188** мың тонна  
Мұнайдың жүк айналымы **34 208** млн тонна-км  
Мұнай құбырларының жаңа учаскесі ауыстырылды **46,8** км

Персоналды оқытуға инвестициялар көлемі **760** млн теңге  
Қызметкерлер алдында әлеуметтік төлемдерге арналған шығындар **3,7** млрд теңге  
Басшы құрамының ротациялау **22** адам

Қоршаған ортаны қорғау шараларын жүзеге асыруға шығындар **1,0** млрд теңге  
Энергетикалық ресурстарды тұтынуды азайту **11,2%**  
NOx шығарындарының көлемін төмендету **20,7%**

Әмбебап спорт алаңы салынды **10**  
Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік индексі **91%**  
Әлеуметтік тұрақтылық рейтингі **88%**

Транкингтік радиобайланыс желісі мобильді радиостанциялары үшін жабынды **100%**  
F3TKЖ өткізілген **23** тақырыптар

## Мүдделі тараптар

- Ірі акционер
- Миноритарлық акционерлер
- Директорлар кеңесінің мүшелері
- Қаржы ұйымдары мен рейтингтік агенттіктер
- Мемлекеттік органдар мен әсер ету ұйымдары
- Қызметтерді тұтынушылар мен серіктестер
- Персонал
- ЕББҰ
- Жеткізушілер
- Жұртшылық (жергілікті халық, қоғамдық ұйымдар мен БАҚ)
- Бәсекелестер





Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
 Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
 2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
 Магистральдық құбырлардың схемасы  
 2023 жылғы негізгі оқиғалар  
 Компанияның бизнес-моделі

**1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ**

Даму тарихы  
 Қысқаша бейіні мен қызмет бағыты  
 Компанияның 2028 жылға дейінгі даму стратегиясы  
 Бизнесінің құрылымы  
 Трансформациялау және цифрландыру жөніндегі іс-шараларды іске асыру  
 Мемлекеттік реттеу және қызметтерге арналған тарифтер

**2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ**

**3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР**

**4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ**

**5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ**

**6. ҚОСЫМШАЛАР**

# Компания туралы

GRI 2-1

Даму тарихы .....	22
Қысқаша бейіні мен қызмет бағыты .....	24
Компанияның 2028 жылға дейінгі даму стратегиясы .....	25
Бизнесінің құрылымы .....	37
Трансформациялау және цифрландыру жөніндегі іс-шараларды іске асыру .....	43
Мемлекеттік реттеу және қызметтерге арналған тарифтер .....	47





Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2023 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

2023 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

Даму тарихы

Қысқаша бейіні мен қызмет бағыты

Компанияның 2028 жылға дейінгі даму стратегиясы

Бизнесінің құрылымы

Трансформациялау және цифрландыру жөніндегі іс-шараларды іске асыру

Мемлекеттік реттеу және қызметтерге арналған тарифтер

## 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

## 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

## 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

## 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

## 6. ҚОСЫМШАЛАР

# Даму тарихы

## 1997

Мұнай тасымалдау, мұнай және мұнай өнімдерінің экспорты мен импорты мәселелерінде Қазақстан Республикасының мүдделерін сақтау мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 2 сәуірдегі №461 қаулысымен жарғылық капиталына мемлекет 100% қатысатын «ҚазТрансОйл» мұнай тасымалдау жөніндегі ұлттық компаниясы» жабық акционерлік қоғамы құрылды.

## 1998

Желтоқсанда Компания табиғи монополиялар салаларына жатқызылған бірқатар ұсынылатын қызметтерге, соның ішінде мұнайды магистральдық құбырлары арқылы тасымалдау қызметтері мен магистральдық су құбырлары жүйесі арқылы су беру қызметтеріне қатысты табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімінің республикалық бөліміне енгізілді.

## 2001

2001 жылы «ҚазТрансОйл» мұнай тасымалдау жөніндегі ұлттық компания» жабық акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакеті Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 2 мамырдағы №591 қаулысына сәйкес құрылған «Мұнай және газ көлігі» ұлттық компаниясы» жабық акционерлік қоғамының жарғылық капиталына берілді.

## 2002

Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 ақпандағы №811 Жарлығымен бірігу жолымен қайта ұйымдастырылған «Қазақойл» ұлттық мұнай-газ компаниясы» және «Мұнай және газ көлігі» ұлттық компаниясы» жабық акционерлік қоғамдарының базасында «ҚазТрансОйл» ЖАҚ жалғыз акционері болып табылатын «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» жабық акционерлік қоғамы құрылды.

## 2003

Маусымда «Кеңқияқ – Атырау» магистральдық құбыры пайдалануға берілді.

## 2004

Мамырда «ҚазТрансОйл» ЖАҚ «ҚазТрансОйл» АҚ болып қайта аталды.

Шілдеде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Компанияға «МұнайТас» АҚ бірлескен кәсіпорнындағы акцияларының 51% мөлшеріндегі өз үлесін берді.

Компания мен China National Oil and Gas Exploration and Development Corporation компаниясы тепе-тең негізде «Қазақстан-Қытай құбыр желісі» ЖШС («ҚКҚ» ЖШС) құрды.

## 2006

Шілдеде «ҚКҚ» ЖШС «Атасу – Алашанькоу» магистральдық құбырын пайдалануға енгізді.

Сондай-ақ шілдеде Компания ұзындығы 25 км және жобалық өткізу қуаты жылына 3,5 млн тонна мұнай болатын «Солтүстік Бозашы-Қаражанбас» мұнай құбырын пайдалануға енгізді.

## 2007

Қаңтарда Компания «Batumi Capital Partners Limited» компаниясының 50% акциясын сатып алды. Мәміле нәтижесінде Компания БНТ активтерін толық бақылауды сатып алды.

## 2008

2008 жылғы ақпанда Компания «Batumi Industrial Holdings Limited» компаниясының 100% акция пакетін сатып алды. Мәміле нәтижесінде Компания БНТ активтерін толық бақылауға алды және «Батумский морской порт» ЖШҚ (БМП) басқарудың эксклюзивті құқығына ие болды.

## 2009

2009 жылғы қыркүйекте «ҚКҚ» ЖШС «Кеңқияқ – Күмкөл» ММК пайдалануға енгізді.

## 2011

2011 жылғы маусымда Компания «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тан «ТОН-2» мұнай құбырының қазақстандық учаскесін Компанияның орналастырылатын акцияларына ақы төлеу ретінде жалпы сомасы 1700 млн теңгеге алды.

## 2012

Қыркүйекте сатып алу-сату шартына сәйкес Компания «ҚазМұнайГаз – Сервис» ЖШС пайдасына «ҚазТрансОйл – Сервис» АҚ акцияларының 100%-ын сатты.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 8 қазандағы №1273 қаулысымен Компания магистральдық мұнай құбыры бойынша ұлттық оператор болып айқындалды.

2012 жылғы желтоқсанда KASE қайталама нарықта Компанияның жай акцияларымен сауда-саттық басталды, ол Қазақстан Республикасында «Жалықтық IPO» бағдарламасы шеңберінде өз акцияларын орналастырған алғашқы компания болды.

## 2013

Желтоқсанда Компания «Batumi Industrial Holdings Limited», «Batumi Capital Partners Limited» және «Batumi Services Limited» компанияларын қайта ұйымдастыру нәтижесінде Грузияда активтерді басқару жүзеге асырылған «Batumi Terminals Limited» (Кипр) компаниясының 100% акциясының меншік иесі болды (БМП басқаруға айрықша құқығы бар БНТ).

## 2014

Қаңтардан бастап компания Ресей мұнайын Қазақстан Республикасының аумағы арқылы ҚХР-ға жылына 7 млн тоннаға дейінгі көлемде тасымалдауға кірісті.

Тамызда «Қазақстан Халық Банкінің жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-ның 0,88% акциясы сатылды.

## 2015

Мамырда «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына түзетулер қабылданды, оларға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзит және Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге экспорт мақсатында мұнай тасымалдау жөніндегі қызметтер табиғи монополиялар саласынан алып тасталды.

Желтоқсанда SGS сертификаттау жөніндегі халықаралық орган сертификаттау аудитінің қорытындысы бойынша энергетикалық менеджмент жүйесі бойынша ISO 50001 халықаралық стандартының талаптарына сәйкестік сертификаттарын берді.

## 2016

Тамызда «ТОН-2» ММК қазақстандық учаскесін күрделі жөндеу аяқталды, бұл осы учаскенің өткізу қабілетін жылына 7-ден 11 млн тоннаға дейін ұлғайтуға мүмкіндік берді.

2016 жылғы қазанда Компанияның магистральдық мұнай құбырлары жүйесіне Қашаған кен орнынан мұнай қабылдау басталды.

Желтоқсанда «663 км» ЖЗҚ пайдалануға берілді (бұдан әрі Н. Шманов атындағы МАС деп өзгертілді).

## 2017

«Batumi Terminals Limited» еншілес компаниясының (Кипр) тарату рәсімдерінің нәтижесінде «ҚазТрансОйл» АҚ наурызда Petrotrans Limited акциялар пакетінің 100% меншік иесіне айналды және тамызда «Батуми мұнай терминалы» ЖШҚ Грузия мемлекетіне тиесілі жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің 100% басқаруға айрықша құқыққа ие БМП-дағы қатысу үлесінің 100% иелене бастады.

Желтоқсанда Компанияның жарғылық капиталға 100% қатысу үлесімен «Магистральдық Су бұру» ЖШС тіркелді.

## 2018

Сәуірде «ҚазТрансОйл» АҚ-ның Батыс және Шығыс филиалдары есептік тіркеуден шығарылды.

Мамырда «ҚКҚ-К» АҚ мұнай құбыры жүйесі объектілерінде 2018-2023 жылдарға арналған техникалық қызмет көрсету, жөндеу және авариялық ден қою бойынша келісімшартқа қол қойылды.

Тамызда «Кеңқияқ» БМАС-ын реконструкциялау аяқталды.

## 2019

«ҚазТрансОйл» АҚ тиесілі және Ресей Федерациясының аумағында «Омбы – Павлодар» ММК орналасқан 141 728 тонна Петроtrans Limited акциялар пакетінің 100% меншік иесіне айналды және тамызда «Батуми мұнай терминалы» ЖШҚ Грузия мемлекетіне тиесілі жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің 100% басқаруға айрықша құқыққа ие БМП-дағы қатысу үлесінің 100% иелене бастады.

2019 жылғы 1 желтоқсаннан бастап Қазақстан аумағында орналасқан «Өзен – Атырау – Самара» мұнай құбырының 1 235 км ЖҚП мұнайының саны мен сапа көрсеткіштерін өлшеу жүйесі бойынша «Өзен – Атырау – Самара» ММК арқылы экспортқа тасымалдау кезінде қазақстандық мұнайды коммерциялық есепке алу басталды.

## 2020

2020 жылғы 31 желтоқсанда «Күмкөл» МСӨЖ және «Кеңқияқ» МСӨЖ объектілері пайдалануға қабылданды.

## 2021

Қазанда «Аман» МАС-де жылыту пеші пайдалануға берілді, бұл Батыс Қазақстан мұнайын «Кеңқияқ-Атырау» мұнай құбыры арқылы жылына 6 млн тоннаға дейінгі көлемде реверстік режимде тасымалдауды қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

## 2022

Компаниялар тобы қайта жаңғыртудан кейін «Астрахань – Маңғышлақ» магистральдық суағызғысының 449-499 км жаңадан салынған учаскесін қосуды аяқтады.



Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
Магистральдық құбырлардың схемасы  
2023 жылғы негізгі оқиғалар  
Компанияның бизнес-моделі

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

Даму тарихы  
Қысқаша бейіні мен қызмет бағыты  
Компанияның 2028 жылға дейінгі даму стратегиясы  
Бизнесінің құрылымы  
Трансформациялау және цифрландыру жөніндегі іс-шараларды іске асыру  
Мемлекеттік реттеу және қызметтерге арналған тарифтер

## 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

## 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

## 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

## 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

## 6. ҚОСЫМШАЛАР

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ — ЖАЙ АКЦИЯЛАРЫНЫҢ 90%-Ы «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК АҚ-ҒА ТИЕСІЛІ, АЛ ЖАЙ АКЦИЯЛАРЫНЫҢ 10%-Ы МИНУС 1 АКЦИЯ-МИНОРИТАРЛЫҚ АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ БАҚЫЛАУЫНДА БОЛАТЫН ЖАРИЯ КОМПАНИЯ.

# Қысқаша бейіні мен қызмет бағыты

GRI 2-1

## «ҚазТрансОйл» АҚ — мұнайды ішкі нарыққа, транзит мақсатында және экспортқа тасымалдау бойынша қызметтер көрсететін Қазақстан Республикасының мұнай құбыры компаниясы.

Компания қызметі Қазақстан Республикасында магистральдық мұнай құбырлары жүйесін дамытуға және оның тиімді, сенімді және қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз етуге бағытталған магистральдық мұнай құбыры жөніндегі ұлттық оператор болып табылады.

Негізгі қызмет бағыттары:

- мұнайды магистральдық құбырлар арқылы тасымалдау жөніндегі қызметтер;
- Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде құбыр жүргізу жүйесін салу және пайдалану;
- қазақстандық мұнайды басқа мемлекеттердің құбыр жүйелері арқылы тасымалдауды ұйымдастыру;
- жылу энергиясын өндіру, беру және тарату, электр энергиясын беру және ағынды суларды бұру қызметтерін көрсету.

Компания активтерінің басым бөлігі Қазақстанда орналасқан. «ҚазТрансОйл» АҚ құрылымы Қазақстанда, Грузияда және Біріккен Араб Әмірліктерінде орналасқан 3 еншілес ұйымнан, сондай-ақ Қазақстанда орналасқан 2 бірлесіп бақыланатын ұйымнан тұрады.

# 90%

«ҚазТрансОйл» АҚ жай акцияларының «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ға тиесілі



# Компанияның 2028 жылға дейінгі даму стратегиясы

GRI 2-22, GRI 2-23, GRI 2-24

## I Миссия

«ҚазТрансОйл» АҚ акционерлері үшін барынша көп пайданы қамтамасыз ету және магистральдық мұнай құбыры арқылы мұнай тасымалдау саласында мемлекеттің стратегиялық мүдделерін сақтау.

## I Пайымдау

«ҚазТрансОйл» АҚ — орнықты даму, өндірістік қызметтің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау және өндірістік активтерді басқару саласындағы озық тәжірибеге сәйкес келетін әртарапандырылған құбыр жүйесі бар бәсекеге қабілетті компания.



Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
Магистральдық құбырлардың схемасы  
2023 жылғы негізгі оқиғалар  
Компанияның бизнес-моделі

**1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ**

Даму тарихы  
Қысқаша бейіні мен қызмет бағыты  
Компанияның 2028 жылға дейінгі даму стратегиясы  
Бизнесінің құрылымы  
Трансформациялау және цифрландыру жөніндегі іс-шараларды іске асыру  
Мемлекеттік реттеу және қызметтерге арналған тарифтер

**2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ**


**3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР**

**4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ**

**5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ**

**6. ҚОСЫМШАЛАР**

**I Корпоративтік құндылықтар**



**Компанияның стратегиялық мақсаттарын іске асыруға әсер ететін негізгі факторлар**



**«ҚазТрансОйл» АҚ 2028 жылға дейін стратегиялық даму бағыттары**

«ҚазТрансОйл» АҚ даму стратегиясы оң өндірістік және қаржылық көрсеткіштерді және мұнайды қауіпсіз, сапалы, уақтылы және үздіксіз тасымалдауды қамтамасыз етуге бағытталған. Даму стратегиясы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ұсынымдарына сәйкес әзірленді.

Даму стратегиясына сәйкес «ҚазТрансОйл» АҚ 3 негізгі стратегиялық мақсатты бөліп көрсетеді, олар өз кезегінде 14 негізгі міндеттен тұрады.



- Оң өндірістік және қаржылық көрсеткіштерге қол жеткізу, мұнайды қауіпсіз, сапалы, уақтылы және үздіксіз тасымалдауды қамтамасыз ету;
- Трансформациялау және цифрландыру бойынша іс-шараларды іске асыру;
- Өндірістік активтерді басқару жүйесінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- Өндірістік объектілерді жаңғырту және реконструкциялау;
- Инновациялық даму.

- ЕББҰ қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету;
- ЕББҰ дамыту.

- өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- денсаулықты, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау;
- энергия үнемдеу және энергия тиімділігі деңгейін арттыру;
- адами капиталды дамыту және адам құқықтарын қорғау;
- «ҚазТрансОйл» АҚ адалдық қағидаттарын және іскерлік әдеп кодексін сақтау;
- жеткізу тізбегін тиімді басқару;
- ашықтық және ашық коммуникация принциптері;
- Біріктірілген менеджмент жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- Тәуекелдерді басқару жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

**2024 ЖЫЛЫ «ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ 2023 ЖЫЛҒА ДЕЙІН ЖАҢАРТЫЛҒАН ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫН БЕКІТУДІ ЖОСПАРЛАП ОТЫР.**





Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
Магистральдық құбырлардың схемасы  
2023 жылғы негізгі оқиғалар  
Компанияның бизнес-моделі

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

Даму тарихы  
Қысқаша бейіні мен қызмет бағыты  
Компанияның 2028 жылға дейінгі даму стратегиясы  
Бизнесінің құрылымы  
Трансформациялау және цифрландыру жөніндегі іс-шараларды іске асыру  
Мемлекеттік реттеу және қызметтерге арналған тарифтер

## 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

## 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

## 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

## 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІН НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

## 6. ҚОСЫМШАЛАР

## 1. Компанияның стратегиялық ҚНҚ

### 1.1

### МҰНАЙДЫҢ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЖҮК АЙНАЛЫМЫ (2028 ЖЫЛҒА ҚАРАЙ) >46 МЛРД ТОННА- КМ

Аяқтау нысаны (2023 жылға арналған негізгі іс-шаралар)

2023 жылға арналған тасымалдау көлемі мен жүк айналымы бойынша өндірістік көрсеткіштердің орындалуын қамтамасыз ету:

- мұнай тасымалдаудың шоғырландырылған көлемі — 42 330 мың тонна (Компания бойынша жеке — 40 760 мың тонна);
- мұнайдың шоғырландырылған жүк айналымы — 43 829 млн тонна-км (Компания бойынша жеке — 34 386 млн тонна-км).

✓ **Орындалды**

Мұнай тасымалдаудың шоғырландырылған көлемі

**45 762**  
мың тонна

Компания бойынша жеке  
**44 188**  
мың тонна

2024 жылғы негізгі жоспарлар

2024 жылға арналған тасымалдау көлемі мен жүк айналымы бойынша өндірістік көрсеткіштердің орындалуын қамтамасыз ету:

- Мұнай тасымалдаудың шоғырландырылған көлемі — 43 335 мың тонна (Компания бойынша жеке — 41 355 мың тонна);
- мұнайдың шоғырландырылған жүк айналымы — 43 млрд тонн-км (Компания бойынша жеке — 33,3 млрд тонна-км).

Мұнайдың шоғырландырылған жүк айналымы

**43 784**  
млн тонна-км

Компания бойынша жеке  
**34 208**  
млн тонна-км

### 1.2

### ТАЗА ТАБЫС (2028 ЖЫЛҒА ҚАРАЙ) >43 МЛРД ТЕҢГЕ

Аяқтау нысаны (2023 жылға арналған негізгі іс-шаралар)

2023 жылы 2,8 млрд теңге деңгейінде шоғырландырылған таза пайдаға қол жеткізу.

✓ **Орындалды**

Шоғырландырылған таза пайда

**32,8**  
млрд теңге

2024 жылғы негізгі жоспарлар

2024 жылға арналған таза пайданың жоспарлы көрсеткішін жақсарту.

### 1.3

### ЕБИТДА (2028 ЖЫЛҒА ҚАРАЙ) >75 МЛРД ТЕҢГЕ

Аяқтау нысаны (2023 жылға арналған негізгі іс-шаралар)

2023 жылға арналған ЕБИТДА шоғырландырылған көрсеткішіне 72 млрд теңге деңгейінде қол жеткізу.

✓ **Орындалды**

ЕБИТДА

**97,0**  
млрд теңге

2024 жылғы негізгі жоспарлар

2024 жылы 68 млрд теңге деңгейінде ЕБИТДА көрсеткішіне қол жеткізу.

## 2.

## 1-стратегиялық мақсат . «Компанияның тиімді қызметін қамтамасыз ету»

### 2.1

### ОҢ-ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ, МҰНАЙДЫ ҚАУІПСІЗ, САПАЛЫ, УАҚТЫЛЫ ЖӘНЕ ҮЗДІКСІЗ ТАСЫМАЛДАУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

#### 2.1.1

Аяқтау нысаны (2023 жылға арналған негізгі іс-шаралар)

ҚХР бағытында Ресей мұнайының жылына 10 млн тоннаға дейін транзитін қамтамасыз ету.

✓ **Орындалды**

2024 жылғы негізгі жоспарлар

ҚХР бағытында Ресей мұнайының жылына 10 млн тоннаға дейін транзитін қамтамасыз ету.

#### 2.1.2

Аяқтау нысаны (2023 жылға арналған негізгі іс-шаралар)

Мұнай тасымалдау бойынша көрсетілген қызметтердің сапасына тұтынушылардың қанағаттану коэффициентіне кемінде 95% қол жеткізу.

✓ **Орындалды**

Мұнайды тасымалдау бойынша көрсетілген қызметтердің сапасына тұтынушылардың қанағаттану коэффициенті

**100%**  
құрады.

2024 жылғы негізгі жоспарлар

Мұнай тасымалдау бойынша көрсетілген қызметтердің сапасына тұтынушылардың қанағаттану коэффициентіне кемінде 95% қол жеткізу.

#### 2.1.3

Аяқтау нысаны (2023 жылға арналған негізгі іс-шаралар)

«Приртышск» авариялық-қалпына келтіру пункті (АҚП) — «Шағыр» МҚП бағыты бойынша Өзбекстан Республикасы бағытында Ресей мұнайының транзитін қамтамасыз ету (жүк жөнелтушілер мен мұнай компаниялары ресурстарды қамтамасыз еткен жағдайда).

✓ **Орындалды**

«Приртышск» АҚП — «Шағыр» МҚП бағыты бойынша Өзбекстан Республикасы бағытында Ресей мұнайының транзиті

**154,3**  
тоннаны құрады.

2024 жылғы негізгі жоспарлар

«Приртышск» АҚП — «Шағыр» МҚП бағыты бойынша Өзбекстан Республикасы бағытында Ресей мұнайының транзитін қамтамасыз ету (жүк жөнелтушілер мен мұнай компаниялары ресурстарды қамтамасыз еткен жағдайда).

#### 2.1.4

Аяқтау нысаны (2023 жылға арналған негізгі іс-шаралар)

«Атырау — Самара — Новороссийск» бағыты бойынша «аз күкіртті» мұнайды жылына 1,0 млн тоннаға дейінгі көлемде Siberian Light қоспасымен жөнелтумен бөлек айдау (мұнай компаниялары ресурстармен қамтамасыз еткен жағдайда).

✓ **Орындалды**

2024 жылғы негізгі жоспарлар

«КҚК-Қ» АҚ жүйесіне ауыстырып тиеу үшін «ҚМГ Қашаған Б.В.» ЖШЖК ресурстарынан Қашаған мұнайы көлемін тарту.





Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
Магистральдық құбырлардың схемасы  
2023 жылғы негізгі оқиғалар  
Компанияның бизнес-моделі

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

Даму тарихы  
Қысқаша бейіні мен қызмет бағыты  
Компанияның 2028 жылға дейінгі даму стратегиясы  
Бизнестің құрылымы  
Трансформациялау және цифрландыру жөніндегі іс-шараларды іске асыру  
Мемлекеттік реттеу және қызметтерге арналған тарифтер

## 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

## 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

## 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

## 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

## 6. ҚОСЫМШАЛАР

2.

### 1-стратегиялық мақсат . «Компанияның тиімді қызметін қамтамасыз ету»

2.1

Оң-және қаржылық көрсеткіштерін қамтамасыз ету, мұнайды қауіпсіз, сапалы, уақтылы және үздіксіз тасымалдауды қамтамасыз ету

2.1.5

#### Аяқтау нысаны (2023 жылға арналған негізгі іс-шаралар)

«ҚазТрансОйл» АҚ, сондай-ақ оның ЕББҰ-ның таза рентабельділігін арттыру жоспарында 2023 жылға жоспарланған іс-шараларды орындау.

#### 🕒 ІШІНАРА ОРЫНДАЛДЫ

Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге экспорттау мақсатында «ҚҚК» ЖШС магистральдық құбырлар жүйесі бойынша мұнайды айдау бойынша қызметке тарифті 1000 км-ге 1 тонна үшін 2023 жылы 15%-ға — 7 818,85 теңгеге ұлғайту іс-шарасы 2023 жылы аяқталған жоқ.

#### 2024 жылғы негізгі жоспарлар

Н.Шманов атындағы МАС-та «Кеңқияқ-Атырау» ММҚ-на мұнайды реверстік бағытта ауыстырып тиеу сенімділігін арттыру.

2.1.6

#### Аяқтау нысаны (2023 жылға арналған негізгі іс-шаралар)

Тұтынушылардың ұсынылған операторлық қызметтердің сапасына қанағаттану коэффициентіне кемінде 96% қол жеткізу.

#### ✅ ОРЫНДАЛДЫ

Тұтынушылардың ұсынылған операторлық қызметтердің сапасына қанағаттану коэффициенті

**99%** құрады.

#### 2024 жылғы негізгі жоспарлар

Тұтынушылардың ұсынылған операторлық қызметтердің сапасына қанағаттану коэффициентіне кемінде 96% қол жеткізу.

2.1.7

#### Аяқтау нысаны (2023 жылға арналған негізгі іс-шаралар)

Компанияның Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге экспорт мақсатында магистральдық құбырлар арқылы мұнай айдау бойынша қызметіне тарифті ұлғайту.

#### ✅ ОРЫНДАЛДЫ

#### 2024 жылғы негізгі жоспарлар

Ресей мұнайының Өзбекстан Республикасына транзиті көлемінің ұлғаюына байланысты «Шағыр» МҚП құю сенімділігін қамтамасыз ету.

2.2

### ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ ЖӘНЕ ЦИФРЛАНДЫРУ БОЙЫНША ІС-ШАРАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ

2.2.1

#### Аяқтау нысаны (2023 жылға арналған негізгі іс-шаралар)

«ҚазТрансОйл» АҚ қызметінің тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау.

#### 🕒 ІШІНАРА ОРЫНДАЛДЫ

2023 жылғы 20 маусымда ТМРК төрағасының № 85-ОД бұйрығымен ТМРК төрағасының 2020 жылғы 27 қарашадағы №71-ОД бұйрығына компанияның магистральдық құбырлар жүйесі бойынша мұнайды Қазақстан Республикасының ішкі нарығына айдау бойынша реттеліп көрсетілетін қызмет тарифтерін 1000 км-ге 1 тонна үшін 4 849,39 теңге деңгейіне (2023 жылғы 1 шілдеден бастап 2024 жылғы 30 маусымға дейінгі кезең) дейін ұлғайту бөлігінде өзгерістер енгізілді және 1000 км-ге 1 тонна үшін 4 851,87 теңге (2024 жылғы 1 шілде мен 2025 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы кезеңде).

Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге экспорттау және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеу мақсатында мұнай тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерге тарифтерді Компания дербес бекітеді.

Мұнайды экспортқа және транзитке тасымалдау жөніндегі қызметтерге тарифтерді есептеу үшін Компанияда Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге экспорттау және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеу мақсатында «ҚазТрансОйл» АҚ-ның мұнайды магистральдық құбырлары арқылы тасымалдау жөніндегі қызметтеріне тарифтерді есептеу әдістемесі әзірленді және қолданылады.

## 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ-ның магистральдық мұнай құбырлары жүйесі бойынша мұнайды ішкі нарыққа айдау бойынша қызметтеріне тарифтер

Бағыт	Өлшем бірлігі	01.01.2023–30.06.2023	01.07.2023–31.12.2023
Қазақстан Республикасының ішкі нарығына	теңге/1 000 тонн-км	4 355,57	4 849,39

## «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2023 жылғы 31 желтоқсандағы магистральдық мұнай құбырлары жүйесі бойынша экспортқа және транзитке мұнай айдау бойынша қызметтеріне арналған тарифтер

Бағыт	Өлшем бірлігі	01.06.2022–30.06.2023	01.07.2023 бастап
Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге экспортқа	теңге/1 000 тонн-км	8 830,51	10 150,00

## 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзит мақсатында компанияның магистральдық құбырлар жүйесі бойынша мұнайды тасымалдау бойынша қызметтерге арналған тарифтер

Направление	Единица измерения	01.01.2023-31.12.2023
«ТОН-2» магистральдық құбырының қазақстандық учаскесі бойынша транзит	тенге/1 000 тонн-км	4 292,40
ҚХР-ге транзит	АҚШ доллары/тонна	4,23
Өзбекстан Республикасына транзит	АҚШ доллары/тонна	25,12 (01.01.2023 – 31.01.2023) 27,9 (с 01.02.2023)
«ТОН-2» магистральдық құбырының қазақстандық учаскесі бойынша транзит	АҚШ доллары/тонна	25,12 (01.01.2023 – 05.01.2023)

Қазақстан Республикасының аумағы арқылы ҚХР-ға транзит мақсатында Ресей мұнайын тасымалдау құнын Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі бекітеді.





Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2023 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

2023 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

Даму тарихы

Қысқаша бейіні мен қызмет бағыты

Компанияның 2028 жылға дейінгі даму стратегиясы

Бизнестің құрылымы

Трансформациялау және цифрландыру жөніндегі іс-шараларды іске асыру

Мемлекеттік реттеу және қызметтерге арналған тарифтер

## 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

## 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

## 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

## 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

## 6. ҚОСЫМШАЛАР

«Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Ресей Федерациясының шекарасы — Қазақстан Республикасының шекарасы (Ертіс) — Атасу (Қазақстан Республикасы) — Алашанькоу (ҚХР)» тасымалдау бағыты бойынша Ресей мұнайын ҚХР-ға тасымалдау құнын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы №485 бұйрығымен 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанға дейін 2033 жылы Ресей Федерациясының шекарасы — Қазақстан Республикасының шекарасы (Ертіс) — Атасу (Қазақстан Республикасы) — Алашанькоу (ҚХР) ҚҚС есептемегенде 1 тонна үшін 15 АҚШ доллары мөлшерінде ҚХР-ға Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жылына 10 млн тонна Ресей мұнайын тасымалдау құны бекітілді, оның ішінде:

- Ресей Федерациясының шекарасы — Қазақстан Республикасының шекарасы (Ертіс өңірі) — Атасу (Қазақстан Республикасы) учаскесінде, мұнайды «Атасу» БМАС-да ауыстырып тиеуді қоса алғанда, ҚҚС-ны есептемегенде 1 тонна үшін — 4,23 АҚШ доллары;
- Атасу (Қазақстан Республикасы) — Алашанькоу (ҚХР) учаскесінде — ҚҚС есептемегенде 1 тонна үшін 10,77 АҚШ доллары.

Компания мұнай тасымалдау бойынша 16 қосымша қызмет көрсетеді. Оның ішінде 12 қызмет қуат аз реттелетін қызметтерге жатады. Бұл қызметтерге тарифтерді Компания жыл сайын бекітілген тарифті табиғи монополиялар саласындағы уәкілетті орган белгілейтін деңгейден асырмай индексстеу жолымен дербес бекітеді.

Бас директордың (Басқарма төрағасының) 2023 жылғы 31 наурыздағы бұйрығымен «ҚазТрансОйл» АҚ өндірістің тиімді жұмыс істеуін қолдау және пайда алу үшін Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге экспорт және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзит мақсатында мұнайды магистральдық құбырлар арқылы тасымалдау бойынша кейбір қосымша қызметтерге тарифтер ұлғайтылды.

## Тұтынушылар мен басқа да мүдделі тараптар алдындағы есептер

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес «ҚазТрансОйл» АҚ ағымдағы күнтізбелік жылдың 1 тамызынан және келесі күнтізбелік жылдың 1 мамырынан кешіктірмей тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында жарты жылдың және жылдың қорытындылары бойынша бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа мен сенімділік көрсеткіштерінің сақталуы және табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы есептер беруді өткізеді.

Жыл сайынғы есепті іс-шараларды өткізудің мақсаты табиғи монополия субъектісінің қызметін реттеудің жариялылығы мен ашықтығын қамтамасыз ету, сондай-ақ тұтынушылар мен табиғи монополия субъектілері мүдделерінің теңгеріміне қол жеткізу болып табылады. Есеп келесі ақпаратты қамтиды:

- табиғи монополия субъектісі туралы жалпы ақпарат;
- бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы;
- бекітілген тарифтік сметаның бап бойынша орындалуы туралы;
- реттелетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштерін сақтау туралы;
- табиғи монополия субъектісі қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы;




2023 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ инвестициялық бағдарламасы бойынша инвестициялардың жалпы көлемі

# 40 676

млн теңге

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2021-2025 жылдарға арналған инвестициялық бағдарламасы



Субъектіге тәуелсіз себептер бойынша инвестициялық бағдарламаның 2021 жылдан 2022 жылға ауыстырылған іс-шаралары

Субъектіге тәуелсіз себептер бойынша инвестициялық бағдарламаның 2022 жылдан 2023 жылға ауыстырылған іс-шаралары

## Инвестициялық бағдарлама

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2021-2025 жылдарға арналған магистральдық құбырлар арқылы Қазақстан Республикасының ішкі нарығына мұнай айдау жөніндегі қызметіне арналған инвестициялық бағдарламасы ТМРК 2020 жылғы 12 қарашадағы №61-НҚ және Қазақстан Республикасы Энергетика министрілігінің 2020 жылғы 18 қарашадағы №397 бірлескен бұйрығымен бекітілді.

«ҚазТрансОйл» АҚ инвестициялық бағдарламасы магистральдық мұнай құбырларының және магистральдық мұнай құбырлары объектілерінің сенімді және авариясыз жұмысын қамтамасыз етуге бағытталған, ол магистральдық мұнай құбырлары учаскелерін ауыстыру, резервуарларды реконструкциялау және салу, химиялық зертханалар ғимараттарын салу және реконструкциялау, магистральдық сорғы ғимараттарын, тазалау құрылғыларын қабылдау камераларын салу және реконструкциялау, технологиялық құбырларды ауыстыру, магистральдық мұнай құбырлары мен магистральдық мұнай құбырлары объектілерін салу және реконструкциялау жөніндегі іс-шараларды қамтиды. өндірістік-технологиялық байланыс және ТБАЖ, сондай-ақ өндірістік мақсаттағы автокөлік құралдары мен арнайы техниканы сатып алу жөніндегі іс-шараларды қамтиды.

ТМРК 2023 жылғы 29 желтоқсандағы №161-ОД және Қазақстан Республикасы Энергетика министрілігінің 2024 жылғы 10 қаңтардағы №6 бірлескен бұйрығымен «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2021-2025 жылдарға арналған магистральдық құбырлар арқылы Қазақстан Республикасының ішкі нарығына мұнай айдау бойынша қызметке арналған инвестициялық бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрілігінің 2020 жылғы 18 қарашадағы №397 және 2020 жылғы 12 қарашадағы №61-ОД бірлескен бұйрығына өзгерістер енгізілді.

## Бәсекелестік кедергілер

Есепті кезеңде Компанияға қатысты бәсекелестікке қарсы мінез-құлққа және монополияға қарсы заңнаманы бұзуға байланысты әкімшілік шаралар қолданылмады.





Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
 Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
 2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
 Магистральдық құбырлардың схемасы  
 2023 жылғы негізгі оқиғалар  
 Компанияның бизнес-моделі

**1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ**

**2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ**

Экономикалық және салалық шолу  
 Компанияның 2023 жылғы қызметінің нәтижелері  
 Инвестициялық қызмет  
 Корпоративтік қауіпсіздік  
 Ақпараттық қауіпсіздік  
 Ғылыми-техникалық даму

**3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР**

**4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ**

**5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ**

**6. ҚОСЫМШАЛАР**

# Операциялық қызмет нәтижелері

Экономикалық және салалық шолу .....	52
Компанияның 2023 жылғы қызметінің нәтижелері .....	56
Инвестициялық қызмет .....	69
Корпоративтік қауіпсіздік .....	71
Ақпараттық қауіпсіздік .....	73
Ғылыми-техникалық даму .....	74





Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
Магистральдық құбырлардың схемасы  
2023 жылғы негізгі оқиғалар  
Компанияның бизнес-моделі

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

## 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

Экономикалық және салалық шолу  
Компанияның 2023 жылғы қызметінің нәтижелері  
Инвестициялық қызмет  
Корпоративтік қауіпсіздік  
Ақпараттық қауіпсіздік  
Ғылыми-техникалық даму

## 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

## 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

## 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

## 6. ҚОСЫМШАЛАР

# Экономикалық және салалық шолу


## I Экономикалық шолу

Жаһандық экономика 2023 жылы сарапшылардың болжамдарына қарамастан күтпеген тұрақтылықты көрсетті. Өсім бірқатар факторлардың, соның ішінде АҚШ-тағы тұтынушылық сұраныстың жоғары деңгейінің және қызмет көрсету секторының пандемиядан кейін біртіндеп қалпына келуінің арқасында жоғарылау жағына қайта қаралды. Нәтижесінде әлемдік ЖІӨ 2,6%-ға өсті, бұл жыл басындағы болжамдардан 0,4%-ға асып түсті.


2023 жылы Қазақстан Республикасының экономикасы 2022 жылы геосаяси дағдарыс басталғаннан кейін 4,9% өсімге жетіп, айтарлықтай өсім көрсетті, бұл 2022 жылғы 3,2%-дан айтарлықтай жоғары. Бұл өсім ел бюджетінің ұлғаюына, мұнай өндірісінің ұлғаюына, Ресей Федерациясынан мигранттардың келуіне байланысты болды, бұл ішкі тұтыну мен инвестициялардың артуына әсер етті. 2023 жылы өмір сүру деңгейінің айтарлықтай төмендеуінен кейін, 2023 жылы инфляцияның төмен-

деуімен және есепті кезеңнің үшінші тоқсанында нақты жалақының 3,5% өсуімен қолдау тапқан алғашқы тоғыз айда нақты кірістің 0,2%-ға қалпына келуі байқалды. Бұл өз кезегінде тұтынушылық шығындардың өсуіне түрткі болды, бұл бөлшек сауда мен автомобиль сатылымының сәйкесінше 7,7% және 19,5% тұрақты өсуімен расталды. Өндірістің өсуі негізінен өндіруші салалармен байланысты болды. КҚК мұнай құбырындағы ақаулар салдарынан 2022 жылы мұнай өндірісінің қысқаруына қарамастан, өндіріс 2023 жылы қалпына келіп, 6,9%-ға өсті. Өндірістің өсуі негізінен өндіруші салалармен байланысты болды. КҚК мұнай құбырындағы ақаулар салдарынан 2022 жылы мұнай өндірісінің қысқаруына қарамастан, өндіріс 2023 жылы қалпына келіп, 6,9%-ға өсті. Өнеркәсіптік өндіріс сонымен қатар металлургия, химия және автомобиль өнеркәсібінің арқасында 4,1% өсім көрсетті. Көлік-логистикалық қызметтер 7%-ға жуық өсті, бұл ішкі сұраныс пен сыртқы сауданың жандануын көрсетеді.

Әлемнің, дамыған және дамушы елдердің ЖІӨ серпіні (ХВҚ)



Қазақстанның ЖІӨ болжаммен серпіні (ХВҚ)



## I Әлемдік көмірсутектер нарығы

Жаһандық мұнай нарығы алдымен COVID-19 пандемиясымен, содан кейін геосаяси тұрақсыздықпен бетпе-бет келген үш оқиғалы жылдан кейін біртіндеп қайта бағдарлануда.

2023 жылы Халықаралық энергетикалық агенттіктің хабарлауына, ОПЕК+ көптеген қатысушылары мұнай өндірудің ерікті түрде қысқартуын жариялағанына қарамастан, мұнай өндіру көлемі тәулігіне 101,9 миллион баррельге дейін өскенін көрсетті. Бұл көрсеткіштің өсуінің ықтимал себебі АҚШ, Бразилия және Ирандағы мұнай өндірісінің өсуі болып табылады, бұл алғашқы болжамдардан асып түсті.

Сарапшылардың теріс болжамдарына қарамастан, әлемдік нарықтар сауданың жаңа динамикасына сәтті бейімделді, атап айтқанда Ресейден шикі мұнай жеткізу Еуропалық Одақтан тыс жаңа бағыттарды тапты. ОПЕК+ шикі мұнайды жеткізуді шектегеніне қарамастан, 2023 жылы Brent маркалы мұнай бағасы 1 баррель үшін орта есеппен 83 АҚШ долларын құрады, бұл баға барреліне 101 АҚШ долларына жеткен 2022 жылмен салыстырғанда 19 долларға төмен.

2023 жылдың бірінші жартыжылдығында Еуропалық Одақтың ресейлік мұнай мен мұнай өнімдерін импорттауға тыйым салуы, бүкіл әлем бойынша орталық банктердің пайыздық мөлшерлемелерінің өсуі, инфляция мен рецессияға қатысты алаңдаушылық шикі мұнай бағасына әсер етті. Дегенмен, Brent маркалы мұнай бағасы 2023 жылдың бірінші жартыжылдығында 2022 жылға қарағанда айтарлықтай құбылмалы болмай, көпжылдық шыңға жетті.

2023 жылғы 4 маусымда ОПЕК+ мүшелері шикі мұнай өндіруді қысқарту кезеңін 2024 жылдың соңына дейін ұзартатынын жариялады.

2023 жылдың екінші жартысында геосаяси шиеленістер мен шикі мұнайға деген сұраныс бағаның өзгеруіне әкелді.

2023 жылғы шілдеде ОПЕК+ елдерінің отырысы барысында Сауд Арабиясы ОПЕК+ қысқартуларын толықтырып, мұнай өндіруді тәулігіне 1 млн баррельге қосымша ерікті түрде қысқарту туралы жариялады. Қыркүйектің басында Сауд Арабиясы 2023 жылдың соңына дейін елдегі өндіруді ерікті түрде қысқартуды ұзартатынын жариялады. АҚШ-тағы шикі мұнайдың коммерциялық қоры төмендеп, 2023 жылғы 29 қыркүйекке қарай 2022 жылдың 2 желтоқсанынан бергі ең төменгі деңгейге жетті. Шектеулі ұсыныс шикі мұнай бағасына қатты әсер етіп, 2023 жылғы 28 қыркүйекте Brent бағасы 1 баррель үшін 98 АҚШ доллары болып, ең жоғары деңгейге жетті.

Қыркүйектегі ең жоғары деңгейден төмендегеннен кейін шикі мұнай бағасы қазанның басында Израиль мен ХАМАС арасындағы қақтығыстың басталуына байланысты қайта көтерілді, 2023 жылдың 9 қазанында Brent бағасы 1 баррель үшін 91 АҚШ долларына жетті.

Жанжалдың кеңеюіне қатысты қауіп сейілген сайын, сондай-ақ шикі мұнайды жеткізу және сұраныс проблемалары туралы алаңдаушылық азайған сайын, бағалар төмендей бастады. Қазанның соңына қарай Brent бағасы 1 баррель үшін 89 долларға дейін азайды. Brent бағасы төмендеуін жалғастырып, 2023 жылғы 12 желтоқсанға қарай 1 баррель үшін 74 АҚШ доллары деңгейінде белгіленді.

Израиль-ХАМАС қақтығысына байланысты Қызыл теңіздегі көлік кемелеріне жасалған көптеген шабуылдардың салдарынан геосаяси шиеленіс күшейе түскендіктен желтоқсанның ортасында мұнай бағасы қайтадан көтеріле бастады. Шабуылдар Қызыл теңіз арқылы транзиттік сақтандыру тарифтерінің күрт өсуіне әкелді және жүк жөнелтушілер Африканың оңтүстік бөлігінің айналасында кемелерді қайта бағыттау бастады. Маршруттардың ұзақ болуынан және геосаяси тәуекелдердің артуынан 2023 жылғы 29 желтоқсанда Brent маркалы мұнай бағасының (жылдың соңғы сауда күнінде) 1 баррель үшін 78 долларға дейін өсуіне әсер етті.

2021 жылғы қаңтардан 2023 жылғы желтоқсанға дейін Brent маркалы мұнайдың орташа айлық бағасы



Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
Магистральдық құбырлардың схемасы  
2023 жылғы негізгі оқиғалар  
Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

Экономикалық және салалық шолу  
Компанияның 2023 жылғы қызметінің нәтижелері  
Инвестициялық қызмет  
Корпоративтік қауіпсіздік  
Ақпараттық қауіпсіздік  
Ғылыми-техникалық даму

3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІН НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

6. ҚОСЫМШАЛАР



**Қазақстан Республикасы бірнеше ірі ашық кен орындары мен болашақта, әсіресе елдің Каспий қайраңында айтарлықтай қорлардың табылу перспективаларын қоса алғанда мұнай ресурстарына бай.**

2023 жылы Қазақстандағы мұнай өндіру көлемі

**89,97**  
МЛН ТОННА

Мұнай өндіру көлемінің өсуі  
**6,8%**

Қазақстандық шикі мұнайының экспорты


**70,5**  
МЛН ТОННА

Қазақстандағы мұнай нарығына шолу

Қазақстандық мұнай және газ конденсаты қорларының шамамен 95%-ы елдің батысында үш мұнай-газ бассейнінде – Каспий маңы, Маңғышлақ және Солтүстік Үстіртте шоғырланған. Қазақстан Республикасының негізгі мұнай өндіруші өңірі елдің солтүстік-батысына тиесілі: жұмыс істеп тұрған екі ірі кен орны Теңіз және Қашаған – Атырау облысында (Қашаған Каспий теңізінің қайраңында жағалаудан шамамен 80 км қашықтықта орналасқан), ал үшінші ірі кен орны Қарашығанақ – Батыс Қазақстан облысында орналасқан. 2023 жылы бұл кен орындары жиынтығында қазақстандық мұнай өндірудің жалпы көлемінің 60%-дан астамын қамтамасыз етті.

2023 жылы Қазақстан Республикасында мұнай өндіру көлемі 89,97 млн тоннаны құрады, бұл 2022 жылғы көрсеткішпен


2014-2023 жылдары Қазақстанда мұнай және конденсат өндіру



2023 жылы қазақстандық мұнай экспорты 9,64%-ға өсіп, 70,5 млн тоннаны құрады. Бұл ретте қазақстандық мұнай құбыры жүйесінің экспортқа арналған жиынтық жылдық қуаты шамамен 110 млн тоннаны құрады:

- КҚК мұнай құбыры – 72,5 млн тонна;
- Атырау – Самара мұнай құбыры – 17,5 млн тонна;
- Атасу – Алашанькоу мұнай құбыры – 20 млн тонна.

Қазақстаннан шикі мұнай экспортының көлемі



салыстырғанда 6,8%-ға жоғары. Есепті жылы елдегі өндіру туындаған шектеу факторларына қарамастан жылдық өсу траекториясына оралды.

Мұндай факторларға Қазақстан Республикасының ОПЕК+ уағдаластығы шеңберінде мұнай өндіру көлемін қысқарту бойынша қабылдаған міндеттемесі, сондай-ақ бірқатар кен орындарының жұмысына теріс әсер еткен Маңғыстау атом энергетикалық комбинатындағы авария жатады.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының отын-энергетика кешенін дамытудың 2023 жылдан 2029 жылға дейінгі кезеңге арналған қабылданған тұжырымдамасына сәйкес, ел 2029 жылға қарай мұнай өндіру көлемінде 97,0 млн тонна мөлшерінде нысаналы көрсеткішке қол жеткізуге ниетті.

Қазақстандық мұнай және газ конденсаты экспортының көлемі

Экспорттық бағыт	2021	2022	2023	Өзгеріс, %
«Атырау – Самара» мұнай құбыры	11,2	8,4	9,2	9,52
КҚК мұнай құбыры	53,2	52,0	56,6	8,85
«Атасу – Алашанькоу» мұнай құбыры*	0,9	1,26	1,2	-4,76
Ақтау порты	2,1	2,27	3,4	49,78
Теміржол	0,2	0,4	0,06	-85
<b>Жиыны:</b>	<b>67,6</b>	<b>64,3</b>	<b>70,5</b>	<b>9,64</b>


Дәстүр бойынша, Қазақстан Республикасында өндірілетін барлық мұнай Ресей Федерациясының аумағы арқылы экспортталады. 2023 жылы қазақстандық мұнай экспортының 98%-ы Ресей аумағы арқылы КҚК, «Атырау-Самара» мұнай құбырлары арқылы, Ақтау порты арқылы, сондай-ақ теміржол көлігімен транзитпен өтті.

2023 жылы қазақстандық мұнай Ресей бағытынан бөлек ҚХР, Әзірбайжан (Баку), Грузия (Батуми) бағытында, сондай-ақ Өзбекстанға экспортталды.

2017 жылы КҚК мұнай құбырының өткізу қабілетін кеңейту жобасының аяқталуына, сондай-ақ зор экономикалық тартымдылығына байланысты Қазақстан Республикасында Теңіз, Қашаған және Қарашығанақ кен орындарынан өндірілетін мұнайдың барлығы дерлік КҚК мұнай құбыры арқылы экспортқа жіберіледі. Бұл ретте, 2019 жылы КҚК акционерлері оның қуатын жылына 81,5 млн тоннаға дейін, оның ішінде қазақстандық учаскеде жылына 72,5 млн тоннаға дейін ұлғайту үшін КҚК мұнай құбырының тар жерлерін жою жобасын іске асыру туралы шешім қабылдады.

\* «Атасу-Алашанькоу» мұнай құбыры арқылы тасымалдау көлемі 11,21 млн тоннаны құрады, оның ішінде ҚХР-ға 10 млн тонна көлемінде транзиттік жеткізілімдер.

Экспортқа мұнай жеткізу бағыттары мен транзиті



Теңіз және Қашаған кен орындарында мұнай өндірудің алдағы ұлғаюына, қазіргі уақытта және келешекте Қазақстан Республикасында мұнай өндірудің ұлғаюына байланысты ресурстар КҚК мұнай құбырлары арқылы экспортқа жіберіледі деп жоспарлануда.

2023 жылы КҚК бағыты бойынша қазақстандық мұнайдың экспорты 56,6 млн тоннаны құрап, есепті жылдағы қазақстандық мұнай экспортының жалпы көлемінің 80%-ын құрады.

«Атырау-Самара» мұнай құбыры қазақстандық мұнайдың әлемдік нарыққа экспорты бойынша екінші орында. Мұнайды «Атырау-Самара» мұнай құбыры арқылы және одан әрі «Транснефть» МК» ЖАҚ жүйесі арқылы жеткізу Усть-Луга Балтық терминалы мен Новороссийск Қара теңіз портына дейін жүзеге асырылады. Бұдан басқа, 2023 жылғы

ақпаннан бастап «Дружба» мұнай құбыры жүйесі арқылы «Адамова Застава» бағытында мұнай тасымалдау жүргізілді. 2023 жылы «Атырау – Самара» мұнай құбыры бойынша 10,3 млн тонна қазақстандық мұнай тасымалданды, оның ішінде шамамен 1,0 млн тонна «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС («ПМХЗ» ЖШС) Ресей Федерациясының аумағы арқылы транзитпен «Самара – ТОН-2 – Прииртышск – ПМХЗ» бағыты бойынша жеткізілді. Қашаған кен орнынан қосымша ресурстар тартылуына байланысты 2022 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда «Атырау-Самара» мұнай құбыры бойынша мұнай жеткізілімі ұлғайды.

Қазақстан мұнайын «Атасу-Алашанькоу» мұнай құбыры арқылы тасымалдау көлемі 2023 жылы 2022 жылғы деңгейде қалып, көлемі 10 млн тоннаны болатын Ресей шикі мұнайының транзитін қоспағанда, 1,21 млн тоннаны құрады.



Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
Магистральдық құбырлардың схемасы  
2023 жылғы негізгі оқиғалар  
Компанияның бизнес-моделі

**1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ**  
**2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ**

Экономикалық және салалық шолу  
Компанияның 2023 жылғы қызметінің нәтижелері  
Инвестициялық қызмет  
Корпоративтік қауіпсіздік  
Ақпараттық қауіпсіздік  
Ғылыми-техникалық даму

**3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР**

**4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ**

**5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ**

**6. ҚОСЫМШАЛАР**

# Компанияның 2023 жылғы қызметінің нәтижелері

## Мұнай тасымалдау

GRI 2-6

Мұнай тасымалдау «ҚазТрансОйл» АҚ қызметінің негізгі стратегиялық бағыты және оның тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ететін Компанияның негізгі профит-орталығы болып табылады.

Компанияның магистральдық мұнай құбырлары жүйесімен мұнай тасымалдау Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі бекітетін мұнайды жеткізу кестелеріне сәйкес тұтынушылармен жасалған шарттарға сәйкес мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- «Атырау-Самара» мұнай құбыры арқылы экспортқа мұнай жеткізу (Ресей Федерациясының аумағы арқылы);
- ішкі нарыққа мұнай жеткізу: «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС («АМӨЗ» ЖШС), «ПКОП» ЖШС, «ПМХЗ» ЖШС және «CASPI BITUM» БК ЖШС;
- Ақтау портында танкерлерге мұнай тиеу;
- мұнайды «КҚК-Қ» АҚ, «МұнайТас» СБҚК» ЖШС және «ҚҚК» ЖШС жүйесіне ауыстырып тиеу;
- «Шағыр» МҚП мен Т. Қасымов атындағы МАС теміржол эстакадасынан вагон цистерналарына мұнай құю.

2023 жылы мұнайды логистикалық жеткізуде тасымалдау бағыттарына қатысты келесі өзгерістер енгізілді:

- Кейіннен «Баку-Тбилиси-Джейхан» мұнай құбыры арқылы тасымалдау үшін Ақтау портында «Теңізшевройл» ЖШС ресурстарынан мұнай жөнелту;
- «ҚМГ Қашаған Б. В.» ЖШЖК ресурстарынан мұнайды Т. Қасымов атындағы МАС-тан «КҚК-Қ» АҚ жүйесіне ауыстырып тиеу;
- «Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.» компаниясының Қазақстандық филиалының ресурстарынан Ресей Федерациясы мен Беларусь Республикасының аумағы арқылы «Адамова Застава» мұнай тапсыру пунктіне (МТП) дейін мұнай транзиті;
- Ресей мұнайын «Шағыр» МҚП-ден тиіп жөнелтіп Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Өзбекстан Республикасына транзиті.


**КОМПАНИЯНЫҢ МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУ КӨЛЕМІ 2023 ЖЫЛЫ 44 188 МЫҢ ТОННАНЫ ҚҰРАДЫ, БҰЛ 2022 ЖЫЛҒЫ КӨРСЕТКІШТЕН 9%-ҒА ЖОҒАРЫ.**




**КОМПАНИЯНЫҢ МҰНАЙДЫҢ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЖҮК АЙНАЛЫМЫ 2023 ЖЫЛЫ 43 784 МЛН ТОННА-КМ ҚҰРАДЫ, БҰЛ ӨТКЕН ЕСЕПТІ КЕЗЕҢДЕГІ КӨРСЕТКІШТЕН 0,7%-ҒА АЗ.**

\* Мұнайдың жүк айналымы «ҚазТрансОйл» АҚ-ның бірлесіп бақыланатын ұйымдардағы қатысу үлесін ескере отырып есептеледі.

Мұнай тасымалдау көлемі



Мұнай жүк айналымы





Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
Бас директордың (Баскарма төрағасының) үндеуі  
2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
Магистральдық құбырлардың схемасы  
2023 жылғы негізгі оқиғалар  
Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

Экономикалық және салалық шолу  
Компанияның 2023 жылғы қызметінің нәтижелері  
Инвестициялық қызмет  
Корпоративтік қауіпсіздік  
Ақпараттық қауіпсіздік  
Ғылыми-техникалық даму

3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

6. ҚОСЫМШАЛАР



«ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық мұнай құбырлары жүйесімен бағыттар бойынша мұнай тасымалдау көлемі

Направление	2021	2022	2023	2024 (болжам)
<b>Мың тонна</b>				
<b>Мұнай өңдеу зауыттарына</b>				
«АМӨЗ» ЖШС	5 452	5 261	<b>5 408</b>	5 456
«ПКОП» ЖШС	5 169	6 206	<b>5 729</b>	5 800
«ПМХЗ» ЖШС	5 389	5 517	<b>5 436</b>	5 350
«CASPI BITUM» БК» ЖШС	929	922	<b>853</b>	1 000
<b>Ресей Федерациясының аумағы арқылы транзит</b>				
«Атырау — Самара» мұнай құбыры	12 173	9 438	<b>10 317</b>	8 412
<b>Ақтау порты арқылы тиеп жөнелті</b>				
«Ақтау» БМАС-та танкерлерге тиеп жөнелту	2 106	2 268	<b>3 376</b>	4 500
<b>Мұнайды мұнай құбыры компанияларына ауыстырып тиеу</b>				
«ҚКҚ» ЖШС («Атасу — Алашанькоу» мұнай құбыры)	10 957 (оның ішінде транзит 9 989)	11 251 (оның ішінде транзит 9 989)	<b>11 199 (оның ішінде транзит 9 989)</b>	10 903 (оның ішінде транзит 9 989)
«ККҚ-Қ» АҚ (ККҚ мұнай құбыры)	490	1 146	<b>3 241</b>	1 119
«МұнайТас» СБҚК» ЖШС	3 954	5 310	<b>5 235</b>	5 073
«ККҚ» ЖШС («Кеңқияқ — Құмкөл» мұнай құбыры)	6 274	8 102	<b>7 619</b>	7 623
<b>Теміржол эстакадалары</b>				
Т. Қасымов атындағы МАС теміржол эстакадасы	51	96	<b>53</b>	180
«Шағыр» МҚП теміржол эстакадасы	40	29	<b>154</b>	120

2023 жылы Компанияның мұнай тасымалдау көлемінің ұлғаюы келесі іс-шараларға байланысты болды:

**1** «Теңізшевройл» ЖШС ресурстарынан мұнайды «Ақтау» БМАС-ға ағызуды қайта қалпына келтіріп, одан әрі «Ақтау — Баку — Тбилиси — Джейхан» бағыты бойынша танкерлерге тиеу. Есепті кезеңде осы бағытта

**1,057** млн тонна тасымалданды

**3** «Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В» ЖТАҚ мұнайын одан әрі «Адамова Застава» МТП-ға (Польша) Германия бағытында жеткізумен тасымалдау. 2023 жылы

**0,99** млн тонна тасымалданды

**2** «ККҚ-Қ» АҚ-ға көлемі

**1,963** млн тонна

мұнайды Т.Қасымов атындағы БМАС-ға ауыстырып тиеу. 2023 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ-ға Қашаған мұнайын «Өзен — Атырау — Самара» ММҚ «Атырау — Самара» учаскесі бойынша Самара бағытында тасымалдауға мүмкіндік берген, сондай-ақ осы учаскеде қату температурасы теріс мұнайдың магистральдық мұнай құбырда болуы арқылы қауіпсіз пайдалануды, мұнайды жылыту пункттерінде газ тұтынуды азайту салдарынан қаражатты үнемдеуді қамтамасыз еткен, Т. Қасымов атындағы МАС-да Қашаған мұнайының (қату температурасы «минус» 36°С-тан төмен) Маңғышлақ мұнайына (қату температурасы «плюс» 27°С) ауыстыру шартымен «ҚМГ Қашаған Б.В.» ЖШЖК-мен «ҚазТрансОйл» АҚ жүйесі арқылы мұнайды «ККҚ-Қ» АҚ жүйесіне ауыстырып тиеу туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

**4** «Атырау — Самара» мұнай құбыры бойынша мұнайды жеткізу көлемінің

**0,622** млн тонна

көлемінде ұлғаюына орай, бұл «Өзен — Атырау — Самара» ММҚ-ның «Атырау — Самара» учаскесін қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында Қашаған жүк жөнелтушілерінің қосымша көлемін тартумен байланысты.

**5** Ақтау портында Баку порты бағытында одан әрі жеткізу үшін Қашаған кен орнынан экспортқа

**6,9** мың тонна

көлемінде мұнайдың алғашқы сынақ жөнелтілімі жүргізілді. Мұнай жөнелтуші-INPEX North Caspian Sea, Ltd.

МӨЗ-ге мұнай жеткізу бағыттары



→ ММҚ КАҚ «Транснефть» жүйесі арқылы мұнай қамтамасыз ету  
→ Темір жол цистерналарда мұнай қамтамасыз ету

Қазақстан Республикасының МӨЗ-ін жүктеу үшін мұнай жеткізу Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ай сайынғы бекітілген кестелері негізінде жүргізіледі. Есепті кезеңде Қазақстан Республикасының МӨЗ-ге мұнай жеткізу көлемі 17,426 млн тоннаны құрады, бұл 2022 жылғы көрсеткіштен 2,7%-ға төмен. Жекелеген МӨЗ бойынша мұнай жеткізу көлемінің азаюы негізінен ПКОП-ты (наурыз-сәуір), ПМХЗ-ны (мамыр-маусым) және «CASPI BITUM» БК» ЖШС-ны (желтоқсан) жоспарлы тоқтатуға байланысты.

Есепті кезеңде Ақтау портындағы танкерлерге мұнай құю оны Махачкала және Баку порттары бағытында одан әрі жеткізу үшін жүргізілді. Ақтау порты арқылы 2023 жылы 3,38 млн тонна мұнай жөнелтілді, бұл 2022 жылғы көрсеткіш деңгейінен 49%-ға артық. Бұл ұлғаю негізінен «Ақтау» БМАС-да «Теңізшевройл» ЖШС мұнайды ағызуды қайта бастаумен, одан әрі «Ақтау — Баку — Тбилиси — Джейхан» бағыты бойынша танкерлерге тиеумен байланысты.

2023 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ мен «Sanoat Energetika Gurguh» шетелдік кәсіпорны арасында Ресей мұнайының Өзбекстан Республикасына транзитін қамтитын мұнай тасымалдау бойынша қызметтер көрсетуге арналған келісім-шартқа қол қойылды. Есепті кезеңде Ресей мұнайын Өзбекстан Республикасы бағытында 0,15 млн тонна көлемінде транзиттеу мақсатында «Шағыр» МҚП эстакадасынан құю жүргізілді. Сондай-ақ, экспортқа 53 мың тонна көлемінде жеткізу үшін Т.Қасымов атындағы МАС құю эстакадасынан мұнай жөнелтілді.

2023 жылы «Роснефть» МК» ЖАҚ-мен жылына 10 млн тонна Ресей мұнайын ҚХР-ға транзиттеу және қолданыстағы тарифті сақтау туралы қосымша келісім жасалды.

Көрсетілетін қызметтердің сапасын үздіксіз арттыру мақсатында 2023 жылы Компания мұнай тасымалдау қызметтерін тұтынушылардың қанағаттанушылығын бағалау бойынша сауалнама жүргізді. Сауалнама нәтижелері бойынша қанағаттанудың жалпы коэффициенті 100% құрады.

2024 жылға және орта мерзімді перспективаға арналған жоспарлар

1. «Теңізшевройл» ЖШС мұнайын ағызуды және оны «Теңізшевройл» ЖШС ресурстарынан «Ақтау — Баку — Тбилиси — Джейхан» бағытында жылына 1,5 млн тонна көлемінде танкерлерге құюды қамтамасыз ету.
2. «Атырау — Самара» мұнай құбыры арқылы Адамов Застава МТП бағытында (Германия бағытында) 1,2 млн тоннаға дейінгі көлемде мұнай жеткізуді қамтамасыз ету.
3. «ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық мұнай құбырлары жүйесін оңтайлы жүктеу шеңберінде Өзбекстан Республикасы бағытында «Прииртышск» АВП — «Шағыр» МҚП 0,55 млн тоннаға дейінгі көлемде бағыты бойынша Ресей мұнайының транзитін қамтамасыз ету.
4. ҚХР бағытында Ресей мұнайының жылына 10 млн тоннаға дейін транзитін қамтамасыз ету.
5. «ККҚ-Қ» АҚ жүйесіне ауыстырып тиеу үшін «ҚМГ Қашаған Б.В.» ЖШЖК ресурстарынан Қашаған мұнайының көлемін тарту.

2023 жылы Қазақстанның МӨЗ-ге мұнай жеткізу көлемі

**17,426** млн тонна

Ақтау порты арқылы 2023 жылы мұнай жөнелтілу

**3,38** мың тонна

2023 жылы Т.Қасымов атындағы МАС құю эстакадасынан мұнай жөнелтілді

**53** мың тонна

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
Магистральдық құбырлардың схемасы  
2023 жылғы негізгі оқиғалар  
Компанияның бизнес-моделі

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

### 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

Экономикалық және салалық шолу  
Компанияның 2023 жылғы қызметінің нәтижелері  
Инвестициялық қызмет  
Корпоративтік қауіпсіздік  
Ақпараттық қауіпсіздік  
Ғылыми-техникалық даму

### 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

### 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

### 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

### 6. ҚОСЫМШАЛАР

## I Пайдалану және сенімділікті қамтамасыз ету

### Компания мұнай-газ құбырлары мен қосалқы мақсаттағы өнеркәсіптік объектілерді үздіксіз және қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету бойынша тұрақты жұмыс жүргізеді.

Тиімді жұмыс істеуі үшін жауапкершілік пайдалану департаментіне жүктеледі.

Оқиғалардың кепілдендірілген болмауы және өндірістік тиімділікті арттыру мақсатында Компания жыл бойы техникалық қызмет көрсету, жөндеу және диагностика бойынша барлық қажетті іс-шараларды жоспарлауды үнемі жүргізеді және жүзеге асырады.

Өндірістің апатсыздығын қамтамасыз ету және өндірістік процестердің тиімділігін арттыру бойынша жұмыстар

### 1 ҰЙЫМДАСТЫРУ-ТЕХНИКАЛЫҚ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЛАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ОРЫНДАУ

Нәтижелер

Магистральдық мұнай құбырлары объектілерін көк-темгі-су тасқыны кезеңіне дайындау бойынша

**51** іс-шара

Магистральдық мұнай құбырлары объектілерін күзгі қысқы кезеңде жұмысқа дайындау бойынша

**60** іс-шара

Магистральдық мұнай құбырлары жұмысының сенімділігін қамтамасыз ету бойынша

**81** іс-шара

### 2 МАГИСТРАЛЬДЫҚ МҰНАЙ ҚҰБЫРЛАРЫН КОРРОЗИЯДАН ЭЛЕКТРОХИМИЯЛЫҚ ҚОРҒАУ

Нәтижелер

Магистральдық мұнай құбырларының оқшаулағыш жабының жай-күйі зерттелді

**813,3** км

Магистральдық мұнай құбырларының поляризациялық әлеуетін электрометриялық өлшеу жүргізу

**10 412,5** км

### 3 ДИАГНОСТИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫ ЖҮРГІЗУ

Нәтижелер

**29** мұнай резервуары зерттелді

**9,8** км технологиялық құбырлар зерттелді

**28** мұнай жылыту пешін техникалық диагностикалау және сараптамалық тексеру орындалды

19 бірлік негізгі жабдыққа және

**1 472** бірлік қосалқы жабдыққа техникалық куәландыру және сараптама жүргізілді

### 4 МАГИСТРАЛЬДЫҚ МҰНАЙ ҚҰБЫРЛАРЫН ӘУЕ ЖӘНЕ АВТОМОБИЛЬДІК ПАТРУЛЬДЕУ

Нәтижелер

**5 373** км магистральдық мұнай құбырларын жерүсті патрульдеу орындалды

### Компанияның өндірістік объектілеріндегі қақтығыстар

Қақтығыстар тобы	2021	2022	2023	Өзгеріс, %
Негізгі қызметтің механикалық-энергетикалық және технологиялық жабдықтарының ақаулары	23	22	26	18
Негізгі қызметтің автоматика жүйесі жабдығының ақаулары	20	11	7	-36
Негізгі қызметтің өндірістік-технологиялық байланыс жабдығының ақаулары	6	2	3	50
Персоналдың қате әрекеттері	5	4	10	150
<b>Жиыны</b>	<b>54</b>	<b>39</b>	<b>46</b>	<b>18</b>

### 5 ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІН ЖАҚСARTУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ІС-ШАРАЛАРДЫ ЕНГІЗУ

Нәтижелер

**46,8** км жаңа мұнай құбырлары учаскелері ауыстырылды

Б. Жұмағалиев атындағы БМАС-да көлемі

**20 000** м<sup>3</sup>

болатын төбесі мен понтоны бар тік болат резервуар №5 және №6 типті екі резервуар пайдалануға берілді

Автономды гибриді электр қондырғыларының

**11** бірлігі пайдалануға берілді

DNUDO — 300/600 типті дизельді сорғы қондырғылары сатып алынды:

Б. Жұмағалиев атындағы БМАС

**2** бірлік

«Шолақ-Қорған» БМАС

**2** бірлік

«Қаражанбас» МАС №3 НДСН 12 тіреу сорғысының бір бірлігі ауыстырылды.

### 6 АВАРИЯЛАРДЫ БОЛДЫРМАУ ЖӨНІНДЕ ШАРАЛАР ҚАБЫЛДАУ

Нәтижелер

Есепті кезеңде апаттар тіркелген жоқ.

**0** апаттар

### 7 МАГИСТРАЛЬДЫҚ МҰНАЙ ҚҰБЫРЛАРЫНЫҢ ТҮТАСТЫҒЫН БАҚЫЛАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Нәтижелер

Магистральдық мұнай құбырларының **1 390** ақауы жойылды

Негізгі механикалық-технологиялық жабдықтар бойынша:

техникалық қызмет көрсету **358**

ағымдағы жөндеу **88**

жоспардан тыс жөндеу **27**

Энергетикалық жабдықтар бойынша:

техникалық қызмет көрсету **358**

қазандықтарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу **90**

электр жабдықтарын жөндеу **8**

электр қондырғылары мен жылу қондырғыларының мемлекеттік энергетикалық сараптамасы **8**

арнайы мақсаттағы электр қондырғыларына техникалық қызмет көрсету және баптау

**13**





Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
Магистральдық құбырлардың схемасы  
2023 жылғы негізгі оқиғалар  
Компанияның бизнес-моделі

**1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ**  
**2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ**

Экономикалық және салалық шолу  
Компанияның 2023 жылғы қызметінің нәтижелері  
Инвестициялық қызмет  
Корпоративтік қауіпсіздік  
Ақпараттық қауіпсіздік  
Ғылыми-техникалық даму

**3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР**  
**4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ**  
**5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ**  
**6. ҚОСЫМШАЛАР**

# I Құбырлар паркі және өндірістік нысандар

Компанияның магистральдық мұнай құбырларының жалпы ұзындығы 5 373,133 км құрайды. Мұнайды магистральдық мұнай құбырларымен тасымалдау 36 МАС-мен, 68 мұнай жылыту пешімен, жалпы көлемі 1 426 мың м<sup>3</sup> мұнай сақтауға арналған резервуарлық паркпен қамтамасыз етіледі. Резервуар паркінің көлемі 2022 жылмен салыстырғанда 40 мың м<sup>3</sup>-ке ұлғайды, өйткені әрқайсысының көлемі 20 мың м<sup>3</sup> болатын екі жаңа резервуар енгізілді.


Мұнайды ауыстырып тиеу Ақтау портының теңіз мұнай құю терминалының жұмыс істеп тұрған үш айлағында орнатылған танкерлерге мұнай құю жөніндегі тиісті жабдықпен бес ағызып-құю темір жол эстакадасымен қамтамасыз етіледі.

МАС-ны электрмен жабдықтау 14 бірлік санында 35-220 кВ қосалқы станциядан және 51 бірлік санында ЗРУ-6-10 кВ жабық тарату құрылғыларынан жүзеге асырылады.

Негізгі сорғы агрегаттарының 226 бірлігі, автокөлік құралдарының 827 бірлігі (тіркемесіз) пайдалануда.


Қысқы кезеңде үй-жайларды жылыту үшін 90 су жылыту және 3 бу қазандығы бар 42 бірлік қазандық пайдаланылады.

«ҚазТрансОйл» АҚ өндірістік қуаттар




2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша магистральдық құбырлардың жас құрылымы

КМ




2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша резервуар паркінің жас құрылымы

ДАНА




2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша мұнайды жылыту пештерінің жас құрылымы

ДАНА



2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша негізгі сорғы жабдығының жас құрылымы

ДАНА



Магистральдық мұнай құбырларының өндірістік объектілері мен технологиялық жабдықтарын диагностикалау магистральдық құбырлардың қауіпсіз және сенімді пайдаланылуын қамтамасыз ету мақсатында олардың техникалық жай-күйін бағалау кезінде жұмыстардың маңызды кешені болып табылатынын атап өту қажет.

Қазіргі уақытта компанияның магистральдық құбырлары учаскелерінің едәуір бөлігі ұзақ мерзімге пайдаланылуда. Өндірістік активтердің ұзақ пайдалану мерзімі бар бөлігі үшін компания келесі іс-шараларды өткізеді:

- құбырдың тұтастығын қамтамасыз ету бойынша уақтылы диагностика және іс-шаралар кешені;
- қауіпті ақаулы орындарды жою;
- ақаулардың жоғары концентрациясы бар учаскелерді іріктеп күрделі жөндеу;
- оқшаулағыш жабынды жөндеу;
- құбырдың тозуы нәтижесінде болуы мүмкін авариялық жағдайлардың салдарынан аварияларды, істен шығулар мен инциденттерді болдырмау, мұнай тасымалдауды тоқтату мақсатында, сондай-ақ экологиялық залал келтіру тәуекелдерін азайту мақсатында магистральдық мұнай құбырларының өндірістік активтерінің техникалық жай-күйіне тұрақты мониторинг, талдау және бағалау жүргізу.

Жұмысқа қабілеттілікті қолдау бойынша барлық жұмыстар техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың талаптарына сәйкес келеді.

Ұзақ уақыт бойы авариялардың болмауы магистральдық мұнай құбырларының сенімділігін сақтауға бағытталған жыл сайынғы іс-шаралардың сөзсіз нәтижесі болып табылады. Уәкілетті органдардың тексерулерімен расталған статистикалық деректер компанияның құбыр жүйесінің пайдалану сенімділігін куәландырады.

**2024 жылға және орта мерзімді перспективаға арналған жоспарлар**

1. Магистральдық мұнай құбырлары объектілерін көктемгі су тасқынына және күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа дайындау.
2. Магистральдық мұнай құбырлары құбырларының 1143 ақауын жою және 38 бірлік резервуарды тексеру.
3. 16 мұнай жылыту пешін техникалық диагностикалау және сараптамалық тексеру және 21 683 қума метр технологиялық құбырларды тексеру.
4. 130,945 км мұнай құбырларының жаңа учаскелерін қосу.
5. Энергетикалық жабдықтау техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді қамтамасыз ету, Компания объектілерінің 2024-2025 жылдардағы күзгі-қысқы кезеңге дайындық актілері мен паспорттарын алу – 39 бірлік.
6. Магистральдық мұнай құбырларының оқшаулағыш жабынының жай-күйін тексеру – 945,37 км.





Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
Магистральдық құбырлардың схемасы  
2023 жылғы негізгі оқиғалар  
Компанияның бизнес-моделі

### 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

### 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

Экономикалық және салалық шолу  
Компанияның 2023 жылғы қызметінің нәтижелері  
Инвестициялық қызмет  
Корпоративтік қауіпсіздік  
Ақпараттық қауіпсіздік  
Ғылыми-техникалық даму

### 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

### 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

### 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІН НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

### 6. ҚОСЫМШАЛАР

## Күрделі жөндеу және күрделі құрылыс

Кірістің негізгі үлесін өндіретін компанияның құбыр активтері тұрақты жұмыс күйінде ұстауды және олардың техникалық жағдайын жақсартуды қажет етеді. Бұдан басқа, магистральдық мұнай құбырлары жүйесі Қазақстан Республикасының отын-энергетикалық кешенінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Қолданыстағы мұнай құбыры жүйесінің техникалық жай-күйін қолдау және жақсарту мақсатында 2023 жылы Компания ҚҚС-сыз жалпы сомасы 80 872 млн теңгеге күрделі салымдарды жүзеге асырды.

Құбырларды күрделі жөндеу, құрылыс, жаңғырту және басқа да ілеспе жұмыстар бос тұрып қалу және авариялық жағдайлардың туындау қаупін азайтуға, магистральдық мұнай құбырлары объектілерінің қауіпсіздік деңгейін арттыруға мүмкіндік береді, бұл болашақта мұнай тасымалдау қызметтерін сенімді, авариясыз, қауіпсіз және үздіксіз ұсынуды қамтамасыз етеді.

#### «ҚазТрансОйл» АҚ күрделі салымдарының жалпы сомасы

Көрсеткіш	2021	2022	2023	2024 (жоспар)*
«ҚазТрансОйл» АҚ** күрделі салымдары, оның ішінде:	61 263	43 760	190 555	62 361
- жаңа жобаларға	325	171	109 294	10
- өндірістің ағымдағы деңгейін ұстап тұру	60 873	43 587	80 872	62 281
- әкімшілік сипаттағы	65	2	389	70

\* Компанияның Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 14 қарашадағы шешімімен бекітілген «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2024-2028 жылдарға арналған бизнес-жоспарына сәйкес.

\*\* Компанияның және оның еншілес ұйымдарының күрделі салымдарының шоғырландырылған көлемі көрсетілген.

«ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобының күрделі салымдарының жалпы сомасы 2023 жылы 190 555 млн теңгені құрап, 2022 жылмен салыстырғанда 4,3 есеге ұлғайды, бұл «Астрахань – Маңғышлақ» суағызғысын реконструкциялау және кеңейту, 1 кезек» жобасын іске асырумен байланысты.

«ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобының күрделі салымдарының жалпы сомасы 2023 жылы

# 190 555

млн теңге

Күрделі салымдар жоспарын іске асыру шеңберінде Компания мыналарды жүзеге асыруда:

1  
магистральдық мұнай құбырларын салу, реконструкциялау және ішінара ауыстыру

2  
жабдықтар мен арнайы техниканың тозуына байланысты оларды жаңарту

3  
ағымдағы қызмет көрсетуді және ағымдағы жөндеуді сапалы және уақтылы жүргізу мақсатында жұмыс бригадаларын жасақтау

4  
диагностикалау бойынша регламенттік жұмыстар



## 2023 жылы магистральдық құбырды ауыстыра отырып магистральдық мұнай құбырларын реконструкциялау

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау, сондай-ақ өндірістік объектілерді сенімді және қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында 2023 жылы Компания күрделі жөндеу бойынша мынадай іс-шараларды жүргізді:

- «Павлодар – Шымкент» ММҚ 218-228,6 км су басқан учаскелерде жалпы ұзындығы 6,1 км және диаметрі 800 мм құбырды ауыстыру. Объект 2023 жылғы 29 желтоқсанда пайдалануға берілді;
- Диаметрі 720 мм «Өзен – Атырау – Самара» МҚ 1173 км учаскесін реконструкциялау. Объект 2023 жылғы 30 қазанда пайдалануға берілді;
- «Өзен-Атырау – Самара» МҚ 1235 км ПСП тазалау қырғышы мен диагностика (ТҚЖД) қабылдау-іске қосу камерасын салу. Объекті 2023 жылғы 27 шілдеде пайдалануға берілді.

### 2024 жылға және орта мерзімді перспективаға арналған жоспарлар

- Қ. Сәтбаев атындағы арна арқылы «Павлодар – Шымкент» ММҚ 122 км және 148 км су асты өткелдерін реконструкциялау бойынша жұмыстарды аяқтау.
- «Өзен – Атырау – Самара» ММҚ 244-267 км, 409-422,5 км учаскелерінде диаметрі 1 020 мм 76,5 км жалпы ұзындығы 190-230 км құбырды ауыстыру жөніндегі жұмыстарды аяқтау.
- Шұбарсу ауылын айналып өтіп, Д-820 мм «Павлодар-Шымкент» ММҚ учаскесінің құрылысы бойынша жұмыстарды аяқтау.
- «Қаламқас – Қаражанбас – Ақтау» ММҚ 0-23 км учаскесінде диаметрі 530 мм құбырды реконструкциялау.
- «Сай-Утес» МҚП-да ТҚЖД қабылдау-іске қосу торабын монтаждап, «Өзен – Атырау – Самара» ММҚ 114-132 км, 133-145 км учаскелерінде жалпы ұзындығы 30 км құбырды ауыстыру.
- «Өзен – Атырау – Самара» ММҚ диаметрі 1020 мм ТҚЖД қабылдау-іске қосу камераларын салу.



Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
Магистральдық құбырлардың схемасы  
2023 жылғы негізгі оқиғалар  
Компанияның бизнес-моделі

### 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

### 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

Экономикалық және салалық шолу  
Компанияның 2023 жылғы қызметінің нәтижелері

Инвестициялық қызмет  
Корпоративтік қауіпсіздік  
Ақпараттық қауіпсіздік  
Ғылыми-техникалық даму

### 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

### 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

### 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІН НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

### 6. ҚОСЫМШАЛАР

«ҚазТрансОйл» АҚ операторлық қызметтері бөгде ұйымдарға тиесілі магистральдық мұнай құбырларын пайдалану, оның ішінде оларға техникалық қызмет көрсету бойынша қызметті, сондай-ақ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Компаниялар тобының су құбырларына техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша қызметті білдіреді. Операторлық қызметтер бөгде ұйымдардың мұнай құбырларына қызмет көрсету шекараларын кеңейтуге бағытталған қызметтің негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

Компания қажетті техникалық жабдықтарға, елеулі құзыреттерге, операторлық қызметтерді көрсетуге байланысты бай тәжірибеге және технологияларға ие.

Компанияда операторлық қызметті жүзеге асыру бойынша жұмыстарды үйлестіру операторлық қызметтер департаментіне (ОҚД) жүктелген. Операторлық қызметтер көрсету шеңберінде Компанияның өндірістік бағдарламасын орындауды Батыс операторлық қызметтер басқармасының (БОҚБ) және Шығыс операторлық қызметтер басқармасының (ШОҚБ) персоналы жүзеге асырады.

Компания келесі ұйымдарға операторлық қызмет көрсетеді:

- «ҚКҚ» ЖШС;
- «МұнайТас» СБҚК» ЖШС;
- «Торғай Петролеум» ЖШС;
- «Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В.» ЖШС;
- «ҚКҚ-Қ» АҚ;
- «Магистральдық Суағызғысы» ЖШС.


Қызмет көрсетілетін мұнай құбырларының жалпы ұзындығы 3 313,56 км құрайды, Компанияның жұмысқа тартылған персоналының жалпы штат саны – 1305 адам, оның ішінде ОҚД – 21 адам, БҚБ – 634 адам, ШҚБ – 650 адам.

Операторлық қызметтер көрсету шеңберінде 11 МАС, 1 мұнайды жылыту пункті, жалпы көлемі 265,14 мың м<sup>3</sup> мұнайды сақтауға арналған резервуарлық парк, бөгде ұйымдарға тиесілі 4 қосалқы станция қызмет көрсетеді.

Автокөлік құралдарының 273 бірлігі (тіркемелерді есептегенде) пайдалануда.

Қысқы кезеңде үй-жайларды жылыту үшін 18 су жылыту қазандығы бар 7 бірлік қазандық пайдаланылады.

### Операторлық қызметтің ұйымдық құрылымы



\* «Астрахань-Маңғышлақ» магистральдық суағызғысының 0 км-ден 285 км-ге дейінгі учаскесі, лупинг 207 км-ден 285 км-ге дейінгі учаскесіне «Магистральдық Суағызғысы» ЖШС қызмет көрсетеді.


## I Операторлық қызметтер көрсету бойынша қызмет

### Компанияның 2021-2023 жылдар кезеңінде операторлық қызметтер көрсету бойынша қызметтен түсетін кірістері\*

МЛН ТЕҢГЕ

27 477

↑ 10%



\* Деректер «Магистральдық суағызғысы» ЖШС қызметтерін көрсетуден түсетін кірістер сомасын қамтиды.

2023 жылы операторлық қызмет көрсету бойынша қызметтен түскен табыс 2022 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 10%-ға ұлғайды және 27 477 млн теңгені құрады. Табыс көрсеткіштерінің өсуі мұнай құбырларының иелері келіскен Компания қызметкерлеріне еңбекақы төлеу қорының өсуін көздейтін шарттар бюджеттерінің құнының ұлғаюына байланысты.

### 2021-2023 жылдар кезеңінде тұтынушылар бөлінісінде операторлық қызметтер көрсету бойынша қызметтен Компанияның кірістері

МЛН ТЕҢГЕ

Қызметтерді тұтынушылар	2021	2022	2023	Өзгеріс, %
«ҚКҚ» ЖШС	8 898	11 725	12 270	4,6
«ҚКҚ-Қ» ЖШС	5 139	6 853	7 810	13,9
«Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В.» ЖТАҚ	1 919	2 040	2 488	21,9
«МұнайТас» СБҚК» ЖШС	1 903	3 132	3 666	17,0
«Торғай Петролеум» АҚ	232	314	333	6,1
«Магистральдық Суағызғысы» ЖШС	801	810	910	12,3
<b>ЖИЫНЫ:</b>	<b>18 893</b>	<b>24 874</b>	<b>27 477</b>	<b>10,4</b>

2023 жылы үшінші тарап ұйымдарына тиесілі өндірістік объектілердің сенімділігін қамтамасыз ету үшін операторлық қызметтер басқармаларының күшімен магистральдық мұнай құбырларының 125 ақауы жойылды, оның ішінде:

- «Теңіз – Новороссийск» (қазақстандық учаскесі) мұнай құбырында – 46 ақау;
- «Кеңжияқ – Атырау» мұнай құбырында – 41 ақау;
- «Кеңжияқ-Құмкөл» мұнай құбырында – 2 ақау;
- «Атасу – Алашанькоу» мұнай құбырында – 36 ақау.

Бұл ретте есепті кезеңде негізгі жабдықтың істен шығуына, қоршаған ортаның ластануына әкеп соққан авариялық жағдайларға және басқа да аварияларға, өрттерге, жабдықтың жоспардан тыс бос тұрып қалуына жол берілмейді.





Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
Магистральдық құбырлардың схемасы  
2023 жылғы негізгі оқиғалар  
Компанияның бизнес-моделі

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

## 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

Экономикалық және салалық шолу  
Компанияның 2023 жылғы қызметінің нәтижелері  
Инвестициялық қызмет  
Корпоративтік қауіпсіздік  
Ақпараттық қауіпсіздік  
Ғылыми-техникалық даму

## 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР


## 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

## 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІН НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

## 6. ҚОСЫМШАЛАР

**2023 ЖЫЛЫ ISO 9001:2015 ТАЛАПТАРЫНА СӘЙКЕС ОПЕРАТОРЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САПАСЫНА ҚАНАҒАТТАНУ ДЕҢГЕЙІН БАҒАЛАУ МАҚСАТЫНДА ТҰТЫНУШЫЛАРҒА ЖЫЛ САЙЫНҒЫ САУАЛНАМА ЖҮРГІЗІЛДІ. САУАЛНАМА НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША ЖАЛПЫ БАҒАЛАУ 99% ҚҰРАДЫ, БҰЛ 2022 ЖЫЛҒЫ ДЕҢГЕЙДЕН 1%-ҒА ЖОҒАРЫ, СОНДАЙ-АҚ 2019-2023 ЖЫЛДАР КЕЗЕҢІНДЕГІ ЕҢ ЖОҒАРЫ КӨРСЕТКІШ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.**

### 2023 жылғы тұтынушылардың операторлық қызметтердің сапасына қанағаттануын бағалаудың нәтижелері



Ағымдағы жылы операторлық қызметтердің рентабельділігін қамтамасыз ету мақсатында компания мен «ҚКҚ» ЖШС арасында 2022-2024 жылдарға арналған «Кеңқияқ — Құмкөл» және «Атасу — Алашанькоу» ММҚ пайдалануға арналған қолданыстағы шарттарға ҚҚС есептемегенде шарттар құнының жалпы 301 млн теңгеге ұлғаюымен қосымша келісімдер жасалды.

Магистральдық мұнай құбырлары мен бөгде ұйымдардың суағызғыларын пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтердің сапасын жақсарту және көрсетілетін қызметтердің рентабельділігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттер шеңберінде компания 2023 жылы қойылған мынадай мақсаттарды, сондай-ақ қызметті жақсарту жөніндегі қосымша міндеттерді орындады:

- операторлық қызметтерді апатсыз көрсету қамтамасыз етілді;
- тұтынушылардың операторлық қызметтерге қанағаттануының жоғары деңгейі қамтамасыз етілді (есепті жылы жоспар 96% болғанда 99% көрсеткішіне қол жеткізілді);
- мұнай құбыры объектілеріне техникалық қызмет көрсету және жөндеу процестерін жақсарту мақсатында 2024-2028 жылдарға арналған «Кеңқияқ — Атырау» ММҚ объектілерінде компанияның автокөлік құралдарын, жабдықтарын мен құрылғыларын техникалық жете жаратқандыру және кезең-кезеңімен ауыстыру жоспары бекітілді;
- Компания мен «ҚКҚ-Қ» АҚ арасында 2018-2023 жылдар кезеңіне жасалған шарттың жалпы құнын ұлғайтуды көздейтін №8 және №9 қосымша келісімдер жасалды;
- Қазақстан Республикасының аумағында 2024-2028 жылдарға арналған «ҚКҚ-Қ» ақ мұнай құбыры жүйесіне техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтер көрсетуге жаңа шарт жасалды;
- Қазақстан Республикасының аумағында 2024-2028 жылдарға арналған «ҚКҚ-Қ» АҚ мұнай құбыры жүйесіне техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтер көрсетуге жаңа шарт жасалды;
- Компания мен «Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б. В.» ЖТАҚ арасында «Қарашығанақ-Атырау» көлік жүйесін пайдалану және техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтер көрсетуге арналған келісімшарт құнын ұлғайтуды және келісімшарттың қолданылу мерзімін 2024 жылғы 30 маусымға дейін ұзартуды көздейтін келісімшартқа толықтыру жасалды;
- Компания мен «ҚКҚ» ЖШС арасында 2022-2024 жылдарға арналған мұнай құбырларын пайдалану шарттарының құнын арттыруды көздейтін қосымша келісімдер жасалды;
- бөгде ұйымдарға тиесілі мұнай құбырларын пайдалану бойынша көрсетілетін қызметтердің рентабельділігін қамтамасыз ету мақсатында шығындарды оңтайландыру бойынша шаралар қабылданды.

### 2024 жылға және орта мерзімді перспективаға арналған жоспарлар

Магистральдық мұнай құбырлары мен бөгде ұйымдардың суағызғыларын құбырларын пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтерге қанағаттанушылықты қамтамасыз ету, сондай-ақ кірістерді ұлғайту шеңберінде Компания алдына мынадай мақсаттар мен міндеттерді қоюды жалғастыруда:

1. Операторлық қызметтерді апатсыз көрсету.
2. Тұтынушылардың операторлық қызметтерге қанағаттану индексі — кемінде 96%.
3. Бөгде ұйымдарға тиесілі мұнай құбырларын пайдалану бойынша көрсетілетін қызметтердің рентабельділігін қамтамасыз ету.
4. Бірлескен кәсіпорындардың «ҚКҚ» ЖШС, «МұнайТас» СБҚК» ЖШС) объектілерін пайдалану бойынша бюджеттерді дайындау және 2025 жылдан бастап мұнай құбырларын пайдалануға шарттар жасасу рәсімін айқындау.
5. «Қарашығанақ-Атырау» тасымалдау жүйесін пайдалану және техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтер көрсетуге жаңа келісімшарт жасасу немесе қызмет көрсетуден табыстылықты арттыруды қамтамасыз ете отырып, қолданыстағы келісімшартты ұзарту.
6. Магистральдық мұнай құбырларына сапалы және уақтылы қызмет көрсету және жөндеу жүргізу үшін техникалық қайта жарақтандыру және заманауи жабдықтармен жарақтандыру.

# Инвестициялық қызмет

«ҚазТрансОйл» АҚ әртарапандырылған, сенімді және қауіпсіз құбыржол жүйесін құруға бағытталған бірқатар маңызды инвестициялық жобаларды іске асыруда. 2023 жылы су тапшылығы бар өңірлерде мұнай құбырлары мен суағызғылары жүйесін кеңейту және реконструкциялау жөніндегі басым жобаларды іске асыру жобаларды іске асырудың бекітілген кестелеріне сәйкес жалғасуда.

Компания немесе ЕББҮ бастаған әрбір инвестициялық жоба мұқият тексеруден өтеді. Жоба бойынша шешім қабылдауды Компанияның Инвестициялық комитеті жүзеге асырады.

Инвестициялық комитет «ҚазТрансОйл» АҚ және оның ЕББҮ инвестициялық жобаларын қарау және мониторингілеу қағидаларына сәйкес жобаларды мақұлдау туралы шешімді қарайды және қабылдайды.

## 2023 жылы инвестициялық жобалардың іске асырылуы

### «ҚАЗАҚСТАН-ҚЫТАЙ» МҰНАЙ ҚҰБЫРЫН КЕҢЕЙТУ

Компания үшін ғана емес, жалпы Қазақстан Республикасы үшін де аса ірі және стратегиялық маңызды инвестициялық жобалардың бірі «Қазақстан — Қытай» магистральдық мұнай құбырлары жүйесінің құрылысы болып табылады.

Жоба жаңа мұнай айдау станцияларын салу және қолданыстағы мұнай айдау станцияларын реконструкциялау, сондай-ақ тиісті учаскелерде мұнай құбырын ауыстыру жолымен ішкі нарыққа және ҚХР-ға экспортқа тасымалдау көлемінің өсуіне қарай барлық учаскелер бойынша мұнай құбырының өткізу қабілетін кезең-кезеңімен ұлғайтуды көздейді.

Бірінші кезең шеңберінде 2006 жылы ұзындығы 965,1 км «Атасу — Алашанькоу» ММҚ салынды және пайдалануға берілді.

2009 жылы ұзындығы 794,26 км «Кеңқияқ — Құмкөл» ММҚ пайдалануға берілді.

Жобаға қатысушылар: «ҚазТрансОйл» АҚ, «МұнайТас» СБҚК» ЖШС және «ҚКҚ» ЖШС, олардың әрқайсысы «Қазақстан-Қытай» мұнай құбыры учаскесінің тиісті меншік иесі болып табылады. Қаржыландыру жобаға қатысушылардың өз қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Компания «МұнайТас» СБҚК» ЖШС-мен бірлесіп «Қазақстан-Қытай» мұнай құбыры құрылысының екінші кезеңінің екінші кезегі. Мұнай өнімділігін жылына 20 млн тоннаға дейін арттыру» жобасы шеңберінде «Өнімділігі жылына 6 млн тоннаға дейін жететін «Кеңқияқ-Атырау» мұнай құбыры учаскесі реверсінің бірінші кезеңі» инвестициялық жобасын іске асыруда.

Жобаның мақсаты — Қазақстан Республикасының энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ экспорттық қуатты арттыру шеңберінде «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС және «ПКОП» ЖШС Батыс Қазақстан мұнайын жеткізудің техникалық мүмкіндігін қамтамасыз ету.

«Кеңқияқ — Атырау» ММҚ реверсі жобасы аясында 2021 жылы мынадай жұмыстар орындалды:

- Аман» МАС технологиялық объектілері пайдалануға берілді;
- жылыту пештері пайдалануға берілді;
- жылыту пештеріне апаратын газ құбырын механикалық аяқтау жүзеге асырылды.

Технологиялық мақсаттағы объектілер бойынша жұмыстардың аяқталуына байланысты мұнайды кері қимылдатын режимде тасымалдауды жүзеге асыру мүмкіндігі бар. Осылайша, жобаның мақсатына қол жеткізілді.

Жоба аясында барлығы 29 440 млн теңге игерілді.

Есепті кезеңде «Аман» МАС әкімшілік-тұрмыстық мақсаттағы объектілері бойынша жұмыстар жалғастырылды.

«МұнайТас» СБҚК» ЖШС реверс жобасы бойынша қалған жұмыстарды аяқтау бойынша барлық қажетті іс-шараларды жүзеге асыруда.

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
Магистральдық құбырлардың схемасы  
2023 жылғы негізгі оқиғалар  
Компанияның бизнес-моделі

### 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

### 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

Экономикалық және салалық шолу  
Компанияның 2023 жылғы қызметінің нәтижелері  
Инвестициялық қызмет  
Корпоративтік қауіпсіздік  
Ақпараттық қауіпсіздік  
Ғылыми-техникалық даму

### 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

### 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

### 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

### 6. ҚОСЫМШАЛАР

2

## «АСТРАХАНЬ — МАҢҒЫШЛАҚ» САҒЫЗҒЫСЫН РЕКОНСТРУКЦИЯЛАУ ЖӘНЕ КЕҢЕЙТУ 1 КЕЗЕК»

Суағызғысының өткізу қабілетін ұлғайту және тозған жабдықты жаңарту мақсатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Атырау және Маңғыстау облыстарының қолданыстағы тапшылығын және су тұтыну көлемінің перспективалық өсуін қанағаттандыру үшін, сондай-ақ батыс өңірдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды жақсарту мақсатында «Магистральдық Суағызғысы» ЖШС «Астрахань-Маңғышлақ» магистральдық суағызғысын реконструкциялау және кеңейту» жобасын іске асырды, 1-кезек» белгіленген мерзімдерден бір жылға озық жүзеге асырылып, 2023 жылғы 28 желтоқсанда пайдалануға беру актісіне қол қойылды.

Жоба Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің және «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасының тапсырмаларына сәйкес іске асырылды. Бұдан басқа, қайта құру жобасы Атырау және Маңғыстау облыстарының 2021-2025 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының кешенді жоспарларына енгізілген.

Жобаның құны ҚҚС-сыз шамамен 100 млрд теңгені құрады.

Жоба суағызғысының 2 учаскесінде жүзеге асырылды:

- «Астрахань-Маңғышлақ» суағызғысының 56-207 км 1-ші учаскесі: диаметрі 1220x12 мм, ұзындығы 151 км «Астрахань-Маңғышлақ» суағызғысының екінші желісін салу.

- «Астрахань-Маңғышлақ» суағызғысының 648-667 км 2-ші учаскесі: диаметрі 1220x12 мм «Астрахань-Маңғышлақ» суағызғысының учаскесін Бейнеу кенті 20 км айналма жолға шығару.

Жобаны қаржыландыру көзі «Қазақстан Халық Банк» АҚ қарыз қаражаты және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының дағдарысқа қарсы қаражаты болып табылады.

Сондай-ақ, жобаны іске асыруда жергілікті қамту үлесі қолдау тапты. Қолмен басқарылатын сына ысырмалары, телекоммуникациялық жабдықтар мен бақылау жабдықтары, катодты қорғаныс станциялары және автономды гибриді қондырғылар сияқты жабдықтар, құбыр өнімдерінің бір бөлігі отандық тауар өндірушілерден пайдаланылды.

**ҚҰРЫЛЫС КЕЗІНДЕ 500-ДЕН АСТАМ АДАМ ЖҰМЫЛДЫРЫЛДЫ, ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МАМАНДАРДЫҢ ҮЛЕСІ 98% — ДАН АСТЫ.**

3

## «ҚАШАҒАН» ГКДҚ СУАҒЫЗҒЫСЫН САЛУ

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2020 жылғы 27 ақпандағы Атырау облысына жұмыс сапарының қорытындысы бойынша «Астрахань — Маңғышлақ» магистральдық суағызғысының Қашаған кен орнындағы ілеспе газды қайта өңдеу зауытына дейін су құбырын салу мәселесін пысықтау қажеттігі туралы тапсырмасын басшылыққа ала отырып, «Магистральдық Суағызғысы» ЖШС Қашаған кен орнындағы ілеспе газды қайта өңдеу зауытына дейін су құбырын салуға бастамашылық жасады.

Суағызғының орналасқан жерін таңдау Қашаған кен орнында ілеспе газды қайта өңдеу зауытының құрылыс орнымен байланысты және Атырау облысы Мақат ауданының аумағы арқылы өтетін болады.

Жоба белгіленген мерзімдер шеңберінде аяқталды, 2023 жылғы 31 тамызда объектіні пайдалануға қабылдау актісіне қол қойылды. Жобаның құны ҚҚС-сыз шамамен 1,4 млрд теңгені құрады.

Су құбырын қосу «Астрахань-Маңғышлақ» магистральдық суағызғысының 335 шақырымында жүзеге асырылды. Суағызғысының ұзындығы 25,15 км.

## 2024 жылға және орта мерзімді перспективаға арналған жоспарлар

«Қазақстан-Қытай» мұнай құбыры құрылысының екінші кезеңінің екінші кезеңі» объектісі бойынша ТЭН әзірлеуге кірісу жоспарлануда. «Кеңқияқ — Атырау» (реверс) және «Кеңқияқ — Құмкөл» учаскелерінде өнімділікті арттыру.

# Корпоративтік қауіпсіздік

## Қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесін басқару

«ҚазТрансОйл» АҚ Қазақстанның МӨЗ шикізатымен және мұнайдың экспорттық бағыттарымен қамтамасыз ететін магистральдық мұнай құбырлары жүйесінің стратегиялық маңыздылығын түсінеді. Бұл жағдайлар корпоративтік қауіпсіздік пен активтерді қорғауға қатысты мәселелерге жоғары талаптар қояды. Осы мақсатта магистральдық құбырды тұрақты күзету және мұнайдың ағып кетуін анықтау жүйелеріне және мұнай құбырын қорғау жүйелеріне тәулік бойы мониторинг жүргізу ұйымдастырылды.

Корпоративтік қауіпсіздік мәселелерін басқаруды корпоративтік қауіпсіздік департаменті жүзеге асырады. Құбырдың күзет аймағына заңға қарсы іс-қимылдар мен басып кірулерді анықтау орталық аппарат деңгейінде, сондай-ақ «ҚазТрансОйл» АҚ мобильдік күзет топтары мен авариялық қызметтерін қоса алғанда, барлық ОҚБ өзара іс-қимыл процесінде жүзеге асырылады.



Компания «ҚазТрансОйл» АҚ объектілерін «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормаларын ескере отырып әзірленген 2023-2027 жылдарға арналған инженерлік-техникалық күзет құралдарымен жарақтандыру Жоспарына сәйкес инженерлік-техникалық күзет құралдарын енгізу жөніндегі іс-шараларды белсенді іске асыруда. Осы Жоспарға сәйкес Компанияның өндірістік және технологиялық объектілерінде күзет-периметрлік сигнализация және бейнебақылау жүйесін енгізу жүзеге асырылуда.



Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2023 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

2023 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

### 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

### 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

Экономикалық және салалық шолу

Компанияның 2023 жылғы қызметінің нәтижелері

Инвестициялық қызмет

Корпоративтік қауіпсіздік

Ақпараттық қауіпсіздік

Ғылыми-техникалық даму

### 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

### 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

### 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

### 6. ҚОСЫМШАЛАР

## Күзет-периметрлік дабылнама және бейнебақылау жүйесін енгізу

Жобаның негізгі мақсаты — Компанияның 26 өндірістік объектілерінде және 11 магистральдық құбырлардың желілік бақыланатын пункттерінде периметрлік бейнебақылау жүйесін және қол жеткізуді бақылау жүйесін құру. Мұнай құбырлары объектілерін периметрлік бейнебақылау жүйелері күзет құрылымдары мен жедел персоналды бөгде адамдардың өндірістік алаң аумағына рұқсатсыз кіруі туралы уақтылы хабардар етуді, бұзушылардың іс-әрекеттерін бейнежазбаны, сондай-ақ өндірістік және технологиялық объектілердің жұмыс қабілеттілігі мен жай-күйін бақылауды қамтамасыз етеді.

2023 жылы «Павлодар» БМАС, «Өзен» БМАС-да кіруді периметрлік бейнебақылау, бақылау және басқару жүйесін қосымша жарақтандыру жүргізілді, «Карманово» МҚП, «Мартыши» МАС, «Ақтау» БМАС-да енгізу бойынша жұмыстар басталды, бұл объектілерде бақылау-өткізу режимін жүйе оқығышы бар турникет, тосқауылдар және электромеханикалық құлыптары бар оқығыштар сияқты техникалық кіру құралдарының көмегімен ретке келтіруге мүмкіндік берді.

## Қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық нәтижелері

«ҚазТрансОйл» АҚ аумақтық ішкі істер органдарымен және күзет ұйымы — «KMG-Security» ЖШС-мен белсенді ынтымақтасып отырады. Компаниялар арасында меморандумдарға қол қойылды, оған сәйкес тараптар белгіленген тәртіппен қылмыстық, әлеуметтік-экономикалық жағдайға, Компания айналасында және қорғалатын объектілерінде террористік актілер жасау қатерлеріне қатысты ақпараттық өзара іс-қимыл ұйымдастырды.

Құқыққа қарсы көріністердің алдын алу мақсатында 2023 жылы Компания құқық қорғау және арнайы органдармен бірлесіп, Компания объектілеріне қылмыстық қол сұғушылық фактілерін анықтау және жолын кесу бойынша жұмысты жалғастырды, оларды сотқа дейінгі тергеп-тексеруге және кінәлі адамдарды әкімшілік және қылмыстық жауаптылыққа тартуға жәрдемдесті.

Тараптардың бірлескен жұмысы аясында «ҚазТрансОйл» АҚ объектілерінде Компанияның объектілерінің инженерлік-техникалық бекінуінің жай-күйін, бейнебақылау жүйелері мен құралдарының жұмыс қабілеттілігін, кіруді бақылауды, қауіпсіздікті, ақпараттық желілердің қорғалу жай-күйін, байланыс құралдарын және хабардар етуді зерттеу, тексеру жүзеге асырылды.

Жоғарыда аталған ынтымақтастық нәтижесінде 2023 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық мұнай құбырларына рұқсатсыз кесулер жасалған жоқ.

Жыл бойы Компания террористік қатерлерге, мұнай мен тауар-материалдық құндылықтарды ұрлауға қарсы іс-қимыл және қылмыстық істер мен сот процестерін тергеуге байланысты іс-шаралар, сондай-ақ бірлескен оқу-жаттығулар өткізу мәселелері бойынша уәкілетті органдармен өзара іс-қимылды жүзеге асырды.

Бұдан басқа, Компания үнемі өндірістік объектілердің жұмыскерлерін тарта отырып, оқу-жаттығу және профилактикалық күзет-режимдік іс-шараларды, сондай-ақ болжамды қатерлерді іске асыруға байланысты модельдеу жағдайлары тұрғысынан сабақтар өткізіп отырады.

### 2024 жылға және орта мерзімді перспективаға арналған жоспарлар

- «Ақтау» БМАС, «Карманово» МҚС, «Мартыши» МАС периметрлік бейнебақылау жүйесін және кіруді бақылау және басқару жүйесін енгізуді аяқтау, сондай-ақ осы жүйелерді «Әлібекмола» БМАС, «Қаратон» МАС, МАС-3, «Қосшағыл» МАС енгізу.
- Террористік қатерлерге қарсы іс-қимыл, мұнай және тауар-материалдық құндылықтарды ұрлау мәселелері бойынша, сондай-ақ қылмыстық істер мен сот процестерін тергеуге байланысты іс-шаралар мәселелері бойынша уәкілетті органдармен өзара іс-қимыл жасау, бірлескен оқу-жаттығулар өткізу.

# Ақпараттық қауіпсіздік

## Ақпараттық қауіпсіздік жүйесін басқару

Компанияның ақпараттық қауіпсіздігі цифрландыру және ақпараттық технологияларды дамыту жағдайында «ҚазТрансОйл» АҚ тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз етудің маңызды факторларының бірі болып табылады.

«ҚазТрансОйл» АҚ-да ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесі (АҚБЖ) жұмыс істейді. АҚБЖ Қазақстан Республикасы заңнамасының және ISO/IEC 27001 «Ақпараттық технология. Қауіпсіздік әдістері мен құралдары. Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйелері. Талаптар» халықаралық стандартының талаптарына сәйкес ұйымдастырылған.

Жыл сайынғы АҚБЖ жетілдіру жөніндегі жоспарға сәйкес «ҚазТрансОйл» АҚ ақпараттық қауіпсіздікті тиісті деңгейін қамтамасыз ету үшін ақпараттық қауіпсіздік мәселелерін басқару бойынша бірқатар іс-шараларды іске асыруда, ол, атап айтқанда, мыналарды қамтиды:

- ақпараттық қауіпсіздікке байланысты тәуекелдерді тоқсан сайын бағалауды жүргізу және тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шараларды әзірлеу;
- АҚБЖ-ның халықаралық талаптарға сәйкестігіне қадағалау аудиттерін жүргізу;
- ОҚБ-да корпоративтік регламенттер мен тәсілдерге сәйкестігіне ішкі аудиттер жүргізу;
- үздік әлемдік тәжірибелер мен технологиялар негізінде вирустық қауіптерден қорғауды қамтамасыз ету;
- Компания қызметкерлері арасында ақпараттық қауіпсіздік мәдениетін дамыту.

Ақпараттық қауіпсіздікті тиімді басқару үшін Компанияда тоқсан сайын ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін бағалау жүзеге асырылады. 2023 жылы бизнесті жүргізудің үздіксіздігіне айтарлықтай әсер еткен немесе әсер етуі мүмкін ақпараттық қауіпсіздік оқиғалары тіркелген жоқ.

Сондай-ақ, Компанияда ISO/IEC 27001:2013 халықаралық стандартының талаптарына сәйкестігіне жоспарлы аудит жүргізілді, оның аясында ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесінің ISO/IEC 27001:2022 стандартының жаңа редакциясына көшу жүзеге асырылды. Аудитті ««TUV AUSTRIA Стандарты и Соответствие» халықаралық сертификаттау органы жүргізді.

Аудит қорытындысы бойынша Компания ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесінің ISO/IEC 27001:2022 халықаралық стандартының талаптарына сәйкестігін растады.

2023 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ қосымшалары мен жүйелерінің киберқауіптерден қорғалу деңгейін арттыру жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған жол картасына сәйкес жұмыс станцияларын EDR класындағы

жасырын қатерлерден қорғау жүйесін енгізу жөніндегі іс-шаралар іске асырылды, сондай-ақ «ҚазТрансОйл» АҚ ЗЭО» филиалының күшімен «ҚазТрансОйл» АҚ ТПАБЖ техникалық және бағдарламалық құралдар кешенінің киберқауіпсіздік жүйесін» жобалау жөніндегі іс-шараларға бастамашылық жасалды.



### 2024 жылға және орта мерзімді перспективаға арналған жоспарлар

Компания ОҚБ мен ЕББҰ-да ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін жақсарту, ақпараттық қауіпсіздік инциденттеріне мониторинг пен ден қою сапасын арттыру бойынша жұмысты жалғастыруға ниетті. 2024 жылға келесі іс-шаралар жоспарланған:

- Сыртқы және ішкі стейкхолдерлердің өзгермелі талаптарын ескере отырып, ішкі нормативтік құжаттарды өзектендіру жөніндегі іс-шараларды орындау.
- Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша озық әдістер мен технологияларды зерделеу және қолдану.
- Ақпараттық қауіпсіздік жедел орталығының қызметін сатып алу арқылы ақпараттық қауіпсіздік оқиғаларын өңдеу сапасын арттыру.
- Кибергигиена мәселелерінде ақпараттық жүйелерді пайдаланушылардың хабардарлығын арттыру.





Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
Магистральдық құбырлардың схемасы  
2023 жылғы негізгі оқиғалар  
Компанияның бизнес-моделі

**1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ**

**2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ**

Экономикалық және салалық шолу  
Компанияның 2023 жылғы қызметінің нәтижелері  
Инвестициялық қызмет  
Корпоративтік қауіпсіздік  
Ақпараттық қауіпсіздік  
Ғылыми-техникалық даму

**3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР**

**4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ**

**5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ**

**6. ҚОСЫМШАЛАР**

2023 жылы  
F3TKЖ  
шеңберінде  
жүргізілді

**12**  
жоспарлы  
зерттеулер

**11**  
жоспардан  
тыс жұмыстар

# Ғылыми-техникалық даму

«ҚазТрансОйл» АҚ-да ғылыми-техникалық даму мұнайды айдаудың технологиялық процестерін жаңғыртуға, оңтайландыруға, магистральдық мұнай құбырларының өндірістік объектілерінде прогрессивті инновациялық технологияларды енгізуге және нормативтік техникалық құжаттар базасын жетілдіруге бағытталған.

Компанияның ғылыми-техникалық дамуы саласындағы іс-шараларды ұйымдастыру және үйлестіру үшін компания Басқармасының 2023 жылғы 2 тамыздағы шешімімен 2023 жылғы 9 тамыздан бастап ғылыми-техникалық даму қызметі құрылды.

**F3TKЖ бағдарламасының міндеттері**



## 2023 жылы F3TKЖ жүргізілуі

Өндірістің өзекті мәселелерін шешу үшін есепті жылы «ҚазТрансОйл» АҚ-да 2023-2027 жылдарға арналған ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жөніндегі бағдарлама (F3TKЖ бағдарламасы) орындалды.

Қазақстан Республикасының мұнай-газ саласының объектілерінде, оның ішінде «ҚазТрансОйл» АҚ объектілерінде алынған және енгізілген F3TKЖ нәтижелері жұмыс сапасын арттыруды және мұнай мен суды айдау көлемін ұлғайтуды қамтамасыз етеді.

2023 жылға арналған F3TKЖ бағдарламасы орындалды


**100%**

Магистральдық құбырлар жүйесінің сенімділігін арттыру

1

## I 2023 жылғы F3TKЖ нәтижелері

Бекітілген F3TKЖ бағдарламасына сәйкес 2023 жылы келесі тақырыптар бойынша төменде көрсетілген ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді:



Өндірістік процестердің қоршаған ортаға теріс әсерін азайту

Пайдалану шығындарын азайту және энергия тиімділігін арттыру

Энергия және ресурс үнемдеу технологияларын енгізу

**F3TKЖ ШЕҢБЕРІНДЕ БАРЛЫҒЫ 12 ЖОСПАРЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР ЖӘНЕ 11 ЖОСПАРДАН ТЫС ЖҰМЫСТАР ЖҮРГІЗІЛДІ. БАРЛЫҚ ТАҚЫРЫПТАР БОЙЫНША ЕСЕПТЕР БЕКІТІЛДІ. 2023 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН F3TKЖ БАҒДАРЛАМАСЫ 100% ОРЫНДАЛДЫ.**



Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
Магистральдық құбырлардың схемасы  
2023 жылғы негізгі оқиғалар  
Компанияның бизнес-моделі

### 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

### 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

Экономикалық және салалық шолу  
Компанияның 2023 жылғы қызметінің нәтижелері  
Инвестициялық қызмет  
Корпоративтік қауіпсіздік  
Ақпараттық қауіпсіздік  
Ғылыми-техникалық даму

### 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

### 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

### 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

### 6. ҚОСЫМШАЛАР

## Стандарттарды әзірлеу және бекіту

«ҚазТрансОйл» АҚ 2023 жылға арналған стандарттарды әзірлеу/өзектендіру жөніндегі жоспарын іске асыру шеңберінде «ҚазТрансОйл» АҚ ЗЭО филиалы Компанияның 4 стандартын әзірлеп, оларды «ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасымен бекітті.

2023 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ ұйымының 8 стандарты өз күшімен әзірленіп, «ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасы оларды бекітті:

- ҚТО СТ-7.005-2023 «Магистральдық құбырлар. Дәнекерлеу және кесу. Объектілерге техникалық қызмет көрсету және жөндеу кезінде материалдар, қосалқы бөлшектер шығысының жалпы өндірістік нормалары»;
- ҚТО СТ-5.003-2023 «Магистральдық мұнай құбырлары. Ішкі қуысты тазарту»;
- ҚТО СТ-2.005-2023 «Магистральдық мұнай құбырлары. Мердігерлік ұйымдарға қойылатын талаптар»;
- ҚТО СТ-7.026-2023 «Өндірістік қызмет көрсету базалары мен технологиялық көлік және арнайы техника цехының техникалық жарақтан-дырылуы»;
- ҚТО СТ-4.001-2023 «Магистральдық мұнай құбырлары. Ақаулы учаскелерді жөндеу әдістері»;
- ҚТО СТ-4.013-2023 «Магистральдық мұнай құбырлары. Мұнай айдау станцияларының жабдықтары мен құрылыстары. Пайдалану, техникалық қызмет көрсету және жөндеу»;
- ҚТО СТ-4.029-2024 «Магистральдық құбыр. Электр энергиясын тұтынуды есептеу әдістемесі»;
- ҚТО СТ-1.002-2024 «Магистральдық мұнай құбырларын қауіпсіз пайдаланудың технологиялық регламенттерін және жұмысының технологиялық режимдерін әзірлеу қағидалары».

Сонымен қатар, 2023 жылы ҚР СТ 1347 «Мұнай. Жалпы техникалық шарттар» ұлттық стандартын өңдеу және ҚР СТ 1474-2016 «Магистральдық мұнай құбырлары. Мұнайды есепке алу жөніндегі нұсқаулық» өзгерістер енгізу бойынша жұмыстар жүргізілді.

Компанияның 9 стандарты әзірленді және бекіту сатысында.

Стандарттарды әзірлеу/өзектендіру бойынша жоспарлы және жоспардан тыс іс-шаралардың жалпы орындалуы 92%-ды құрайды.

### 2024 жылға және орта мерзімді перспективаға арналған жоспарлар

1. 2024 жылы 2024-2028 жылдарға арналған ҒЗТКЖ бағдарламасы бойынша іс-шараларды орындау.
2. Стандарттарды әзірлеу/ өзектендіру жөніндегі 2024 жылға арналған жоспарды орындау.

Компанияның

# 9

стандарты әзірленді және бекіту сатысында



Стандарттарды әзірлеу/өзектендіру бойынша жоспарлы және жоспардан тыс іс-шаралардың жалпы орындалуы

# 92%

 -ды құрайды


Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
 Бас директорың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
 2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
 Магистральдық құбырлардың схемасы  
 2023 жылғы негізгі оқиғалар  
 Компанияның бизнес-моделі

**1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ****2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ****3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР**

Орнықты дамуды басқару  
 Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздіктің маңызды ережелері  
 Персоналды басқару, теңдік және әлеуметтік-экономикалық әсер  
 Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту  
 Қоршаған ортаны қорғау  
 Энергия тұтыну және энергия жинақтау

**4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ****5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ****6. ҚОСЫМШАЛАР**

# Орнықты басқару саласындағы нәтижелер

Орнықты дамуды басқару .....	80
Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздіктің маңызды ережелері .....	92
Персоналды басқару, теңдік және әлеуметтік-экономикалық әсер .....	106
Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту .....	134
Қоршаған ортаны қорғау .....	136
Энергия тұтыну және энергия жинақтау .....	143





Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
Магистральдық құбырлардың схемасы  
2023 жылғы негізгі оқиғалар  
Компанияның бизнес-моделі

### 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

### 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

### 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Орнықты дамуды басқару  
Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздіктің маңызды ережелері  
Персоналды басқару, теңдік және әлеуметтік-экономикалық әсер  
Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту  
Қоршаған ортаны қорғау  
Энергия тұтыну және энергия жинақтау

### 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

### 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІН НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

### 6. ҚОСЫМШАЛАР

# Орнықты дамуды басқару

## Басқару тәсілі

GRI 3-3, 2-22, 2-24

**«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ ӨЗ ҚЫЗМЕТІНДЕ ОРНЫҚТЫ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІНЕ ЕРЕКШЕ НАЗАР АУДАРАДЫ. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖӘНЕ ОРНЫҚТЫ ДАМУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ — КОМПАНИЯНЫҢ 2028 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫНЫҢ АЖЫРАМАС БӨЛІГІ.**

Компанияның орнықты даму саласындағы миссиясы қызметі жүзеге асырылатын аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуына оң үлес қосу болып табылады. Қызметтің әр деңгейінде Компания экологиялық және әлеуметтік факторларды ескереді, өндіріс пен басқару процестеріне үздік тәжірибелерді енгізеді. «ҚазТрансОйл» АҚ операциялық қызметті жүргізу және болашаққа арналған жоспарларды әзірлеу кезінде мүдделі тараптардың пікірін тыңдайды.

Компания өзі үшін орнықты даму саласындағы Стратегиялық бастамаларды анықтады. Осы мақсаттарды іске асыру үшін «ҚазТрансОйл» АҚ алты негізгі қағидатта баяндалған экологиялық және әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарын сақтай отырып, орнықты даму саласындағы өз тәжірибелерін жақсарту бойынша үздіксіз жұмыс жүргізуде.



«ҚазТрансОйл» АҚ орнықты даму саласындағы қызметінің қағидаттары

2023 жылы орнықты даму көрсеткіштерінің шекарасына Компания және оның еншілес ұйымдары — БНТ, РТЛ, «Магистральдық Суағызғысы» ЖШС («ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы) бойынша ақпарат енгізілді.

«ҚазТрансОйл» АҚ-да бірігіп жұмыс істейтін төрт менеджмент жүйесін бірыңғай құрылымға біріктіретін ИМЖ енгізілді және табысты жұмыс істеп келеді:

- ISO 9001:2015 «Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар» бойынша сапа менеджменті жүйесі
- ISO 14001:2015 Экологиялық менеджмент жүйесі. Талаптар және оларды қолдану жөніндегі нұсқаулық» экологиялық менеджмент жүйелері;
- ISO 50001:2018 «Энергетикалық менеджмент жүйелері. Талаптар және оларды қолдану жөніндегі нұсқаулық» бойынша энергетикалық менеджмент жүйесі;
- ISO 45001:2018 «Денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету менеджменті жүйелері. Талаптар және оларды қолдану жөніндегі нұсқаулық» бойынша денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету менеджменті жүйесі.

ИМЖ «ҚазТрансОйл» АҚ жалпы басқару жүйесінің бір бөлігі болып табылады және оның орнықты дамуына үлес қосуда. ИМЖ «ҚазТрансОйл» АҚ ішіндегі барлық процестердің келісілген өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді және менеджмент жүйелеріне жоғарыда көрсетілген стандарттардың талаптарын оңтайлы түрде орындауға мүмкіндік береді.

2021 жылы TÜV NORD CERT GmbH сәйкестікті растау жөніндегі халықаралық органның сертификаттық аудит нәтижелері бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ-ға үш жылдық мерзімге ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, ISO 45001:2018 және ISO 50001:2018 талаптарына сәйкестік сертификаттарын берілді.

2023 жылы TÜV NORD CERT GmbH сәйкестікті растау жөніндегі халықаралық орган екінші жылғы инспекциялық (қадағалау) аудиттің нәтижелері бойынша 2021 жылы берілген сертификаттардың қолданысы растады және ұзартты.

## Орнықты даму саласындағы «ҚазТрансОйл» АҚ корпоративтік құжаттары

GRI 2-23

Орнықты даму қызметін басқару тәсілдері, сондай-ақ негізгі қағидаттар ESG саласындағы негізгі саясаттар мен құжаттарда көрсетілген:

- «ҚазТрансОйл» АҚ сапа саласындағы саясаты;
- «ҚазТрансОйл» АҚ денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы саясаты;
- «ҚазТрансОйл» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты;
- «ҚазТрансОйл» АҚ дивидендік саясаты;
- «ҚазТрансОйл» АҚ экологиялық саясаты;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2021-2025 жылдарға арналған кадрлық саясаты;
- «ҚазТрансОйл» АҚ энергетикалық саясаты;
- Корпоративтік басқару кодексі;
- «ҚазТрансОйл» АҚ іскерлік этика кодексі;
- «ҚазТрансОйл» АҚ әлеуметтік жауапкершілік кодексі;
- «ҚазТрансОйл» АҚ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы «Өмірлік маңызды қағидалар» кодексі;
- «ҚазТрансОйл» АҚ лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлердің мүдделер қақтығысын басқару қағидалары;
- «ҚазТрансОйл» АҚ адами ресурстарды басқару қағидалары;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-да сатып алу қызметін басқару және шарттарды жасасу, тіркеу, орындау қағидалары;
- «Самұрық-Қазына» АҚ және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама түрде тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібі;
- «ҚазТрансОйл» АҚ мен «ҚазТрансОйл» АҚ қызметкерлері арасындағы ұжымдық шарт (Ұжымдық шарт);
- «ҚазТрансОйл» АҚ медиа жоспары.



Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
 Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
 2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
 Магистральдық құбырлардың схемасы  
 2023 жылғы негізгі оқиғалар  
 Компанияның бизнес-моделі

- 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ
- 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ
- 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР


Орнықты дамуды басқару  
 Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздіктің маңызды ережелері  
 Персоналды басқару, теңдік және әлеуметтік-экономикалық әсер  
 Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту  
 Қоршаған ортаны қорғау  
 Энергия тұтыну және энергия жинақтау

- 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
- 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ
- 6. ҚОСЫМШАЛАР

## I Басқару құрылымы мен құралдары

GRI 2-9, 2-12, 2-13, 2-14

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ орнықты дамуды басқаруының ұйымдық құрылымы



## I Компанияның басқару органының деңгейі

«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі Компанияның Интеграцияланған жылдық есебі аясында орнықты даму жөніндегі есептілікті қарауды және бекітуді қоса алғанда, орнықты даму саласында корпоративтік жүйені құруды және оны барлық деңгейлерде енгізуді, сондай-ақ Компанияның Директорлар кеңесі мен Басқармасы мүшелерінің және мүдделі құрылымдық бөлімшелердің қатысуымен жыл және жартыжылдық қорытындылары бойынша орнықты даму саласындағы сессияны қамтамасыз етеді.

Директорлар кеңесінің мүшелерінің Компания қызметінің ауқымы мен ерекшелігіне жауап беретін, оның ішінде корпоративтік басқару және орнықты даму саласындағы құзыреттері зор. Тәуелсіз директорлар оның жұмысына белсенді қатысады және орнықты даму мен корпоративтік басқаруға қатысты мәселелерді талқылауға ұсынады. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі жанынан құрылған Стратегиялық жоспарлау, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау комитеті өз құзыреті аясында орнықты даму мәселелерін қарау бойынша қолдау көрсетіп отырады, сондай-ақ орнықты даму қағидаттарын енгізуге жәрдемдеседі.

Жыл сайын Директорлар кеңесі орнықты даму аспектілеріндегі негізгі жетістіктер жөніндегі мәселелерді тұрақты негізде қарап отырады, алға қойылған стратегиялық мақсаттар мен міндеттердің орындалу дәрежесін талдайды, сондай-ақ мүдделі тараптардың пікірлерін ескереді. Директорлар кеңесінің мүшелері тұрақты даму мәселелерін қарауға тартылды.



## I Атқарушы деңгей

«ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасы компанияның даму стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың тиімді орындалуын қамтамасыз етеді, ҚНҚ орындалуына, оның ішінде Компанияның орнықты дамуы саласында мониторингті жүзеге асырады, сондай-ақ қаржылық емес есептілікті дайындау шеңберінде елеулі бағыттарды айқындайды.

Компанияның орнықты даму саласындағы жетістіктерін бағалау үшін «ҚазТрансОйл» АҚ Басқарма мүшелерінің жұмысын бағалау үшін Директорлар кеңесі белгілеген көрсеткіштер пайдаланылады. Бұл тиімділік корпоративтік және функционалдық көрсеткіштер тізіміне кіреді және Компания жұмыскерлердің бағыттар бойынша сыйақы мөлшеріне әсер етеді.





Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
Магистральдық құбырлардың схемасы  
2023 жылғы негізгі оқиғалар  
Компанияның бизнес-моделі

- 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ
- 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ
- 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Орнықты дамуды басқару  
Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздіктің маңызды ережелері  
Персоналды басқару, теңдік және әлеуметтік-экономикалық әсер  
Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту  
Қоршаған ортаны қорғау  
Энергия тұтыну және энергия жинақтау

- 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
- 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ
- 6. ҚОСЫМШАЛАР

## I Операциялық деңгей

Орнықты даму мәселелерін басқару компанияны басқарудың барлық ұйымдық деңгейлерінде жүзеге асырылады. Жекелеген мәселелерді басқаруды бейінді департаменттер Компанияның орталық аппараты деңгейінде және ОКБ деңгейінде — персоналмен жұмыс, еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау сияқты орнықты дамудың нақты салаларына жетекшілік ететін қызметтер мен бөлімдер жүзеге асырады. Қызметтер мен бөлімдердің жұмысы Компанияның орталық аппаратымен тікелей өзара іс-қимыл шеңберінде үйлестіріледі және келісіледі.


ESG саласындағы басымдықтар «ҚазТрансОйл» АҚ қызметінің ажырамас бөлігіне айналуы үшін Компания өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау, энергия тұтыну және энергия үнемдеу жөніндегі мақсаттарды, сондай-ақ әлеуметтік көрсеткіштерді басшы және басқарушы қызметкерлердің, сондай-ақ мүдделі құрылымдық бөлімшелер басшыларының ҚНҚ-на біріктіреді.



### ESG мәселелеріне байланысты 2023 жылға арналған негізгі ҚНҚ

№	ҚНҚ атауы	Өлшем бірлігі	2023 мақсат	2023 факт
1	Мұнайдың жүк айналымына энергияны үлестік тұтынудың нысаналы көрсеткішіне қол жеткізу	%	100%	88,59%
2	Мұнай тасымалдау кезінде өндірісті тоқтатуға немесе экологиялық залал келтіруге әкеп соққан авариялардың саны	дана	0	0
3	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның төмен көміртекті даму бағдарламасын іске асыру жөніндегі «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2023 жылға арналған іс-шаралар жоспарын орындау	%	100%	100%
4	2023 жылы жаңа редакцияда ұжымдық шарт жасасу	күні	2023 жылғы 1 наурызға дейін	2023 жылғы 24 ақпан
5	Вахталық әдіспен жұмыс істейтін қызметкерлер үшін әлеуметтік объектілер салу	дана	7	10
6	«ҚазТрансОйл» АҚ-да еңбек қатынастары мәселелері бойынша ұжымдық шағымдарды азайту	дана	0	0
7	«ҚазТрансОйл» АҚ бойынша әлеуметтік тұрақтылық индексі (SRS индексі)	%	91	88
8	«ҚазТрансОйл» АҚ стейкхолдерлер картасын өзектендіру	Иә/жоқ	да	да
9	«ҚазТрансОйл» АҚ тауарларды сатып алудағы жергілікті қамту үлесі	%	55%	58%
10	«ҚазТрансОйл» АҚ жұмыстарды, қызметтерді сатып алудағы жергілікті қамту үлесі	%	75%	75%
11	«ҚазТрансОйл» АҚ бойынша ТМҚ қойма қалдықтарын (қорлардың айналымы) тиімді пайдалан	күндер	150	105,90
12	Импортты алмастыру жөніндегі жобаларды іске асыруға оффтейк-шарттар жасасу	дана	4	7
13	«ҚазТрансОйл» АҚ бойынша жылдық сатып алу жоспарына түзетулер саны	рет	36	35
14	«ҚазТрансОйл» АҚ ішкі коммуникациялар регламентін әзірлеу	күні	2023 жылғы 1 қыркүйекке дейін	2023 жылғы 25 тамыз

### Орнықты даму саласындағы Компанияның стратегиялық бастамалары



## БҰҰ-ның орнықты даму саласындағы (ОДМ) жаһандық мақсаттары

Орнықты болашаққа қол жеткізу үшін бүкіл әлем бойынша компаниялардың бірлескен жұмысының маңыздылығын түсіне отырып, «ҚазТрансОйл» АҚ орнықты даму саласындағы халықаралық бастамаларды, оның ішінде БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттарын толық қолдайды. «ҚазТрансОйл» АҚ бизнесті жауапкершілікпен жүргізу, корпоративтік басқарудың озық тәжірибелерін қолдану, қоршаған ортаға әсерді барынша азайту, персоналды тиімді басқару, қауіпсіз еңбек жағдайларын және өндірістік объектілерде авариясыз жұмыс режимін қамтамасыз ету жолымен оларға қол жеткізуге өз үлесін қосу бойынша жұмыс істеуде.

«ҚазТрансОйл» АҚ БҰҰ-ның орнықты дамуының барлық 17 мақсатының маңыздылығын түсінеді және өзіне тоғыз негізгі мақсатты бөліп алды, оларға қол жеткізуге компания қызметі барынша елеулі әсер етеді. 2023 жылы Компанияның осы мақсаттарға қол жеткізуге қосқан үлесі саласындағы жұмыстың негізгі нәтижелері кестеде келтірілген.



Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
Магистральдық құбырлардың схемасы  
2023 жылғы негізгі оқиғалар  
Компанияның бизнес-моделі

**1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ**  
**2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ**  
**3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР**

Орнықты дамуды басқару  
Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздіктің маңызды ережелері  
Персоналды басқару, теңдік және әлеуметтік-экономикалық әсер  
Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту  
Қоршаған ортаны қорғау  
Энергия тұтыну және энергия жинақтау

**4. КОРПОРАТИВТИК БАСҚАРУ**  
**5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ**  
**6. ҚОСЫМШАЛАР**

**БҰҰ орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуге үлес**

Мақсат	Біздің міндеттемелеріміз
<p><b>3</b> ЖАҚСЫ ДЕНСАУЛЫҚ ПЕН АҒ-АУҚАТ</p> <p>ДЕНСАУЛЫҚ САҚАУА ҚЫЗМЕТТЕРІМЕН ЖАППАЙ ҚАМТУДЫ, ОНЫҢ ІШІНДЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ҚАТЕРЛЕРДЕН ҚОРҒАУДЫ, САПАЛЫ НЕГІЗГІ МЕДИЦИНАЛЫҚ-САНИТАРИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУДІ ЖӘНЕ БАРЛЫҒЫНА ҚАУІПСІЗ, ТИІМДІ, САПАЛЫ ЖӘНЕ АРЗАН НЕГІЗГІ ДӘРІЛІК ЗАТТАР МЕН ВАКЦИНАЛАРҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗУДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ.</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Жұмыс орнындағы еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы қамқорлық;</li> <li>Өлім-жітім жағдайлары санына жол бермеу және кәсіптік ауруларды барынша азайту.</li> </ul>
<p><b>4</b> САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ</p> <p>ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСУ, ЛАЙЫҚТЫ ЖҰМЫС АЛУ ЖӘНЕ КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТПЕН АЙНАЛЫСУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ДАҒДЫЛАРЫ, ОНЫҢ ІШІНДЕ КӘСІПТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫ БАР ЖАС ЖӘНЕ ЕРЕСЕК АДАМДАРДЫҢ САНЫН АЙТАРЛЫҚТАЙ ҰЛҒАЙТУ.</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Қызметкерлерді оқыту мүмкіндіктерін қамтамасыз ету</li> <li>Университеттермен және оқыту жөніндегі сарапшылармен ынтымақтастық</li> <li>Студенттер мен түлектер үшін оқу бағдарламалары мен тағылымдама бағдарламаларын ұйымдастыру.</li> </ul>
<p><b>6</b> ТАЗА СУ МЕН САНИТАРИЯ</p> <p>СУ РЕСУРСТАРЫН БАСҚАРУ ПРОЦЕСІН ҮЗДІКСІЗ ЖАҚСARTУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРДЫ ОСЫ ПРОЦЕСКЕ ТARTУ.</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Су ресурстарын тиімді пайдалануды және рұқсатсыз пайдалануға жол бермеуді қамтамасыз ету;</li> <li>Басқарудың жаңа жүйелері мен инновациялық технологияларды енгізу.</li> </ul>
<p><b>7</b> АРЗАН ЖӘНЕ ТАЗА ЭНЕРГИЯ</p> <p>АРЗАН, СЕНІМДІ, ТҰРАҚТЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІНЕ ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ ҚОЛЖЕТІМДІЛІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ.</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Жалпы электр қуатын тұтынуды азайту.</li> </ul>
<p><b>8</b> ЛАЙЫҚТЫ ЖҰМЫС ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БҰ</p> <p>ТҮСІМДІ, ЖАН-ЖАҚТЫ ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУГЕ, ТОЛЫҚ ЖӘНЕ ӨНІМДІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУҒА ЖӘНЕ БАРЛЫҒЫНА ЛАЙЫҚТЫ ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ ЖӨРДЕМДЕСУ.</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Ұжымда және қатысатын өңірлерде әлеуметтік қорғалу және тұрақтылық үшін жағдай жасау;</li> <li>Барлық қызметкерлер үшін лайықты еңбек жағдайларына кепілдік беру;</li> <li>Сыйақы және ынталандыру жүйесін жетілдіру.</li> </ul>
<p><b>9</b> ИНДУСТРИАЛАНДЫРУ, ИННОВАЦИЯЛАР ИНФРАҚҰРЫЛЫМ</p> <p>БАРЛЫҚ АДАМДАР ҮШІН АРЗАН ЖӘНЕ ТЕҢ ҚОЛ ЖЕТКІЗУДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ АСА КӨҢІЛ БӨЛЕ ОТЫРЫП, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУДЫ ЖӘНЕ АДАМДАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН ҚОЛДАУ МАҚСАТЫНДА ӨҢІРЛІК ЖӘНЕ ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ҚОСА АЛҒАНДА САПАЛЫ, СЕНІМДІ, ТҰРАҚТЫ ЖӘНЕ ОРНЫҚТЫ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ДАМУТУ.</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Магистральдық мұнай құбырларының сенімді және авариясыз жұмысын қамтамасыз ету;</li> <li>ҒЗТКЖ-ға белсенді инвестициялау;</li> <li>Жергілікті билік органдарымен әлеуметтік әріптестік бағдарламалары шеңберінде қызмет өңірлеріндегі инфрақұрылым объектілерін дамыту.</li> </ul>
<p><b>13</b> КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРІСІМЕН КҮРЕС</p> <p>КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРІСУІНЕ ЖӘНЕ ОНЫҢ САЛДАРЛАРЫНА ҚАРСЫ КҮРЕС БОЙЫНША ШҰҒЫЛ ШАРАЛАР ҚАБЫЛДАУ.</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Климаттың өзгеруіне ден қою шараларын ұлттық деңгейдегі саясатқа, стратегияларға және жоспарлауға енгізу;</li> <li>Білім беруді, ақпаратты таратуды және адамдар мен мекемелердің климаттың өзгеруінің өткірлігі мен салдарын жеңілдету, оларға бейімделу және ерте ескерту мүмкіндіктерін жақсарту.</li> </ul>
<p><b>16</b> БЕЙБІТШІЛІК, СОТ ТӨРЕЛІП ЖӘНЕ ТИІМДІ ИНСТИТУТТАР</p> <p>ОРНЫҚТЫ ДАМУ МҮДДЕСІНДЕ БЕЙБІТШІЛІК СҰЙ-ГІШ ЖӘНЕ АШЫҚ ҚОҒАМ ҚҰРУҒА ЖӨРДЕМДЕСУ, БАРЛЫҒЫ ҮШІН СОТ ТӨРЕЛІГІНЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ БАРЛЫҚ ДЕҢГЕЙЛЕРДЕ ТИІМДІ, ЕСЕП БЕРЕТІН ЖӘНЕ КӨПШІЛІКТІҢ ҚАТЫСУЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН МЕКЕМЕЛЕР ҚҰРУ.</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Компанияны басқарудың барлық ұйымдастырушылық деңгейлерінде, сондай-ақ ЕББҰ-да «ҚазТрансОйл» АҚ Іскерлік этика кодексінің талаптарын сақтау деңгейін едәуір арттыру.</li> </ul>
<p><b>17</b> ОРНЫҚТЫ ДАМУ МҮДДЕСІНДЕ СЕРІКТЕСТІК</p> <p>ОРНЫҚТЫ ДАМУ МҮДДЕСІНДЕ ЖАҒАНДЫҚ СЕРІКТЕСТІК ШЕҢБЕРІНДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ҚҰРАЛДАРЫН НЫҒАЙТУ ЖӘНЕ ЖҰМЫСТЫ ЖАНДАНДЫРУ.</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Әлемдік қоғамдастық ілгерілететін орнықты даму саласындағы бастамаларды қолдау;</li> <li>Аланың басқа өкілдерімен ынтымақтасу;</li> <li>Жергілікті жұртшылықпен өзара тиімді қарым-қатынастар орнату.</li> </ul>

2023 жылғы негізгі көрсеткіштері

«ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша санитарлық-эпидемиологиялық және емдеу-алдын алу шараларына  
**930,7** млн теңге бөлінді

«ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша өнеркәсіптік қауіпсіздік пен еңбекті қорғауға  
**5 923,3** млн теңге бөлінді

**27 066** ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша оқытылған қызметкерлер саны

**386 529** сағат «ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша қызметкерлерді оқыту сағаттарының саны

**305** колледж студенттері мен оқушылары «ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша өндірістік тәжірибеден өтті

«ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша су тартуды  
**5,1%** -ға қысқарту

«ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша су тасталымын  
**1,7%** -ға қысқарту

«ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша электр энергиясын тұтынуды  
**4,6%** -ға қысқартуға қол жеткізілді

**0** кемсітушілік жағдайлары

«ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша жаңадан жалданған  
**421** қызметкер

«ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша персоналдың тізімдік саны –  
**7 699** адам

ҒЗТКЖ шеңберінде  
**12** жоспарлы зерттеулер және

**11** жоспардан тыс жұмыстар жүргізілді

Парниктік газдардың жанама шығарындыларының жалпы көлемі (2 қамту) есепті жылы  
**225,6** мың тонна CO<sub>2</sub>-экв құрады

«ҚазТрансОйл» АҚ  
**210** адам сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша оқудан өтті

2022-2023 жылдар кезеңінде Компанияның сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді

Қауымдастықтарға мүшелік

- «KAZENERGY» мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдарының қазақстандық қауымдастығы

- Жаңа Қазақстан салық төлеушілер қауымдастығы
- Халықаралық мұнай тасымалдаушылар қауымдастығы

- «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасы





Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
Магистральдық құбырлардың схемасы  
2023 жылғы негізгі оқиғалар  
Компанияның бизнес-моделі

**1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ**  
**2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ**  
**3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР**

Орнықты дамуды басқару  
Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздіктің маңызды ережелері  
Персоналды басқару, теңдік және әлеуметтік-экономикалық әсер  
Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту  
Қоршаған ортаны қорғау  
Энергия тұтыну және энергия жинақтау

**4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ**  
**5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ**  
**6. ҚОСЫМШАЛАР**

Жұртшылық (жергілікті халық, қоғамдық ұйымдар және бұқаралық ақпарат құралдары)

Директорлар кеңесінің мүшелері  
Өнім берушілер мен мердігерлер

Мемлекеттік ұйымдар немесе ықпал органдар

Ірі акционер

Миноритарлық акционерлер

Персонал

ЕББҰ

Қаржылық ұйымдар мен рейтингтік агенттіктер

Қызметтерді тұтынушылар мен серіктестері

Бәсекелестер

# Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау

GRI 2-29

Қазақстан Республикасының магистральдық мұнай құбыры бойынша ұлттық операторы бола отырып, Компания мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл мәселелерінде өзінің жауапкершілігінің жоғары дәрежесін түсінеді. «ҚазТрансОйл» АҚ адалдық, әділдік, адалдық, ашықтық және жауапкершілік қағидаттарына негізделген олармен ашық және сенімді қарым-қаты-

настарды қалыптастыру және қолдау бойынша үздіксіз жұмыс істейді. Бұдан басқа, мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу кезінде Компанияның маңызды қағидасы олардың қажеттіліктері мен үміттерін Компанияда енгізілген менеджмент жүйелері стандарттарының (ISO 9001, ISO 14001, ISO 45001, ISO 50001) талаптарына сәйкес анықтау болып табылады.

## Мүдделі тараптар топтарының тізімі

- Ішкі стейкхолдерлер
- Сыртқы стейкхолдерлер



Компанияның мүдделі тараптармен өзара іс-қимылының басымдықтарын көрсететін корпоративтік құжаттар:

- «ҚазТрансОйл» АҚ дивидендтік саясаты;
- «ҚазТрансОйл» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты;
- «ҚазТрансОйл» АҚ іскерлік этика кодексі;
- «ҚазТрансОйл» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары;
- «ҚазТрансОйл» АҚ стейкхолдерлер картасын қалыптастыру регламенті;
- «ҚазТрансОйл» АҚ контрагенттерінің сенімділігін тексеру регламенті.

Мүдделі тараптардың Компаниядағы қажеттіліктері мен мүдделерін уақтылы анықтау үшін стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл процесі құрылды. «ҚазТрансОйл» АҚ және оның еншілес ұйымдарының мүдделі тараптарының тізбесін қалыптастыру әр үш жыл сайын жүргізіледі. Ол үшін Компанияның құрылымдық бөлімшелері мен еншілес ұйымдары олардың мүдделері өз қызметі шеңберінде қозғалатын тұлғалармен (жеке және заңды) өзара қарым-қатынастарын зерделеу арқылы ішкі сауалнама мен талдау жүзеге асырылуда.

2023 жылдың 25 қыркүйегінде 2024-2026 жылдарға арналған стейкхолдерлер картасы бекітілді, онда Компанияның және оның еншілес компанияларының стейкхолдерлерінің негізгі топтары анықталды. Стейкхолдерлер тізіміне ішкі (Компания мен оның ЕББҰ ішінде), сондай-ақ сыртқы (Компания мен оның ЕББҰ тыс) мүдделі тараптар кіреді.

## Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау процесі



Стейкхолдерлердің талаптарының жетістіктері туралы толық ақпаратты «Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл» 5-қосымшасынан қараңыз.

Компания «ҚазТрансОйл» АҚ әрбір бөлімшесінің жұмысы шеңберінде өзінің мүдделі тараптарымен тұрақты негізде өзара іс-қимыл жасайды. Жауапты департаменттер туындаған мәселелер бойынша мүдделі тараптармен байланыс орнатады, мүдделі тараптардың сұраулары мен өтініштеріне жауап береді. Өзара әрекеттесудің негізгі механизмдері:

- Жедел желі;
- Жедел ден қою орталығы;
- бас директордың (Басқарма төрағасының) блогы.

Мүдделі тараптардың талаптары мен үміттерін айқындау нәтижесінде Компания маңызды тақырыптардың тізбесін қалыптастырады және мүдделі тараптармен тиімді өзара іс-қимыл жасау үшін қажетті іс-шаралардың тұтас көрінісін алады.





Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
Магистральдық құбырлардың схемасы  
2023 жылғы негізгі оқиғалар  
Компанияның бизнес-моделі

#### 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

#### 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

#### 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Орнықты дамуды басқару  
Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздіктің маңызды ережелері  
Персоналды басқару, теңдік және әлеуметтік-экономикалық әсер  
Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту  
Қоршаған ортаны қорғау  
Энергия тұтыну және энергия жинақтау

#### 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

#### 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІН НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

#### 6. ҚОСЫМШАЛАР

## I Қауымдастықтарға мүшелік

GRI 2-28

**«ҚазТрансОйл» АҚ орнықты даму мақсаттарына қол жеткізудегі бизнестің ерекше рөлін түсінеді. Компания кәсіби тәжірибе алмасуға және салалық деңгейдегі міндеттерді шешуге ықпал ететін әртүрлі кәсіби және салалық бастамаларға белсенді қатысады.**



Компанияның 2023 жылы қауымдастықтар мен өзге бірлестіктердегі мүшелігі

1

### «KAZENERGY» ҚАЗАҚСТАН МҰНАЙ-ГАЗ ЖӘНЕ ЭНЕРГЕТИКА КЕШЕНІ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҚАУЫМДАСТЫҒЫ



Компания магистральдық мұнай құбыры бойынша ұлттық оператор ретінде ұсынылған. Компания өкілдері осы қауымдастық жанындағы Қазақстан Республикасының мұнай-газ саласын дамыту жөніндегі үйлестіру кеңесінің мүшелері болып табылады.

2

### ҚАЗАҚСТАН САЛЫҚ ТӨЛЕУШІЛЕР ҚАУЫМДАСТЫҒЫ



Қазақстан салық төлеушілері қауымдастығының негізгі міндеті салық төлеушілердің заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауға жәрдемдесу, салық заңнамасындағы өзгерістер туралы уақтылы хабардар ету болып табылады.

Компания өкілдері осы қауымдастықтың жұмыс топтарына қатысады және компанияның салық заңнамасына жоғарыда көрсетілген өзгерістер мен толықтыруларды әзірлеуге қатысуын қамтамасыз етеді.

3

### ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУШЫЛАР ҚАУЫМДАСТЫҒЫ



Халықаралық мұнай тасымалдаушылар қауымдастығы (ХМТҚ) қатысушы компаниялардың мұнай тасымалдау жүйелерін тиімді дамыту жөніндегі күш-жігерді үйлестіру және халықаралық мұнай тасымалдау тұрақтылығын нығайту үшін құрылған.

ХМТҚ мүшелері жақын және алыс шетелдердің 10 ірі халықаралық мұнай тасымалдау ұйымдары және бақылаушы ретінде бір компания болып табылады.

Қауымдастық мүшелерінің өкілдерінен 4 сараптамалық жұмыс тобы құрылды: энергия тиімділігі, заң мәселелері, мұнай жеткізу және магистральдық құбыр жүйелерін тиімді, сенімді және қауіпсіз пайдалану. Тұрақты сарапшылық топтардың жұмысынан басқа, қауымдастық жұмысының негізгі тетіктері Басқарма кеңесінің жартыжылдық отырыстары, конференциялар, көрмелер мен семинарлар, сондай-ақ техникалық сапарлар мен тәжірибе алмасу болып табылады.

4

### «АТАМЕКЕН» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ КӘСІПКЕРЛЕР ПАЛАТАСЫ



«Атамекен» ҰКП іскерлік, инвестициялық ахуалды жақсарту, тұрақтылық, ұлттық және шетелдік инвесторлар үшін елде бизнес жүргізу шарттарын дамыту үшін құрылған.

Осы ұйымға қатысу бизнестің құқықтары мен мүдделерін қорғауды, бизнес жұмысының заңнамалық және өзге де нормативтік қағидаларын қалыптастыру процесіне барлық кәсіпкерлерді кеңінен қамтуды және тартуды қамтамасыз етеді.

## I 2024 жылға және орта мерзімді перспективаға арналған жоспарлар

Қазақстан Республикасында ХМТҚ Басқармасының XXI отырысын/Жиналысын өткізу.



Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
Магистральдық құбырлардың схемасы  
2023 жылғы негізгі оқиғалар  
Компанияның бизнес-моделі

#### 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

#### 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

#### 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Орнықты дамуды басқару  
Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздіктің маңызды ережелері  
Персоналды басқару, теңдік және әлеуметтік-экономикалық әсер  
Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту  
Қоршаған ортаны қорғау  
Энергия тұтыну және энергия жинақтау

#### 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

#### 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

#### 6. ҚОСЫМШАЛАР

# Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздіктің маңызды ережелері

#### Елеулі тақырыптар

- Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік
- Өндірістік жарақаттану
- Еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік мәселелері бойынша оқыту

#### Негізгі оқиғалар

- Жаңа «ҚазТрансОйл» АҚ-ның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы «Өмірлік маңызды қағидалар» кодексі бекітілді.
- Қауіпсіздіктің сыртқы инспекциялық аудиті жүргізілді.

#### 2023 жылғы мақсаттар мен қол жеткізген жетістіктер

1 Компанияның еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың өндірістік бақылауы бойынша тексерулер мен нысаналы тексерулерді ұйымдастыру және жүргізу: еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың жай-күйіне 7 ОҚБ-ге тексеру жүргізілді.

✔ Мақсат орындалды. Іске асыру жалғасуда

2 Vision Zero нөлдік жарақаттану тұжырымдамасын енгізу бағдарламасының іс-шараларын іске асыру: Vision Zero нөлдік жарақаттану тұжырымдамасын енгізу туралы бірқатар іс-шаралар өткізілді, оның ішінде мақалалар, оқыту курстары, кіріспе нұсқамалар бағдарламаларын өзектендіру.

✔ Мақсат орындалды. Іске асыру жалғасуда

3 Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы білімді тексеруді ұйымдастыру: еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесіне сәйкес жүргізілді.

✔ Мақсат орындалды. Іске асыру жалғасуда

4 Автокөлік құралдарына GPS-мониторинг жүйесі арқылы компанияның мұнай құбыры басқармалары бойынша қауіпсіз жүргізу стилінен ауытқу көрсеткіштерінің мониторингі: Компания жүргізушілерінің кінәсінен жол-көлік оқиғалары тіркелген жоқ.

✔ Мақсат орындалды. Іске асыру жалғасуда

#### 2023-ғы негізгі көрсеткіштер

«ҚазТрансОйл» АҚ  
Компаниялар тобының

# 1 443

Қызметкері

жұмыс орнында еңбекті қорғау және қауіпсіздік мәселелері бойынша оқытылды

# 5,923

млрд теңге

«ҚазТрансОйл» АҚ  
Компаниялар тобы бойынша инвестициялар көлемі

«ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша санитариялық-эпидемиологиялық және емдеу-профилактикалық іс-шараларды жүргізуге арналған шығыстар көлемі

# 930,7

млн теңге

«ҚазТрансОйл» АҚ  
Компаниялар тобы бойынша

# 1

жазатайым оқиға

#### БҰҰ ОДМ қол жеткізуге үлес қосу

3 ЖАҚСЫ ДЕНСАУЛЫҚ  
ПЕН ӨЛ-АУКАТ



8 ЛАЙЫҚТЫ ЖҰМЫС ЖӘНЕ  
ЭКОНОМИКАЛЫҚ  
ӨСУ



Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
Магистральдық құбырлардың схемасы  
2023 жылғы негізгі оқиғалар  
Компанияның бизнес-моделі

#### 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

#### 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

#### 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Орнықты дамуды басқару  
Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздіктің маңызды ережелері  
Персоналды басқару, теңдік және әлеуметтік-экономикалық әсер  
Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту  
Қоршаған ортаны қорғау  
Энергия тұтыну және энергия жинақтау

#### 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

#### 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

#### 6. ҚОСЫМШАЛАР

# Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік

## Басқару тәсілі

GRI 3-3, 403-1

**Қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету және өнеркәсіптік қауіпсіздікке байланысты тәуекелдерді азайту Компанияның Даму стратегиясының негізгі бағыттарының бірі болып табылады.**

Компания еңбекті қорғау және денсаулық саласындағы ұлттық заңнаманы, сондай-ақ халықаралық және салалық стандарттардың талаптарын сақтайды. Бұдан басқа, «ҚазТрансОйл» АҚ өз қызметінде жоғары басшылықтың қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын сақтау және әрбір қызметкерді өндірістегі қауіпсіздік мәдениетін жетілдіруге тарту мәселелеріне қатысты міндеттемелеріне негізделген «ҚазТрансОйл» АҚ денсаулықты сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы саясатты басшылыққа алады. «ҚазТрансОйл» АҚ нөлдік жарақаттану, жазатайым оқиғалар мен аварияларды, сондай-ақ жол-көлік оқиғаларын азайту қағидаттарын ұстанады.

Компания өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету және жұмысшылардың өмірін сақтау жөніндегі өз міндеттемелерін толық түсінеді. Осы міндеттемелерді орындау аясындағы Компанияның міндеттеріне келесілер жатады:

- өндірістік объектілер жұмысының апатсыз режимін қамтамасыз ету;
- жазатайым оқиғалардың алдын алу;
- кәсіптік аурулардың алдын алу;
- барлық жұмыс орындарының қауіпсіз және эргономикалық ұйымдастырылуын және санитарлық-гигиеналық жағдайларын қамтамасыз ету.

«ҚазТрансОйл» АҚ-да Компанияның автомобиль көлігін пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі мен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қамтитын төтенше жағдайларға уақтылы ден қою жөніндегі шаралар кешені әзірленді. Өрт қауіпсіздігі саласындағы тәжірибелерді жетілдіру аясында 2023 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ-да ерікті өрт құралымдарын ұйымдастыру бойынша жұмыстар жалғастырылды. Есепті жылы ерікті өрт сөндіру құралымдарындағы қызметкерлер саны 1 000-нан астам адамды құрады. Бұдан басқа, есепті жылы «ҚазТрансОйл» АҚ объектілерінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша 2022-2025 жылдарға арналған қызметтер көрсетуге арналған шарт қолданысын жалғастыруда.

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау менеджменті жүйесі Қазақстан Республикасы заңнамасының және ISO 45001:2018, ISO 14001:2015 халықаралық салалық стандарттарының талаптарына сәйкес келеді, ол өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және ТЖ департаменті жауапты бөлімше болып табылатын жұмыс орнында еңбекті қорғау және қауіпсіздік практикасының тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуге және жетілдіруге бағытталған.

Ғимараттардың, құрылыстардың, өрт сөндіргіштердің және қауіпті техникалық құрылғылардың техникалық жай-күйін бақылауды автоматтандыруды қамтамасыз ету мақсатында ғимараттар мен құрылыстардың, техникалық құрылғылардың тізбесі бойынша деректер, сондай-ақ өрт сөндіргіштердің тізбесі SAP жүйесінің TOPO модуліне енгізілді, олардың мониторингі жүргізілуде.

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы бекіткен 2023 жылға арналған өндірістік қауіпсіздік жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес «ҚазТрансОйл» АҚ-ның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы «Өмірлік маңызды қағидалар» кодексі бекітілді.

Vision Zero нөлдік жарақаттану тұжырымдамасын енгізу бағдарламасын іске асыру мақсатында «ҚазТрансОйл» АҚ басшылары «Canadian Safety Institute» қатысуымен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Компаниялар тобы бойынша алғашқылардың бірі болып «Нөлдік жарақаттануға қол жеткізу «Vision Zero» — «Мақсат Нөл» тақырыбы бойынша білім алды, сондай-ақ келесі іс-шаралар жүзеге асырылды:

- ішкі байланыс арналарында Vision Zero нөлдік жарақаттануды енгізу туралы мақала жарияланды;
- Vision Zero 7 ережесі ақпараттық постері әзірленіп, тираждальды;
- Vision Zero нөлдік жарақаттану тұжырымдамасы бойынша оқыту презентациялық материалы әзірленді;
- Қызметкерлерді «Еңбек қауіпсіздігі мәдениеті» тақырыбы бойынша оқыту жүргізілді. Барлығы 5 093 қызметкер оқытылды.



## Басқару құрылымы мен құралдары

GRI 403-2

Өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және ТЖ департаменті еңбекті қорғау саласындағы менеджмент жүйесі мен бақылау жүйесінің тиімді жұмыс істеуіне жауапты болады. Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау мәселелерін басқару екі деңгейде жүзеге асырылады. Орталық аппаратта жұмысты өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және ТЖ департаменті, ОҚБ деңгейінде — өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған орта бөлімдері үйлестіреді. Департамент Health, Safety & Environment (HSE) саласындағы практикаларды ұйымдастыруға және үйлестіруге, тәуекелдерді анықтауға және бағалауға, сондай-ақ қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ететін жаңа техникалық құралдар мен технологиялық процестерді құруға және енгізуге қатысуға, өндірістік жарақаттану мен аварияларды азайтуға жауапты.

Компания өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау мәселелерін басқару шеңберінде іс-шаралар мен бастамалардың кең тізбесін іске асырады, соның ішінде:

- өндірістік объектілер жұмысының апатсыз режимін қамтамасыз ету;

- Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы заңнамасының талаптарын орындау, халықаралық және ұлттық стандарттарды сақтау;
- «Қорғау» картасын қолдану;
- қажетті арнайы киіммен, аяқ киіммен және басқа да жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етуді бақылау;
- еңбек қауіпсіздігі тәуекелдерін бағалау, өндірістік жарақаттану жағдайларының алдын алу және алдын алу;
- қауіпті өндірістік объектінің өнеркәсіптік қауіпсіздік декларациясына сәйкес сенімділік және қауіпсіздік саласындағы іс-шаралар кешенін орындау;
- ОҚБ-де өндірістік кеңестердің жұмыс істеуі;
- ДЕКОК мәселелері бойынша қызметкерлермен ай сайынғы жиналыстар өткізу;
- «Қауіпсіздік техникасы бойынша минут» өткізу;
- Қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері, өрт-техникалық минимум және өнеркәсіптік қауіпсіздік көлемінде өрт қауіпсіздігі шаралары бойынша оқыту.

\* Ішкі аудит рәсімінен және үшінші тараптың тәуелсіз аудит / сертификаттау рәсімінен өткен.

\*\* Осы көрсеткіштің есебіне «ҚазТрансОйл» АҚ еншілес ұйымдары енгізілген жоқ. «ҚазТрансОйл» АҚ объектілерінде орналасқан құрылыс, күрделі жөндеу, басқа да қызметтер көрсететін мердігерлік ұйымдар жұмыскерлердің саны есепке алынбады.

\* 2023 жылы еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі деректерді шоғырландыру есептілігінің шекарасына «Магистральдық Суағызғысы» ЖШС және БНТ енгізілді. Өндірістік қызметтің болмауына байланысты есеп беру шекарасына РТЛ кірген жоқ.

### Жұмыс орнында еңбекті қорғау және қауіпсіздік мәселелерін басқару жүйесімен қамтылған «ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобының қызметкерлері<sup>1</sup>

Атауы	2021		2022		2023	
	барлығы, адам	үлесі, %	барлығы, адам	үлесі, %	барлығы, адам	үлесі, %
<b>Басқару жүйесімен қамтылған қызметкерлер:</b>						
«ҚазТрансОйл» АҚ*	6 702	100	6 705	100	6 845	100
БНТ	551	100	553	100	570	100
«Магистральдық Суағызғысы» ЖШС	389	100	398	100	405	100
<b>Ішкі аудит рәсімінен өткен басқару жүйесімен қамтылған қызметкерлер:</b>						
БНТ	430	78	430	78	450	80
«Магистральдық Суағызғысы» ЖШС	-	-	-	-	-	-
<b>Үшінші тараптың тәуелсіз аудит/сертификаттау рәсімінен өткен басқару жүйесімен қамтылған қызметкерлер:</b>						
БНТ	0	0	430	78	450	80
«Магистральдық Суағызғысы» ЖШС	-	-	-	-	-	-
Басқару жүйесімен қамтылған «ҚазТрансОйл» АҚ мердігерлік ұйымдарының қызметкерлері**	897	100	918	100	929	100



Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
Магистральдық құбырлардың схемасы  
2023 жылғы негізгі оқиғалар  
Компанияның бизнес-моделі

### 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

### 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

### 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Орнықты дамуды басқару  
Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздіктің маңызды ережелері  
Персоналды басқару, теңдік және әлеуметтік-экономикалық әсер  
Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту  
Қоршаған ортаны қорғау  
Энергия тұтыну және энергия жинақтау

### 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

### 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

### 6. ҚОСЫМШАЛАР


## «ҚазТрансОйл» АҚ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы «Өмірлік маңызды қағидалар» кодексі

GRI 403-2

«ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасының 2023 жылғы 31 қазандағы шешімімен еңбекті қорғауды қамтамасыз ету, өндірістік жарақаттану мен кәсіптік ауруларға, авариялар мен инциденттерге жол бермеу саласындағы корпоративтік мәдениетті арттыруға бағытталған «ҚазТрансОйл» АҚ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы «Өмірлік маңызды қағидалар» кодексі бекітілді. Кодексте жұмыстарды қауіпсіз орындаудың негізгі талаптары ескерілген, өйткені ол Қазақстан Республикасының заңнамасының, Компанияның, сондай-ақ Халықаралық мұнай және газ өндірушілер қауымдастығының ішкі құжаттарының негізінде әзірленген.

Кодекс өндірістік қауіпсіздіктің негізгі ережелерін толықтыру болып табылады және жарақат алу немесе жазатайым оқиғалар қауіпіне әкелетін әрекеттерге назар аударуға арналған. Өндірістегі жұмыс қағидағаттары 9 қағиданы қамтиды. Ережелердің әрқайсысына жұмыс орнындағы қауіп-тер туралы нақты, қарапайым және дәйекті ақпарат берілген.

### Қауіпсіздік шараларын айналып өту



1 Қағида

Қауіпсіздік шараларын айналып өту — сыни қорғаныс құралдары арқылы жазатайым оқиғаларға немесе жарақаттарға әкелетін оқиғалардың алдын алу;


### Жабық кеңістікте жұмыстар жүргізу



2 Қағида

Жабық кеңістікте жұмыстар жүргізу — жабық кеңістікте жұмыстар жүргізуді бастама бұрын қауіптерді бағалау және дайындық іс-шараларын жүргізу арқылы жазатайым оқиғаларға немесе жарақаттарға әкелетін оқиғалардың алдын алу;


### Көлік құралдарын қауіпсіз басқару



3 Қағида

Көлік құралдарын қауіпсіз басқару — қызметтік міндеттерін орындау кезінде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету арқылы жазатайым оқиғаларға немесе жарақаттарға әкелетін оқиғалардың алдын алу;

### Энергия көздерін оқшаулау



4 Қағида

Энергия көздерін оқшаулау — электр, қысым және кернеулі жабдық сияқты өндірістік қауіптерді оқшаулау арқылы жазатайым оқиғаларға немесе жарақаттарға әкелетін оқиғалардың алдын алу;

### От жұмыстары



5 Қағида

От жұмыстары — қауіпсіздік техникасын сақтау арқылы және өрт көздерімен және тез тұтанатын заттармен жұмыс істеу кезінде жазатайым оқиғаларға немесе жарақаттарға әкелетін оқиғалардың алдын алу;

### Қауіпті аймақ



6 Қағида

Қауіпті аймақ — қауіптер мен зиянды өндірістік факторлар туралы хабардар болу арқылы жазатайым оқиғаларға немесе жарақаттарға әкелетін оқиғалардың алдын алу;

### Жүк көтеру жұмыстары кезіндегі қауіпсіздік



7 Қағида

Жүк көтеру жұмыстары кезіндегі қауіпсіздік — сертификатталған жабдықты пайдалана отырып, тек құзыретті жұмыскерлерді тарту арқылы жазатайым оқиғаларға немесе жарақаттарға әкелетін оқиғалардың алдын алу;

### Қауіптілігі жоғары жұмыстарды жүргізуге арналған нарыд-рұқсат



8 Қағида

Қауіптілігі жоғары жұмыстарды жүргізуге арналған нарыд-рұқсат — қауіптерді бағалау және зиянды өндірістік факторларды болдырмау жүргізілгеннен кейін қауіпті жұмыс түрлерін бастауға рұқсат алу арқылы жазатайым оқиғаларға немесе жарақаттарға әкелетін оқиғалардың алдын алу;

### Биіктікте жұмыс істеу



9 Қағида

Биіктікте жұмыс істеу — жұмыс аймағының астындағы физикалық кедергілерді пайдалану немесе құлаудан қорғау үшін сертификатталған жабдықты пайдалану арқылы жазатайым оқиғаларға немесе жарақаттарға әкелетін оқиғалардың алдын алу.

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2023 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

2023 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

## 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

## 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Орнықты дамуды басқару

Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздіктің маңызды ережелері

Персоналды басқару, теңдік және әлеуметтік-экономикалық әсер

Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

Қоршаған ортаны қорғау

Энергия тұтыну және энергия жинақтау

## 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

## 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

## 6. ҚОСЫМШАЛАР



## Өндірістегі қауіпсіздік мәдениеті

GRI 403-2


Жұмыс қауіпсіздігін мінез-құлық бақылауларының саны

1280

2020 жылы бекітілген «ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық мұнай құбырлары объектілерінде жұмыстарды жүргізу кезінде бейнетіркеуді жүргізу тәртібіне сәйкес қауіптілігі жоғары жұмыстарды жүргізу кезінде өнеркәсіптік, өрт қауіпсіздігі талаптарының бұзылуын тіркеу бойынша жұмыс жүргізілуде. Бұл бастама жұмыскерлердің қауіпсіздік мәдениетін арттыруға бағытталған және жазатайым оқиғалардың, авариялар мен өрттердің алдын алуға оң әсер етті. Сонымен, әртүрлі сипаттағы жұмыстардың қауіпсіздігі бойынша мінез-құлық бақылауларының қысқаруы 5,9%-дан асты.


«ҚазТрансОйл» АҚ-та жұмыстарды орындау қауіпсіздік деңгейі

GRI 403-2



Жұмыстарды қауіпті ұйымдастыру мен орындаудың барлық анықталған фактілері бойынша орын алған сәйкессіздіктерді көрсете отырып, қызметкерлермен сұхбаттар жүргізілді, тиісті түзету іс-шаралары әзірленді. Мінез-құлық бақылауларының санының азаюы «Қорғау» картасын толтыру институтын енгізумен байланысты.

Қызметкерлермен кері байланысты қолдау мақсатында Компанияда денсаулық, еңбек және қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша hse@kaztransoil.kz анықтама-лық қызмет жұмыс істейді.



## Өндірістік қауіптер мен тәуекелдерді бағалау

GRI 403-2

Компаниядағы өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелерін басқару тәуекелге бағытталған тәсілге негізделген. Компания өнеркәсіптік қауіпсіздік пен еңбекті қорғауды арттыру мақсатында басқарудың барлық деңгейлеріндегі персоналға, процестерге, еңбек жағдайларына, жабдықтарға байланысты тәуекелдерді бағалауды тұрақты негізде жүргізеді.


«ҚазТрансОйл» АҚ-ның денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы тәуекелдерді басқару регламентіне сәйкес Компанияда қызметкерлер мен басқа да мүдделі тараптар үшін қауіптерді сәйкестендіру бойынша жұмыс жүзеге асырылуда, сондай-ақ байланысты қауіптер бағалануда. Денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы тәуекелдерді анықтау және бағалау Компанияның орталық аппаратында және ОҚБ жүргізілуде.

## «Қорғау» картасы

GRI 403-4

Компанияда «Қорғау» картасын қолдану бойынша бастаманы іске асыру жалғасуда. Компанияның кез-келген қызметкері немесе келушісі қауіпсіздікке қауіп төндіретін сәйкессіздікті немесе оқиғаны анықтағаннан кейін, сәйкессіздік жойылғанға дейін жұмысын тоқтата алады, сонымен қатар картаны толтыру арқылы қауіпсіздікті жақсарту бойынша ұсыныстар жасай алады. Есепті жылы Компания қызметкерлері 3 649 «Қорғау» картасын толтырды. Бақылау санының 94,6%-ға артуы жұмыскерлердің толтырылған карталар бойынша шаралар қабылдау еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жағдайын жақсартуға, сондай-ақ жарақаттанудың алдын алуға ықпал ететінін түсінуінен туындады. Карта бланкілері Компанияның өндірістік және кеңсе үй-жайларының жалпыға қолжетімді орындарында және интернет-ресурсында орналастырылған.

«ҚазТрансОйл» АҚ бақылау түрі бойынша «Қорғау» карталарының саны



Қызметкерлерді «Қорғау» карталарын қолдануға ынтыластық мақсатында ай сайын және жыл сайын «Үздік «Қорғау» картасы» сертификаттарын табыстау және ақшалай сыйлықақы төлеу арқылы қызметкерлерді көтермелеу қолданылады.

Компания «Қорғау» карталарын қолдану практикасын дамыту үшін мынадай іс-шараларды іске асырады:

- www.kaztransoil.kz интернет-ресурсында «Қорғау» электрондық платформасы жұмыс істейді;
- қауіпті факторлардың, қауіпті әрекеттердің алдын алу және еңбек жағдайлары мен қауіпсіздікті жақсарту жөніндегі бастамаларды (ұсыныстарды) енгізу мақсатында әзірленген түзету іс-әрекеттері жүргізіліп отырады.

Денсаулық сақтау және еңбекті қорғау қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы тәуекелдерді бағалау кезеңдері

- 1 Қауіптер тізбесін жасау/өзектендіру
- 2 Қауіптің туындауы нәтижесінде мүмкін болатын тәуекелдер тізбесін анықтау
- 3 Әрбір тәуекелдің сандық шамасын анықтау
- 4 Жоғары тәуекелдерді анықтау

«ҚазТрансОйл» АҚ бөлімшелерді қауіпсіздіктің мінез-құлық аудиттері форматында тексереді, олардың барысында тәуекелдер мен қауіптер сәйкестендіріледі. Тәуекелдерді бағалау жылына кемінде бір рет жүргізіледі. Бағалау процесіне Компанияның мүдделі бөлімшелерімен бірлесіп еңбекті қорғау қызметтерінің қызметкерлері қатысады. Анықталған тәуекелдер оқиға немесе жазатайым жағдай туындаған кезде, сондай-ақ өндірістік қызметте елеулі өзгерістер болған жағдайда қайта бағалануы тиіс. Бағалау нәтижелері бойынша денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы жоғары тәуекелдерді азайту жөніндегі іс-шараларды әзірлеу жүзеге асырылуда.

Бұдан басқа, Компания өнеркәсіптік қауіпсіздік пен еңбекті қорғауды қамтамасыз ету процесіне тартылған персонал үшін тәуекелдерді бағалау саласында үнемі оқыту жүргізеді. Бұл тәуекелдерді басқару рәсімінің сапасы мен дәлдігін арттырады.

Өндірістік бақылау, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша ішкі тексеру жүргізу шеңберінде 2023 жылы ОҚБ жеті өндірістік объектісі тексерілді. Барлық анықталған сәйкессіздіктер бойынша олардың белгіленген мерзімдерде орындалуын бақылауды жүзеге асыра отырып, түзету іс-шаралары әзірленді.

2023 жылы компания қызметкерлері

3 649

«Қорғау» картасын толтырды

«Қорғау» карталарының санын көбейту «ҚазТрансОйл» АҚ бақылаулары бойынша

94,6%

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
Магистральдық құбырлардың схемасы  
2023 жылғы негізгі оқиғалар  
Компанияның бизнес-моделі

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

### 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

### 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Орнықты дамуды басқару  
Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздіктің маңызды ережелері  
Персоналды басқару, теңдік және әлеуметтік-экономикалық әсер  
Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту  
Қоршаған ортаны қорғау  
Энергия тұтыну және энергия жинақтау

## 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

### 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

## 6. ҚОСЫМШАЛАР

## Дағдарысты жағдайды басқару командасы

«ҚазТрансОйл» АҚ төтенше жағдайларға ден қою бойынша өзінің жауапкершілік дәрежесін түсінеді және Компания ішіндегі процестерді жақсарту бойынша тұрақты жұмыс жүргізіп отырады. Авариялық жағдайлар туындаған кезде іс-қимылдарды пысықтау мақсатында ОҚБ оқиғаларын басқару командаларымен бірлесіп 2023 жылы ДЖБК 2 рет іске қосылды.

## Өнеркәсіптік қауіпсіздік пен еңбекті қорғауға инвестициялар


«ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау менеджменті жүйесін жақсартудың маңыздылығын түсінеді және осы бағыттағы практикаларды дамытуға тұрақты негізде инвестиция салып отырады. 2023 жылы өнеркәсіптік қауіпсіздік пен еңбекті қорғауға салынған инвестициялардың жалпы көлемі «ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша 5 923,3 млн теңге құрады.

«ҚазТрансОйл» АҚ инвестиция көлемі 13,5%-ға 5 550 млн теңгеге дейін ұлғайтылды. Есепті кезеңдегі инвестициялардың өсуі өрттен қорғау жүйелеріне инвестициялармен және персоналды жеке қорғау құралдарының жаңартылуына байланысты.

БНТ-ға инвестициялар көлемі 36,3%-ға 259 млн теңгеге дейін ұлғайтылды. Инвестициялар өсімі өнеркәсіптік қауіпсіздік пен еңбекті қорғаудың барлық баптары бойынша байқалды.

### «ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша өнеркәсіптік қауіпсіздік пен еңбекті қорғауға салынған инвестициялар көлемі

МЛН ТЕҢГЕ



Атауы	2021	2022	2023	Өзгеріс, %
Еңбекті қорғау	173,0	333,2	325,3	-2,4
Денсаулықты сақтау	925,8	916,2	942,7	2,9
Өнеркәсіптік қауіпсіздік	217,6	217,8	197,0	-9,6
Өрт қауіпсіздігі	1 457,9	2 552,5	2 999,4	17,5
Жеке қорғану құралдары	1 298,8	1 180,0	1 458,9	23,6

## Өндірістік жарақаттану

GRI 403-7

«ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы өнеркәсіптік қауіпсіздік деңгейін арттыруға бағытталған іс-шараларды іске асыру арқылы нөлдік жарақаттануға қол жеткізуге ұмтылады. Компания барлық жұмыскерлердің, соның ішінде мердігерлік ұйымдардың жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығын сақтау үшін жауапкершілікті өз мойнына алады және барлық өндірістік объектілерде кәсіби қауіптермен байланысты тәуекелдерді азайту үшін бар күшін салады. Жарақаттанудың алдын алу бойынша қабылданып жатқан әрекеттерге қарамастан 2023 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ-да 1 жазатайым оқиға тіркелді.


2023 жылғы 23 ақпанда магистральдық мұнай құбырының үстінен ұшып өткен «Қазавиақұтқару» АҚ МИ-8 тікұшағы Батыс Қазақстан облысына «қатты» қонды. Бортта «Қазавиақұтқару» АҚ экипажының 5 мүшесі және «ҚазТрансОйл» АҚ Атырау мұнай құбыры басқармасының желілік АВП құбыршысы болды. Әуе оқиғасы нәтижесінде «Қазавиақұтқару» АҚ экипажының 4 мүшесі қаза тапты, сондай-ақ «ҚазТрансОйл» АҚ қызметкері түрлі жарақаттар алды.

Алынған толық емдеуден кейін «ҚазТрансОйл» АҚ қызметкері өзінің еңбек міндеттерін толық көлемде орындауды жалғастырды.

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жүргізген оқиғаны тергеу ұшу ақпаратын тіркеудің борттық құрылғысын және кабинаішілік сөйлеу тіркеушісін зерттеуге дайын болмауына байланысты тоқтатылды.

### «ҚазТрансОйл» АҚ жұмыскерлері арасында өндірістігі жазатайым оқиғалардың саны

GRI 403-9



### «ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша жарақаттану көрсеткіштері

GRI 403-9

Көрсеткіш	2021	2022	2023	Өзгеріс, %
<b>Өндірістігі жазатайым оқиғалардың жалпы саны, оның ішінде:</b>	<b>1</b>	<b>1</b>	<b>1</b>	<b>100</b>
«ҚазТрансОйл» АҚ	1	0	1	100
БНТ	0	1	0	-100
«Магистральдық Суағызғысы» ЖШС	0	0	0	0
<b>Жалпы зардап шеккендер саны, оның ішінде:</b>	<b>1</b>	<b>1</b>	<b>1</b>	<b>100</b>
«ҚазТрансОйл» АҚ	1	0	1	100
БНТ	0	1	0	-100
«Магистральдық Суағызғысы» ЖШС	0	0	0	0

## 0 мердігерлік ұйымдардың қызметкерлерін жарақаттау жағдайлары

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2023 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

2023 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

### 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

### 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

### 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Орнықты дамуды басқару

Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздіктің маңызды ережелері

Персоналды басқару, теңдік және әлеуметтік-экономикалық әсер

Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

Қоршаған ортаны қорғау

Энергия тұтыну және энергия жинақтау

### 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

### 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

### 6. ҚОСЫМШАЛАР

«ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша Медициналық іс-шараларды өткізуге арналған шығыстар

**930,7**  
млн теңге

\* БНТ-да жоғарыда аталған шығыстар өзге де әлеуметтік төлемдерге жатады.

## Мердігерлік ұйымдар жұмыскерлердің жарақаттануы

GRI 403-7

Мердігерлік ұйымдардың жұмыскерлеріне өнеркәсіптік қауіпсіздік пен еңбекті қорғау саласында Компания қызметкерлеріне қойылатын сияқты қатаң талаптар қойылады. Мердігерлік ұйымдардың жұмыскерлерімен жарақаттанудың барлық жағдайлары есепке алынады және тексеріледі.

«ҚазТрансОйл» АҚ-да еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында мердігерлік ұйымдарға қолданылатын келесі құжаттар әзірленіп, қолданылуда:

- «ҚазТрансОйл» АҚ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы «Өмірлік маңызды қағидалар» кодексі;

- СТ «Мердігерлік ұйымдарға қойылатын талаптар»;
- ДЕҚОҚ мәселелері бойынша мердігерлік ұйымдарға тексеру жүргізу жөніндегі нұсқаулық;
- Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелерінде мердігерлік ұйымның нақты міндеттемелері жазылған шарттардағы міндетті бөлім.

Компанияда мердігерлік ұйымдардың басшылығымен тұрақты негізде кездесулер ұйымдастырылып отырады, онда еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау, жеке қорғаныс құралдарын қолдану және сапасын жақсарту, жол қозғалысы ережелерінің талаптарын сақтау және т.б. мәселелер талқыланады.

Көлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс аясында «ҚазТрансОйл» АҚ автокөлік құралдарына GPS-мониторинг жүйесі арқылы Компанияның мұнай құбыры басқармалары бойынша қауіпсіз жүргізу стилінен ауытқу көрсеткіштеріне мониторинг жүргізеді.


## Денсаулық сақтау

GRI 403-3, 403-6

Компания жұмыскерлерінің денсаулығын сақтау мен қолдау маңыздылығын түсінеді және осы бағытқа ерекше назар аударады. «ҚазТрансОйл» АҚ-да кәсіптік ауруларды, сондай-ақ жарақаттануды қоса алғанда, жұқпалы және жұқпалы емес аурулардың алдын алу бойынша жұмыс жүргізілуде. Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Компания қызметкерлеріне медициналық қызметтер көрсетіледі:

- санитарлық авиация және жедел медициналық көмек түріндегі шұғыл медициналық көмек;
- күндізгі медициналық пунктте дәрігерге дейінгі медициналық көмек;
- вахталық жұмыс режимді медициналық пунктте білікті медициналық көмек;
- жұмыскерлерді міндетті медициналық тексеру, оның ішінде күнделікті ауысым алдындағы және жыл сайынғы мерзімді тексеру.

«ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша санитариялық-эпидемиологиялық және емдеу-профилактикалық іс-шараларды жүргізуге арналған шығыстар



Дер кезінде шұғыл медициналық көмек көрсету үшін өндірістік объектілерде қажетті дәрілік заттармен, медициналық мақсаттағы бұйымдармен және медициналық техникамен жабдықталған медициналық пункттер жұмыс істейді.

ОҚБ-да қызметкерлерді ауысым алдындағы медициналық тексеруден өткізу үшін электрондық жабдық орнатылған және жұмыс істейді. Осы жүйені енгізу жедел немесе созылмалы аурудың өршу белгілері бар, алкогольдік, есірткілік және/немесе уытты мас болу белгілері бар жұмыскерлерді өндірістік объектілерге жібермеуге, сол арқылы өндірісте денсаулықтың кенеттен нашарлау қаупін азайтуға, адами факторды болдырмауға, сондай-ақ медициналық тексерулерді жүргізу уақытын үш есе қысқартуға мүмкіндік береді.

Жыл бойы Компанияда маусымдық аурулардың соның ішінде ЖРВИ, тұмау, қызылшаның алдын алу бойынша жұмыстар белсенді жүргізілді. Сондай-ақ белсенді өмір салтын сақтау қажеттілігі, темекі шегудің зияны, жүрек-қан тамырлары ауруларының алдын алу және т.б. туралы ақпараттық плакаттар жіберілді.

2023 жылы міндетті мерзімді медициналық тексеруден өткен «ҚазТрансОйл» АҚ жұмыскерлерінің саны 6 346 адамды құрады (ұсынылған қорытынды актілерге сәйкес), бұл міндетті мерзімді медициналық тексеруге жататын жұмыскерлердің жалпы санының 93%-ын құрайды. Қалған 7% жұмыскерлер — міндетті медициналық тексеруден өткенге дейін Компаниядағы еңбек қызметін тоқтатқан немесе бала үш жасқа толғанға дейін оның күтімі бойынша демалысқа шыққан жұмыскерлер.

Денсаулық сақтау бойынша жүргізілген талдау қорытындысы бойынша мынадай маңызды ұсынымдар айқындалды:

- міндетті медициналық тексерулердің қорытындысы бойынша емдеу-сауықтыру іс-шараларының жоспарларын іске асыру және олардың орындалуын бақылау;
- жұқпалы аурулардың алдын алу бойынша санитариялық-эпидемиологиялық (профилактикалық) іс-шаралардың орындалуын бақылау және амбулаториялық емделуге және диспансерлік бақылауға мұқтаж жұмыскерлердің қадағалануын бақылау.

GRI 403-10

2023 ЖЫЛЫ «ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МЕН МЕРДІГЕРЛІК ҰЙЫМДАРЫНЫҢ АРАСЫНДА КӘСІПТІК АУРУЛАРДЫҢ ЖАҒДАЙЛАРЫ ТІРКЕЛГЕН ЖОҚ.

2023 жылы міндетті мерзімді медициналық тексеруден өткен «ҚазТрансОйл» АҚ қызметкерлерінің саны

**6 346**  
адам





Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
Бас директордың (Баскарма төрағасының) үндеуі  
2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
Магистральдық құбырлардың схемасы  
2023 жылғы негізгі оқиғалар  
Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Орнықты дамуды басқару  
Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздіктің маңызды ережелері  
Персоналды басқару, теңдік және әлеуметтік-экономикалық әсер  
Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту  
Қоршаған ортаны қорғау  
Энергия тұтыну және энергия жинақтау

4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

6. ҚОСЫМШАЛАР



Өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелері бойынша даярлаудан және қайта даярлаудан өткен қызметкерлер

**5 701** адам

«ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша ОТИПБ бойынша оқудан өткен қызметкерлер

**1 443** адам

## Өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету

GRI 403-7

Компаниядағы өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігін басқару жүйесі қауіпті өндірістік объектілердегі авариялар мен инциденттердің алдын алу, авариялардың салдарын оқшаулау және жою мақсатында жүзеге асырылатын ұйымдастырушылық және техникалық іс-шаралармен кешенді өзара байланысты.

Компанияның магистральдық мұнай құбырларын және басқа да өндірістік объектілерін пайдалану процесінде 2023 жылы техногендік сипаттағы авариялар тіркелген жоқ.

«ҚазТрансОйл» АҚ-да өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігін басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған іс-шаралар тұрақты негізде өткізіледі. Осылайша 2023 жылы келесі негізгі іс шаралар өткізілді:

- Компанияның жабдықтарына техникалық қызмет көрсету немесе жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде қауіпті энергия көздерін оқшаулауға қойылатын бірыңғай талаптардың сақталуын бақылау;

- кәсіби әскерлендірілген авариялық-құтқару қызметімен Компанияның қауіпті өндірістік объектілеріне қызмет көрсетуге шарт жасалды;
- стационарлық көбікті өрт сөндіру қондырғыларының жұмыс қабілеттілігін және өрт дабылының техникалық жай-күйін тексеру, сондай-ақ өндірістік объектілердегі өрт-техникалық жабдықтарды тексеру жүргізілді;
- 927 өрт-техникалық сабақ, 7 өрт-техникалық оқу-жаттығу, 10 214 өртке қарсы нұсқаулық өткізілді, 371 ерікті өрт сөндіруші дайындалды, 4 154 қызметкер өрт-техникалық минимум көлемінде өрт қауіпсіздігі ережелеріне оқытылды;
- Компанияның 5 701 қызметкері өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелері бойынша даярлықтан және қайта даярлаудан өтті;
- белгіленген тәртіппен Компания объектілерін өрттен қорғау бойынша қызметтер көрсетуге шарттар жасалды. Көрсетілетін қызметтердің сапасына мерзімді тексеру жүргізіледі, оларды үнемі жақсарту бойынша жұмыстар жүргізіліп отырады.

## Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелері бойынша оқыту


GRI 403-5

Заңнаманың талаптарына сәйкес «ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласында көзделген барлық оқыту бағдарламалары бойынша басшылар мен жұмыскерлерді тұрақты оқытуды жүргізіп отырады.

«ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобының қызметкерлерін еңбекті қорғау және жұмыс орнындағы қауіпсіздік мәселелері бойынша оқыту

GRI 403-5

АДАМ



Есепті жылы «ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша оқудан өткен жұмыскерлердің саны өткен жылмен салыстырғанда 78%-ға азайды. Деректердің елеулі өзгеруінің басты себептерінің бірі «ҚазТрансОйл» АҚ-да оқыту мен білімді тексеру кезеңділігі — үш жылда бір рет болуына байланысты. Есепті кезеңде оқытылған жұмыскерлер саны бойынша көрсеткіш оқу циклімен сәйкес келеді және 10 есе азайды. «Магистральдық Суағызғысы» ЖШС бойынша жұмыс орнында еңбекті қорғау және қауіпсіздік мәселелері бойынша оқытудан өткен жұмыскерлердің саны серіктестіктің барлық өндірістік персоналы үшін оқытуды жүргізуге байланысты екі есеге өсті.

2023 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ-да жұмыс орнында еңбекті қорғау және қауіпсіздік мәселелері бойынша бір жұмыскерге кәсіптік құзыреттілікті дамыту бойынша оқыту сағаттарының саны Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының ең төменгі талаптарына сәйкес келеді және 40 сағатты құрайды.

Мердігерлік ұйымдардың барлық жұмыскерлері үшін еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігі саласында кіріспе нұсқама жүргізіледі. Мердігерлік ұйымдардың жұмыскерлерін еңбекті қорғау және қауіпсіздік мәселелері бойынша қосымша оқыту жүргізілмейді.

Еңбекті қорғау және қауіпсіздік мәселелері бойынша бір қызметкерге оқу сағаттарының саны

**40** ЧАСОВ

### 2023 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ-да еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелері бойынша оқыту

GRI 403-5



## I КҚК қауіпсіздік күні

2023 жылғы қыркүйекте «ҚазТрансОйл» АҚ командасы қауіпсіздік мәдениетін дамытуға және еңбекті қорғау жөніндегі тұжырымдаманы іске асыруға бағытталған «КҚК-К» АҚ-ның «Сарматтар алтыны» қауіпсіздік күні конкурсына қатысты. Алғаш рет ұйымдастырылып Астрахань қаласында (Ресей Федерациясы) өткен байқауға «КҚК-К» АҚ мердігерлік компаниялары мен серіктестерінің 600-ден астам жұмыскері қатысты. «ҚазТрансОйл» АҚ-ның атынан Батыс операторлық қызметтер басқармасы мен Атырау мұнай құбыры басқармасының жұмыскерлері қатысты. Конкурстар экология, медицина, жол қауіпсіздігі және өрт ісі сияқты бағыттар бойынша ұйымдастырылды. «ҚазТрансОйл» АҚ командасы үш жүлделі орынға ие болды.



### I 2024 жылға және орта мерзімді перспективаға арналған жоспарлар

1. Компанияның еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды өндірістік бақылау бойынша тексерулер мен мақсатты тексерулерді ұйымдастыру және жүргізу.
2. «ҚазТрансОйл» АҚ-да Vision Zero нөлдік жарақаттану тұжырымдамасын енгізу бағдарламасының іс-шараларын іске асыру.
3. 2024 жылға арналған өндірістік қауіпсіздік жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру.
4. 2024 жылға жоспарланған 2024-2027 жылдарға арналған «ҚазТрансОйл» АҚ-да өндірістік қауіпсіздіктің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың жай-күйін жақсарту жөніндегі жол картасының іс-шараларын іске асыру.
5. «ҚазТрансОйл» АҚ-да еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы білімді тексеруді ұйымдастыру.
6. Автокөлік құралдарына GRS-мониторинг жүйесін орнату арқылы «ҚазТрансОйл» АҚ мұнай құбыры басқармалары бойынша қауіпсіз көлік жүргізу стилінен ауытқу көрсеткіштерінің мониторингін.





Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
Магистральдық құбырлардың схемасы  
2023 жылғы негізгі оқиғалар  
Компанияның бизнес-моделі

#### 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

#### 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

#### 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Орнықты дамуды басқару  
Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздіктің маңызды ережелері  
Персоналды басқару, теңдік және әлеуметтік-экономикалық әсер  
Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту  
Қоршаған ортаны қорғау  
Энергия тұтыну және энергия жинақтау

#### 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

#### 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

#### 6. ҚОСЫМШАЛАР

# Персоналды басқару, теңдік және әлеуметтік-экономикалық әсер

#### Елеулі тақырыптар

- Персоналды басқару
- Әлеуметтік саясат
- Тең мүмкіндіктер
- Әлеуметтік-экономикалық үлес
- Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

#### Негізгі оқиғалар

- «ҚазТрансОйл» АҚ мен «ҚазТрансОйл» АҚ қызметкерлері арасында ұжымдық шартқа қол қойылды.
- Кадр резервіне кандидаттарды дамытудың жеке жоспарларын қалыптастыру үшін құзыреттерді бағалаудың көп сатылы жүйесі қолданылды.
- «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 10 өндірістік объектісінде әмбебап спорт алаңдары орнатылды.
- «Астрахань-Маңғышлақ» магистральдық суағызғысын реконструкциялау және кеңейту» 1-кезек» жобасын және «Қашаған» ГҚДҚ су құбырын салу» жобасын іске асыру аяқталды.

#### 2023 жылғы мақсаттар мен қол жеткізген жетістіктер

1 Персоналдың білімін бағалауды жүргізу: кадр резервіне кандидаттарды іріктеу, басымдықтарды, басқару әлеуетін айқындау және дамытудың жеке жоспарларын қалыптастыру мақсатында құзыреттерді бағалаудың көп сатылы жүйесі, сондай-ақ полиграф-тексеру қолданылды.

✔ Мақсат орындалды. Іске асыру жалғасуда

2 «ҚазТрансОйл» АҚ жас мамандарын қолдау» 2023 жылға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру: спорттық, шығармашылық, қоғамдық, қайырымдылық және зияткерлік іс-шараларды қоса алғанда, 13 іс-шара өткізілді.

✔ Мақсат орындалды

3 «ҚазТрансОйл» АҚ HR бойынша басқарушылық есептілікті автоматтандыру» жобасын іске асыру: басқарушылық есептілікті автоматтандыру жөніндегі жұмыстар Адами ресурстарды басқару бойынша талдамалық есептілік жүйесін әзірлеу және енгізу жөніндегі жұмыстарды сатып алу туралы шартқа енгізілген.

✔ Мақсат орындалды

4 Басшылықтың қатысуымен тікелей эфирлерді ұйымдастыру және өткізу: «ҚазТрансОйл» АҚ басшылығының қатысуымен 28 тікелей эфир өткізілді.

✔ Мақсат орындалды. Іске асыру жалғасуда

#### 2023-ғы негізгі көрсеткіштер

«ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша персоналдың тізімдік саны

**7 699**  
адам

2022 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда «ҚазТрансОйл» АҚ кадрларының тұрақтамау көрсеткішінің

**31%** -ға азаюы

«ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша жергілікті өнім берушілермен жасалған шарттардың сомасы 2023 жылы

**125,2**  
млрд теңгені құрады

«ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша кемсітушіліктің

**0**  
жағдайы

«ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобының қызметкерлері арасындағы әйелдердің үлесі

**17,6%**

#### БҮҰ ОДМ қол жеткізуге үлес қосу

4 САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ



8 ДАЙЫМ ЖҰМАС ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БҮ



9 ИНДУСТРИАЛАНДЫРУ, ИННОВАЦИЯЛАР ИНФРАҚУРЫЛЫМ



17 ОРНЫҚТЫ ДАМУ ИҮНДЕСІМДЕ СЕРЖЕСТІК



Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2023 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

2023 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

## 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

## 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Орнықты дамуды басқару

Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздіктің маңызды ережелері

Персоналды басқару, теңдік және әлеуметтік-экономикалық әсер

Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

Қоршаған ортаны қорғау

Энергия тұтыну және энергия жинақтау

## 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

## 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

## 6. ҚОСЫМШАЛАР

# Персоналды басқару

## Басқару тәсілі

GRI 3-3, GRI 2-23

**«ҚазТрансОйл» АҚ-да персоналды басқару Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына, «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2021-2025 жылдарға арналған Кадр саясатына сәйкес жүзеге асырылады және жоғары білікті персоналды тиімді іріктеуге, дамытуға және ұстап қалуға негізделген.**

Қызметкерлер негізгі стратегиялық капитал болып табылатынын түсіне отырып, «ҚазТрансОйл» АҚ сыйақы мен ынталандыру жүйесін, еңбек жағдайларын үнемі жетілдіріп отырады, сондай-ақ білім беру практикаларын дамытуға және өз қызметкерлерін әлеуметтік қолдау деңгейін арттыруға ықпал етеді.

Компания еңбек саласындағы адамның іргелі құқықтары мен бостандықтарының маңыздылығы мен құндылығын түсінеді: еңбек құқықтары, ұжымдық шарт жасасу құқығы және денсаулық сақтау құқығы.

Компанияда мыналар негізгі бағыттары болып табылатын Кадр саясаты қолданылады:

- ұйымдық құрылымды басқару;
- жоспарлау және кадрларды іріктеуді басқару;
- мақсат қою және жұмыскерлер қызметінің тиімділігін бағалау;
- кадр резервін басқару;
- оқыту және дамыту;
- жас мамандарды дамыту;
- материалдық және материалдық емес сыйақыны басқару;
- қатысуды және әлеуметтік тұрақтылықты басқару.

## Басқару құрылымы мен құралдары

Компанияның адами ресурстарды басқару департаменті кадр және әлеуметтік саясат мәселелерін басқаруға, сондай-ақ корпоративтік мәдениетке қатысты мәселелерге жауап береді. Персоналды басқару және әлеуметтік саясат мәселелері екі деңгейде жүзеге асырылады. Орталық аппаратты адами ресурстарды басқару департаменті үйлестіреді, ОҚБ деңгейінде кадр қызметтері жұмыс істейді. Адами ресурстарды басқару департаменті белгіленген тәртіппен кадрларды тартуға, кәсіптік даярлауға бағытталған бағдарламаларға уақтылы қатысуды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының және Компанияның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес кадрлық есепке алуды жүргізуді қамтамасыз етеді.

Компанияның еншілес ұйымдары бойынша персонал туралы жалпы ақпаратты шоғырландыруды «ҚазТрансОйл» АҚ орталық аппаратының құрылымдық бөлімшелері өз құзыреті аясында жүзеге асырады. Компанияның орталық аппаратының құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерге сәйкес олардың функцияларына Құрылымдық бөлімшенің құзыреті шеңберінде Компанияның ЕББҮ-мен өзара әрекеттесу кіреді.

2023 жылғы 29 қарашада Басқарма шешімімен «ҚазТрансОйл» АҚ адами ресурстарды басқару қағидалары бекітілді.

Компания кадрлық және әлеуметтік мәселелерді басқару шеңберінде іс-шаралар мен бастамалардың кең тізбесін іске асырады, олардың ішінде:

- ҚНҚ нақты орындалу дәрежесі негізінде жұмыскерлерге сыйақы беру мен бағалаудың тиімді жүйесі;
- жұмыскерлерді кәсіптік оқыту және дамыту жөніндегі бағдарламаларды іске асыру;
- жұмыскерлер мен олардың отбасылары үшін материалдық және материалдық емес сипаттағы өтемақы құрылымын қамтитын әлеуметтік пакет;
- кәсіподақ ұйымдарымен өзара іс-қимыл;
- цифрлық өзара әрекеттесу арналарын қолдана отырып құрылған ішкі коммуникациялардың прогрессивті жүйесі;
- әртүрлі деңгейдегі жұмыскерлер үшін мансапты дамытудың кең мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге бағытталған кадрлық резерв бағдарламасы;
- корпоративтік мәдениетті басқаруды жетілдіру, әлеуметтік тұрақтылықты арттыру бойынша іс-шаралар өткізу;
- ОҚБ басшы қызметкерлерін, сондай-ақ орталық аппараттың құрылымдық бөлімшелерінің басшыларын ротациялау;
- Компанияның өндірістік объектілеріндегі кәсіби практика;
- Компания басшылығының жұмыскерлермен тұрақты кездесулері;
- қатысу дәрежесі мен әлеуметтік тұрақтылық дәрежесі бойынша жыл сайын зерттеулер жүргізу (SAMRUK RESEARCH SERVICES).

Мүдделі тараптармен ашық және жауапты қатынастар орнату үшін Компанияда 2022 жылғы 9 желтоқсанда қабылданған «ҚазТрансОйл» АҚ әлеуметтік жауапкершілік кодексі қолданылады. Бұл құжат «ҚазТрансОйл» АҚ корпоративтік басқару кодексінде және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік кодексінде баяндалған ережелер мен қағидалар ескеріле отырып әзірленді. Ол ынталандыруды, қауіпсіздікті және денсаулықты

сақтауды, жұмыскерлерді дамытуды, әлеуметтік қолдау бағдарламаларын жүзеге асыруды, жаңа жұмыс орындарын құруды және жергілікті қоғамдастықтарды тартуды қоса алғанда, Компанияның жұмыскерлерінің мүдделерін ескере отырып, Компанияның корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік стратегиясын анықтайды. Бұл құжат сонымен қатар бизнес пен жұршылықтың арасындағы қарым-қатынастың заманауи стандарттарының сақталуына кепілдік береді.

## Персоналдың саны мен құрылымы

GRI 2-4, GRI 2-7


2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы персоналының тізімдік саны 7 699 адамды құрады. Жұмыскерлердің көп бөлігі тұрақты еңбек шарты мен толық уақытты жұмыспен қамтылған.<sup>2</sup>

### «ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша персонал санының динамикасы


GRI 2-7

АДАМ

2023 жылғы 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша персоналдың тізімдік саны



2023 жылдың қорытындысы бойынша персоналдың орташа тізімдік саны



«ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы теңдік қағидаларын ұстанады. Әлеуетті кандидаттарды жұмысқа қабылдау кезінде олардың тек кәсіби қасиеттері бағаланады. Жұмыскерлердің гендерлік құрылымында дәстүрлі түрде қызметтің өндірістік ерекшелігіне байланысты ер жұмыскерлер басым болады. «ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша ер жұмыскерлер үлесі есепті кезеңде жұмыскерлердің жалпы санының 82,4% құрады.

2023 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ персоналының орташа жасы іс жүзінде өзгерген жоқ және 44,5 жасты құрады. Компания жұмыскерлердің негізгі үлесін 30-50 жас (58%) аралығындағы жұмыскерлер құрайды.

<sup>2</sup> 2023 жылы персонал бойынша деректерді шоғырландыру есептілігінің шекарасына «Магистральдық Суағызғысы» ЖШС, БНТ және PTL енгізілді.

Компаниялар тобы бойынша ер қызметкерлердің үлесі

82,4%

«ҚазТрансОйл» АҚ қызметкерлерінің орташа жасы 2023 жылы

44,5 жас



Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
Магистральдық құбырлардың схемасы  
2023 жылғы негізгі оқиғалар  
Компанияның бизнес-моделі

**1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ**  
**2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ**  
**3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР**

Орнықты дамуды басқару  
Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздіктің маңызды ережелері  
Персоналды басқару, теңдік және әлеуметтік-экономикалық әсер  
Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту  
Қоршаған ортаны қорғау  
Энергия тұтыну және энергия жинақтау


**4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ**  
**5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ**  
**6. ҚОСЫМШАЛАР**



Компания қызметкерлерінің негізгі үлесін 30 мен 50 жас аралығындағы қызметкерлер құрайды

**58%**

**2023 жылғы 31 желтоқсандағы «ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша қызметкерлердің жас бойынша құрылымы**



Атауы	Барлығы	30 жасқа дейін		30-50 жас		50 жастан жоғары	
		Адам	Үлесі, %	Адам	Үлесі, %	Адам	Үлесі, %
«ҚазТрансОйл» АҚ	6 713	598	8,9	3 976	59,2	2 139	31,9
БНТ	570	19	3,3	247	43,3	304	53,4
«Магистральдық Суағызғысы» ЖШС	405	32	7,9	226	55,8	147	36,3
PTL	11	0	0	11	100	0	0

**GRI 2-8**


2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ-да аутсорсинг және аутстаффинг шарттарында жұмысқа тартылатын қызметкерлер саны 105 адамды құрады. Мұндай қызметкерлермен өзара қарым-қатынас «Samruk Business Academy» жеке меншік мекемесінің персоналды ұсыну жөніндегі қызметтерді сатып алу туралы шартқа сәйкес реттеледі. Ынтымақтастық ISO 9001:2008 халықаралық стандартының талаптарына сәйкес кадрлық іс жүргізудің бірыңғай стандарттарын қамтамасыз етеді. Бұл ретте мұндай қызметкерлермен барлық еңбек қатынастары «Samruk Business Academy» жеке меншік мекемесінде сақталады.

Аутсорсинг және аутстаффинг қызметтерін тарту «ҚазТрансОйл» АҚ үшін артықшылыққа айналды, соның нәтижесінде Компания бейінді емес функцияларды штаттан тыс қызметкерлерге беру кезінде бейінді процестерді оңтайландыра алды. Қызметкерлер аутсорсинг жағдайында орындайтын негізгі қызмет түрлері:

- Іс жүргізу;
- аударма ісі;
- архив;
- кітапхана ісі.



**2023 жылғы 31 желтоқсандағы «ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша қызметкерлердің жынысы бойынша құрылымы**



Атауы	Барлығы	Ерлер		Әйелдер	
		Адам	Үлесі, %	Адам	Үлесі, %
«ҚазТрансОйл» АҚ	6 713	5 542	82,6	1 171	17,4
БНТ	570	479	84	91	16
«Магистральдық Суағызғысы» ЖШС	405	316	78	89	22
PTL	11	8	72,7	3	27,3

**2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жас бойынша бөліністе «ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша басшы басқару органдарының құрылымы**

**GRI 405-1**

Санаты	Барлығы	30 жасқа дейін		30-50 жас		50 жастан жоғары	
		Адам	Үлесі, %	Адам	Үлесі, %	Адам	Үлесі, %
Директорлар кеңесі	6	-	-	5	83,3	1	16,7
«ҚазТрансОйл» АҚ	6	-	-	5	83,3	1	16,7
Басқарма	6	-	-	3	50,0	3	50,0
«ҚазТрансОйл» АҚ	6	-	-	3	50,0	3	50,0
Байқаушы кеңес/Директорлар жиналысы	9	-	-	7	77,8	2	22,2
БНТ	3	-	-	2	66,7	1	33,3
«Магистральдық Суағызғысы» ЖШС	3	-	-	2	66,7	1	33,3
PTL	3	-	-	3	100	-	0

**2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша басшы басқару органдарының құрылымы**

**GRI 405-1**

Санаты	Барлығы	Ерлер		Әйелдер	
		Адам	Үлесі, %	Адам	Үлесі, %
Директорлар кеңесі	6	6	100	-	-
«ҚазТрансОйл» АҚ	6	6	100	-	-
Басқарма	6	6	100	-	-
«ҚазТрансОйл» АҚ	6	6	100	-	-
Байқаушы кеңес/Директорлар жиналысы	9	9	100	-	-
БНТ	3	3	100	-	-
«Магистральдық Суағызғысы» ЖШС	3	3	100	-	-
PTL	3	3	100	-	-

Аутсорсинг және аутстаффинг шарттарындағы қызметкерлер саны

**105**  
адам






Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
 Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
 2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
 Магистральдық құбырлардың схемасы  
 2023 жылғы негізгі оқиғалар  
 Компанияның бизнес-моделі

**1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ**  
**2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ**  
**3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР**


Орнықты дамуды басқару  
 Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздіктің маңызды ережелері  
 Персоналды басқару, теңдік және әлеуметтік-экономикалық әсер  
 Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту  
 Қоршаған ортаны қорғау  
 Энергия тұтыну және энергия жинақтау

**4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ**  
**5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІН НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ**  
**6. ҚОСЫМШАЛАР**

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша тұрақты және уақытша жұмыскерлердің саны



2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өңірлер бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ жұмыскерлердің саны



2023 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ жұмыскерлердің толық жұмыспен қамту шарттарында еңбек етті **100%**



Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
Магистральдық құбырлардың схемасы  
2023 жылғы негізгі оқиғалар  
Компанияның бизнес-моделі

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

## 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

## 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Орнықты дамуды басқару  
Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздіктің маңызды ережелері  
Персоналды басқару, теңдік және әлеуметтік-экономикалық әсер  
Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту  
Қоршаған ортаны қорғау  
Энергия тұтыну және энергия жинақтау

## 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

## 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

## 6. ҚОСЫМШАЛАР



2023 жылы жалданған «ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша қызметкерлер саны

**421**  
адам

## Персоналды іріктеу

Персоналды іріктеу Компанияда белгіленген жоғары білікті қызметкерлерді тарту және ұстап қалу үшін персоналды іріктеу рәсіміне сәйкес жүзеге асырылады. Бос лауазымдарға кадрларды конкурстық іріктеу меритократия, объективтілік, ашықтық және еріктілік қағидаттарына негізделген кандидаттардың кәсіби білімі мен дағдыларын тестілеу арқылы жүргізіледі. Бұл қағидаттар «ҚазТрансОйл» АҚ Іскерлік этика кодексінде Компания персоналды іріктеуді басқарудың барлық кезеңдерінде басшылыққа алатын негізгі қағидаттар ретінде бекітілген.

«Самұрық-Қазына» АҚ тобының адами ресурстарды басқару жөніндегі корпоративтік стандарты талаптарының орындалуын қамтамасыз ету мақсатында жұмысқа қабылдау кезінде «ҚазТрансОйл» АҚ-дағы бос лауазымдарға кандидаттардың сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне төзімділік тұрғысынан психологиялық профайлинг қолданылып, полиграф-тексеру қызметіне шарт жасалды.

«ҚазТрансОйл» АҚ кадр саясатында персоналды іріктеу аясында Компания алдында тұрған мынадай міндеттер бекітілген:

- жұмыс процесінің саны мен талаптарын ескере отырып, болашақта персоналға сандық және сапалық қажеттілікті анықтау;
- бос орынды ішкі кандидаттармен, оның ішінде Компанияның кадр резервіне кіретін кандидаттармен алмастыру;
- бос лауазымдарға/жұмысшы кәсіптеріне персоналды іріктеу кезінде ашық конкурстық рәсімдерді қолдану;
- лауазымға және жұмыс кәсібіне сәйкес келетін үміткерлерді бағалау әдістерін қолдану;
- бейінді оқу орындарымен өзара іс-қимыл.

Есепті жылы «ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобына 421 жаңа қызметкер қабылданды. Жаңадан қабылданған жұмыскерлердің көпшілігінің жасы 30-дан 50 жасқа дейін.

### «ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша жаңадан жалданған қызметкерлер саны

GRI 401-1	АДАМ			
Атауы	2021	2022	2023	Өзгеріс, %
«ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы	371	466	421	-9,7
<b>Гендерлік топтар бойынша:</b>				
- Әйелдер	56	77	86	11,7
- Ерлер	315	389	335	-13,9
<b>Жас топтары бойынша:</b>				
- 30 жастан төмен	148	147	120	-18,4
- 30-50 жас	204	277	263	-5,1
- 50 жастан жоғары	19	43	38	-11,6

Компанияның өндірістік объектілерінде ақылы кәсіби практикадан табысты өткен жас мамандарды тарту және дамыту жөніндегі кешенді тәсіл шеңберінде 2023 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ-да 1 түлек жұмысқа қабылданды.

## Кадрлардың тұрақтамауы

GRI 401-1

2023 жылы еңбек қатынастары тоқтатылған «ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша қызметкерлер саны 369 адамды құрап, 2022 жылмен салыстырғанда 14,2%-ға азайды.


«ҚазТрансОйл» АҚ-да кадрлардың тұрақтамау коэффициенті 2023 жылы 2,05% құрады, бұл 2022 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 31%-ға азайғанын көрсетті. Тұрақтамаудың төмен деңгейі Компанияның лайықты еңбек жағдайларын қамтамасыз ету арқылы кадрлық құрамның тұрақтылығын қамтамасыз ету қабілетінің индекторы болып табылады.

«ҚазТрансОйл» АҚ кадрларды іріктеу рәсімдерін үздіксіз жетілдіріп отырады және кадрлардың тұрақтамауын азайтуға және персоналдың өзін-өзі дамытуын ынталандыруға бағытталған іс-шараларды жүргізеді. Лайықты еңбек жағдайларының, жұмыскерлердің жалақысын индексстеудің және кадрларды ынталандырудың тиімді жүйесінің нәтижесінде кадрлардың тұрақтамау көрсеткіші тұрақты төмен деңгейде сақталып отыр. Компания қызметкерлері арасындағы орташа еңбек өтілі 2023 жылы 14 жылды құрады.

### Есепті кезеңде еңбек қатынастары тоқтатылған «ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша жұмыскерлердің жалпы саны

GRI 401-1	АДАМ			
Атауы	2021	2022	2023	Өзгеріс, %
«ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша барлығы	377	430	369	-14,2
<b>Гендерлік топтар бойынша:</b>				
- Әйелдер	65	85	79	-7,1
- Ерлер	312	345	290	-15,9
<b>Жас топтары бойынша:</b>				
- 30 жастан төмен	44	37	20	-45,9
- 30-50 жас	136	199	146	-26,6
- 50 жастан жоғары	197	194	203	4,6

### «ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша кадрлардың тұрақтамауы\*



GRI 402-1

Жұмыскерлердің санының немесе штатының қысқаруына байланысты еңбек шарттары бұзылған кезде қызметкерлерді хабардар етудің ең аз мерзімі Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінә сәйкес бір айды құрайды. Сонымен қатар, хабарламаның ең аз мерзімі ұжымдық шартта бекітілген. 2023 жылы Компания қызметкерлері тарапынан осы талаптың сақталмауы туралы талап қою жағдайлары анықталған жоқ.

Компания қызметкерлері арасындағы орташа еңбек өтілі 2023 жылы

**14**  
жыл

2023 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ-да кадрлардың тұрақтамауы коэффициенті

**2,05%**

\* Кадрлардың тұрақтамау көрсеткіші өз бастамасы бойынша, тараптардың келісімі бойынша және теріс себептер бойынша жұмыстан босатылған қызметкерлер санының бір жылдағы персоналдың орташа тізімдік санына қатынасы ретінде айқындалады.



Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Баскарма төрағасының) үндеуі

2023 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

2023 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

Компаниядағы ең төменгі жалақы деңгейі

**191,72**  
мың теңге

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

## 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

## 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Орнықты дамуды басқару

Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздіктің маңызды ережелері

Персоналды басқару, теңдік және әлеуметтік-экономикалық әсер

Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

Қоршаған ортаны қорғау

Энергия тұтыну және энергия жинақтау

## 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

## 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

## 6. ҚОСЫМШАЛАР

## Сыйақы және ынталандыру

«ҚазТрансОйл» АҚ қызметкерлерін марапаттаудың тиімді жүйесі Компанияны қазіргі және болашақта білікті персоналмен қамтамасыз етуге бағытталған. Еңбекақы төлеу және еңбекті ынталандыру саясаты қолданылатын регламенттеуші құжаттар мен еңбекақы төлеу тетіктерінің бірыңғай болуын, еңбекақы төлеудің кепілді деңгейін ұсынуды, объективтік пен бәсекеге қабілеттілікті, сондай-ақ Компания жұмыскерлердің жеке үлесін ескеретін икемді жүйелерді пайдалануды қамтамасыз етеді. Ынталандырудың негізгі элементтері Компания мен қызметкердің мүдделерінің тепе-теңдігін қамтамасыз етеді. Қойылған мақсаттардың, қол жеткізілген нәтижелердің және сыйақы деңгейінің өзара байланысының ашықтығы мен айқындылығы қызметкерге ұзақ мерзімді перспективада тиімді жұмыс істеу үшін тұрақты уәждеме береді және «ҚазТрансОйл» АҚ-ға бәсекелестік жағдайларда еңбек өнімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Қолданыстағы корпоративтік еңбекақы төлеу жүйесі мыналарды қамтамасыз етеді:

- Қазақстан Республикасының ірі компанияларының деңгейіне сәйкес келетін лайықты сыйақы деңгейі;
- тұрақты және ауыспалы бөліктерден тұратын екі компонентті жалақы жүйесі;
- жұмыскерлердің жалақысын индексстеу.

Жалақының тұрақты бөлігін айқындау кезінде өңірлердегі ауыр табиғи-климаттық жағдайларды ескеретін коэффициенттер, экологиялық қолайсыз жағдайларда тұрғаны үшін коэффициенттер, зиянды еңбек жағдайлары үшін қосымша ақы және басқа да тұрақты төлемдер қолданылады. Ауыспалы бөлік жұмыстың тиісті түрде орындалуы үшін төленеді және еңбектегі олқылықтар жағдайында азаяды.

Орталық аппараттың қызметкерлері мен ОҚБ басшыларына жылдың жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу ескеріле отырып, бекітілген ҚНҚ орындалу дәрежесіне қарай, ал ОҚБ жұмыскерлеріне жұмыс өтіліне қарай төленеді. Сонымен қатар, Компанияда ынталандырушы қосымша төлемдер мен сыйлықақылар (кәсіби шеберлігі, тәлімгерлігі үшін), сондай-ақ мерекелерге арналған сыйлықақылар бар.

2023 жылы ең төменгі жалақыны есептеу үшін Компания қызметкерлерге ай сайынғы негізгі төлемдерді ескере отырып, алгоритмді қолдануды жалғастыруда. Компания жұмыскерлердің ең төменгі жалақысының деңгейі «ҚазТрансОйл» АҚ қызметі жүзеге асырылатын өңірлерде белгіленген ең төменгі жалақыдан жыл сайын тұрақты жоғары. Мәселен, 2023 жылы Компаниядағы ең төменгі жалақы деңгейі 191,72 мың теңгені («Үлкен Шаған КПО» МАС БОҚБ өндірістік және қызметтік үй-жайларын тазалаушының жалақысы) құрады, бұл ел бойынша осы көрсеткіштен 2,74 есе жоғары.



## Персоналды оқыту және дамыту

GRI 404-2

Қызметкерлерді оқыту және олардың біліктілік деңгейін арттыру «ҚазТрансОйл» АҚ кадр саясатының басым бағыттарының бірі болып табылады. Кәсіптік даярлықтың жоғары деңгейі — Компания жұмысының сенімділігі мен тиімділігінің негізгі факторы.

«ҚазТрансОйл» АҚ персоналды дамытуды өндірістік міндеттерді шешу үшін қажетті қызметкерлердің біліктілік деңгейін қамтамасыз ететін, компания қызметкерлерінің адалдығының өсуіне ықпал ететін, ұжымда қолайлы әлеуметтік ахуал қалыптастыратын және корпоративтік мәдениетті дамуына тікелей әсер ететін тұтас жоба ретінде қарастырады.

2023 жылы Компанияның бас директоры (Баскарма төрағасы) бұйрыққа қол қойды, оған сәйкес өндірістік және басқарушылық міндеттерді шешу үшін қажетті «ҚазТрансОйл» АҚ ішінде кәсіби білім мен дағдыларды беруді қамтамасыз ету үшін ішкі тренерлер институтына кандидаттардың пулы айқындалды. Ішкі тренерлер ретінде

үздік тәжірибені, кәсіби дағдыларды жеткізе алатын Компанияның жоғары білікті қызметкерлері тартылады.

Компания персоналын оқыту мен дамытуды басқаруға 70:20:10 моделі енгізілді, оған сәйкес қызметкерлерді оқытудың 90%-ы жұмыс орнында ішкі оқыту институты есебінен, өзінің функционалдық міндеттерін шешу және әріптестерімен қарым-қатынас жасау арқылы жүзеге асырылады.

Жыл сайын әрбір қызметкерге біліктілікті арттыру бойынша 1-ден 3-ке дейін оқыту іс-шаралары ұсынылады. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, экология және басқа да бағыттар бойынша оқыту жүргізіледі.

Семинарлар мен тренингтерге қатысу қорытындысы бойынша әрбір оқу бағдарламасына қанағаттанудың жүйелі мониторингі жүргізіледі.



GRI 404-2

Ақтау қаласында «ҚазТрансОйл» АҚ Маңғыстау мұнай құбыры басқармасының Оқу орталығы жұмыс істейді. Оқу орталығы өндірістік оқыту және дамыту жөніндегі бағдарламалардың іске асырылуын қамтамасыз етеді. 2023 жылы осы бағдарламалар бойынша Компанияның 25 000-нан астам қызметкері оқытылды.<sup>3</sup>

Бұдан басқа, «ҚазТрансОйл» АҚ қызметкерлері «Vision ZERO» нәлдік жарақаттануға қол жеткізу; «NEBOSH IOGC-Өндірістегі еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі халықаралық сертификат» және «IOSH Managing Safely» тақырыптары бойынша еңбек қауіпсіздігін арттыру және өндірістегі өлім-жітімді төмендетудің халықаралық бағдарламалары бойынша оқудан өтті.

Компанияның өндірістік персоналы жаңа техникалық құралдар мен прогрессивті технологияларды игеру мақсатында «Ruhrgroup GmbH өндірісінің сорғыларына қызмет көрсету және пайдалану» өндірушінің оқу орталығы (Германия); «ATB Schorch GmbH өндірісінің электр қозғалтқыштарына қызмет көрсету және пайдалану» өндірушінің оқу орталығы (Германия) тақырыптары бойынша оқытудан өтті.

Сондай-ақ, еңбек заңнамасы бойынша «Еңбек даулары: ұжымдық және жеке еңбек даулары. Келісім комиссиясының мүшелерін оқыту»; «Қақтығысты сезімтал және дағдарыстық коммуникациялар»; «Басшының жеке тиімділігі».

«ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша оқытылған жұмыскерлердің жалпы саны 27 000-нан астам адамды құрады. Олардың ішінде жұмыскерлердің басым бөлігі «ҚазТрансОйл» АҚ-ға тиесілі — 25 811 адамды құрайды.<sup>3</sup>

«ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша оқуға арналған шығындар

**789,7**  
млн теңге

<sup>3</sup> Оқытылғандар санын есептеу кезінде оқытудан өткен оқулар ескерілді (мысалы, егер 1 қызметкер оқытудың екі түрін өткен болса, оқытылғандар саны — 2).



Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
Магистральдық құбырлардың схемасы  
2023 жылғы негізгі оқиғалар  
Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Орнықты дамуды басқару  
Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздіктің маңызды ережелері  
Персоналды басқару, теңдік және әлеуметтік-экономикалық әсер  
Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту  
Қоршаған ортаны қорғау  
Энергия тұтыну және энергия жинақтау

4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

6. ҚОСЫМШАЛАР

\* Оқытылғандар санын есептеу кезінде өткен оқулар ескеріледі (мысалы, егер 1 қызметкер оқытудың екі түрінен өткен болса, оқытылғандар саны — 2.

\*\* Санаттағы бір қызметкерге шаққандағы оқу сағаттарының орташа жылдық саны = жұмыскерлердің әрбір санаты үшін берілген оқу сағаттарының жалпы саны / Санаттағы жұмыскерлердің жалпы саны.

«КазТрансОйл» АҚ-да персоналды оқытуға инвестициялар көлемі

760 млн теңге

3. Орнықты басқару саласындағы нәтижелер

2023 жылғы 31 желтоқсандағы «КазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша оқытылған жұмысшылар саны

Атауы	Барлығы	Гендерлік топтар бойынша			Жұмыскерлердің санаттары бойынша	
		Әйелдер	Ерлер	Басшылар	Мамандар	Жұмысшылар
Персоналдық тізімдік саны	7 699	1 354	6 345	862	2 181	4 653
Оқу сағаттарының саны, сағат	386 529	62 488	324 041	64 373	134 327	186 229
Оқытылған қызметкерлер саны*	27 066	3 685	23 381	3 420	7 949	15 697

«КазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша бір қызметкерге оқу сағатының орташа жылдық саны\*\*


Атауы	Барлығы	Гендерлік топтар бойынша			Жұмыскерлердің санаттары бойынша	
		Әйелдер	Ерлер	Басшылар	Мамандар	Жұмысшылар
«КазТрансОйл» АҚ	53,1	34,3	57,1	78,3	65,8	41,9
БНТ	8,1	3,3	8,9	4,6	6,6	8,6
«Магистральдық Суағызғысы» ЖШС	63,4	248,1	11,4	97,9	33,5	70,4
PTL	6,5	8,0	6,0	4,8	8,0	-

«КазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобында 2023 жылы оқуға 789,7 млн теңге жұмсалды, бұл өткен есепті кезеңмен салыстырғанда біршама аз. Оқыту шығындарының айтарлықтай азаюы «Магистральдық Суағызғысы» ЖШС-да байқалады. «КазТрансОйл» АҚ-да шығындар көлемі 760 млн теңгені құрады, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 1,8%-ға артық. Шығындардың ұлғаюы «КазТрансОйл» АҚ және «КҚК-Қ» АҚ жасасқан Қазақстан Республикасының аумағында КҚК мұнай құбыры жүйесінің Ruhrpumpen GmbH өндірген сорғыларға техникалық қызмет көрсету және пайдалану бойынша қызметтер көрсетуге арналған шарттың талаптарын орындауға байланысты, сондай-ақ «КҚК-К» АҚ тарапынан айыппұл санкцияларын болдырмау үшін жоспарланбаған оқытудың жүргізілуіне байланысты.

Компанияда тәлімгерлік жүйесі жұмыс істейді, ол студенттердің/оқу орындарының оқушыларының ақылы практикадан өтуіне, сондай-ақ сынақ мерзіміндегі жас мамандардың жұмысына басшылықты білдіреді.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі мен Компания арасындағы Өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы меморандум шеңберінде Компанияның жас мамандарды даярлау жөніндегі бастамасы шеңберінде, оның ішінде Қ.И. Сәтбаев атындағы «ҚазҰТЗУ» КЕАҚ, «Қазақстан-Британ техникалық университеті» АҚ, «Назарбаев Университеті» АҚ, «Сағи Өтебаев атындағы Атырау Мұнай және газ университеті» КЕАҚ бар еліміздің 21 жетекші жоғары оқу орындарымен және колледждерімен ынтымақтастық жүргізілуде.

«КазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша персоналды оқытуға инвестициялар



Атауы	2021	2022	2023	Өзгеріс, %
«КазТрансОйл» АҚ	637	746	760	1,8
БНТ	6,8	6,8	7,5	10,3
«Магистральдық Суағызғысы» ЖШС	34,5	37,1	21,9	-41,0
PTL	0	0	0,3	-

I Жас мамандар кеңесі

Компанияның Жастар саясаты шеңберінде «КазТрансОйл» АҚ жас мамандар кеңесі жұмыс істейді, оның әрекеті белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастыруды қоса алғанда, «КазТрансОйл» АҚ жас қызметкерлерінің жан-жақты кәсіби дамуы үшін қолайлы әлеуметтік-экономикалық және ұйымдастырушылық жағдайлар жасауға бағытталған. Кеңес жас жұмыскерлердің мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, олардың күш-жігерін біріктіреді және халықаралық тәжірибеге назар аудара отырып, олардың мәдени және корпоративтік дамуына ықпал етуге бағытталған.

2023 жылы «КазТрансОйл» АҚ жас мамандар кеңесінің жұмыс жоспарын іске асыру аясында «Bookcrossing» акцияларын, дебаттық онлайн-турнирлерді ұйымдастыруды, «Chess club» және «English club» дамытушы клубтарын қалыптастыруды, спорттық және киберспорт турнирлерін өткізуді, сондай-ақ «Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күні», «Өмір үшін», «Көліксіз бір күн» және «Экотуризм» сияқты экологиялық және әлеуметтік бастамаларды іске асыруды қоса алғанда, бірқатар іс-шаралар орындалды. Сонымен қатар, интернаттар мен балалар үйлерінің тәрбиеленуші балаларын қолдау және халықтың аз қамтылған топтарын қолдау мақсатында қайырымдылық акциялары ұйымдастырылды. Жас мамандар Компанияның ғылыми-техникалық және шығармашылық қызметіне белсенді қатысады. 2023 жыл ішінде Компанияның жас мамандары «КазТрансОйл Аруы», «Этно-ауыл» және «Қазақ батыры» шығармашылық конкурстарына, сондай-ақ өндіріс тиімділігін арттыру үшін өз идеяларын белсенді түрде ұсына отырып, HSE өндірістік процестерінің инновациялары саласындағы «Үздік идеялар» конкурсына қатысып, конкурс қорытындысы бойынша 1 жоба іріктелді.

I Кадрлық резерв

«КазТрансОйл» АҚ кадр резервін қалыптастыру Қағидаларына сәйкес кадр резервін қалыптастыру үшін лауазымдардың төрт санаты белгіленді (А, В, С және D).

Кәсіби кадрларға деген қажеттілікке байланысты Компания лауазымдардың барлық санаттары бойынша кадр резервін қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізуде.

Бұл бастама Компанияның стратегиялық мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу үшін олардың әлеуетін барынша пайдалану мақсатында оларға мансаптық өсу мен даму мүмкіндіктерін беру есебінен дарынды қызметкерлерді табуға және ұстап тұруға көмектеседі. Сонымен қатар, кадрлық резервті құру Компанияны персоналды іздеуге кететін уақытты азайтып, дайындалған, ынтымақ қызметкерлермен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Компанияның 23 қызметкері В және С санаттары бойынша «КазТрансОйл» АҚ кадр резервіне алынды.

2023 жылы «КазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша 305 студент пен колледж оқушылары «КазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы базасында өндірістік практикадан өтті.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «КазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша өндірістік объектілердегі практиканттар саны

Атауы	Саны
«КазТрансОйл» АҚ	290
Орталық аппарат	26
«КазТрансОйл» АҚ ЗЭО» филиалы	0
Атырау мұнай құбыры басқармасы	44
Құлсары мұнай құбыры басқармасы	40
Маңғыстау мұнай құбыры басқармасы	14
Шығыс операторлық қызметтер басқармасы	0
Ақтөбе мұнай құбыры басқармасы	12
Жезқазған мұнай құбыры басқармасы	42
Қарағанды мұнай құбыры басқармасы	42
Павлодар мұнай құбыры басқармасы	41
Шымкент мұнай құбыры басқармасы	29
БНТ	7
«Магистральдық Суағызғысы» ЖШС	8
PTL	-

Компанияның әртүрлі басқару деңгейлері бойынша басшылары (өкілдіктерді қоспағанда), басқарушы қызметкерлер және ОҚБ бірінші басшылары)

ОҚБ басшылары (бірінші басшыларды қоспағанда), ОА құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, ОҚБ бөлімдері мен қызметтерінің бастықтары



Желілік басшылар

ОҚБ желілік басшылар болып табылмайтын инженерлік-техникалық қызметкерлері

2023 жылы «КазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы базасында өндірістік практикадан өткен колледж студенттері мен оқушылары

305 адам

2023 жылғы кадр резервінің саны

23 адам



Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
Магистральдық құбырлардың схемасы  
2023 жылғы негізгі оқиғалар  
Компанияның бизнес-моделі

### 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

### 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

### 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Орнықты дамуды басқару  
Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздіктің маңызды ережелері  
Персоналды басқару, теңдік және әлеуметтік-экономикалық әсер  
Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту  
Қоршаған ортаны қорғау  
Энергия тұтыну және энергия жинақтау

### 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

### 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

### 6. ҚОСЫМШАЛАР

## I Персоналды бағалау

Аттестаттаудан өткен «ҚазТрансОйл» АҚ қызметкерлері

**2 174**  
адам

2023 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ-да кадр резервіне кандидаттарды іріктеу, басымдықтарды, басқару әлеуетін айқындау және дамытудың жеке жоспарларын қалыптастыру үшін құзыреттерді бағалаудың көп сатылы жүйесі қолданылды.

Аралас бағалау негізінде «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 11 қызметкерінің басқарушылық әлеуеті айқындалды, оның ішінде орталық аппараттың 4 қызметкері, «ҚазТрансОйл» АҚ ОҚБ 7 қызметкері.

2023 жылы компанияның бас директоры (Басқарма төрағасы) Компания қызметкерлерін аттестаттаудан өткізу туралы бұйрыққа қол қойды. Аттестаттау жұмыскерлердің біліктілігінің олар атқаратын лауазымдарға немесе орындайтын жұмыстарға сәйкестігін бағалау мақсатында жүргізіледі.

Есепті күннен кейінгі оқиғалар:

**2024 ЖЫЛДЫҢ ҚАҢТАР-НАУРЫЗ АРАЛЫҒЫНДА ОРТАЛЫҚ АППАРАТ ПЕН ОҚБ 2 174 ҚЫЗМЕТКЕРІ АТТЕСТАТТАУДАН ӨТТІ.**



## I Персонал ротациясы

2023 жылы

**22**  
қызметкер

ротациядан өтті

Персоналды дамыту жүйесін жетілдіру аясында ротацияны персоналды іріктеудің оңтайлы әдісі ретінде енгізу соңғы 4 жылда өзінің тиімділігі мен келешегін көрсетті. «ҚазТрансОйл» АҚ филиалдардың, мұнай құбыры басқармаларының және операторлық қызметтер басқармаларының басшы қызметкерлерін, сондай-ақ орталық аппараттың құрылымдық бөлімшелерінің басшыларын ротациялау практикасын қабылдады.

Сапалы жүргізілген ротацияның қорытындысы қазіргі бар басқару тетіктеріне инновациялардың ағыны, Компанияның кадрларын оңтайлы пайдалану, құрылымдық бөлімшелер

арасындағы өзара іс-қимылды нығайту, жұмыскерлердің басқа бөлімшелердің қажеттіліктерін түсінуі салдарынан перспективалық және ағымдағы өндірістік міндеттерді бірлесіп шешуді жеңілдету және нәтижесінде – тұтастай алғанда Компанияның ұйымдық-шаруашылық құрылымының жұмыс істеу тиімділігін арттыру болып табылады.

2023 жылы филиалдардың, мұнай құбыры басқармаларының және операторлық қызметтер басқармаларының басшы құрамының 22 қызметкері, сондай-ақ Компанияның орталық аппаратының құрылымдық бөлімшелерінің басшылары ротациядан өтті.

## I Персоналды әлеуметтік қолдау

«ҚазТрансОйл» АҚ қызметкерлер алдындағы жауапкершілігін сезіне отырып, бизнестің тұрақтылығына, қызметі жүзеге асырылатын өңірлердегі әлеуметтік тұрақтылыққа және жұмыскерлердің еңбек жағдайларына қанағаттануына бағытталған салмақты және теңгерімді әлеуметтік саясат жүргізеді.

GRI 401-2

Тұрақты жұмыспен қамту жағдайында жұмыс істейтін қызметкерлерге берілетін жеңілдіктер, сондай-ақ уақытша жұмыспен қамтылған қызметкерлерге де беріледі. Мұндай жеңілдіктерге медициналық сақтандыру, қызметкерді еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде жазатайым оқиғалардан сақтандыру, бала үш жасқа толғанға дейін оның күтімі бойынша демалыс және ұжымдық шартта көзделген мүгедектігі бар қызметкерлер үшін қосымша демалыс кіреді. Зейнетақы бағдарламалары Компаниядан зейнетке

шыққан және Компанияда кемінде 5 жыл үздіксіз жұмыс өтілі бар қызметкерлер үшін қол жетімді.

Ұжымдық шарт әлеуметтік саясатты іске асырудың негізі болып табылады. 2023 жылғы ақпанда кешенді жұмыс жүргізу нәтижесінде Компанияның алдыңғы ұжымдық шартының қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты «ҚазТрансОйл» АҚ мен «ҚазТрансОйл» АҚ қызметкерлері арасында үш жылдық кезеңге (2023-2026 жылдар) жасалған жаңа Ұжымдық шартқа қол қойылды, оның мақсаты мыналар болып табылады:

- қызметкерлерді әлеуметтік қолдау;
- тараптар мүдделерінің оңтайлы теңгеріміне қол жеткізу;
- Компания қызметінің тиімділігін арттыру;
- тараптардың өндірістік-экономикалық қызмет нәтижелері үшін жауапкершілігін күшейту.

«ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобының қызметкерлерін әлеуметтік қолдауға арналған шығындар

**4,45**  
млрд теңге



GRI 12-30

2023 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ 100% қызметкері ұжымдық шартпен қамтылды.

«ҚазТрансОйл» АҚ сала ардагерлеріне ерекше көңіл бөледі. Мәселен, 2023 жылы қолданыстағы «ҚазТрансОйл» АҚ жұмыс істемейтін зейнеткерлер мен мүгедектерді әлеуметтік қолдау регламентінің аясында Компаниядағы жұмыс өтіліне қарай қосымша ай сайынғы төлемдер және 1900-ден астам зейнеткер үшін ұлттық, мемлекеттік және кәсіби мерекелерге материалдық көмек көзделген.

**100%**

«ҚазТрансОйл» АҚ қызметкері ұжымдық шартпен қамтылды



Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
Магистральдық құбырлардың схемасы  
2023 жылғы негізгі оқиғалар  
Компанияның бизнес-моделі

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

## 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

## 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Орнықты дамуды басқару  
Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздіктің маңызды ережелері  
Персоналды басқару, теңдік және әлеуметтік-экономикалық әсер  
Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту  
Қоршаған ортаны қорғау  
Энергия тұтыну және энергия жинақтау

## 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

## 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

## 6. ҚОСЫМШАЛАР

### GRI 401-3

2023 жылы жұмысқа шыққан жұмыскерлердің және бала үш жасқа толғанға дейін оның күтімі бойынша демалыс аяқталғаннан кейін қызметкерлерді ұстап қалу көрсеткіштері 100%-ды құрады.

2023 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы өз қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелерін қолдауға бағытталған барлық әлеуметтік міндеттемелерді орындады.

### «ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобының қызметкерлерін және олардың отбасы мүшелерін әлеуметтік қолдауға бағытталған шығындар

Көрсеткіш	2021	2022	2023	Өзгеріс, %
<b>Әлеуметтік төлемдерге арналған шығындар, оның ішінде:</b>	<b>2,766</b>	<b>3,513</b>	<b>4,454</b>	<b>26,8</b>
«ҚазТрансОйл» АҚ	2,4	3	3,7	23,3
БНТ	0,313	0,463	0,585	26,3
«Магистральдық Суағызғы» ЖШС	0,023	0,026	0,029	11,5
PTL	0,030	0,024	0,014	-41,6

МЛРД ТЕҢҒЕ

### Әмбебап спорт алаңдарын салу

Вахталық әдіспен жұмыс істейтін «ҚазТрансОйл» АҚ жұмыскерлерінің, өз кезегінде корпоративтік және спорттық рух деңгейіне, ұжымның ұйымшылдығы мен жұмысқа қабілеттілігіне әсер ететін әлеуметтік салауаттылығын жақсарту және нығайту және салауатты өмір салтын қолдау, оларды пайдалы бос уақытпен қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 10 өндірістік объектісінде әмбебап спорт алаңдары (футбол / волейбол / баскетбол) орнатылды.

2023 жылы Маңғыстау мұнай құбыры басқармасының «Қаламқас» БМАС және «Қаражанбас» МАС, «Қүмкөл» БМАС, «Жұмағалиев» БМАС және Жезқазған мұнай құбыры басқармасы Басқармасы аппаратының кеңсесінің аумағында, «Кеңқияқ» БМАС және Ақтөбе мұнай құбыры басқармасының өнеркәсіптік базасында, Павлодар мұнай құбыры басқармасының «Екібастұз» МАС, «Трудовое» АКБ және Қарағанды мұнай құбыры басқармасының «Степное» МАС әмбебап спорт алаңдары пайдалануға берілді. Компанияның бір әмбебап спорт алаңын орнатуға жұмсаған шығындары шамамен 30 млн теңгені құрайды.



«ҚазТрансОйл» АҚ өндірістік нысандарында

# 10

әмбебап спорт алаңы орнатылды



### «Кеңқияқ» БМАС жатақханасын реконструкциялау

Есепті жылы «ҚазТрансОйл» АҚ Ақтөбе мұнай құбыры басқармасының «Кеңқияқ» мұнай айдау станциясының қызметкерлері үшін 56 орындық жатақхана пайдалануға берілді. Жатақхананы реконструкциялау кезінде қызметкерлерге өрт қауіпсіздігін күшейту, жылыту жұмыстарын ауыстыру, ағаш терезелерді жөндеу сияқты қауіпсіздік шараларына ерекше назар аударылды.

«ҚазТрансОйл» АҚ қызметкерлерінің еңбек және демалыс жағдайларын жақсарту жөніндегі 2023-2027 жылдарға арналған жол картасы аясында 2024 жылы әлеуметтік маңызы бар объектілерді салуды және жөндеуді жалғастыру жоспарлануда.

«Кеңқияқ» МАС жатақханасын

# 56

орынға қайта жаңарту



Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
Магистральдық құбырлардың схемасы  
2023 жылғы негізгі оқиғалар  
Компанияның бизнес-моделі

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

## 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

## 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Орнықты дамуды басқару  
Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздіктің маңызды ережелері  
Персоналды басқару, теңдік және әлеуметтік-экономикалық әсер  
Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту  
Қоршаған ортаны қорғау  
Энергия тұтыну және энергия жинақтау

## 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

## 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

## 6. ҚОСЫМШАЛАР

2023 жылы SRS индексі

88%

## Конкурстық және наградтау саясаты

Компанияда «КазТрансОйл» АҚ қызметкерлерін, оның ЕББҮ және «КазТрансОйл» АҚ ардагерлерін наградтау және көтермелеу тәртібі туралы қағидалар әзірленіп, қолданылып жүр, ол жұмыскерлердің жоғары еңбек көрсеткіштеріне қол жеткізуге қызығушылығын арттыруға, кәсіби қызметке ынталандыруға, жұмыскерлер мен ардагерлердің еңбегін көпшілік алдында мойындауға бағытталған.

### «КазТрансОйл» АҚ 2023 жылы наградталған қызметкерлері

#### Кәсіби мереке — Қазақстан Республикасы Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің күніне орай:

- Компанияның **14 қызметкері** Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің медальдарымен және төсбелгілерімен, Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Құрмет грамоталарымен және Алғыс хаттарымен марапатталды;
- 3 қызметкер** — «Самұрық-Қазына» АҚ Құрмет грамоталарымен;
- 11 қызметкер** — «КазМұнайГаз»ҰК АҚ Құрмет грамоталарымен және естелік белгілерімен;
- 176 қызметкер** — «КазТрансОйл» АҚ Құрмет грамоталарымен және Алғыс хаттарымен марапатталды.

#### Ұлттық мереке — республика күніне орай:

- Компанияның **1 қызметкері** «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды;
- 2 қызметкер** — «Самұрық-Қазына» АҚ Құрмет грамотасымен және Алғыс хатымен;
- 13 қызметкер** — «КазМұнайГаз» ҰК АҚ Құрмет грамоталарымен және естелік белгілерімен;
- 124 жұмыс** — «КазТрансОйл» АҚ Құрмет грамоталарымен және Алғыс хаттарымен;
- Тәуелсіздік күні мен энергетика күніне орай Компанияның **2 жұмысшысы** «Еңбек ардагері» медалімен;
- «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамының құрметті қызметкері құрметті атағымен «КазТрансОйл» АҚ-ның **1 жұмысшысы** марапатталды.

2023 жылғы тамызда «КазТрансОйл» АҚ «Транснефть — Урал» АҚ (Уфа қ., Ресей Федерациясы) объектілерінде «Транснефть» ҰК» ЖАҚ (Ресей Федерациясы), «КазТрансОйл» АҚ (Қазақстан Республикасы) және «Гомельтранснефть» ААҚ (Беларусь Республикасы) жұмысшылары қатысқан «мамандығы бойынша үздік» халықаралық кәсіби шеберлік конкурсына қатысты. Байқау қорытындысы бойынша «КазТрансОйл» АҚ командасы жалпы командалық екінші орынға ие болды.

## Қызметкерлердің қатысу дәрежесін зерттеу

«КазТрансОйл» АҚ персоналының қатысу көрсеткіші SAMRUK RESEARCH SERVICES индексі (SRS индексі) болып табылады. SRS индексін зерттеу әдістемесі еңбек ұжымдарындағы әлеуметтік тұрақтылық деңгейін өлшеуді бақылау болып табылады. SRS индексін зерттеу жөніндегі уәкілетті ұйым әлеуметтік өзара іс-қимыл және коммуникациялар орталығы болып табылады.

SRS индексін анықтау үшін Компанияның өндірістік персоналына телефон арқылы сауалнама жүргізіледі. Сауалнама индекстің төрт бағыты бойынша 60 сұрақты қамтиды: қатысу, әлеуметтік әл-ауқат, әлеуметтік тыныштық және сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік. 2023 жылы мұнай құбыры басқармалары мен операторлық қызметтер басқармаларының 1 682 қызметкерінен сұхбат алынды.

2023 жылы SRS индексі 88%-ды құрады, бұл 2022 жылғы көрсеткіштен 6%-ға артық.

### Компанияның SRS индексі

Көркеткіш	2021	2022	2023	Өзгеріс, %
SRS индексі (агрег.)	88	83	<b>88</b>	6
Қатысу индексі	91	82	<b>87</b>	6,1
Әлеуметтік әл-ауқат индексі	71	85	<b>84</b>	-1,2
Әлеуметтік тыныштық индексі	93	87	<b>91</b>	4,6

## Мемлекеттік тілді дамыту

### Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асыру жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны орындау үшін «КазТрансОйл» АҚ-да орталық аппаратта және «КазТрансОйл» АҚ ОҚД-да мемлекеттік тілді дамыту мен қолданудың 2019-2025 жылдарға арналған бағдарламасы (Бағдарлама) бекітілді.

Бағдарламаны іске асыру мақсатында жыл сайын «КазТрансОйл» АҚ орталық аппаратында және операторлық қызметтер департаментінде мемлекеттік тілді дамыту мен қолданудың 2019-2025 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (Жоспар) әзірленіп, бекітіледі.

2023 жылы жоспардың барлық іс шаралары төрт бағыт бойынша орындалды:

Бірінші бағыт бойынша — мемлекеттік тілде құжаттарды дайындау кезінде қызметкерді бағдарламалық сүйемелдеу бөлігінде мемлекеттік тілде жұмыс жүргізу үшін қолайлы жағдайлар жасау:

- мемлекеттік тілде электрондық құжат айналымы жүйесінде (ЭҚЖ) «КазТрансОйл» АҚ орталық аппараты мен ОҚД құжаттарының үлгілерін іздеу бойынша электрондық каталог жаңартылды;
- «КазТрансОйл» АҚ құрылымдық бөлімшелерінің БЖБ-да хаттар мен қызметтік жазбалардың үлгілік шаблондарының базасы жаңартылды;
- «КазТрансОйл» АҚ өндірістік қызметінде қолданылатын мемлекеттік тілдегі салалық терминология жаңартылды;
- Компанияның өндірістік қызметінде қолданылатын терминдердің электрондық өндірістік сөздігі таратылды және ОҚБ ЭҚЖ орналастырылды;
- «КазТрансОйл» АҚ қызметкерлерін info@kaztransoil.kz Компанияның корпоративтік ақпараттық порталында орналастырылған құжаттарды өз бетінше дайындау және мемлекеттік тілді үйрену үшін пайдалы интернет-ресурстарға сілтемелер туралы тоқсан сайын ақпараттандыру.

Екінші бағыт бойынша — мемлекеттік тілді қолдану аясын кеңейту және насихаттау:

- орталық аппарат пен ОҚД, «КазТрансОйл» АҚ МТБО филиалының қызметкерлері арасында жыл сайынғы Жалпықазақстандық ашық диктант сияқты мемлекеттік тілде диктант өткізілді;
- «КазТрансОйл» АҚ-ның Жезқазған, Павлодар, Қарағанды мұнай құбыры басқармаларының мемлекеттік тілді оқытудан өткен/өтіп жатқан қызметкерлері арасында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай «білімді маман» байқауы өткізілді;
- орталық аппараттың құрылымдық бөлімшелері мен Компанияның ОҚБ арасында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай «Мемлекеттік тілді меңгерген ең үздік құрылымдық бөлімше» атты конкурс өткізілді;
- қазақ ақындары мен жазушыларының шығармаларынан үзінділерді оқу бойынша эстафета (флэшмоб) өткізілді, оған «КазТрансОйл» АҚ жас мамандары қатысты;

- «КазТрансОйл» АҚ орталық аппараты мен ОҚБ қызметкерлері арасында Қазақстанның халық ақыны, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты және қоғам қайраткері Фариза Оңғарсынованың шығармаларын оқу бойынша әдеби эстафета өткізілді.

Үшінші бағыт бойынша — мемлекеттік тілді оқыту курстарын ұйымдастыру:

- «КазТрансОйл» АҚ-ның Жезқазған, Павлодар, Қарағанды мұнай құбыры басқармаларының қызметкерлеріне мемлекеттік тілді оқыту курсы ұйымдастырылды.

Төртінші бағыт бойынша — мемлекеттік тілдегі құжат айналымы:

- «КазТрансОйл» АҚ-ның құжаттау және құжаттаманы басқару ережелерінде «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының ережелеріне сәйкес «КазТрансОйл» АҚ-да жұмыс және іс жүргізу тілі мемлекеттік тіл болып табылады және қажет болған жағдайда басқа тілдер қолданылады деп бекітілген;
- мемлекеттік тілдегі құжат айналымы бойынша ақпаратты уәкілетті органдарға тоқсан сайын ұсыну;
- мемлекеттік тілде бланкілерді, маңдайшаларды және басқа да көрнекі ақпаратты дайындау;
- «КазТрансОйл» АҚ қызметкерлері мемлекеттік тілде өз бетінше дайындаған құжаттар санын көбейту.

2023 жылы Компаниядағы құжат айналымы үлесінің көрсеткіштері (сыртқы және ішкі құжаттар) мемлекеттік тілде 95%-ды құрады.

«КазТрансОйл» АҚ бас директорының (Басқарма төрағасының) 2023 жылғы 25 желтоқсандағы №147 бұйрығымен Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөнінде «КазТрансОйл» АҚ іс-қимыл жоспары бекітілді.

### 2024 жылға және орта мерзімді перспективаға арналған жоспарлар

Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөнінде «КазТрансОйл» АҚ бекітілген іс-қимыл жоспарын орындау.

Компаниядағы мемлекеттік тілдегі құжат айналымы үлесінің көрсеткіштері

95%

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
Магистральдық құбырлардың схемасы  
2023 жылғы негізгі оқиғалар  
Компанияның бизнес-моделі

#### 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

#### 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

#### 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Орнықты дамуды басқару  
Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздіктің маңызды ережелері  
Персоналды басқару, теңдік және әлеуметтік-экономикалық әсер  
Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту  
Қоршаған ортаны қорғау  
Энергия тұтыну және энергия жинақтау

#### 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

#### 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

#### 6. ҚОСЫМШАЛАР

Денсаулық мүмкіндіктері шектеулі «ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша жұмыстар саны

57 адам

# Тең мүмкіндіктер

## Басқару тәсілі

GRI 3-3

Барлық қызметкерлер үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету «ҚазТрансОйл» АҚ үшін басымдық болып табылады. Компанияда жыныстық, нәсілдік, ұлттық, діни қатыстылығы және адамның кәсіби қасиеттеріне байланысты емес басқа да сипаттамалары бойынша кемсітушіліктің кез келген нысаны жоққа шығарылады. Компания балалар еңбегін, мәжбүрлі еңбекті пайдалануды болдырмайды. Сондай-ақ Компанияда заңнамада немесе ішкі құжаттарда көзделген жағдайларды қоспағанда, жекелеген қызметкерлерге артықшылықтар мен жеңілдіктер берілмейді.

## Тең мүмкіндіктер

GRI 2-23, 406-1

Корпоративтік құндылықтар Директорлар кеңесі 2020 жылғы 10 желтоқсанда бекіткен «ҚазТрансОйл» АҚ Іскерлік әдеп кодексінде айқындалған. Құжатта ашықтыққа, жауапкершілікке, әдепті мінез-құлыққа, адам құқықтарын, әділеттілік пен меритократияны сақтауға және құрметтеуге негізделген іскерлік мінез-құлық пен тиімді өзара әрекеттесу ережелері анықталған. Компания мүдделі тараптардың арасында әділ және адал қарым-қатынасты қоса алғанда, кемсітушілік пен мүдделер қақтығысын болдырмауға ұмтылады. Компания қызметкерлерді жұмысқа қабылдау, жетістіктерін бағалау және ілгерілету кезінде нақты және ашық өлшемшарттарға негізделген бірыңғай ережелердің болуын қамтамасыз етеді.

Есепті кезеңде «ҚазТрансОйл» АҚ-ның Компаниялар тобы бойынша кемсітушілік фактілері анықталған жоқ.

GRI 405-1


«ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы мүмкіндігі шектеулі жандарға жұмыс орындарын ұсынады. Есепті жылы мүгедектігі бар жұмыскерлер саны 57 адамды құрады. Олардың ішінде 55 адам жұмысқа орналастырылды, «ҚазТрансОйл» АҚ-да басшы лауазымдарда — 11%, мамандар — 42%, жұмысшылар — 47%. «Магистральдық Су ағызғысы» ЖШС-де маман және жұмысшы лауазымдарында 2 адам жұмысқа орналастырылды. «ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша мүмкіндіктері шектеулі қызметкерлердің үлесі 2023 жылы 0,74%-ды құрады.

GRI 405-2

«ҚазТрансОйл» АҚ-да гендерлік тиістілікке қатысты жалақы мен сыйақыларда айырмашылықтар жоқ. Жұмыскерлердің жалақы деңгейі лауазымға байланысты, яғни бірдей лауазымда жұмыс істейтін әйелдер мен ер адамдар бірдей жалақы мен басқа да төлемдерді алады.

Жұмыскерлердің жалақысын қалыптастыру кезінде климаттық жағдайлары ауыр өңірлерде жұмыс істеуге байланысты қосымша шығыстар мен еңбек шығындарының орнын толтыру үшін жалақының салыстырмалы өсуін көрсететін өңірлік коэффициент ескеріледі. Бұл коэффициенттің ең үлкен мәні Қазақстан Республикасының батыс өңірлерінде — Атырау және Маңғыстау облыстарында белгіленген.

Жалақы мен сыйақының арақатынасындағы айырмашылықтар бір санаттағы әйелдер мен ерлердің әртүрлі кәсіптерімен түсіндіріледі. Сыйақы лауазымы мен кәсібіне байланысты, жынысына қатысты емес. Бір лауазымда әйелдер мен ерлерді марапаттау тепе-теңдігі сақталады.



GRI 202-2

«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі, Басқарма, орталық аппараттың құрылымдық бөлімшелері мен қызметтерінің басшылары, ОҚБ қызметтері мен Компания филиалдарының бастықтары құрамындағы гендерлік теңдікке көзқарасты жетілдіруге ұмтылады. 2023 жылы жергілікті халық өкілдерінен жалданған басшы ер адам үлесі 100%-ды құрады\*.

GRI 407-1

«ҚазТрансОйл» АҚ адам құқықтарын қорғауға жауапкершілікпен қарайды. 2023 жылы бөлімшелерде және/немесе жеткізушілерде қауымдастықтар мен ұжымдық шарттарды жүргізу бостандығын пайдалану бұзушылықтары немесе тәуекелдері тіркелген жоқ.

### 2024 жылға және орта мерзімді перспективаға арналған жоспарлар

1. Персоналды дамыту және жоғары білікті жұмыскерлерді ұстап қалу мақсатында «ҚазТрансОйл» АҚ персоналын бағалау, жұмыскерлерге сыйақы беру және ынталандыру жүйелерін одан әрі жетілдіру жөнінде жұмыстар жүргізу.
2. «ҚазТрансОйл» АҚ-ның құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді әзірлеу қағидаларына өзгеріс пен толықтыру енгізу.

\* «Жергілікті халық» ұғымы «ҚазТрансОйл» АҚ (Қазақстан Республикасы) орналасқан елде туылған немесе шектеусіз уақыт өмір сүруге заңды құқығы бар адамдарды білдіреді.





Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2023 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

2023 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

## 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

## 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Орнықты дамуды басқару

Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздіктің маңызды ережелері

Персоналды басқару, теңдік және әлеуметтік-экономикалық әсер

Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

Қоршаған ортаны қорғау

Энергия тұтыну және энергия жинақтау

## 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

## 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІН НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

## 6. ҚОСЫМШАЛАР



Әлеуметтік желілерде жарияланған

**1117**  
хабарлама

# Корпоративтік коммуникациялар

## Басқару тәсілі

«ҚазТрансОйл» АҚ тұрақты негізде жұмыскерлермен және барлық мүдделі тараптармен сындарлы байланыс орнатады. Компанияда кері байланыстың тиімділігін арттыруға бағытталған ішкі коммуникациялардың интеграцияланған жүйесі табысты жұмыс істеуде. Басшылық өкілдері Компанияның әртүрлі бөлімшелерінде, кеңселерінде және өкілдіктерінде еңбек ұжымдарымен міндетті жоспарлы кездесулер өткізеді, олардың барысында әлеуметтік, тұрмыстық және өндірістік мәселелерді қоса алғанда, маңызды тақырыптар талқыланады.

2023 жылы корпоративтік коммуникациялар саласындағы жұмыс ішкі және сыртқы стейкхолдерлер үшін Компанияның брендін нығайтуға бағытталған. Компания мақсатты аудиториялармен корпоративтік өзара іс-қимылдың қолданыстағы құралдарын дамытуға ерекше назар аударуды жалғастыруда.

Басшылық, жұмыскерлер және басқа да мүдделі тараптар арасындағы байланыс мәселелерін басқаруды «ҚазТрансОйл» АҚ-ның Қоғаммен байланыс және ішкі коммуникациялар департаменті реттейді. Компанияның корпоративтік коммуникацияларды ұйымдастырумен байланысты қызметін реттейтін негізгі құжаттар:

- «ҚазТрансОйл» АҚ-дағы Ішкі коммуникациялар регламенті;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-да Дағдарысқа қарсы коммуникацияларды басқару регламенті;
- «ҚазТрансОйл» интернет-ресурсында ақпарат орналастыру кезінде «ҚазТрансОйл» құрылымдық бөлімшелері арасында өзара іс-қимыл жөніндегі регламент;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-ның корпоративтік ақпараттық порталын толтыру және сүйемелдеу бойынша өзара іс-қимыл регламенті;
- «ҚазТрансОйл» АҚ жедел әрекет ету орталығына берілген жеке және заңды тұлғалардың шағымдарын қарау тәртібі;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-ның Жедел ден қою орталығына келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-ның Медиа-Жоспары;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-ның брендбүгі.

## Кері байланыс арналары

GRI 2-16, 2-25, 2-26

«ҚазТрансОйл» АҚ әрбір жұмыскер мен басқа да мүдделі тұлғалар үшін сұрақтармен және өтініштермен жүгінуге және оларға уақтылы жауап алуға мүмкіндік береді. Ол үшін Компанияда жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі айқындалған. Өтініштер мыналар бойынша келіп түседі:

- «Самұрық-Қазына» АҚ-ның жедел желісі;
- «Нысана» жедел желісі;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-ның электрондық ақпараттық сенім жүйесі — [doverie@kaztransoil.kz](mailto:doverie@kaztransoil.kz);
- бас директор (Басқарма төрағасы) блогы;
- Компанияның «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» атты арнаулы бөлінген желісі;
- Жедел Ден қою Орталығы.

Келіп түскен барлық өтініштерді Құжаттамалық қамтамасыз ету департаменті тіркейді және Компанияның бас директорына (Басқарма төрағасына) не мәселе құзыретіне жататын тиісті басшысына жолданады. Бұл ретте жасырын өтініштер орталық аппараттың/ОҚБ жасырын өтініштерді қарау жөніндегі жұмыс тобының мүшелеріне жіберіледі. Барлық алынған өтініштер бойынша тексерулер, ал қажет болған жағдайда қызметтік тергеулер жүргізіледі және тиісті түзету шаралары мен алдын алу шаралары қабылданады.

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның ЖДО-ға түскен өтініштер саны



## Жедел ден қою орталығы

GRI 2-16, 2-25, 2-26

«ҚазТрансОйл» АҚ-да кері байланыстың тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында WhatsApp мессенджері арқылы Компанияда «ҚазТрансОйл» АҚ жедел ден қою орталығының (ЖДО) жұмысы іске қосылды. ЖДО жұмысы «ҚазТрансОйл» АҚ-ның Жедел ден қою орталығына келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады. Өтініштерді қабылдау үшін WhatsApp мессенджерінде +7 771 101 55 06 нөмірі арқылы ЖДО аккаунты жұмыс істейді.

Компанияның, оның лауазымды адамдары мен басқа да жұмыскерлерінің қызметіне байланысты мәселелер бойынша қазақ және орыс тілдерінде өтініштер қарауға қабылданады. Құжаттамалық қамтамасыз ету департаментінде тіркелген өтініштерді қарау мерзімі «ҚазТрансОйл» АҚ Құжаттандарыру және құжаттаманы басқару қағидаларына сәйкес белгіленеді. Өтініштерге жауаптарды құрылымдық бөлімшелер оларға қол қойылған (бекітілген) күні ЖДО үйлестірушісіне электрондық пошта арқылы жібереді. Қоғаммен байланыс және ішкі коммуникациялар департаменті ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 15-і күніне дейінгі мерзімде Компанияның бас директорына (Басқарма төрағасына) не оны алмастыратын тұлғаға есепті айда келіп түскен өтініштерді қарау туралы есеп береді.

ЖДО қызметінің шеңберінде 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 280 өтініш түсті, оның ішінде — 1-еуі жасырын. Өтініштердің негізгі тақырыптары бос жұмыс орындарының болуы, тағылымдамадан өту мүмкіндігі, сондай-ақ жұмыскерлердің әлеуметтік-еңбек мәселелері болып табылады.



Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
Магистральдық құбырлардың схемасы  
2023 жылғы негізгі оқиғалар  
Компанияның бизнес-моделі

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

## 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

## 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Орнықты дамуды басқару  
Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздіктің маңызды ережелері  
Персоналды басқару, теңдік және әлеуметтік-экономикалық әсер  
Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту  
Қоршаған ортаны қорғау  
Энергия тұтыну және энергия жинақтау

## 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

## 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІН НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

## 6. ҚОСЫМШАЛАР

Компанияның интернет-ресурсында жарияланған

**122**  
пресс-релиз

Компания басшылығымен

**28**  
тікелей эфир өткізілді

## Коммуникациялар арналары

Кері байланыс механизмдерінен басқа, Компанияның іскерлік беделіне әсер ететін маңызды фактор корпоративтік коммуникациялар болып табылады. 2023 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ-да алты ақпараттық коммуникация арнасы жұмыс істеді, олардың мақсаты «ҚазТрансОйл» АҚ-ның оң имиджін нығайту және Компанияның қолданыстағы Даму стратегиясына сәйкес PR-мақсаттарға қол жеткізу болып табылады.

Компанияның негізгі байланыс арналарына мыналар жатады:

- корпоративтік интернет-ресурс [www.kaztransoil.kz](http://www.kaztransoil.kz);
- корпоративтік ақпараттық портал;
- «ҚазТрансОйл» АҚ ұялы байланыс қосымшасы;
- корпоративтік теледидар;
- KTOinfo бірыңғай ақпараттық таратылымы;
- Facebook, Instagram, YouTube, LinkedIn әлеуметтік желілеріндегі «ҚазТрансОйл» АҚ-ның ресми аккаунттары.

Компанияның тікелей коммуникацияларының тиімді тетіктерін құру, сондай-ақ жұртшылықты негізгі нәтижелерімен, «ҚазТрансОйл» АҚ қызметінің жаңалықтарымен ақпараттандыру мақсатында есепті кезеңде Компанияның [www.kaztransoil.kz](http://www.kaztransoil.kz) корпоративтік интернет-ресурсында 122 баспасөз-релизі жарияланды. Баспасөз-релиздердің негізгі тақырыбы мынадай бағыттар болды:

- «ҚазТрансОйл» АҚ қызметінің өндірістік нәтижелері;
- қазақстандық мұнайды «Транснефть «ҰК» ЖАҚ магистральдық мұнай құбырлары жүйесі бойынша Германияға одан әрі жеткізу үшін «Адамова застава» мұнай тапсыру пунктін бағыты бойынша тасымалдау;
- «ҚазТрансОйл» АҚ қызметтеріне тарифтерді көтеру;
- «ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық мұнай құбырлары желісінің учаскелерін реконструкциялау;
- «Астрахань — Маңғышлақ» магистральдық суағызғысын реконструкциялау және кеңейту 1-кезеңі;
- «ҚазТрансОйл» АҚ қызметкерлерінің экологиялық, қайырымдылық және волонтерлік жобаларға қатысуы;
- қызметкерлердің еңбектегі және спорттағы жетістіктері, Компания қызметкерлерінің қайырымдылық және экологиялық акцияларға қатысуы.

Өндірістік қызмет Reuters, S&P Global, Upstream Oil & Gas, Atameken Business, Interfax, Kursiv Media сияқты халықаралық, қазақстандық ақпараттық агенттіктер мен бұқаралық ақпарат құралдарының (БАҚ) назарында болды. Әлеуметтік желілерде Компанияның өндірістік-экономикалық және әлеуметтік тақырыбына 1 117 хабарлама жарияланды.

«ҚазТрансОйл» АҚ басшылығының қызметін жариялау мақсатында 2023 жылы барлық қызметкерлер үшін барлық қызықтырған сұрақтар бойынша сұрақтар қою, сондай-ақ жауаптар алу мүмкіндігімен 28 тікелей эфир ұйымдастырылды және өткізілді.



## 2023 жылғы маңызды оқиғалар, іс-шаралар және жобалар

«ҚазТрансОйл» АҚ өз қызметіне байланысты мәселелер бойынша белсенді коммуникацияны қолдайды. 2023 жылы Компания салалық және тақырыптық іс-шараларға қатысты, сондай-ақ БАҚ-пен белсенді өзара іс-қимыл жасады.

### «ҚазТрансОйл» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының қорытындысы бойынша баспасөз брифингі

2023 жылғы 24 мамырда «ҚазТрансОйл» АҚ орталық аппаратында Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының қорытындысы бойынша баспасөз брифингі өтті. «ҚазТрансОйл» АҚ бас директорының корпоративтік басқару жөніндегі орынбасары Алмас Асқарұлы Оңғарсынов брифингтің модераторы болды.

Брифингке отандық және шетелдік БАҚ өкілдері, оның ішінде «Хабар», «Жібек жолы» республикалық телеарналарының, «Курсив медиа» жаңалықтар порталының, Reuters және «Интерфакс-Қазақстан» жаңалықтар агенттіктерінің журналистері және т. б. қатысты. «ҚазТрансОйл» АҚ басшыларының атынан спикерлер түрлі қызмет бағыттары бойынша журналистердің сұрақтарына жауап берді. Талқылаудың негізгі тақырыптары мұнай экспортының жаңа бағыттары, қолданыстағы жолдарды дамыту және «ҚазТрансОйл» АҚ инвестициялық жобаларын іске асыру мәселелері болды.

### KASE алаңындағы» Эмитент күні»

2023 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ басшылығы тоқсан сайын KASE алаңында «Эмитент күні» жобасы аясында инвесторлармен, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларымен және БАҚ өкілдерімен онлайн-кездесулер өткізді. Кездесулерде БАҚ өкілдері сұрақтар қоюға және қызығушылық тудыратын тақырыптар бойынша сұрақтарды белсенді талқылауға мүмкіндік алды. Өткізілген кездесулердің қорытындысы бойынша БАҚ-та Компания қызметінің негізгі бағыттары туралы материалдар жарияланды.

### Әлеуметтік жобалар

Компания қызметкерлерінің еңбек және демалыс жағдайларын жақсарту жөніндегі 2023-2027 жылдарға арналған жол картасы шеңберінде Компания қызметкерлерінің әлеуметтік-тұрмыстық еңбек жағдайларын жақсартуға бағытталған бірқатар жобалар іске асырылды. Атап айтқанда, Ақтөбе мұнай құбыры басқармасының «Кеңқияқ» БМАС жатақханасын реконструкциялау, Маңғыстау мұнай құбыры басқармасының «Бейнеу» желілік өндірістік диспетчерлік станциясының «Сай — Өтес» МЖС аумағында жаңа жатақхана салу жұмыстары кеңінен жарияланды.

### Экология және қауіпсіздік

Компания 2023 жылы қоршаған ортаны қорғауға бағытталған іс-шараларды жалғастырды. Компания жұмыскерлері мен олардың отбасы мүшелері аумақтарды қоқыстан тазарту бойынша «Бірге — таза Қазақстан» республикалық және өңірлік жобаларға, экологиялық сауаттылық жөніндегі ағартушылық іс-шараларға және конкурстарға қатысты.

### Мемлекеттік тілдің қолданылуы

Компания жұмыскерлері арасында 2023 жылы мемлекеттік тілді қолдау жөніндегі іс-шаралар кеңінен жарияланды. «Білікті маман», «Мемлекеттік тілді меңгерген үздік құрылымдық бөлімше» тақырыбында конкурстар өткізілді.

### 2024 жылға және орта мерзімді перспективаға арналған жоспарлар

1. «ҚазТрансОйл» АҚ-ның медиажоспарын іске асыру.
2. Компанияның орнықты дамуы тақырыбында материалдар жариялау.
3. БАҚ өкілдерімен өзара іс-қимылды нығайту.
4. Компанияның корпоративтік теледидарының хабар тарату торын құру және бекіту.



Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
Магистральдық құбырлардың схемасы  
2023 жылғы негізгі оқиғалар  
Компанияның бизнес-моделі

#### 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

#### 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

#### 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Орнықты дамуды басқару  
Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздіктің маңызды ережелері  
Персоналды басқару, теңдік және әлеуметтік-экономикалық әсер  
Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту  
Қоршаған ортаны қорғау  
Энергия тұтыну және энергия жинақтау

#### 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

#### 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІН НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

#### 6. ҚОСЫМШАЛАР

# Әлеуметтік-экономикалық үлес

## Басқару тәсілі

GRI 3-3, 413-1, 413-2, 2-23

«ҚазТрансОйл» АҚ жергілікті қоғамдастықтардың дамуын қолдау мақсатында қатысу өңірлерінде оң экономикалық ықпал жасауға ұмтылады. Бағдарламалар мен әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асыру адам құқықтары саласындағы ұлттық және халықаралық стандарттар мен декларацияларға сәйкес келеді, олардың ішінде Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, «Қазақстан-2050» Стратегиясы, «Нұрлы жол» бағдарламасы және Біріккен Ұлттар Ұйымының Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы бар. Әлеуметтік қолдауды реттеу үшін Компания ұжымдық шартты басшылыққа алады. Инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде олардың қаржылық пайдасын да, әлеуметтік маңыздылығын да ескеретін жобалық тәсілдер қолданылады.

2023 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ серіктестермен, клиенттермен, жеткізушілермен, қоғамдық ұйымдармен, мемлекеттік мекемелермен және жергілікті қоғамдастықтармен жұмысты қоса алғанда, Компания брендині ілгерілету мақсатында мүдделі тараптармен белсенді өзара іс-қимыл жасады. Осы өзара іс-қимыл жасау шеңберінде конференциялар, семинарлар, көрмелер, серіктестік бағдарламалар және баспасөз іс-шаралары сияқты түрлі іс-шаралар өткізілді. Бұл Компанияға көптеген мүдделі тараптармен белсенді қарым-қатынас жасауға, өзінің беделін нығайтуға және бизнестің одан әрі дамуына ықпал ететін ұзақ мерзімді қатынастар орнатуға мүмкіндік берді.

## Демеушілік

GRI 203-1

«ҚазТрансОйл» АҚ қатысушы өңірлерде демеушілік қызметті жүзеге асырмайды. «Самұрық-Қазына» АҚ саясатына сәйкес барлық қайырымдылық және демеушілік қызметті «Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қоры жүзеге асырады, ол жобаларды конкурстық негізде іріктейді. Бұл стратегия ресурстарды тиімді пайдалануға және Компанияның күш-жігерін негізгі бизнес-процестерге шоғырландыруға мүмкіндік береді.

## Жанама экономикалық әсерлер

GRI 203-2

Компанияның қызметі экономикалық белсенділікті ынталандыру арқылы қатысу аймақтарында айтарлықтай жанама экономикалық әсер етеді. «ҚазТрансОйл» АҚ өндірістік және әкімшілік-басқару қызметкерлері үшін жаңа жұмыс орындарын құра отырып, өңірлерде халықты жұмыспен қамтуға ықпал етеді.

Есепті жылы екі ірі инвестициялық жоба аяқталды:

- «Астрахань-Маңғышлақ» магистральдық суағызғысын реконструкциялау және кеңейту» жобасы 1-кезек жобасы;
- «Қашаған» ГКДҚ су құбырын салу» жобасы.



### «Астрахань-Маңғышлақ» магистральдық суағызғысын реконструкциялау және кеңейту» жобасы 1-кезек

Магистральдық су құбыры 1980 жылы пайдалануға берілді. Пайдалану жылдарында объектінің өткізу қуаты тәулігіне 110 мың м<sup>3</sup> құрады. «Самұрық-Қазына» АҚ, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, «ҚазТрансОйл» АҚ және «Магистральдық Суағызғысы» ЖШС мүдделі тараптарының тартылуы есепті жылы жұмыс жоспарының белгіленген мерзімінен бұрын «Астрахань-Маңғышлақ» суағызғысының өткізу қабілетін арттыру жөніндегі жобаны аяқтауға мүмкіндік берді. Жобаны іске асыру нақты өткізу қуатын тәулігіне 170 мың м<sup>3</sup> дейін арттыруға мүмкіндік берді және Батыс Қазақстанның су тапшылығы бар аудандарын сумен қамтамасыз етті

Өткізу қуаты тәулігіне

**170**  
мың м<sup>3</sup> дейін ұлғайтылды

### «Қашаған» ГКДҚ суағызғысын салу» жобасы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2020 жылғы 27 ақпандағы Атырау облысына жұмыс сапарының қорытындысы бойынша «Астрахань – Маңғышлақ» магистральдық суағызғысының Қашаған кен орнындағы ілеспе газды қайта өңдеу зауытына дейін су құбырын салу мәселесін пысықтау қажеттігі туралы тапсырмасын басшылыққа ала отырып, «Магистральдық Суағызғысы» ЖШС Қашаған кен орнындағы ілеспе газды қайта өңдеу зауытына дейін су құбырын салуға бастамашылық жасады.

Жоба белгіленген мерзімдер шеңберінде аяқталды, 2023 жылғы 31 тамызда объектіні пайдалануға қабылдау актісіне қол қойылды. Жобаның құны ҚҚС-сыз шамамен 1,4 млрд теңгені құрады.

Су құбырының ұзындығы

**25**  
км



Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2023 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

2023 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

## 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

## 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Орнықты дамуды басқару

Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздіктің маңызды ережелері

Персоналды басқару, теңдік және әлеуметтік-экономикалық әсер

Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

Қоршаған ортаны қорғау

Энергия тұтыну және энергия жинақтау

## 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

## 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

## 6. ҚОСЫМШАЛАР

# Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

## Басқару тәсілі

GRI 3-3, 2-6

«ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша

**7**  
оффтейк-келісімшарт

2023 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ сатып алуларындағы елішілік құндылық үлесі

**73%**

А «ҚазТрансОйл» АҚ экономикалық және операциялық тиімділікті, бәсекеге қабілеттілікті және бизнес-процестердің ашықтығын қамтамасыз ету үшін сатып алу жүйесін жетілдіруге ұмтылады. Компанияның барлық бөлімшелерінің сатып алуын басқаруды Келісімшарттар және жергілікті қымтуды дамыту департаменті айналысады.

«ҚазТрансОйл» АҚ келісімшарттар және жергілікті қамтуды дамыту департаменті сатып алу қызметінің әдептілік рәсімдерінің сақталуына жауапты болады. Құн тізбегін құру процесін тиімді басқару Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге, елішілік құндылық үлесін арттыруға ықпал етеді, сондай-ақ сатып алу бойынша уақтылы және ашық рәсімдерді жүргізу кезінде операциялардың орындалуына әсер етеді.

Компания еңбекті және қоршаған ортаны қорғау мәселелерінде ең аз қажетті талаптарды ұстанатын және сатып алу рәсімдерінің ашықтығы мен бәсекелестік сипаты қағидаттарын сақтайтын жеткізушілерге артықшылық береді. Мұндай талаптар әлеуетті өнім берушілердің біліктілік алдындағы іріктеуден өтуін регламенттейтін құжаттарда нақты жазылған.


Сатып алу қызметі тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге қажеттілікті жоспарлаудан бастап тауарларды қоймаға жеткізуге дейінгі толық цикл жасалатын платформа болып табылатын «Самұрық-Қазына Келісімшарт» ЖШС электрондық алаңында жүзеге асырылады. «ҚазТрансОйл» АҚ серіктестер арасында жоғары корпоративтік стандарттар мен құндылықтарды таратуға ұмтылады. Жеткізушілерді іріктеу кезінде Компания «Самұрық-Қазына» АҚ нормативтік актілеріне сәйкес сатып алу процесінің ашықтығы, қаражатты оңтайлы жұмсау, сапалы тауарларды сатып алу, жеткізушілер арасында адал бәсекелестік және делдалдардың қатысуын барынша азайту қағидаттарын басшылыққа алады. Сондай-ақ процесінің айқындылығы мен ашықтығын арттыру мақсатында сатып алу туралы шарттарды стандарттау тетігі қолданылады.

GRI 414-1, 414-2

Сатып алу рәсімдерін жүргізу кезінде «ҚазТрансОйл» АҚ барлық жеткізушілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау саласында талаптар қойылады. 2023 жылы жеткізушілердің 100%-ы қызмет көрсетуге шарт жасасу кезінде осы талаптарды сақтау бойынша міндеттемелермен танысты және қабылдады.

Есепті жылдағы негізгі іс-шаралардың бірі жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыру шеңберінде жеткізушілермен оффтейк-келісімшарттар жасасу болып табылады. «ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша 7 келісімшарт жасалды.

## «ҚазТрансОйл» АҚ-ның санаттар бойынша бөле отырып, жеткізушілерінің 2023 жылғы саны



- Адал жеткізушілер
- Сенімсіз жеткізушілер тізіміне енгізілген жеткізушілер
- Айыппұл салынған жеткізушілер

## Елішілік құндылық

GRI 204-1

«ҚазТрансОйл» АҚ тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде оларға артықшылық бере отырып, жергілікті жеткізушілермен жұмыс істеуге ерекше көңіл бөледі. Компания мемлекеттің ұлттық экономиканы және елішілік құндылықты дамыту жөніндегі саясатын іске асырады.

«ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша жергілікті жеткізушілердің саны 2022 жылмен салыстырғанда 9,9%-ға азайып, 2023 жылы 1 392 жеткізушіні құрады, бұл жеткізушілердің жалпы санының 97,9%-ы болып табылады.

## «ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша өнім берушілердің саны

GRI 204-1

Көрсеткіш	2021	2022	2023	Өзгеріс, %
Өнім берушілер саны	1424	1593	1429	-10,7
Жергілікті өнім берушілер саны	1330	1545	1392	-9,9
Жергілікті өнім берушілер саны, %	93,4	96,9	97,9	0,9

«ҚазТрансОйл» АҚ бойынша жергілікті өнім берушілермен (Қазақстан Республикасы және Грузия) жасалған шарттардың сомасы есепті жылы 125 228,77 млн теңгені құрады. Есепті жылы «ҚазТрансОйл» АҚ-да Сатып алу жоспарына сәйкес сатып алуға бөлінген бюджеттің азаюына байланысты өнім берушілермен жасалған шарттар сомасының 27,8%-ға төмендеуі байқалады.

## «ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша өнім берушілермен жасалған шарттардың сомасы

GRI 204-1

МЛН ТЕҢГЕ

Көрсеткіш	2021	2022	2023	Өзгеріс, %
Өнім берушілермен жасалған шарттардың сомасы	103 578,35	265 145,35	128 894,77	-51,4
Жергілікті өнім берушілермен жасалған шарттардың сомасы	102 848,35	264 506,35	125 228,77	-52,7

Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудағы елішілік құндылық үлесінің мониторингі уәкілетті органның порталында жүзеге асырылады. 2023 жылдың қорытындысы бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ сатып алуларындағы елішілік құндылық үлесі 73%-ды, оның ішінде тауарлар бойынша – 58%-ды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер бойынша – 75%-ды құрады.

2023 жылдың қорытындысы бойынша БНТ-ның тауарларды сатып алу сомасы 5 064 млн теңгені құрады, оның 67,9%-ы тауарларға, ал 32,1%-ы тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге тиесілі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға байланысты «ҚазТрансОйл» АҚ саясаты туралы хабардар болған іскер әріптестердің үлесі

GRI 205-2

**100%**

2023 жылдың қорытындысы бойынша «Магистральдық Суағызғысы» ЖШС сатып алуындағы елішілік құндылық үлесі тауарлар бойынша – 76%-ды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер бойынша – 46%-ды құрады.

Компанияның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты туралы хабардар болған іскер серіктестердің 2023 жылы жалпы саны 1 018 құрады.

## 2024 жылға және орта мерзімді перспективаға арналған жоспарлар

2024 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудың 2024 жылға және 2024-2028 жылдарға арналған жоспарларын іске асыруды қоса алғанда, корпоративтік қағидаттар мен стандарттарға сәйкес сатып алу қызметінің практикасын жалғастыруды жоспарлап отыр. Сондай-ақ тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудағы елішілік құндылық үлесінің мониторингі бойынша қызмет жалғасады: тауарларды сатып алудағы елішілік құндылық деңгейіне қол жеткізу – 55%, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудағы елішілік құндылық деңгейіне қол жеткізу – 75%.

«ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша жергілікті жеткізушілер саны

**1 392**  
жеткізуші

«ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша жергілікті жеткізушілердің үлесі

**97,9%**



Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
Магистральдық құбырлардың схемасы  
2023 жылғы негізгі оқиғалар  
Компанияның бизнес-моделі

- 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ
- 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ
- 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Орнықты дамуды басқару  
Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздіктің маңызды ережелері  
Персоналды басқару, теңдік және әлеуметтік-экономикалық әсер  
Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту  
Қоршаған ортаны қорғау  
Энергия тұтыну және энергия жинақтау

- 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
- 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ
- 6. ҚОСЫМШАЛАР

# Қоршаған ортаны қорғау

## Елеулі тақырыптар

- Климаттың өзгеруі және оған бейімделу
- Энергия тұтыну және энергия үнемдеу
- Су ресурстарын қорғау
- Қалдықтарды басқару
- Атмосфералық ауаны қорғау
- Биоәртүрлілікті сақтау шаралары
- Активтердің тұтастығы және маңызды оқиғаларды басқару

## Негізгі оқиғалар

- Алғаш рет 2-қамтылған парниктік газдар шығарындыларын сандық бағалау жүргізілді.
- TÜV NORD CERT GmbH халықаралық сертификаттау органы «ҚазТрансОйл» АҚ экологиялық менеджмент жүйесінің ISO 14001:2015 және энергетикалық менеджмент жүйесінің ISO 50001:2018 халықаралық стандартының талаптарына сәйкестігіне 2-инспекциялық аудитін жүргізді, оның қорытындысы бойынша 2021 жылы берілген сәйкестік сертификаттарының қолданылу мерзімі ұзартылды.
- «ҚазТрансОйл» АҚ-ның ыстық мұнай құбырының жұмыс режимдері оңтайландырылды, бұл газ тұтынуды көлемдік шамада 10,5 млн м³ көлемінде үнемдеуге мүмкіндік берді.

## 2023 жылғы мақсаттар мен қол жеткізген жетістіктер

1 Су ресурстарын қайта немесе айналымды пайдалануды ұлғайту.

👉 Иске асыру жалғасуда

3 Күлсары мұнай құбыры басқармасының «Өзен-Атырау-Самара» ММҚ 508 км бұзылған жерлерді (тарихи ластануларды) қалпына келтіру.

👉 Мақсат орындалды

2 «Биокс-50» және «КОСВ-15» сарқынды суларына арналған қолданыстағы тазарту құрылыстарын ауыстыру.

👉 Мақсат орындалды

4 Желілік ажыратқыштарға отырғызу кезінде құстардың өлу ықтималдығын едәуір төмендететін құстардан қорғайтын құрылғыларды орнату.

👉 Мақсат орындалды

## 2023-ғы негізгі көрсеткіштер

«ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды іске асыруға

**1 095**  
млн теңге жұмсалды

«ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша атмосфераға ластану заттар шығарындыларының көлемі

**12,3%**  
төмендеді

«ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша қалдықтардың пайда болуының жиынтық көлемі

**32,66**  
мың тоннаны құрады

«ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша су тұтыну

**5,1%**  
төмендеді

## БҮҮ ОДМ қол жеткізуге үлес қосу



Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2023 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

2023 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

## 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

## 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Орнықты дамуды басқару

Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздіктің маңызды ережелері

Персоналды басқару, теңдік және әлеуметтік-экономикалық әсер

Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

Қоршаған ортаны қорғау

Энергия тұтыну және энергия жинақтау

## 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

## 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

## 6. ҚОСЫМШАЛАР

2023 жылы экологиялық білім беру бөлігінде біліктілікті арттыру курстарынан өткен қызметкерлер

120 адам

# Экологиялық менеджмент жүйесі

## Басқару тәсілі

GRI 3-3

Экологиялық менеджмент жүйесі Компанияның өндірістік қызметінің барлық бағыттарын қамтиды және қоршаған ортаны қорғау (ҚОҚ) мәселелерін басқару шеңберінде іс-шаралар мен бастамалардың кең тізбесін іске асырады, ол мыналарды қамтиды:

- Қазақстан Республикасының ҚОҚ саласындағы экологиялық заңнамасының, халықаралық және ұлттық стандарттардың, Компанияның ҚОҚ саласындағы ішкі құжаттарының талаптарын сақтау;
- ISO 14001:2015 экологиялық менеджмент жүйесін үнемі жақсарту бойынша іс-шаралар;
- экологиялық аспектілерді сәйкестендіру және бағалау, инвестицияларды экологиялық аспектілерді басқару жөніндегі шараларды іске асыруға бағыттау;
- Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен аккредиттелген зертханасы бар мердігер ұйымдарды тарта отырып, өндірістік экологиялық бақылау жүргізу;
- міндетті экологиялық сақтандыру бойынша жыл сайынғы шарттар жасасу;

- экологиялық мәдениетті, білім беруді және ағартуды арттыру.

Тоқсан сайын Компанияның барлық объектілерінде өндірістік экологиялық бақылау жүргізіледі. Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен аккредиттелген зертханасы бар мердігер ұйым Компания объектілерінде эмиссияларға өндірістік мониторинг жүргізеді, оған мыналар кіреді:

- атмосфералық ауаға әсер ету мониторингі;
- жер жамылғысына әсер ету мониторингі;
- су ресурстарына (жер үсті және жер асты суларына) әсер ету мониторингі;
- ағынды сулар мониторингі;
- радиациялық мониторинг.

Компания 2023 жылы экологиялық білім беру бөлігінде оқыту жүргізді. Есепті кезеңде Компанияның барлығы 120 қызметкері экологиялық білім беру бөлігінде біліктілікті арттыру курстарынан өтті.

## Басқару құрылымы мен құралдары

Табиғатты сақтау және оның ресурстарына ұқыпты қарау Компанияның борышы мен міндеті болып табылады. Компаниядағы ҚОҚ басқару екі деңгейде жүзеге асырылады. Орталық аппаратта жұмысты өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және ТЖ департаменті, ОҚБ деңгейінде – тиісті бөлімдер үйлестіреді. Компанияның ҚОҚ саласындағы қызметінің негізгі бағыттары:

- өндірістік экологиялық бақылау, Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі талаптарының сақталуын бақылау;
- мерзімді есептер қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға жіберіледі;
- қоршаған ортаға ластанушы заттардың шығарындылары мен тегінділерін азайту жөніндегі іс-шараларды іске асыру;

- парниктік газдар шығарындыларына квоталарды уақтылы алуды қамтамасыз ету;
- мұнай құбыры басқармалары мен Компанияның операторлық қызметтер басқармалары үшін ластанушы заттардың шекті жол берілетін шығарындылары мен тегінділерінің нормативтерінің жобаларын әзірлеуді, қалдықтарды уақытша жинауды және өндірістік процестердің өзгеруіне байланысты оларды түзетуді қамтамасыз ету; елеулі экологиялық аспектілерді төмендету жөніндегі іс-шаралар жоспарларының орындалуы бойынша талдау жүргізу және жыл сайынғы шоғырландырылған есепті жасау;
- HSE саласындағы тәуекелдерді анықтау және бағалау, оларды басқару бойынша ұсыныстар әзірлеу.


## Инвестициялар және табиғатты қорғау төлемдері

GRI 2-27

«ҚазТрансОйл» АҚ міндетті түрде қоршаған ортаға теріс әсерді азайтуға бағытталған іс-қимылдарды жүзеге асырады. ОҚБ жыл сайын экологиялық рұқсат берген тиісті органға ҚОҚ бойынша іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы есептерді ұсынады.

### «ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша ҚОҚ-ға арналған шығыстар<sup>4</sup>

МЛН ТЕҢГЕ



● Табиғатты қорғау іс-шараларына арналған ағымдағы шығындар  
● Экологиялық төлемдер

● «ҚазТрансОйл» АҚ  
● БНТ  
● «Магистральдық Суағызғысы» ЖШС

ҚОҚ арналған шығыстар екі құрамдасты қамтиды:

- атмосфералық ауаға ластанушы заттардың шығарындылары, ағынды суларды ағызу кезінде ластанушы заттарды ұстау, қалдықтарды уақытша сақтау үшін экологиялық төлемдер;
- Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының талаптарын орындауға бағытталған табиғат қорғау іс-шараларына арналған шығындар.

«ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобында ҚОҚ бойынша іс-шараларды іске асыруға 2023 жылы 1 094,9 млн теңге жұмсалды, бұл 2022 жылғы ұқсас көрсеткіштен 26,4%-ға аз. Табиғатты қорғау іс-шараларына жұмсалатын шығындардың күрт төмендеу себептерінің бірі «Өзен – Жетібай – Атырау» ММҚ бұзылған жерлерді (тарихи ластануларды) рекультивациялау бойынша жұмыстарды «ҚазТрансОйл» АҚ-да орындау мерзімдерін 2024 жылға ауыстыру болып табылады.

«ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобының қоршаған ортаға теріс әсері үшін төлемдері 2023 жылы 79,8 млн теңгені құрады, бұл 2022 жылғы көрсеткіштен 7,5%-ға төмен.

2023 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің талаптарын сақтамағаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылып, 6 900 мың теңге сомасына әкімшілік айыппұл түрінде жаза тағайындалды. Әкімшілік айыппұлдар уақтылы төленді.

### 2024 жылға және орта мерзімді перспективаға арналған жоспарлар

2024 жылы экологиялық рұқсат және мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысын ала отырып, «Өзен-Атырау-Самара» және «Өзен-Жетібай-Ақтау» магистральдық мұнай құбырлары учаскелеріндегі мамандандырылған алаңға/полигонға тасымалдаусыз ластану көзі анықталған жерде жүргізілетін рекультивациялау әдістерін/технологияларын ескере отырып, бұзылған жерлерді рекультивациялау жобасын әзірлеу жөніндегі жұмыстарды жалғастыру.

<sup>4</sup> 2023 жылы Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі деректерді шоғырландыру есептілігінің шекарасына осы жерде және одан әрі «Магистральдық Суағызғысы» ЖШС және БНТ кірді. Өндірістік қызметтің болмауына байланысты есептілік шекарасына РТЛ кірген жоқ.

«ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша экологиялық төлемдер

79,8 млн теңге

Теріс әсерге төлемдерді азайту

7,5%

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2023 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

2023 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

## 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

## 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Орнықты дамуды басқару

Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздіктің маңызды ережелері

Персоналды басқару, теңдік және әлеуметтік-экономикалық әсер

Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

Қоршаған ортаны қорғау

Энергия тұтыну және энергия жинақтау

## 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

## 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

## 6. ҚОСЫМШАЛАР

# Климаттың өзгеруі

## Басқару тәсілі

GRI 3-3

Парниктік газдардың үлестік шығарындыларының көлемі (1 және 2 Қамту)

**0,126**

МЫҢ ТОННА CO<sub>2</sub>-ЭКВ / МЛН ТОННА-КМ

Климаттың өзгеруі жағдайында мұнай компаниялары экологиялық нормаларды қатаңдатуға назар аударуы қажет. Қазақстан Республикасын қоса алғанда, бүкіл әлем бойынша Үкіметтер парниктік газдар шығарындыларын азайту және тұрақты тәжірибелерді ілгерілету жөнінде шаралар қабылдауда. «ҚазТрансОйл» АҚ энергетика секторында маңызды қатысушы бола отырып, өз қызметін өзгермелі нормаларға сәйкес келтірудің маңыздылығын түсінеді. Компания атмосфераға парниктік газдар шығарындыларын азайту бойынша ерікті міндеттемелер қабылдады.

Компания өз қызметін «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ парниктік газдар шығарындыларын азайту жөніндегі мақсаттарға сәйкес жүргізеді, «ҚазТрансОйл» АҚ-ның «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2022-2031 жылдарға арналған Төмен көміртекті даму бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асырады. Жоспарда энергия тиімділігін арттыру және жаңартылатын энергия көздерін енгізу жөніндегі ұйымдастырушылық және түйінді іс-шаралар көрсетілген. Осы жоспарды іске асырудың мақсаты 2030 жылға қарай CO<sub>2</sub> парниктік газдар шығарындыларын жылына 22 417 тоннаға төмендету болып табылады.


Компания тоқсан сайынғы негізде парниктік газдар шығарындыларына мониторинг жүргізеді және бекітілген әдістемелер негізінде парниктік газдарды түгіндеу туралы есеп дайындайды:

- мұнай өндіру, тасымалдау және сақтау объектілерінде атмосфераға парниктік газдар шығарындыларын есептеу жөніндегі әдістемелік нұсқаулар;
- жылу электр станциялары мен қазандықтардан парниктік газдар шығарындыларын есептеу бойынша әдістемелік нұсқаулар;
- Климаттың өзгеруі жөніндегі үкіметаралық топтың бағалау есебіне сәйкес жаһандық жылыну коэффициенттері.

«ҚазТрансОйл» АҚ-да парниктік газдардың тікелей шығарындыларының негізгі көздері мұнайды жылыту пештері, қазандықтар, дизельді электр станциялары, дәнекерлеу агрегаттары мен компрессорлар болып табылады.

## «ҚазТрансОйл» АҚ-да парниктік газдардың жанама шығарындыларының көлемі (2-қамту)

GRI 305-1

МЫҢ ТОННА CO<sub>2</sub>-ЭКВ.

1-қамту бойынша парниктік газдар шығарындыларының ұлғаюы жаңа «Парниктік газдар шығарындыларын есептеу және сіңіру әдістемесі» және отын шығыны бойынша парниктік газдар шығарындыларының есептеулеріне сәйкес шығарындылар коэффициентінің ұлғаюына байланысты.

## «ҚазТрансОйл» АҚ-да парниктік газдардың жанама шығарындыларының көлемі (2-қамту)

GRI 305-2

**225,6**

МЫҢ ТОННА CO<sub>2</sub>-ЭКВ.

Есепті жылы «ҚазТрансОйл» АҚ алғаш рет 2-қамту парниктік газдардың жанама шығарындыларын бағалау жүргізілді, оның көлемі 225,6 мың тонна CO<sub>2</sub>-экв құрады.

Парниктік газдардың жанама шығарындыларының көздері басқа ұйымдардан сатып алынған электр энергиясы және жылу энергиясы болып табылады.

## Мұнайдың жүк айналымына «ҚазТрансОйл» АҚ-дағы парниктік газдардың (көміртеқ сыйымдылығы) үлестік шығарындылары

GRI 305-4

Көрнекілік	Өлшем бірлігі	2023
Парниктік газдардың тікелей шығарындыларының жалпы көлемі (1-қамту)	мың т CO <sub>2</sub> -экв	205,9
Парниктік газдардың тікелей шығарындылары (1-қамту)	мың тонна CO <sub>2</sub> -экв / млн тонна-км	0,006
Парниктік газдар шығарындыларының жалпы көлемі (1 және 2-қамту)	мың тонна CO <sub>2</sub> -экв	431,5
Парниктік газдардың үлестік шығарындылары (1 және 2 қамту)	мың тонна CO <sub>2</sub> -экв / млн тонна-км	0,126
Мұнайдың жүк айналымы («ҚазТрансОйл» АҚ бөлек)	млн тонна-км	34 208

2023 жылы парниктік газдардың үлестік шығарындыларының көлемі (1 және 2-қамту) 0,126 мың тонна CO<sub>2</sub>-экв/млн тонна-км құрады.

GRI 305-5

«ҚазТрансОйл» АҚ өндірістік қызметінің ерекшелігіне байланысты Компания қондырғыларын көміртекті квоталау рұқсат етілген лимиттен аспайды және ең төменгі мәндерді құрайды. Осының шеңберінде Компанияда парниктік газдар шығарындыларын азайту жөніндегі іс-шаралар көзделмеген.

## Климаттың өзгеруіне бейімделу

GRI 305-5

2023 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2022-2031 жылдарға арналған «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның төмен көміртекті даму бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары шеңберінде энергия тиімділігі және жаңартылатын энергия үлесін ұлғайту жөніндегі ұйымдастыру іс-шаралары әзірленіп, бекітілді, оған мыналар кіреді:

- әр түрлі учаскелердегі магистральдық мұнай құбыры объектілерін электрмен жабдықтау жүйелерін реконструкциялай отырып, желілік бақылау және басқару пункттерін, электрохимиялық қорғау құралдарын жаңғырту;
- парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін есептеу бойынша әдістемелерді жетілдіру жөніндегі шараларды ұйымдастыру;
- «ҚазТрансОйл» АҚ жұмыс тобын төмен көміртекті дамыту бойынша оқыту.

GRI 201-2

Климаттың өзгеруіне байланысты тәуекелдерді басқару процесі «ҚазТрансОйл» АҚ басқарудың барлық деңгейлерінде жүзеге асырылады.

Климаттық тәуекелдер тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесіне (ТБКЖ) кіреді. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі ТБКЖ жұмысының тиімділігін бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады. Өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және ТЖ департаменті тәуекел факторларын сәйкестендіруді, бағалауды, талдауды жүзеге асырады, сондай-ақ олардың мониторингін қоса алғанда, тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шараларды әзірлейді және енгізеді.

Компанияның түйткілді ретінде бөліп көрсететін негізгі климаттық тәуекелдері ұзақ мерзімді және экстремалды ауа-райының ықтимал салдарына әкелуі мүмкін. Төмен көміртекті экономикаға көшу климаттың өзгеруін азайтуға және бейімдеуге бағытталған саясатта, заңнамада, технологияда және нарықтарда айтарлықтай өзгерістерге әкелуі мүмкін.

Қазақстан Республикасының аумағында айқын көрінуі және Компанияның операциялық қызметіне әсер етуі мүмкін физикалық климаттық тәуекелдердің ішінде көктемгі кезеңде температураның көтерілуі мен су тасқыны ерекше көзге түседі. Бұл ауа-райы оқиғалары апаттар мен технологиялық процестердің тұтастығын бұзуы мүмкін.

Климаттың өзгеруінің салдарын жеңілдету үшін Компанияда «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ төмен көміртекті даму бағдарламасының іс-шаралары іске асырылуда.

## 2024 жылға және орта мерзімді перспективаға арналған жоспарлар

«ҚазТрансОйл» АҚ-да парниктік газдар шығарындыларын басқару тәртібін өзектендіру.



Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2023 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

2023 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

## 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

## 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Орнықты дамуды басқару

Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздіктің маңызды ережелері

Персоналды басқару, теңдік және әлеуметтік-экономикалық әсер

Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

Қоршаған ортаны қорғау

Энергия тұтыну және энергия жинақтау

## 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

## 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

## 6. ҚОСЫМШАЛАР

\* Өзге санаттарға тұрақты органикалық ластанушы заттар, ұшпа органикалық қосылыстар, қауіпті ауаны ластанушы заттар, қатты бөлшектер және т. б. жатады.

# Ластаушы заттардың шығарындылары

## Басқару тәсілі

GRI 3-3, 305-7

«ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша атмосфераға ластанушы заттар шығарындыларын азайту

12,3%

«ҚазТрансОйл» АҚ үшін атмосфералық ауаға ластанушы заттардың шығарындыларын басқару аса маңызды рөл атқарады. Компания «ҚазТрансОйл» АҚ атмосфераға ластанушы заттардың шығарындыларын басқару тәртібіне сәйкес атмосфералық ауаны қорғау бойынша бірқатар іс-шараларды іске асырады. Есепті кезеңде Компания белгіленген көрсеткіштердің мәндерінен аспады.

2023 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ АҚ ЗЭО» филиалы ластанушы заттар шығарындылары көздерінде нормативтердің сақталуын бақылауды жүзеге асыруды көздейтін Компанияның барлық ОҚБ объектілері үшін жол берілетін шығарындылар нормативтерінің жобаларын әзірледі. Тоқсан сайын ОҚБ-да ауаның сапасын зертханалық өлшеу жүргізіледі.

2021 жылдан бастап «ҚазТрансОйл» АҚ-да ластанушы заттар мен парниктік газдарды азайту жөніндегі 2030 жылға дейінгі іс-шаралар жоспары іске асырылуда, онда ластанушы заттар шығарындыларын азайту жөніндегі іс-шаралардың кең тізбесі бар. 2023 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы келесі іс-шараларды жүзеге асырудың арқасында атмосфералық ауаға ластанушы заттардың шығарындыларын

2022 жылмен салыстырғанда 12,3%-ға қысқартты:

- мұнайды қыздыру пештерін жағуда жану процесін, су жылытатын қазандықтарды оңтайландыру;
- мұнай сақтау резервуарларында понтондар орнату арқылы мұнайдың булануын болдырмау;
- газ теңестіру жүйесінің көмегімен көмірсутектер шығарындыларын азайту (резервуар паркі және т. б.);
- атмосфералық ауаға ластанушы заттардың шығарындыларын бақылау.

Атмосфералық ауаға шығарындылардың негізгі көздері мұнайды сақтауға арналған резервуарлар, мұнайды жылыту пештері, мұнай құю және құю эстакадалары, қазандық қондырғылары болып табылады.

2023 жылы атмосфераға ластанушы заттар шығарындыларының жалпы көлемі белгіленген нормативтердің мәндерінен аспады. «ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша ластанушы заттар шығарындыларының едәуір қысқаруы азот қышқылдарында – 19,5% және ластанушы заттардың өзге де санаттарында – 12,2% байқалады.

## «ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша атмосфералық ауаға ластанушы заттар шығарындыларының көлемі

	ТОННА			
Көрсеткіш	2021	2022	2023	Өзгеріс, %
<b>Атмосфераға ластанушы заттар шығарындыларының көлемі, оның ішінде:</b>	<b>19 420</b>	<b>20 468,0</b>	<b>17 959,4</b>	<b>-12,3</b>
- NOx	710,2	623,4	502	-19,5
- SOx	82,1	92,7	98,8	6,5
- CO	295	250,6	236,6	-5,6
- Атмосфераға шығарындылардың өзге санаттары *	18 332,6	19 509,3	17 123,4	-12,2

## 2024 жылға және орта мерзімді перспективаға арналған жоспарлар

1. Т. Қасымов атындағы МӨС-те 2024 жылы РВС–20000 м<sup>3</sup> №12 понтонмен жете жабдықтау.
2. «Опорная» №3 МҚС және А. Құлтумиев атындағы №2 МӨС жыыту пешін реконструкциялау» жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу.
3. Маңғыстау мұнай құбыры басқармасының «Жетібай» МӨС магистральдық сорғысын реконструкциялау жұмыстарын аяқтау.

# Энергия тұтыну және энергия жинақтау

## Басқару тәсілі

GRI 3-3

Компанияның орнықты дамуы саласындағы қызметтің негізгі бағыттарының бірі өндірістік процестерде энергия тұтынуды оңтайландыру болып табылады. Компанияда ISO 50001:2018 халықаралық стандартының талаптарына сәйкес келетін энергетикалық менеджмент жүйесі тиімді жұмыс істейді. 2023 жылы TÜV NORD CERT GmbH халықаралық сертификаттау органы энергетикалық менеджмент жүйесінің ISO 50001:2018 халықаралық стандартының талаптарына сәйкестігіне 2- инспекциялық аудит жүргізді.

2023 жылы энергетикалық ресурстарды тиімді пайдалануға бағытталған «ҚазТрансОйл» АҚ энергетикалық саясаты өзектендірілді.

Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы негізгі міндеттер:

- Компанияға қолданылатын энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы заңнамалық және басқа да талаптардың сақталуын қамтамасыз ету;
- энергетикалық сипаттамаларды үнемі жақсарту және энергетикалық менеджмент жүйесінің жарамдылығын, барабарлығы мен нәтижелігін арттыру;
- энергетикалық мақсаттарға қол жеткізу және энергетикалық міндеттерді шешу үшін қажетті ақпарат пен ресурстардың болуын қамтамасыз ету;
- энергетикалық ресурстарды үнемдеу жөніндегі іс-шараларды орындау, Компания жұмыскерлерінің құқықтарын, міндеттерін мен оларды

іске асыру үшін жауапкершілігін нақты ажырату есебінен Компанияның энергия үнемдеу қызметін жетілдіру;

- энергетикалық сипаттамаларды жақсартуға әсер ететін энергия тиімді жабдықтарды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру;
- энергетикалық ресурстарды ұтымды тұтыну нәтижесінде қоршаған ортаға теріс әсерді азайту;
- энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы жұмыскерлердің құзыреттілік деңгейін арттыру.

Жыл сайын «ҚазТрансОйл» АҚ бас директоры (Басқарма төрағасы) ОҚБ және жалпы Компания үшін энергия тиімділігі көрсеткіштерінің нысаналы мәндерін бекітеді, олар мыналар:

- энергияның барлық түрлерінің үлес шығынын азайту (мұнайдың жүк айналымына);
- электр энергиясының үлестік шығынын азайту (мұнайдың жүк айналымына);
- «ыстық» мұнай құбырлары бойынша мұнайдың жүк айналымына газдың үлестік шығынын азайту;
- энергия ресурстарын жалпы тұтынуды азайту.

2023 жылдың қорытындысы бойынша Компания энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласында қойылған барлық мақсаттарды орындады, бұл магистральдық мұнай құбырлары жұмысының оңтайлы технологиялық режимдерін жоспарлау есебінен мүмкін болды.

## Басқару құрылымы мен құралдары

Энергия тиімділігі мәселелерімен айналысатын жауапты бөлімше «ҚазТрансОйл» АҚ Технологиялық режимдер және энергия менеджменті департаменті болып табылады, ол нысаналы көрсеткіштерді әзірлейді және қойылған міндеттерге қол жеткізуді уақтылы және тиімді бақылауды қамтамасыз ете отырып, олардың орындалуына ай сайын мониторинг жүргізеді.

«ҚазТрансОйл» АҚ Технологиялық режимдер және энергия менеджменті департаменті энергетикалық менеджмент жүйесі бойынша ішкі құжаттарға сәйкес жыл сайын өткен бес жылдық кезеңдегі энергия ресурстарын тұтынуға энергетикалық талдау, SWOT әдістемесі бойынша энергетикалық менеджмент жүйесіне әсер ететін сыртқы және ішкі факторларға талдау, Компания қызметінің энергия үнемдеу

және энергия тиімділігін арттыру саласындағы заңнамалық, нормативтік және басқа талаптарға сәйкестігін талдау жүргізеді, оның нәтижелері бойынша, 2023 жылы «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының барлық талаптары орындалды деп белгіленді.

Компания «ҚазТрансОйл» АҚ Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі 2020-2025 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыруды жалғастыруда, онда магистральдық сорғы агрегаттарын пайдалы әсер ету коэффициенті неғұрлым жоғары сорғы агрегаттарына ауыстыру, мұнайды жылыту пештерін реконструкциялау және «Жетібай» МӨС магистральдық сорғысын реконструкциялау сияқты энергия үнемдеу жөніндегі негізгі іс-шаралар көрсетілген.







Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
Магистральдық құбырлардың схемасы  
2023 жылғы негізгі оқиғалар  
Компанияның бизнес-моделі

- 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ
- 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ
- 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Орнықты дамуды басқару  
Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздіктің маңызды ережелері  
Персоналды басқару, теңдік және әлеуметтік-экономикалық әсер  
Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту  
Қоршаған ортаны қорғау  
Энергия тұтыну және энергия жинақтау

- 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
- 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ
- 6. ҚОСЫМШАЛАР

«ҚазТрансОйл» АҚ-да энергетикалық ресурстарды жалпы тұтынуды азайту

11,2%

«ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша электр энергиясын тұтынуды азайту

4,6%

## Энергия ресурстарын тұтыну

GRI 302-1

Есепті жылы «ҚазТрансОйл» АҚ-да энергетикалық ресурстарды жалпы тұтынудың 2022 жылмен салыстырғанда 11,2%-ға төмендеуі байқалады.

Табиғи газды тұтынудың 15%-ға айтарлықтай төмендеуі 2023 жылдың жазғы кезеңінде мұнай қоспасының реология-

сын жақсарту (маңғышлақ мұнайын қайта бөлу) жолымен Компанияның «ыстық» мұнай құбырларының температуралық режимдерін оңтайландыруға байланысты. Қазандықтардағы жылу энергиясы мен газды тұтынудың 7,8%-ға төмендеуі жылыту кезеңіндегі орташа айлық температура-ның жоғарылауына байланысты.

«ҚазТрансОйл» АҚ-да жаңартылмайтын бастапқы энергия көздерін пайдалану серпіні мен құрылымы

GRI 302-1


ТДж



«ҚазТрансОйл» АҚ бойынша отын түрлері бойынша бөлінетін жаңартылмайтын көздерді жалпы тұтыну

GRI 302-1

ТДж




- Табиғи газ
- Дизель отыны
- Шикі мұнай
- Моторлы бензин

«ҚазТрансОйл» АҚ бойынша энергия түрлері бойынша бөлінетін жаңартылмайтын көздерді жалпы тұтыну

GRI 302-1

ТДж



- Жылу энергиясы
- Электр энергиясы

«ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша электр энергиясын тұтыну серпіні

GRI 302-1

ТДж



«ҚазТрансОйл» АҚ энергия сыйымдылығы көрсеткішінің серпіні\*

GRI 302-1, 302-3

Көрсеткіш	2021	2022	2023	Өзгеріс, %
Энергетикалық ресурстарды жиынтық тұтыну көлемі, ТДж	4 785,6	4 481,7	3 979,3	-11,2
Мұнайдың жүк айналымы (бөлек «ҚазТрансОйл» АҚ), млн тонна-км	35 162	34 261	34 208	-0,2
Мұнай тасымалдаудың энергия сыйымдылығы, ТДж / млн тонна-км	0,14	0,13	0,12	-11,5

БНТ энергия сыйымдылығы көрсеткішінің серпіні\*\*

GRI 302-1, 302-3

Көрсеткіш	2021	2022	2023	Өзгеріс, %
Электр энергиясын жиынтық тұтыну көлемі, ТДж	27,6	36,9	31,7	-14,0
Өнімнің бір тоннасына энергия сыйымдылығы, ТДж / тонна	0,0000209	0,0000191	0,0000201	5,2

«ҚазТрансОйл» АҚ операциялық шығындарды төмендету мақсатында мұнай айдаудың энергия сыйымдылығы көрсеткішінің серпінін қадағалайды. Энергияның меншікті шығыны мұнай айналымының тоннасына есептеледі.

Есепті кезеңде «ҚазТрансОйл» АҚ энергия ресурстарын сатып алуға 9 663 млн теңге жұмсады. 2023 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ бойынша жеке энергия сыйымдылығының өткен жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 11,5%-ға қысқаруына қол жеткізілді. Энергия сыйымдылығының төмендеуі отын-энергетикалық ресурстарды тұтынудың 2022 жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда 11,2% – ға төмендеуі аясында орын алды.

## Энергия үнемдеу

GRI 305-5

2023 жылы Компания «ҚазТрансОйл» АҚ Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асырды. Есепті кезеңде энергия үнемдеу бойынша 12 іс-шара жоспарланып, орындалды. Сонымен қатар, энергия тұтынуды оңтайландыруға бағытталған ірі іс-шара жүзеге асырылды:

- жазғы кезеңде мұнай қоспасының реологиясын жақсарту (маңғышлақ мұнайын қайта бөлу) жолымен «Атырау – Самара» «ыстық» мұнай құбыры жұмысының температуралық режимін оңтайландыру, бұл 2023 жылғы мамырдан қыркүйекке дейін осы мұнай құбырында мұнайды жылыту пештерін ажыратуға және табиғи газды көлемдік мәнде 10,5 млн м³ үнемдеуге мүмкіндік берді.

«ҚазТрансОйл» АҚ өндірістік процестері барынша энергияны көп қажет етеді, осыған байланысты Компания үшін өзекті міндет энергия ресурстарын тұтынуды азайту жөніндегі шешімдерді іздеу және іске асыру болып табылады.

«ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық мұнай құбырларының желілік бөлігінің байланыс тораптарында жалпы қуаты 39,6 кВт, 396 дана күн энергетикалық қондырғыларын пайдаланады. Сондай-ақ байланыс торабында қуаты 20 кВт жел электр станциясы қолданылады.

«Павлодар – Шымкент» ММК 1 499,9-1 572,1 (72,2 км) учаскесінде 10 кВ әуе электр беру желілерін реконструкциялау шеңберінде күн панельдері бар фотоэлектрлік энергия қондырғысы мен дизельді генераторлық қондырғыны қамтитын автономды гибриді электр генераторлық қондырғылар орнатылды. Осы жобаны іске асыруға 2022-2023 жылдары «ҚазТрансОйл» АҚ 1 066 млн теңге жұмсады. Жаңартылатын энергия үлесі бар гибриді энергиямен жабдықтау жүйелері энергетиканы дамытуда үлкен үрдіске айналуда, өйткені қоршаған ортаға әсерді азайтуға ықпал етеді және отын ресурстары мен оларды тасымалдау шығындарын азайтуға мүмкіндік береді.

### 2024 жылға және орта мерзімді перспективаға арналған жоспарлар

1. «ҚазТрансОйл» АҚ 2024 жылға арналған энергетикалық мақсаттарының орындалуын қамтамасыз ету.
2. Компанияның 2020-2025 жылдарға арналған энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуын қамтамасыз ету.
3. Компанияда 2024 жылы кезекті энергетикалық аудит жүргізу.
4. «Атырау – Самара» мұнай құбырының «ыстық» температуралық режимдерін оңтайландыру.

\* «ҚазТрансОйл» АҚ энергия сыйымдылығын есептеу әдістемесіне сәйкес мұнайдың жүк айналымы базалық көрсеткіш болып саналады. Есептеу кезінде Компания тұтынатын энергия ресурстарының барлық түрлері ескеріледі.

\*\* БНТ энергия сыйымдылығын есептеу әдістемесіне сәйкес мұнайды ауыстырып тиеу көлемі базалық көрсеткіш болып саналады.

«ҚазТрансОйл» АҚ бойынша энергия сыйымдылығын қысқарту

11,5%

«Павлодар-Шымкент» ММК-да күн панельдері бар

11

энергия қондырғысы орнатылды



Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
 Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
 2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
 Магистральдық құбырлардың схемасы  
 2023 жылғы негізгі оқиғалар  
 Компанияның бизнес-моделі

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ
2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ
3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР
4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІН НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ
6. ҚОСЫМШАЛАР

Орнықты дамуды басқару  
 Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздіктің маңызды ережелері  
 Персоналды басқару, теңдік және әлеуметтік-экономикалық әсер  
 Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту  
 Қоршаған ортаны қорғау  
 Энергия тұтыну және энергия жинақтау

# Су ресурстары

## Басқару тәсілі

GRI 3-3, 303-1, 303-2

2023 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша су тұтыну көлемінің төмендеуі

5,1%

2023 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша су тегінділерін азайту

1,7%

Су – құнды және таптырмас ресурс. «ҚазТрансОйл» АҚ су ресурстарын ұтымды пайдалану қажеттігін түсінеді. Бұдан басқа, Компания объектілері орналасқан Қазақстан Республикасының батыс өңірлері дәстүрлі түрде су тапшылығына жатады. «ҚазТрансОйл» АҚ су объектілеріне елеулі әсер етпей, Қазақстан Республикасының Су ресурстары саласындағы заңнамалық талаптарына және жасалған шарттарға сәйкес су алуды жүзеге асырады. Су ресурстарын басқарудың негізгі міндеттері:

- барлық құрылымдық бөлімшелерде міндетті түрде қолдануға арналған су ресурстарын басқарудың негізгі қағидаттарын сақтау;
- су ресурстарын басқару процесін үнемі жетілдіру;
- су ресурстарын басқару процесіне мүдделі тараптарды белсенді тарту.

Компанияда «ҚазТрансОйл» АҚ су шығынын азайту, су ресурстарын қайта немесе айналымды пайдалануды ұлғайту есебінен нормативтік-тазартылған суды төгуді қысқарту, тұщы суды пайдалануды ықтимал қысқарту жөніндегі 2023-2027 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары бекітілді. Компания жасыл желектерді суару арқылы ағынды суларды техникалық қажеттіліктерге пайдалану үлесін арттыру арқылы таза суды тұтынуды азайтуға тырысады.


Компанияда Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен аккредиттелген зертханасы бар мердігер ұйым жүргізе отырып, жер асты, жер үсті және сарқынды сулардың тоқсан сайынғы мониторингі жүзеге асырылады.

«Магистральдық Суағызғысы» ЖШС қызметінің ерекшелігіне байланысты «ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша су тапшылығы бар өңірлерде су алуды қамтитын «ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобының алынатын суының 98%-дан астамы «Магистральдық Суағызғысы» ЖШС-ға тиесілі.

### «ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша көздерден алынатын судың жалпы мөлшері

GRI 303-3

Мл



- Жер үсті сулары
- Жер асты сулары (артезиан ұңғымалары),
- Муниципалды және басқа сумен жабдықтау жүйелері (бөгде ұйымдардан сатып алу)


«ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша су тұтыну көлемі есепті кезеңде 2022 жылмен салыстырғанда 5,1%-ға төмендеп, 30 266,9 Мл құрады. «ҚазТрансОйл» АҚ және БНТ үшін сумен жабдықтаудың негізгі көздері жер үсті сулары және сумен жабдықтау шарттары бойынша бөгде ұйымдардан сатып алу болып табылады. «Магистральдық Суағызғысы» ЖШС үшін су ресурстарының көзі Қиғаш өзені болып табылады.

2023 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша су тапшылығы бар өңірлердегі су жинау көлемі 10%-ға төмендеді. Сондай-ақ 2022 жылға қарағанда жер үсті суларын жинау 5,1%-ға қысқарды.

### «ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша су тапшылығы байқалатын өңірлердегі жалпы су жинау\*

GRI 303-3, GRI 303-5

Мл



- Жер үсті сулары
- Жер асты сулары (артезиан ұңғымалары)
- Муниципалдық және басқа сумен жабдықтау жүйелері (бөгде ұйымдардан сатып алу)

### «ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша тұщы және басқа суға бөле отырып, жиналатын судың жалпы көлемі

GRI 303-3

Мл

Көрсеткіш <sup>5</sup>	2021	2022	2023	Өзгеріс, %
Тұщы су	31 561	31 905	30 267	-5,1
Басқа су	0	0	0	-

2023 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша су тапшылығы бар өңірлерде су алу көлемінің төмендеуі

10%

\* БНТ осы көрсеткіштен алынып тасталды, өйткені ол су тапшылығы байқалған аймақтарға жатпайды.

<sup>5</sup> Тұщы су – жалпы минералдануы 1000 мг/л-ге тең немесе одан аспайтын су; басқа су – жалпы минералдануы 1000 мг/л-ден асатын су.



Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2023 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

2023 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

2023 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша сарқынды сулардың төгінділерін азайту

0,7%

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

## 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

## 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Орнықты дамуды басқару

Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздіктің маңызды ережелері

Персоналды басқару, теңдік және әлеуметтік-экономикалық әсер

Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

Қоршаған ортаны қорғау

Энергия тұтыну және энергия жинақтау

## 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

## 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

## 6. ҚОСЫМШАЛАР

2023 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ бойынша төгінділерді азайту

7,7%

3. Орнықты басқару саласындағы нәтижелер

### «ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша ағызу объектілері бөлінісінде сарқынды суларды ағызу көлемі




### «ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша тұщы және басқа суға бөлінген су төгінділерінің көлемі

GRI 303-4 Мл

Көрсеткіш	2021	2022	2023	Өзгеріс, %
Тұщы су	870,4	863,1	848,7	-1,7
Басқа су	2 355,2	2 372,5	2 365,2	-0,3

«ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша сарқынды сулардың ағызу көлемі есепті кезеңде 3 213,9 Мл құрады, 2022 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 0,7%-ға төмендеді. «ҚазТрансОйл» АҚ жер үсті суларына ағызу 11,1%-ға төмендеді.

### «ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша ағызылатын судың сапасын көрсете отырып, суды ағызу көлемі



Өндірістік суағарлар ағынды суларды тазарту қондырғылары арқылы өтеді, содан кейін механикалық тұндырғыштарда тұндырылады.

«ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша Тұщы су ағызу көлемі 2023 жылы 1,7%-ға азайды. «ҚазТрансОйл» АҚ-да су ресурстарын тұтынудың қысқаруына байланысты ағызу көлемі 7,7%-ға азайды. Бұл ретте «Магистральдық Суағызғысы» ЖШС-да ағызылатын су көлемі тұтынылатын ауыз судың ұлғаюына байланысты 17,9% — ға өсті.

Су объектілерімен байланысты экологиялық оқиғаларды тергеп-тексеру «ҚазТрансОйл» АҚ су ресурстарын басқару қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

2023 жылы Ақтөбе мұнай құбыры басқармасының ӨКБ объектісінде «Биокс-50» тазарту құрылғысын ауыстыру үшін «ЛОС-S-SBR» маркалы заманауи қондырғыны сатып

алу жүргізілді, сондай-ақ «Құмкөл» БМАС-та биохимиялық тазарту жүйесін реконструкциялау жобасы бойынша жобалау-іздестіру жұмыстары жүргізілді.

## 2024 жылға және орта мерзімді перспективаға арналған жоспарлар

1. Жезқазған мұнай құбыры басқармасының «Құмкөл» БМАС биохимиялық тазарту жүйесін реконструкциялау.
2. Таза суды пайдалануды қысқарту, су ресурстарын қайта немесе айналымда пайдалануды ұлғайту есебінен нормативтік-тазартылған суды төгуді қысқарту, «ҚазТрансОйл» АҚ-дағы су ысырабын 2023-2027 жылдарға арнап іске асырудың белгіленген мерзімдерінде қысқарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау.

# Қалдықтарды басқару

## Басқару тәсілі

GRI 3-3, 306-2

«ҚазТрансОйл» АҚ Экологиялық саясатында Компания қабылдаған негізгі міндеттемелердің бірі қалдықтарды басқару жөніндегі операцияларды жүзеге асыру болып табылады. Қалдықтармен қауіпсіз жұмыс жасау Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің талаптарына, нормативтік құқықтық актілерге, халықаралық стандарттардың талаптарына, сондай-ақ «ҚазТрансОйл» АҚ-да қалдықтарды басқару қағидаларына сәйкес ұйымдастырылған, олардың мақсаты Компанияның өндірістік қызметі барысында пайда болатын қалдықтарды басқару процесінде талаптарды белгілеу және жауапкершілікті бөлу болып табылады.

Компания операциялық қызметтен шыққан қалдықтардың адамдардың өмірі мен денсаулығына зиян келтіру қаупін болдырмауды, суларға, атмосфералық ауаға, топыраққа, жануарлар мен өсімдіктер әлеміне қауіп төндірмеуін, ландшафттарға және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға теріс әсер етпеуін мұқият қадағалайды.

Жыл сайын әрбір ОҚБ-да қалдықтардың тізбесі және олармен жұмыс істеу тәсілдері бекітіледі, қажет болған жағдайда қалдықтарды басқару бағдарламасы әзірленеді/түзетіледі, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі уәкілетті органға қауіпті қалдықтардың паспорттары, қалдықтарды түгендеу жөніндегі есептілік, өндірістік экологиялық бақылау туралы есеп тапсырылады. «ҚазТрансОйл» АҚ «ЗЭО» филиалының жауапты бөлімшесі қалдықтардың паспорттарын, қалдықтарды басқару бағдарламасын әзірлейді және бекітеді. Әрбір құрылымдық бөлімшеде қалдықтарды басқаруға және түгендеуге жауапты адам тағайындалады. Әрбір құрылымдық бөлімшеде қалдықтарды басқаруға және түгендеуге жауапты адам тағайындалады.

GRI 306-1

Нәтижесінде «ҚазТрансОйл» АҚ объектілерінде қалдықтар пайда болатын өндірістік процестерге мыналар жатады:

- көмірсутек шикізатын тасымалдауға және сақтауға байланысты өндірістік процестер (электр жабдығының қалдықтары, майланған шүберек, лак-бояу материалдарының ыдыстары, резеңке-техникалық бұйымдардың қалдықтары, пайдаланылған майлар, пайдаланылған рентгенографиялық үлбір және т. б.);
- станок жабдығын пайдалану (металл жаңқасы, өңделген абразив шаңы);
- дәнекерлеу жұмыстарын жүргізу (дәнекерлеу электродтарының жағындылары);
- жөндеу-құрылыс және алдын алу жұмыстары (құрылыс қалдықтары, металл сынықтары).


Компанияның барлық қалдықтары жабық таңбаланған контейнерлерде, арнайы жабдықталған алаңдарда жиналады, содан кейін жою немесе қалпына келтіру үшін мамандандырылған ұйымдарға беріледі. Қауіпті және қауіпті емес қалдықтар Экологиялық кодекске сәйкес бөлек жиналады және өндіріс және тұтыну қалдықтарын есепке алу журналында тіркеледі.

«ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша 2023 жылы қалдықтардың пайда болуының жиынтық көлемі 32 655,5 тоннаны құрады және 2022 жылмен салыстырғанда 66,8%-ға өсті. Қалдықтар көлемінің ұлғаю себептері «Өзен — Атырау — Самара» ММҚ 508 км тарихи бұзылған жерлерді қалпына келтіру бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ жүргізген жұмыстардың нәтижесінде ластанған топырақтың пайда болуы, сондай-ақ «Астрахань-Маңғышлақ» магистральдық суағызғысын салу бойынша «Магистральдық Суағызғысы» ЖШС-тің жұмыстар жүргізуіне байланысты болып табылады.

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның өндірістік қызмет процесінде пайда болған 31 814 тонна көлеміндегі қалдықтарының барлығын мамандандырылған ұйымдар одан әрі қалпына келтіру немесе жою үшін әкетеді. Люминисцентті шамдар, картридждер, батареялар сияқты қауіпті қалдықтар бөлек жиналып, мамандандырылған ұйымдарға беріледі. Зертханалық талдаулардан кейін қалған химиялық реагенттер мен ерітінділер экспортталады және бейтараптандырылады.

«ҚазТрансОйл» АҚ кәсіпорындарының көпшілігінде макулатура мен пластикті жеке жинау жүргізіледі, олар да мамандандырылған ұйымдарға тапсырылады. «ҚазТрансОйл» АҚ қалдықтардың пайда болу көлемін азайтуға ұмтылады, жұмыскерлер үшін қалдықтарды өңдеу және қалдықтарды бөлек жинау жөнінде оқыту жүргізіледі.

### «ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы бойынша қауіпті және қауіпті емес қалдықтарға бөле отырып, қалдықтардың түзілуінің жалпы көлемі



Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
Магистральдық құбырлардың схемасы  
2023 жылғы негізгі оқиғалар  
Компанияның бизнес-моделі

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

### 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

### 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Орнықты дамуды басқару  
Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздіктің маңызды ережелері  
Персоналды басқару, теңдік және әлеуметтік-экономикалық әсер  
Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту  
Қоршаған ортаны қорғау  
Энергия тұтыну және энергия жинақтау

## 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

### 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІН НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

### 6. ҚОСЫМШАЛАР

# Биоәртүрлілікке әсер ету

## Басқару тәсілі

GRI 3-3

2023 жылы Павлодар және Қарағанды мұнай құбыры басқармаларында құс қорғау құрылғыларының

**238**  
жиынтығы орнатылды

«ҚазТрансОйл» АҚ өндірістің ерекшелігіне байланысты өсімдіктердің, жануарлардың және олардың мекендейтін жерлерінің биоалуантүрлілігіне мардымсыз әсер етеді. Компанияның негізгі активтері, атап айтқанда мұнай құбырлары жер астында орналасқан, бұл операциялық қызметтің биоәртүрлілікке теріс әсерін барынша төмендетеді. Алайда Компанияның қызметі Қазақстан Республикасының бүкіл аумағын қамтиды және «ҚазТрансОйл» АҚ өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің алуан түрлілігін сақтау және түрлердің жоғалуын азайту жөнінде шаралар қабылдау қажеттілігі артып келе жатқанын мойындайды. Компания БҰҰ-ның биоалуантүрлілік конференциясы мақұлдаған биоалуантүрлілік бойынша Жаһандық негіздемелік бағдарламаны қолдайды.

«ҚазТрансОйл» АҚ өз қызметінің аудандарында биоалуантүрлілікті сақтау бойынша белсенді жұмыс істейді, өз қызметінің қоршаған ортаға ықтимал теріс әсерін азайтуға күш салады, бұл Компанияның экологиялық саясатында көрініс табады. Компанияның экожүйелерді сақтауға қосқан негізгі үлесі зардап шеккен аумақтарды жүйелі және уақтылы қалпына келтіру болып табылады. Биоәртүрлілікке әсерді бағалау объектілердің жобалық құжаттамасын әзірлеу кезінде қоршаған ортаға әсерді бағалауды жүргізу шеңберінде жүргізіледі. Қоршаған ортаға әсерді бағалау көзделіп отырған шаруашылық қызметтің нақты объектілері мен құрылыстарының қоршаған ортаға, оның ішінде өсімдіктер мен жануарлар әлеміне әсерінің барлық аспектілерін толық көлемде егжей-тегжейлі талдауды көздейді.

GRI 304-1

Солтүстік Қазақстан облысының аумағында «Петерфельд» желілік өндірістік диспетчерлік станциясынан 50 км қашықтықта мынадай ерекше қорғалатын аумақтар орналасқан:

- «Мамлют ауданының «Мамлют мемлекеттік табиғи қорығы»;
- Қызылжар ауданының «Петропавл», «Соколов» және М. Жұмбаев атындағы ауданның «Булаев» үш мемлекеттік мекемесінің аумағында орналасқан «Согоров мемлекеттік табиғи қамалы»;
- Қызылжар ауданының аумағындағы «Серебряный бор» және «Сосновый бор» табиғат ескерткіштері.

Ерекше қорғалатын аумақтарда орналасқан өндірістік алаңдар жоқ.

GRI 304-2, 304-3

Электр тогының әсерінен «ҚазТрансОйл» АҚ әуе электр беру желілері Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілгендерді қоса алғанда, ірі және орташа құстардың өліміне соқтыруы мүмкін. Қанаттылардың арасында дала бүркіті, үкі, сондай-ақ сирек жағдайда бүркіт, сұңқар-ителгі және басқа да түрлері әуе электр желілерімен өзара әрекеттесу кезінде үлкен қауіпке ұшырайды.

2023 жылы құстардан қорғайтын құрылғыларды орнату жұмыстары жүргізілді, бұл желілік ажыратқыштарға қонған кезде құстардың өлу ықтималдығын едәуір азайтты. Павлодар және Қарағанды мұнай құбыры басқармаларында барлығы 238 жиынтық орнатылды.

## Жерлерді қорғау

«ҚазТрансОйл» АҚ өзінің өндірістік қызмет орындарында жер ресурстарын сақтауға жауапты. Компания тарихи ластанған жерлерді қалпына келтіру бойынша қызметті жүзеге асырады және тоқсан сайын бөтен тәуелсіз аккредиттелген ұйымдарын тарта отырып, топырақтың ластануына мониторинг жүргізеді.

### «ҚазТрансОйл» АҚ-да бұзылған жерлерді (тарихи ластануларды) қалпына келтіру

GRI 304-3

Көркеміс	2021	2022	2023	Өзгеріс, %
Бұзылған жерлерді (тарихи ластануларды) қалпына келтіру, га	8,0	2,26	1,64	-27,4
Бұзылған жерлерді (тарихи ластануларды) қалпына келтіруге жұмсалатын шығындар, ҚҚС қоса алғанда млн. теңге	2 074,4	746,5	650,6	-12,8

«ҚазТрансОйл» АҚ 2023 жылы «Өзен — Атырау — Самара» ММҚ бойындағы тарихи ластанған жерлерді қалпына келтіру жұмыстарын жүргізді. Қалпына келтірудің соңғы кезеңі осы аймаққа тән өсімдіктерді отырғызу болды.

2023 жылы «Өзен — Атырау — Самара» ММҚ бойындағы тарихи ластанған жерлерді қалпына келтіру жұмыстары жалғастырылды. Есепті жылы 1,64 га бұзылған жер қалпына келтірілді.

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ СОНДАЙ-АҚ 1950-1960 ЖЫЛДАРЫ ЛАСТАНҒАН ЖЕРЛЕРДІ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕ АЛДЫ. МҰНДАЙ ЖҰМЫС БҮЛІНГЕН ЖЕРЛЕРДІ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУДІҢ БЕКІТІЛГЕН ЖОБАСЫНА СӘЙКЕС КЕЗЕҢ-КЕЗЕҢІМЕН ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ.

Бұзылған жерлер 2023 жылы қалпына келтірілді

**1,64**  
га

Бұзылған жерлерді қалпына келтіруге арналған шығындар

**650,6**  
млн теңге

### 2024 жылға және орта мерзімді перспективаға арналған жоспарлар

Маңғыстау мұнай құбыры басқармасының «Өзен-Жетібай-Ақтау» мұнай құбыры учаскесінде бұзылған жерлерді қалпына келтіру жұмыстарын жалғастыру.



Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
 Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
 2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
 Магистральдық құбырлардың схемасы  
 2023 жылғы негізгі оқиғалар  
 Компанияның бизнес-моделі

#### 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

#### 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

#### 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Орнықты дамуды басқару  
 Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздіктің маңызды ережелері  
 Персоналды басқару, теңдік және әлеуметтік-экономикалық әсер  
 Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту  
 Қоршаған ортаны қорғау  
 Энергия тұтыну және энергия жинақтау

#### 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

#### 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІН НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

#### 6. ҚОСЫМШАЛАР

# Активтердің тұтастығы және сыни оқыс оқиғаларды басқару

## Басқару тәсілі

GRI 3-3, 306-3

«ҚазТрансОйл» АҚ өндірістің апатсыздығын қамтамасыз ету және өндірістік процестердің тиімділігін арттыру мақсатында өзінің өндірістік қызметінің ықтимал қатерлерін бақылауды жүзеге асырады және кедергілерді басқару жүйесінің көмегімен объектінің тұтастығы үшін тәуекелдерді азайтады. «ҚазТрансОйл» АҚ уәкілетті бөлімшесі салдарларды жұмсарту жөнінде шаралар қабылдау және авариялық жағдайларды жою жөніндегі жоспарларды әзірлеу мақсатында құбырдың тығыздығының тұтастығының қандай да бір бұзылуын анықтау үшін магистральдық құбырлардың жай-күйін үздіксіз бағалайды.

2023 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ-да бір оқыс оқиға болды: 6 наурызда «Опорная» МҚС-да №1 және №2 жылыту пештерінен мұнай ағындыларын жинау ыдысының жанында мұнай дақтары табылды. Оқыс оқиға Бейнеу аудандық пайдалану қызметінің энергиямен жабдықтаушы ұйымы тарапынан электр энергиясының ажыратылуына байланысты болды, соның салдарынан апатқа қарсы қорғау жүйесі іске қосылды. Төгілу көлемі — 7 тонна. Мұнаймен ластанған учаскенің ауданы 220 м<sup>2</sup> құрады. Бұл төгілу жедел түрде жойылды, бұзылған жерлер қалпына келтірілді.





Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
 Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
 2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
 Магистральдық құбырлардың схемасы  
 2023 жылғы негізгі оқиғалар  
 Компанияның бизнес-моделі

- 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ
- 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ
- 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР
- 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Корпоративтік басқару жүйесі және оның негізгі қағидаттары  
 Корпоративтік басқару кодексінің сақталуы туралы есеп  
 Акционерлердің жалпы жиналысы  
 Директорлар кеңесі  
 Басқарма  
 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл  
 Салық салу  
 Ішкі және сыртқы аудит  
 Тәуекелдерді басқару

**5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ**

**6. ҚОСЫМШАЛАР**

# Корпоративтік басқару

Корпоративтік басқару жүйесі және оның негізгі қағидаттары .....	158
Корпоративтік басқару кодексінің сақталуы туралы есеп .....	159
Акционерлердің жалпы жиналысы .....	160
Директорлар кеңесі .....	164
Басқарма .....	173
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл .....	178
Салық салу .....	182
Ішкі және сыртқы аудит .....	183
Тәуекелдерді басқару .....	184





Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
Бас директорының (Басқарма төрағасының) үндеуі  
2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
Магистральдық құбырлардың схемасы  
2023 жылғы негізгі оқиғалар  
Компанияның бизнес-моделі

- 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ
- 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ
- 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР
- 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
  - Корпоративтік басқару жүйесі және оның негізгі қағидаттары
  - Корпоративтік басқару кодексінің сақталуы туралы есеп
  - Акционерлердің жалпы жиналысы
  - Директорлар кеңесі
  - Басқарма
  - Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
  - Салық салу
  - Ішкі және сыртқы аудит
  - Тәуекелдерді басқару
- 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІН НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ
- 6. ҚОСЫМШАЛАР

# Корпоративтік басқару

## Елеулі тақырыптар

- Экономикалық әсері
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

## Негізгі оқиғалар

- 2022 жылғы дивидендтерді төлеу 2023 жылғы 13 маусымда аяқталды. 2022 жылдың қорытындысы бойынша дивидендтер төлеуге 15 000 495 861 теңге немесе Компанияның бір жай акциясына 39 теңге бағытталды.

## 2023 жылғы мақсаттар мен қол жеткізген жетістіктер

- |  |  |
|--|--|
| <p><b>1</b> Компанияда және ЕББҰ-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті дамытуға бағытталған жұмысты жалғастыру.</p> <p>✔ Мақсат орындалды. Іске асыру жалғасуда</p>                   | <p><b>4</b> Компанияның бюджетке салық міндеттемелерін уақтылы және толық орындауы және бюджеттен тыс қорларға әлеуметтік төлемдерді есептеу, есептеу және төлеу жөніндегі міндеттерді орындауы.</p> <p>✔ Мақсат орындалды. Іске асыру жалғасуда</p> |
| <p><b>2</b> Компанияның ЕББҰсында комплаенс-тәуекелдерді басқару жүйесін (оның ішінде санкциялық) құру бойынша одан әрі жұмыс.</p> <p>✔ Мақсат орындалды. Іске асыру жалғасуда</p>       | <p><b>5</b> Компанияның салықтық тәуекелдерінің туындауының теріс салдарын болдырмау және/ немесе азайту жөнінде уақтылы шаралар қабылдауды қамтамасыз ету.</p> <p>✔ Мақсат орындалды. Іске асыру жалғасуда</p>                                      |
| <p><b>3</b> Компанияның салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша міндеттемелерін жоспарлауды қамтамасыз ету.</p> <p>✔ Мақсат орындалды. Іске асыру жалғасуда</p> |  |

## 2023 жылғы негізгі көрсеткіштер

Директорлар кеңесінің <b>16</b> бетпе-бет отырысы өткізілді	онда <b>142</b> шешім қабылданды
Басқарманың <b>32</b> бетпе-бет отырысы өткізілді	онда <b>210</b> мәселе қаралды
Ішкі аудит қызметі <b>7</b> аудиторлық тексеру жүргізді	Сыбайлас жемқорлықтың расталған <b>0</b> жағдайы
Мемлекет бюджетіне <b>~40,1</b> млрд теңге	Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік индексі <b>91%</b>
салықтар мен басқа да міндетті төлемдер төленді	

## БҰҰ ОДМ қол жеткізуге қосқан үлес

- 8 ЛАЙЫҚТЫ ЖҰМАС ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БҰҰ
- 16 БЕЛГІШІЛІК СІП ТҮРЕЛІП ЖӘНЕ ТИМДІ ИНСТИТУТТАР
- 17 ОРЫНҚТЫ ДАМУ МҮДДЕСІНДЕ СЕРКІТЕСТІК



Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
Магистральдық құбырлардың схемасы  
2023 жылғы негізгі оқиғалар  
Компанияның бизнес-моделі

### 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

### 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

### 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

### 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Корпоративтік басқару жүйесі және оның негізгі қағидаттары

Корпоративтік басқару кодексінің сақталуы туралы есеп

Акционерлердің жалпы жиналысы

Директорлар кеңесі

Басқарма

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Салық салу

Ішкі және сыртқы аудит

Тәуекелдерді басқару

### 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

### 6. ҚОСЫМШАЛАР

# Корпоративтік басқару жүйесі және оның негізгі қағидаттары

«ҚазТрансОйл» АҚ корпоративтік басқаруды компанияның ұзақ мерзімді құнын қалыптастырудың және орнықты дамуын қамтамасыз етудің, сондай-ақ оның бәсекеге қабілеттілігі мен инвесторлар үшін тартымдылығын арттырудың маңызды факторы ретінде қарастырады.


«ҚазТрансОйл» АҚ корпоративтік басқармасы Компания қызметін басқару мен бақылауды, сондай-ақ акционерлер, Директорлар кеңесі, атқарушы орган және мүдделі тараптар арасындағы өзара қарым-қатынас жүйесін қамтамасыз ететін процестердің жиынтығын білдіреді.

«ҚазТрансОйл» АҚ Қазақстан Республикасының заңнамасына, Компания Жарғысына және корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Компанияның корпоративтік басқару жүйесін құрады.

Компания қызметінің негізгі мәселелері бойынша шешім қабылдайтын және жалпы басшылықты жүзеге асыратын Компания органдары:

- Акционерлердің жалпы жиналысы (жоғары орган);
- Директорлар кеңесі (басқару органы);
- Басқарма (атқарушы орган) болып табылады.

### Компанияның корпоративтік басқару жүйесі



# Корпоративтік басқару кодексінің сақталуы туралы есеп


Корпоративтік басқару кодексінің мақсаты «ҚазТрансОйл» АҚ-да корпоративтік басқаруды жетілдіру, басқарудың ашықтығын қамтамасыз ету, Компанияның тиісті корпоративтік басқару стандарттарын ұстануға бейілділігін растау болып табылады. Кодекстің қағидаттары мыналар болып табылады:

1. Үкімет «Самұрық-Қазына» АҚ акционері ретінде.
2. «Самұрық-Қазына» АҚ мен ұйымдардың өзара іс-қимылы.  
«Самұрық-Қазына» АҚ-ның Ұлттық басқарушы холдинг ретінде рөлі.
3. Орнықты даму.
4. Акционерлердің құқықтары және акционерлерге әділ көзқарас.
5. Директорлар кеңесі мен атқарушы органның тиімділігі.
6. Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит.
7. Ашықтық.

Бұл қағидаттар корпоративтік басқарудың озық тәжірибелеріне сәйкес келеді және Компанияның ұзақ мерзімді құнын, инвестициялық тартымдылығын және тұтастай алғанда орнықты дамуын арттыру үшін маңызды.

Компания корпоративтік басқарудың маңыздылығын түсіне отырып, Компанияның ішкі құжаттары мен практикасын корпоративтік басқару қағидаттарына сәйкестендіру қажеттілігіне көп көңіл бөледі.

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін 2023 жылғы сақтауы туралы толық есеп Компанияның интернет-ресурсында «Корпоративтік басқару» — [«Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтауы туралы есепте»](#) бөлімінде қол жетімді.





Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
Магистральдық құбырлардың схемасы  
2023 жылғы негізгі оқиғалар  
Компанияның бизнес-моделі

### 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

### 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

### 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

### 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Корпоративтік басқару жүйесі және оның негізгі қағидаттары

Корпоративтік басқару кодексінің сақталуы туралы есеп

Акционерлердің жалпы жиналысы

Директорлар кеңесі

Басқарма

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Салық салу

Ішкі және сыртқы аудит

Тәуекелдерді басқару

### 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІК НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

### 6. ҚОСЫМШАЛАР

# Акционерлердің жалпы жиналысы

## Акционерлердің жалпы жиналысы өз қызметін «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Компания жарғысына және «ҚазТрансОйл» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ережеге сәйкес жүзеге асыратын Компанияның жоғары басқару органы болып табылады.

Компанияны басқаруға қатысу құқығын іске асыру кезінде Компания барлық акционерлерге тең және әділ қатынасты қамтамасыз етуге тырысады. Акционерлердің өз құқықтарын іске асырудың негізгі тәсілі акционерлердің жылдық Жалпы жиналысына және акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналыстарына қатысу болып табылады.

Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу рәсімі акционерлердің құқықтарының сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған және қолданыстағы заңнаманың барлық талаптарына, сондай-ақ корпоративтік басқарудың үздік әлемдік тәжірибелеріне жауап береді.


## Акционерлік капиталдың құрылымы

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компаниялардың 384 635 599 жай акциясы орналастырылды және төленді, оның ішінде:

- 346 172 040 жай акция немесе шығарылған және орналастырылған акциялардың жалпы санының 90%-ы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ға тиесілі;

- 38 463 559 жай акция немесе 10% минус бір акция KASE жазылу әдісімен орналастырылған, оның ішінде 7 500 жай акцияны Компания акционердің талабы бойынша сатып алған;
- Компанияның 1 (бір) жай акциясы орналастырылмаған.

### «ҚазТрансОйл» АҚ акциялары нарықтық құнының 2023 жылы өзгеруі



## 2023 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналыстарын өткізу туралы ақпарат

### Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы

«ҚазТрансОйл» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы 2023 жылғы 24 мамырда өткізілді, онда мынадай мәселелер қаралды:

- «ҚазТрансОйл» АҚ 2022 жылғы аудиттелген жылдық қаржылық есептілігін және аудиттелген шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін бекіту туралы.
- «ҚазТрансОйл» АҚ 2022 жылғы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және «ҚазТрансОйл» АҚ бір жай акциясына есептегенде дивиденд мөлшерін бекіту туралы.
- «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы атқарылған жұмыс туралы жылдық есебін бекіту туралы.
- «ҚазТрансОйл» АҚ және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне «ҚазТрансОйл» АҚ акционерлерінің 2022 жылғы өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы.
- «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
- «ҚазТрансОйл» АҚ есеп комиссиясының кейбір мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату және «ҚазТрансОйл» АҚ есеп комиссиясының жаңа мүшелерін сайлау туралы.

### Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналыстары

2023 жылғы 14 тамызда «ҚазТрансОйл» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы өткізілді, онда мынадай мәселелер қаралды:

- «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері Винишиус Агостини Алвес пен Мартинес Лопес Альбертоның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы.
- «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелерін, оның ішінде оның төрағасын сайлау туралы.
- «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің сайланатын мүшелеріне өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақылар мен шығыстарын өтеу мөлшері мен шарттарын айқындау туралы.
- «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысына толықтыру енгізу туралы.

## Дивидендтік саясат

«ҚазТрансОйл» АҚ дивидендтік саясаты Компания мен оның акционерлері мүдделерінің теңгерімін сақтау, акционерлер мен барлық мүдделі тараптар үшін барынша ашықтықты қамтамасыз ету, дивидендтердің мөлшерін айқындау тәртібін және оларды төлеу тәртібін сақтау мақсатында әзірленді.

Дивидендтік саясат Компанияның таза кірісінің кем дегенде 40%-ы дивиденд төлеу сомасын белгілейді. Дивидендтердің нақты мөлшері, егер бұл Компанияның міндеттемелеріне қайшы келмесе, Компанияның таза кірісінің 100%-на жетуі немесе одан асуы мүмкін.

Дивидендтерді есептеу мақсатында шоғырландырылған немесе жеке таза кірістің ең үлкен шамасы қолданылады. Компания Басқармасы дивидендтерді төлеу деңгейін тиісті қаржы жылындағы Компания қызметінің нақты нәтижелеріне, дамудың жалпы салалық серпініне және күрделі (инвестициялық) шығындар бағдарламасына сүйене отырып, 40% нормативтен төмен ұсыну құқығын өзіне қалдырады.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының шешімімен 2022 жылдың қорытындысы бойынша дивидендтер төлеуге 15 000 495 861 теңге немесе Компанияның бір жай акциясына 39 теңге бағытталды. 2022 жылғы дивидендтерді төлеу 2023 жылғы 13 маусымда аяқталды.

### Дивидендтерді төлеу серпіні

Дивидендтер төленетін кезең	Дивидендтер төлеудің басталу күні	Бір акцияға шаққандағы дивиденд мөлшері	Төлем сомасы
01.01.2016 – 31.12.2016	27.06.2017	155	59 617 355 345
01.01.2017 – 31.12.2017	26.06.2018	160	61 540 495 840
01.01.2018 – 31.12.2018	03.07.2019	104	40 001 322 296
01.01.2019 – 31.12.2019	18.06.2020	118	45 386 115 682
01.01.2020 – 31.12.2020	18.06.2021	132	50 770 909 068
01.01.2021 – 31.12.2021	13.06.2022	26	10 000 330 574
01.01.2022 – 31.12.2022	13.06.2023	39	15 000 495 861

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
Магистральдық құбырлардың схемасы  
2023 жылғы негізгі оқиғалар  
Компанияның бизнес-моделі

### 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

### 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

### 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

### 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Корпоративтік басқару жүйесі және оның негізгі қағидаттары

Корпоративтік басқару кодексінің сақталуы туралы есеп

Акционерлердің жалпы жиналысы

Директорлар кеңесі

Басқарма

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Салық салу

Ішкі және сыртқы аудит

Тәуекелдерді басқару

### 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІН НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

### 6. ҚОСЫМШАЛАР

## I Ақпаратты ашу

### КОМПАНИЯНЫҢ АҚПАРАТТЫ АШУЫ ОНЫҢ ОСЫ АҚПАРАТТЫ АЛУ МАҚСАТТАРЫНА ҚАРАМАСТАН БАРЛЫҚ МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРҒА ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ.

Ақпаратты ашу «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Қазақстан қор биржасы» АҚ бағалы қағаздарға рұқсат беру бастамашыларының ақпаратты ашу қағидаларына, Компания Жарғысына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының басқа да талаптарына және Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

Ақпараттық ашықтық және өзара сыйластық қағидаттарына негізделген акционерлермен тиімді өзара іс-қимыл құру Компанияның басымдықтарының бірі болып табылады. Компания мен оның акционерлері, әлеуетті инвесторлар, талдаушылар, жалпы инвестициялық қоғамдастық өкілдері және бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары арасында кері байланысты қамтамасыз ету мақсатында Компанияда Инвесторлармен байланыс қызметі жұмыс істейді.

2023 жылы KASE платформасында «Эмитент күні» аясында «ҚазТрансОйл» АҚ басшылығы инвесторлармен, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларымен және БАҚ өкілдерімен 3 онлайн-кездесу өткізді. Компания өндірістік және қаржылық көрсеткіштер, күрделі салымдар, тарифтік саясат және «ҚазТрансОйл» АҚ инвестициялық жобаларын іске асыру бойынша негізгі деректерді жариялады.

KASE 2024 жылғы 12 наурызда «ҚазТрансОйл» АҚ-ны 2023 жылғы жұмыс қорытындысы бойынша «Ашықтыққа ұмтылғаны үшін» дипломымен марапаттады (экономиканың қаржылық емес секторының компаниясы). KASE сарапшыларының пікірінше, Компания инвесторлар үшін ақпаратты ашудың және KASE алаңын пайдалана отырып, инвесторлармен коммуникациялар құрудың үздік тәжірибесін көрсетеді.

Компания ақпараттық ашықтықты қолдау және мүдделі тараптар үшін ақпаратты тиімді ашу жөніндегі жұмысты жалғастырады.


## I Наградадармен рейтингтер

1

### ЕСЕПТІ ЖЫЛЫ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНДАҒЫ «ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ ПОЗИЦИЯСЫН KASE БАҒАЛАДЫ:

KASE «ҚазТрансОйл» АҚ 2023 жылғы жұмыс қорытындысы бойынша «Ашықтыққа ұмтылғаны үшін» дипломымен наградтады.

«ҚазТрансОйл» АҚ «Акциялар нарығының көшбасшысы» дипломымен марапатталды.



2

### «ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ КРЕДИТТІК РЕЙТИНГТІН ТҰРАҚТЫ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙІН ҚОЛДАЙДЫ, БҮЛ ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІК-ТЕРДІ БАҒАЛАУЫМЕН РАСТАЛАДЫ:

S&P Global Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі Компанияның рейтингі бойынша «Тұрақты» («ҚазТрансОйл» АҚ — «BB+» рейтингі) болжамын қайта қарады;

«BB+»

Fitch Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі «ҚазТрансОйл» эмитентінің ақ ұзақ мерзімді дефолт рейтингін «BBB-» — дан «BBB» — ға дейін көтерді.

«BBB»

3

### КОМПАНИЯНЫҢ АҚПАРАТТЫ АШУ БАСТАМАЛАРЫН РЕТТЕУШІЛЕР МЕН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОМПАНИЯЛАР ДА ЖОҒАРЫ БАҒАЛАДЫ:

Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Тіл саясаты комитеті өткізген ақпаратты корпоративтік интернет-ресурстарға орналастыру кезінде 2022 жылы мемлекеттік тілді практикалық қолдану мониторингінің қорытындысы бойынша ұлттық компаниялар арасында 1-ші орын;



KASE өткізетін жыл сайынғы конкурс шеңберінде 2021 жылғы қызмет қорытындысы бойынша «Қаржылық емес сектордағы үздік жылдық есеп» номинациясы бойынша жүлдегер;



KASE өткізетін жыл сайынғы конкурс шеңберінде 2021 жылғы қызмет қорытындылары бойынша «2021 жылғы жылдық есептің үздік дизайны» номинациясы бойынша диплом;



PricewaterhouseCoopers (PwC) халықаралық компаниясының бағалауына сәйкес корпоративтік есептерде қаржылық емес ақпаратты ашу бойынша 50 үздік қазақстандық компания рейтингінде жетекші орындардың бірі.



3

«ҚазТрансОйл» АҚ инвесторларымен онлайн-кездесулер



Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2023 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

2023 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

## 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

## 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

## 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Корпоративтік басқару жүйесі және оның негізгі қағидаттары

Корпоративтік басқару кодексінің сақталуы туралы есеп

Акционерлердің жалпы жиналысы

Директорлар кеңесі

Басқарма

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Салық салу

Ішкі және сыртқы аудит

Тәуекелдерді басқару

## 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІН НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

## 6. ҚОСЫМШАЛАР

# Директорлар кеңесі

**Директорлар кеңесі өз құзыреті шеңберінде Компанияға стратегиялық басшылық жасауды және Компания басқармасының қызметін бақылауды қамтамасыз ететін Компанияның басқару органы болып табылады. Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысына есеп береді және қолданыстағы шешім қабылдау жүйесіне сәйкес Компанияның қызметін тиімді басқару және тиісті бақылау үшін жауап береді.**

Директорлар кеңесі өз қызметінде «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерін, акционерлердің жалпы жиналысының шешімдерін, Компания Жарғысын, Корпоративтік басқару кодексінің, сондай-ақ «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі туралы ережені басшылыққа алады.

Директорлар кеңесі өз құзыретіне сәйкес Компанияны дамытудың стратегиясы мен басым бағыттарын, оның ішінде мынадай салаларда айқындайды:

- корпоративтік басқару;
- тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау;
- орнықты даму;
- ірі инвестициялық және басқа да негізгі стратегиялық жобаларды іске асыру.

Директорлар кеңесі сондай-ақ Компанияны дамытудың басым бағыттарының іске асырылуына тұрақты бақылауды жүзеге асырады, Компанияның даму жоспары қызметінің негізгі көрсеткіштерін белгілейді және олардың орындалуын қадағалайды. Сондай-ақ Директорлар кеңесі алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті ресурстармен қамтамасыз етуді қоса алғанда, Компанияның Даму стратегиясын іске асыруға мониторинг жүргізеді.

## Директорлар кеңесінің құрамы

GRI 2-9, GRI 2-10, GRI 2-11, GRI 2-12, GRI 2-17

Акционерлік капиталдың құрылымына сәйкес (жай акциялардың жалпы санының 90%-ы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тиесілі), «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар Кеңесінің екі мүшесі ірі акционер — «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілдері болып табылады. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің үш мүшесі — тәуелсіз директорлар, бұл корпоративтік басқарудың үздік әлемдік тәжірибесіне сәйкес миноритарлық акционерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ Компанияның бас директоры (Басқарма төрағасы) Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.

Компанияның Директорлар кеңесінің төрағасы — «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі Болат Зәкіров болып табылады.

Компанияның Директорлар кеңесінің барлық мүшелері жоғары кәсіби беделге ие және салада айтарлықтай тәжірибесі бар. Директорлар кеңесінің барлық мүшелерінің Стратегиялық жоспарлау, қаржылық есептілік және аудит, бизнес-жоспарлау және жобаларды басқару саласында қажетті білімі мен біліктілігі бар.

### «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі құзыреттерінің матрицасы

Директорлар Кеңесінің мүшелері	Болат Зәкіров	Ардақ Қасымбек	Талғат Құрманбаев	Адриан Фрейсини	Тимоти Глен Миллер	Қазбек Құсайынов
<b>Кәсіби дағдылары</b>						
Стратегиялық жоспарлау	+	+	+	+	+	
Операциялық менеджмент	+	+	+	+	+	+
Қаржы және инвестициялар	+	+	+	+		+
<b>Тәжірибесі</b>						
Қолданылатын салалық тәжірибе (мұнай өнеркәсібі)	+	+	+		+	
Басшылық лауазымдағы жұмыс тәжірибесі (CEO, CEO-1)	+	+	+	+	+	+
Халықаралық тәжірибе	+		+	+	+	
<b>Білімі</b>						
PhD / MBA / басқа магистр дәрежесі	+	+		+		+
Экономика және қаржы	+	+				+
Құқықтану			+			
Инженерлік және техникалық ғылымдар			+		+	+
Басқару және бизнес-акімшілендіру		+		+		+



### БОЛАТ ЗӘКІРОВ

«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы  
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы  
1976 жылы 16 шілдеде дүниеге келген

- Қазақ мемлекеттік басқару академиясын «Халықаралық Валюта-қаржы қатынастары» мамандығы бойынша бітірген. Энергетика саласындағы ғылым магистрі дәрежесіне ие, Данди қаласының университеті.

### Жұмыс тәжірибесі

- Еңбек жолын 1999 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ Стратегиялық жоспарлау департаментінің маманы болып бастаған. Әр жылдары «ҚазТрансОйл» АҚ және «ҚМГ-Транскаспий» ЖШС-да басшылық лауазымдарда қызмет атқарды.
- 2018 — 2022 жылдар аралығында — «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Мұнай тасымалдау департаментінің директоры, мұнай тасымалдау басқармасының бастығы.
- 2022 жылғы мамырдан бастап — «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының орынбасары.

- 2023 жылғы 14 тамыздан бастап — «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі.
- «ҚТК-Р» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «Қазақтеңізкөлікфлоты» «ҰТКК» ЖШС Байқау кеңесінің төрағасы, «KMG International N.V.» Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады.
- Компания және ЕББҰ акцияларына иелік етпейді.
- Компанияның жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.
- Компания акцияларымен мәмілелерді жүзеге асырмаған.



### АРДАҚ ҚАСЫМБЕК

«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі  
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы  
1977 жылы 29 қыркүйекте дүниеге келген

- Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетін «Халықаралық экономикалық қатынастар» мамандығы бойынша және Business School of city бизнес мектебін «Banking and International Finance» (Банк ісі және халықаралық қаржы) мамандығы бойынша бітірген.

### Жұмыс тәжірибесі

- Еңбек жолын 1998 жылы «Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ құрылымдық қаржыландыру департаментінің жетекші банк қызметкері болып бастаған. Әр жылдары «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-да басшылық қызмет атқарды.
- 2018-2019 жылдар аралығында — «Капитал Қазына Менеджмент» АҚ Басқарма төрағасы.
- 2021 — 2023 жылдар аралығында — «ҚТЖ — Жүк тасымалы» ЖШС Байқау кеңесінің мүшесі, «ҚТЖ — Экспресс» АҚ «Кедентранссервис» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

- 2023 жылғы 14 тамыздан бастап — «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі.
- Басқа ұйымдардың басқару органдарының құрамына кірмейді.
- Компания және ЕББҰ акцияларына иелік етпейді.
- Компанияның жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.
- Компания акцияларымен мәмілелерді жүзеге асырмаған.



### ТАЛҒАТ ҚҰРМАНБАЕВ

«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «ҚазТрансОйл» АҚ бас директоры (Басқарма төрағасы)

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы  
1979 жылы 8 шілдеде дүниеге келген

- 2000 жылы Қазақ мемлекеттік заң академиясын (ҚАЗМЗА) «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірген. 2006 жылы Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ техникалық университетін. «Газ-мұнай құбырлары мен газ-мұнай қоймаларын жобалау, салу және пайдалану» мамандығы бойынша бітірген.

### Жұмыс тәжірибесі

- Еңбек жолын 2000 жылы «Мұнай-Транско» БК ЖАҚ менеджері болып бастаған. Әр жылдары «ҚазТрансОйл» АҚ, «ҚазМұнайТеңіз» ҰК АҚ, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және «Самұрық-Қазына» АҚ-да жұмыс істеді.
- 2015 — 2020 жылдар аралығында — «ҚазМұнайГаз-Аэро» ЖШС бас директорының орынбасары, бас директоры.
- 2020 — 2022 жылдар аралығында — Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Мұнай өнеркәсібін дамыту департаменті директорының орынбасары.
- 2022 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін — «ҚазТрансОйл» АҚ Бас директоры (Басқарма төрағасы).

- 2022 жылғы 12 сәуірден бастап — «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.
- Басқа ұйымдардың басқару органдарының құрамына кірмейді.
- Компания және ЕББҰ акцияларына иелік етпейді.
- Компанияның жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.
- Компания акцияларымен мәмілелерді жүзеге асырмаған.



Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
Магистральдық құбырлардың схемасы  
2023 жылғы негізгі оқиғалар  
Компанияның бизнес-моделі

### 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

### 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

### 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

### 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Корпоративтік басқару жүйесі және оның негізгі қағидаттары  
Корпоративтік басқару кодексінің сақталуы туралы есеп  
Акционерлердің жалпы жиналысы  
Директорлар кеңесі  
Басқарма  
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл  
Салық салу  
Ішкі және сыртқы аудит  
Тәуекелдерді басқару

### 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІН НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

### 6. ҚОСЫМШАЛАР



## Тәуелсіз директорлар

Компанияның Директорлар Кеңесі құрамында тәуелсіз директорлардың болуы Директорлар кеңесі мүшелерінің тәжірибесі, дағдылары мен біліктілігінің ең жақсы теңгеріміне ұмтылумен байланысты. Тәуелсіз директорлар Директорлар кеңесінің жұмысына корпоративтік басқару, тәуекел-менеджмент саласындағы құнды тәжірибені, сондай-ақ халық-аралық тәжірибені, стратегиялық көзқарасты және мұнай тасымалдау саласының ерекшелігін терең түсінуді енгізеді.

Директорлар кеңесінің жұмысына қатысудан басқа, тәуелсіз директорлар Директорлар кеңесі жанындағы комитеттерді басқарады, отырыстардың күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауға белсенді қатысады, сондай-ақ барлық акционерлердің мүдделерін ескере отырып, объективті шешімдер әзірлеуді қамтамасыз етеді.

Есепті кезең ішінде Компанияның тәуелсіз директорлары Қазақстан Республикасының заңнамасында, Компанияның жарғысында және Компанияның Директорлар кеңесі туралы ережеде айқындалған Тәуелсіздік өлшемдеріне толық сәйкес келді.

Тәуелсіз директорларды сайлау тәртібі туралы қосымша ақпарат Компанияның интернет-ресурсында «Корпоративтік басқару» бөлімінде қол жетімді.

## Директорлар кеңесінің құрамына іріктеу және сайлау өлшемшарттары

Директорлар кеңесінің мүшелерін, оның ішінде Тәуелсіз директорларды және Директорлар кеңесінің төрағасын іріктеу және сайлау өлшемшарттары «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, Компания Жарғысында, Корпоративтік басқару кодексінде және Компанияның Директорлар кеңесі туралы ережеде айқындалған.

Акционерлердің жалпы жиналысы кандидаттардың біліктіліктерін, дағдыларын, жетістіктерін, іскерлік беделін және кәсіби тәжірибесін ескере отырып, анық және ашық рәсімдер негізінде Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлайды. Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерін немесе оның толық құрамын жаңа мерзімге қайта сайлау кезінде олардың Компанияның директорлар Кеңесі қызметінің тиімділігіне қосқан үлесі назарға алынады.

Компанияның Директорлар кеңесі мен оның комитеттері Компания мен акционерлердің мүддесі үшін тәуелсіз, объективті және тиімді шешімдер қабылдауды, ұзақ мерзімді құнның өсуін және Компанияның тұрақты дамуын қамтамасыз ететін дағдылардың, тәжірибе мен білімнің тепе-теңдігін сақтайды.



### АДРИАН ФРЕЙСИНЕ

Тәуелсіз директор

Азаматтығы: Швейцария Конфедерациясы  
1979 жылы 13 желтоқсанда дүниеге келген

- Wheaton College (АҚШ, Массачусетс штаты) бакалавр дәрежесі және Джорджтаун университетінің (АҚШ) және ESADE Бизнес мектебінің (Испания) іскерлік әкімшілендіру магистрі (MBA) дәрежесі бар.

#### Жұмыс тәжірибесі

- Жеке инвестициялар және экономиканың түрлі секторларында консультация беру саласында елеулі халықаралық тәжірибеге ие. Осу мүмкіндіктерін анықтауға, сондай-ақ қосылған құнды алуға бағытталған стратегияларды анықтауға маманданған. Rothschild&Co мансабының басынан бастап Baring Vostok Capital Partners және Халықаралық қаржы корпорациясында басшылық қызметтер атқарды, онда Африка, Азия, Латын Америкасы, Ресей және ТМД елдеріндегі инвестициялармен айналысқан және оларды басқарған, Дүниежүзілік банк тобының мүшесі.

- 2019 жылғы 28 қаңтардан бастап — «ҚазТрансОйл» АҚ тәуелсіз директоры.
- Басқа ұйымдардың басқару органдарының құрамына кірмейді.
- Компания және ЕББУ акцияларына иелік етпейді.
- Компанияның жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.
- Компания акцияларымен мәмілелерді жүзеге асырмаған.



### ТИМОТИ ГЛЕН МИЛЛЕР

Тәуелсіз директор

Азаматтығы: АҚШ  
1959 жылы 13 қарашада дүниеге келген

- Техас технологиялық университетінің (Техас штаты, АҚШ) машина жасау саласындағы ғылым бакалавры дәрежесі бар, Тау-бета-Пи қоғамының құрметті стипендиаты.

#### Жұмыс тәжірибесі

- Дүние жүзі бойынша 42 жылдан астам тәжірибесі бар энергоменеджмент, адам ресурстарын басқару және операциялық қызмет саласындағы тәжірибелі басшы. Операциялық және технологиялық қауіпсіздікті табысты басқаруда, стратегияны әзірлеу мен іске асыруда, тиімділікті арттыруда және бизнес үшін жаңа мүмкіндіктерді пайдалануда мол тәжірибесі бар. Бес жыл бойы «Теңізшевройл» Қазақстандағы ірі мұнай-газ компаниясын бас директор лауазымында басқарды. Үш жыл бойы Еуразия аймағында Chevron активтерін басқарушы директор ретінде басқарды және 2019 жылы отставкаға кетті. Мансабы барысында Кувейтте, Бразилияда, Индонезияда және Қазақстанда әртүрлі басшылық қызметтер атқарды.

- 2023 жылғы 14 тамызынан бастап — «ҚазТрансОйл» АҚ тәуелсіз директоры
- Басқа ұйымдардың басқару органдарының құрамына кірмейді.
- Компания және ЕББУ акцияларына иелік етпейді.
- Компанияның жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.
- Компания акцияларымен мәмілелерді жүзеге асырмаған.



### ҚАЗБЕК ҚҰСАЙЫНОВ

Тәуелсіз директор

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы  
1981 жылы 24 наурызда дүниеге келген

- Кенжеғали Сағадиев атындағы Халықаралық бизнес университетінің (UIB) «Экономист» біліктілігімен бітірген. Қазақ ұлттық техникалық университетінің «Мұнай және газ кен орындарын игеру» факультетінің «Тау-кен инженері-мұнайшы» біліктілігімен бітірген. «Сколково» Мәскеу басқару мектебінің (Мәскеу, Шанхай, Сан-Франциско) іскерлік әкімшілендіру магистрі (MBA) дәрежесі бар.

#### Жұмыс тәжірибесі

- Активтерді басқару саласында мол тәжірибесі бар. Еңбек жолын 2000 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ Әкімшілік департаментінің маманы болып бастаған. Кейіннен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Активтерді басқару департаментінің бас маманы болып жұмыс істеді. 2003 жылдан бастап «ҚазТрансГаз» АҚ экономикалық талдау басқармасының активтерді басқару департаментінің бас менеджері және Активтерді басқару департаменті директорының орынбасары лауазымдарын атқарды. 2005 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін жеке бизнеспен айналысады.

- 2023 жылғы 14 тамыздан бастап — «ҚазТрансОйл» АҚ тәуелсіз директоры.
- Басқа ұйымдардың басқару органдарының құрамына кірмейді.
- Компания және ЕББУ акцияларына иелік етпейді.
- Компанияның жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.
- Компания акцияларымен мәмілелерді жүзеге асырмаған.

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2023 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

2023 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

## 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

## 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

## 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Корпоративтік басқару жүйесі және оның негізгі қағидаттары

Корпоративтік басқару кодексінің сақталуы туралы есеп

Акционерлердің жалпы жиналысы

Директорлар кеңесі

Басқарма

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Салық салу

Ішкі және сыртқы аудит

Тәуекелдерді басқару

## 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІН НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

## 6. ҚОСЫМШАЛАР

# I Директорлар кеңесінің қызметі

## 2023 жылы Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысу\*

Директор	Отырыстарға қатысу		Есепті кезеңде Директорлар кеңесінің құрамында болу кезеңі
	Қатысқан отырыстар саны	Қатысқан отырыстардың пайызы	
Марат Орманов	10 из 10	100%	01.01.2023 – 16.07.2023
Болат Зәкіров	5 из 5	100%	14.08.2023 – 31.12.2023
Марлен Оразбеков	10 из 10	100%	01.01.2023 – 14.07.2023
Ардақ Қасымбек	5 из 5	100%	14.08.2023 – 31.12.2023
Талғат Құрманбаев	16 из 16	100%	01.01.2023 – 31.12.2023
Винишиус Агостини Алвес	11 из 11	100%	01.01.2023 – 14.08.2023
Альберто Мартинес Лопес	11 из 11	100%	01.01.2023 – 14.08.2023
Қазбек Құсайынов	5 из 5	100%	14.08.2023 – 31.12.2023
Тимоти Глен Миллер	5 из 5	100%	14.08.2023 – 31.12.2023
Адриан Фрейсине	16 из 16	100%	01.01.2023 – 31.12.2023

\* Берілген жазбаша хабарламаларға сәйкес: 2023 жылғы 15 шілдеде Компанияның Директорлар кеңесінің мүшесі Марлен Оразбековтің өз бастамасы бойынша өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды; 2023 жылғы 17 шілдеде Компанияның Директорлар кеңесінің мүшесі Марат Ормановтың өз бастамасы бойынша өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды. Компания акционерлерінің жалпы Жиналысының шешімдеріне сәйкес: 2023 жылғы 14 тамызда Компанияның Директорлар кеңесінің мүшелері Винишиус Агостини Алвес пен Альберто Мартинес Лопестің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды; 2023 жылғы 14 тамыздан бастап Компанияның Директорлар кеңесінің құрамына мыналар сайланды:

- Болат Зәкіров – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі;
- Ардақ Қасымбек – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі;
- Қазбек Құсайынов – тәуелсіз директор;
- Тимоти Глен Миллер – тәуелсіз директор.

2023 жылы Директорлар кеңесінің 16 бетпе-бет отырысы өткізілді, онда 142 мәселе, оның ішінде Компания қызметінің мынадай негізгі бағыттары бойынша мәселелер қаралды және шешімдер қабылданды.

## I Стратегиялық даму:

- «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2028 жылға дейінгі Даму трагегиясын іске асыру туралы 2022 жылғы есепті қарау;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2022-2026 жылдарға арналған бизнес-жоспарын іске асыру туралы есебін негізгі құралдарды қайта бағаланған құны бойынша 2022 жылғы бюджет шеңберінде қарау;
- негізгі құралдардың қайта бағалау және тарихи құндары бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2024-2028 жылдарға арналған бизнес-жоспарларын бекіту.

## I Қаржы-шаруашылық қызмет:

- «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысын шақыру туралы;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2022 жылғы аудиторлық жылдық қаржылық есептілігін және аудиторлық шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;
- «ҚазТрансОйл» АҚ 2023 жылдың бірінші жартыжылдығындағы аралық (жартыжылдық) қаржылық есептілігін және аралық (жартыжылдық) шоғырландырылған қаржылық есептілігін бекіту;
- «ҚазТрансОйл» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысына «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2022 жылғы таза кірісін бөлу тәртібі және «ҚазТрансОйл» АҚ-ның бір жай акциясына есептегендегі 2022 жылғы дивиденд мөлшері туралы Директорлар кеңесінің ұсыныстары;
- «ҚазТрансОйл» АҚ жасасуға мүдделілігі бар мәмілелер жасасу.


## I Орнықты даму:

- «ҚазТрансОйл» АҚ комплаенс-бақылау қызметінің жұмысы туралы 2022 жылғы есепті қарау;
- «ҚазТрансОйл» АҚ комплаенс-бақылау қызметінің 2024 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту;
- «ҚазТрансОйл» АҚ 2024-2026 жылдарға арналған стейкхолдерлер картасын бекіту;
- «ҚазТрансОйл» АҚ қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі бойынша параметрлерге — «ҚазТрансОйл» АҚ ОҚБ қызметкерлеріне еңбекақы төлеуді ұйымдастыру және төлеу қағидаларына өзгерістер енгізу.

## I Корпоративтік басқару:

- «ҚазТрансОйл» АҚ 2022 жылға арналған жылдық есебін бекіту;
- «ҚазТрансОйл» АҚ басшы жұмыскерлері қызметінің 2023 жылға арналған уәждемелік негізгі көрсеткіштерін және олардың нысаналы мәндерін бекіту;
- «ҚазТрансОйл» АҚ корпоративтік хатшысы қызметінің
- 2023 жылға арналған уәждемелік негізгі көрсеткіштерін және олардың нысаналы мәндерін бекіту
- «ҚазТрансОйл» АҚ корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтауы туралы 2022 жылғы есепті бекіту;
- «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы атқарылған жұмыс туралы жылдық есебін мақұлдау.

## «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің отырыстарында қаралған мәселелердің саны



БІРЛІК

## I Ішкі аудит:

- «ҚазТрансОйл» АҚ Ішкі аудит қызметінің 2024 жылға арналған жылдық аудиторлық жоспарын бекіту;
- «ҚазТрансОйл» АҚ Ішкі аудит қызметінің 2024 жылға арналған бюджетін бекіту;
- «ҚазТрансОйл» АҚ ішкі аудит қызметінің есептерін тыңдау.

## I Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау:

- «ҚазТрансОйл» АҚ және оның ЕББҰ өндірістік және өндірістік емес тәуекелдері бойынша тоқсан сайынғы есептерді бекіту;
- «ҚазТрансОйл» АҚ және оның ЕББҰ 2024 жылға арналған өндірістік және өндірістік емес тәуекелдерін сәйкестендіру және бағалау нәтижелерін бекіту.

Директорлар кеңесі сонымен қатар Компанияның ЕББҰ қатысушыларының/акционерлерінің жалпы жиналыстарының құзыретіне жататын бірқатар мәселелерді қарастырды.

# I Директорлар кеңесінің Комитеттері қызметінің нәтижелері

Арнайы құзыреттерді талап ететін аса маңызды мәселелерге қатысты ұсынымдарды қарау және дайындау арқылы Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында Директорлар Кеңесі жанынан үш комитет құрылды: Стратегиялық жоспарлау, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау комитеті, Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитет, Ішкі аудит комитеті. Комитет мүшелері Компанияның Директорлар кеңесінің шешімімен тағайындалады.

Комитеттер Компанияны басқарудың жекелеген мәселелерін белсенді талқылау және егжей-тегжейлі талдау мақсатында құрылды. Комитеттер Директорлар кеңесі берген өкілеттіктерге және Комитеттер туралы тиісті ережелерге сәйкес Директорлар кеңесіне есеп береді. Комитет мүшелері Компанияның Директорлар кеңесінің шешімімен тағайындалады. Комитеттердің функциялары, құқықтары мен міндеттері, жұмысын қалыптастыру тәртібі және ұйымдастыру тиісті ішкі құжаттармен белгіленеді. Бұл құжаттар Компанияның интернет-ресурсында «Корпоративтік басқару» бөлімінде қол жетімді.

# I Стратегиялық жоспарлау, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау комитеті

Стратегиялық жоспарлау, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау комитетінің құрамы (Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 14 тамыздағы шешімімен сайланды):

ТАӘ	Лауазымы
Тимоти Глен Миллер	Тәуелсіз директор, төраға
Адриан Фрейсине	Тәуелсіз директор
Қазбек Құсайынов	Тәуелсіз директор

Комитет Директорлар кеңесінің мүшелерінен және Комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылардан құралған. Комитеттің сандық құрамын Компанияның Директорлар кеңесі айқындайды, бұл ретте Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес Комитет мүшелерінің саны кемінде 3 адамды құрауға тиіс, Комитеттің Төрағасы Тәуелсіз директор болып табылады.

Комитет отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ кемінде алты айда бір рет өткізіледі.



Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2023 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

2023 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

## 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

## 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

## 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Корпоративтік басқару жүйесі және оның негізгі қағидаттары

Корпоративтік басқару кодексінің сақталуы туралы есеп

Акционерлердің жалпы жиналысы

Директорлар кеңесі

Басқарма

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Салық салу

Ішкі және сыртқы аудит

Тәуекелдерді басқару

## 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

## 6. ҚОСЫМШАЛАР

## I Комитет рөлі

Стратегиялық жоспарлау, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау комитетінің негізгі міндеттері Компанияның Даму стратегиясы, Компанияның инвестициялық саясаты мәселелері бойынша ұсынымдарды алдын ала қарау және Директорлар кеңесіне дайындау, сондай-ақ орнықты даму, оның ішінде жұмыскерлердің денсаулығын сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау болып табылады.

2023 жыл ішінде Комитеттің екі бетпе-бет отырысы және сырттай дауыс беру арқылы бір отырысы өткізілді, онда мынадай негізгі мәселелер бойынша ұсынымдар қаралды және әзірленді:

- «ҚазТрансОйл» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысына «ҚазТрансОйл» АҚ таза кірісін бөлу тәртібі және «ҚазТрансОйл» АҚ бір жай акциясына есептегенде 2022 жылғы дивиденд мөлшері туралы ұсыныстар дайындау үшін «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесіне берілетін ұсынымдар туралы;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2022 жылғы орнықты даму жөніндегі есебін қарау туралы;
- негізгі құралдардың қайта бағаланған және тарихи құны бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ 2024-2028 жылдарға арналған бизнес-жоспарларын бекіту бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесіне ұсынымдар туралы;
- «ҚазТрансОйл» АҚ миноритарлық акционерлерімен өзара іс-қимыл мәселесі бойынша ұсынымдар туралы.

## I Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитет

Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеттің құрамы (Компанияның Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 14 тамыздағы шешімімен сайланды):

ТАӘ	Лауазымы
<b>Қазбек Құсайынов</b>	Тәуелсіз директор, төраға
<b>Адриан Фрейсине</b>	Тәуелсіз директор
<b>Тимоти Глен Миллер</b>	Тәуелсіз директор
<b>Ардақ Қасымбек</b>	«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ өкілі

## I Комитет рөлі

Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитет қызметінің негізгі мақсаты «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесіне оның кадрлық және әлеуметтік саясат саласындағы өкілеттіктерін іске асыру, Басқарма төрағасы мен мүшелерінің сабақтастығын жоспарлау, Директорлар кеңесінің мүшелерін, Басқарма мүшелерін, оның ішінде бас директорды (басқарма төрағасын), корпоративтік хатшыны және омбудсменін сайлау/тағайындау және сыйақы беру жүйесінде жәрдем көрсету болып табылады.

2023 жыл ішінде Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеттің үш бетпе-бет отырысы және сырттай дауыс беру арқылы үш отырысы өткізілді, онда мынадай негізгі мәселелер бойынша ұсынымдар қаралды және әзірленді:

Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес Кеңестің тәуелсіз директорларының көпшілігі Комитеттің құрамына кіруі тиіс, осылайша Комитет құрамындағы тәуелсіз директорлардың басым болуын қамтамасыз етеді.

Комитет отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ жылына кемінде төрт рет өткізіледі.

- «ҚазТрансОйл» АҚ 2023 жылға арналған қызметінің корпоративтік түйінді көрсеткіштерін және олардың нысаналы мәндерін бекіту мәселесі бойынша ұсынымдар туралы
- басшы жұмыскерлер қызметінің 2023 жылға арналған уәждемелік негізгі көрсеткіштерін және олардың нысаналы мәндерін бекіту мәселесі бойынша ұсынымдар туралы;
- «ҚазТрансОйл» АҚ корпоративтік хатшысы қызметінің 2023 жылға арналған уәждемелік негізгі көрсеткіштерін және олардың нысаналы мәндерін бекіту мәселесі бойынша ұсынымдар туралы;
- «ҚазТрансОйл» АҚ басшы жұмыскерлері мен корпоративтік хатшысы қызметінің нақты мәндерімен және 2022 жылғы қорытынды нәтижелілігімен уәждемелік негізгі көрсеткіштерін бекіту туралы мәселе бойынша ұсынымдар туралы;
- «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттардың тізімін қалыптастыру жөніндегі ұсынымдар туралы.

## I Ішкі аудит комитеті

Ішкі аудит комитетінің құрамы (Компанияның Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 14 тамыздағы шешімімен сайланды):

ТАӘ	Лауазымы
<b>Адриан Фрейсине</b>	Тәуелсіз директор, төраға
<b>Тимоти Глен Миллер</b>	Тәуелсіз директор
<b>Қазбек Құсайынов</b>	Тәуелсіз директор
<b>Ардақ Қасымбек</b>	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі

Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес Комитеттің үш мүшесі, оның ішінде Комитет төрағасы тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

Қажет болған жағдайда Комитет төрағасының шақыруы бойынша Комитет отырыстарына аудит нәтижелерін бірлесіп қарау мақсатында Компанияның жетекші серіктесі және/немесе сыртқы аудиторы — «Эрнст энд Янг» ЖШС-нің басқа өкілдері қатыса алады.

Ішкі аудит комитетінің отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі.

## I Комитет рөлі

Ішкі аудит комитетінің қызметі Компанияның Директорлар кеңесіне сыртқы және ішкі аудит, қаржылық есептілік, тәуекелдерді ішкі бақылау және басқару, активтерді бағалау, Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуы мәселелері жөнінде, сондай-ақ Компанияның Директорлар кеңесінің тапсырмасы бойынша басқа да мәселелер жөнінде жәрдем көрсетуге бағытталған.

Есепті кезеңде Ішкі аудит комитеті сырттай дауыс беру арқылы алты бетпе-бет отырыс және үш отырыс өткізді, онда мынадай негізгі мәселелер бойынша ұсынымдар әзірленді:

- «ҚазТрансОйл» АҚ 2022 жылғы жеке және шоғырландырылған қаржылық есептіліктерін алдын ала мақұлдау туралы;
- «ҚазТрансОйл» АҚ Ішкі аудит қызметінің 2022 жылғы жұмыс қорытындысы бойынша есебін алдын ала мақұлдау туралы;

## I Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақысы

GRI 2-19, GRI 2-20

Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы мен шығыстарды өтеу тәртібі мен шарттары «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компанияларының Директорлар кеңестерін/Байқаушы кеңестерін қалыптастыру қағидаларында белгіленген.

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ ірі акционерінің өкілдеріне сыйақының мөлшері мен шарттары «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ уәкілетті органының шешімі негізінде айқындалады. Бұл ретте функционалдық міндеттеріне «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңестерінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мүдделерін білдіру кіретін «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ жұмыскерлеріне Директорлар Кеңесіне мүшелік үшін сыйақы төленбейді. Сондай-ақ, Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылатын «ҚазТрансОйл» АҚ атқарушы органының басшысы осы органдағы жұмысы үшін сыйақы алмайды.

Директорлар кеңесінің мүшелеріне олармен жасалған шарттар негізінде мынадай сыйақылар төленеді:

Тәуелсіз директорларға:

- жылына 80 мың АҚШ доллары мөлшерінде тіркелген сыйақы;
- Директорлар кеңесі жанындағы Комитеттердің бетпе-бет отырыстарына қатысқаны үшін 1 мың АҚШ доллары мөлшерінде қосымша сыйақы.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкіліне:

- жылына 18 млн теңге мөлшерінде тіркелген сыйақы;
- Директорлар кеңесі жанындағы Комитеттердің көзбе-көз отырыстарына қатысқаны үшін 450 мың теңге мөлшерінде қосымша сыйақы.


- «ҚазТрансОйл» АҚ комплаенс-бақылау қызметінің 2022 жылғы жұмысы туралы есепті қарау туралы;
- «ҚазТрансОйл» АҚ Ішкі аудит қызметінің 2024 жылға арналған жылдық аудиторлық жоспарын алдын ала мақұлдау туралы;
- «ҚазТрансОйл» АҚ Ішкі аудит қызметінің 2024 жылға арналған бюджетін алдын ала мақұлдау туралы;
- «ҚазТрансОйл» АҚ Ішкі аудит қызметі мен оның басшысының 2024 жылға арналған функционалдық негізгі көрсеткіштерін алдын ала мақұлдау туралы.

Директорлар кеңесі жанындағы Комитеттердің құрамына, міндеттері мен құзыреттеріне қойылатын талаптар және Комитеттердің отырыстарын өткізу тәртібі туралы қосымша ақпарат Компанияның интернет-ресурсында «Корпоративтік басқару» бөлімінде қол жетімді.

«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің отырыстарына және Директорлар кеңесінің төрағасы және/немесе «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы бастамашылық жасаған, Директорлар кеңесі мүшесінің тұрақты тұрғылықты жерінен тыс өткізілетін кеңестерге шығуға байланысты шығыстарды (жол жүру, тұру, тәуліктік) өтейді.

Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу шарттары бойынша қосымша ақпарат Компанияның интернет-ресурсында «Корпоративтік басқару» бөлімінде қол жетімді.

## «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақы мөлшерінің серпіні



Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2023 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

2023 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

## 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

## 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

## 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Корпоративтік басқару жүйесі және оның негізгі қағидаттары

Корпоративтік басқару кодексінің сақталуы туралы есеп

Акционерлердің жалпы жиналысы

Директорлар кеңесі

Басқарма

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Салық салу

Ішкі және сыртқы аудит

Тәуекелдерді басқару

## 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІН НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

## 6. ҚОСЫМШАЛАР

# I Корпоративтік хатшының рөлі мен қызметі

Корпоративтік хатшы өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, Компания Жарғысына, Корпоративтік басқару кодексіне, «ҚазТрансОйл» АҚ Корпоративтік хатшысы туралы ережеге, Компанияның өзге де ішкі құжаттарына, сондай-ақ Акционерлердің жалпы жиналысы мен Компанияның Директорлар кеңесінің шешімдеріне сәйкес жүзеге асырады.

Корпоративтік хатшының өзіне жүктелген міндеттерді орындауы үшін жеткілікті білімі, тәжірибесі және біліктілігі болады, мінсіз беделге және акционерлердің сеніміне ие.

Компанияның корпоративтік хатшысы өз қызметінде Директорлар кеңесіне есеп береді және бағынады. Корпоративтік хатшының негізгі міндеттеріне мыналар кіреді:

- Компания органдары мен лауазымды адамдарының корпоративтік басқару нормаларын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ корпоративтік басқару саласындағы саясат пен практиканы жетілдіру;
- Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің тиімді қызметін қамтамасыз ету;

# I Мүдделер қақтығысы

GRI 2-15

Директорлар кеңесі туралы ережеге сәйкес Директорлар кеңесінің мүшелері өз қызметінде мүдделер қақтығысын болдырмау қағидатын ұстануға тиіс.

Директорлар кеңесінің мүшелері өздері, Компания және акционерлер арасында мүдделер қақтығысының туындауына алып келетін немесе ықтимал алып келуі мүмкін іс-әрекеттерден аулақ болуға, ал мұндай жанжал болған немесе туындаған жағдайда бұл туралы Директорлар кеңесінің төрағасына жазбаша түрде дереу хабарлауға міндетті.

Директорлар кеңесінің мүшесі шешім қабылдауға мүдделілігі бар немесе мүдделер қақтығысы бар мәселелер бойынша дауыс бере алмайды.

Есепті кезеңде мүдделер қақтығысы жағдайлары анықталған жоқ.

Лауазымды адамдар мен қызметкерлердің мүдделер қақтығысын басқаруға байланысты мәселелерді қарау кезінде Компания «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген «ҚазТрансОйл» АҚ лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің мүдделер қақтығысын басқару қағидаларын басшылыққа алады.

Компаниядағы мүдделер қақтығысын басқару процесі мыналарды қамтиды:

- мүдделер қақтығысының жағдайын анықтау. Декларациялау, өтініштерді қарау, тексерулер мен қызметтік тергеулер жүргізу, сондай-ақ Компания жасасатын шарттарды/келісімдерді қарау және келісу, лауазымдарға контрагенттер мен кандидаттарды тексеру арқылы жүзеге асырылады;
- мүдделер қақтығысын тіркеу анықталған мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді тіркеу журналында орын алады;
- мүдделер қақтығысын болдырмау жөніндегі шараларды қолдану Компания қызметкерлерін Қағидалардың талаптарымен таныстыруды, түсіндіру жұмыстарын жүргізуді, Компания жасасатын шарттарды/келісімдерді қарауды және келісуді, лауазымдарға контрагенттер мен кандидаттарды тексеруді, сондай-ақ Компанияның үлестес тұлғалары мен инсайдерлері туралы ақпаратты тоқсан сайын есепке алуды қамтиды;

- Акционерлердің жалпы жиналыстарын өткізуді қамтамасыз ету;
- маңызды ақпаратты сақтауды, ашуды және ұсынуды қамтамасыз ету, сондай-ақ ақпараттық ашықтықтың жоғары деңгейін ұстап тұру;
- Компания мен акционерлер арасында, сондай-ақ Компания органдары арасында нақты және тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ету.

«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен 2021 жылғы 2 шілдесінен бастап «ҚазТрансОйл» АҚ Корпоративтік хатшысы болып үш жыл өкілеттік мерзімімен Шманов Айрат Махамбетұлы тағайындалды.

Компанияның Корпоративтік хатшысының міндеттері, функциялары, құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі корпоративтік басқару кодексінде және «ҚазТрансОйл» АҚ Корпоративтік хатшысы туралы ережеде бекітілген.

Корпоративтік хатшы туралы Ережемен Компанияның интернет-ресурсында «корпоративтік басқару» бөлімінде танысуға болады.

- мүдделер қақтығысын реттеу Қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады және нақты ақпаратқа қол жеткізуді шектеуді, белгілі бір мәселелер бойынша талқылауға және шешімдер қабылдауға қатысудан шеттетуді, лауазымдық міндеттерін өзгертуді, басқа лауазымаға ауыстыруды, мүдделер қақтығысының туындауына ықпал ететін жеке мүддеден бас тартуды, контрагентпен шартты және еңбек шартын бұзуды қамтиды.

Мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі шараларды айқындау үшін Компанияның бас директорының (Басқарма төрағасының) бұйрығымен Компанияның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі комиссия құрылды.

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, «ҚазТрансОйл» АҚ инсайдерлік ақпаратқа және Компанияның басқа да ішкі құжаттарына білік ету мен оны пайдалануды ішкі бақылау қағидаларын сақтау үшін білім алу мақсатында инсайдерлік ақпарат бөлігінде «Инсайдерлік ақпарат, Компанияның және оның инсайдерлік қызметкерлерінің құқықтық реттеу және жауапкершілік мәселелері» тақырыбында оқыту жүргізілді. Оқытуға инсайдер болып табылатын және бұрын мұндай оқудан өтпеген Компанияның 174 қызметкері қатысты.

Жобалар мен мәмілелерде мүдделер қақтығысы жағдайларына жол бермеу мақсатында тұрақты негізде Компания жасасатын шарттардың/келісімдердің жобаларын контрагенттердің Компанияға үлестес болуы тұрғысынан қарау бойынша жұмыс жүзеге асырылады; «ҚазТрансОйл» АҚ контрагенттерінің сенімділігін тексеру регламентіне сәйкес контрагенттерге тексеру жүргізіледі. Контрагенттердің Компаниямен үлестестігін анықтау үшін «ҚазТрансОйл» АҚ-мен жасалатын 2 181 шарттар мен келісімдер қаралды. Есепті кезеңде Компания шарттар жасасу кезінде лауазымды адамдар мен жұмыскерлердің мүдделері қақтығысының жағдайлары анықталған жоқ.

Есепті кезеңде лауазымдарға орналасуға үміткерлерді 79 тексеру және «ҚазТрансОйл» АҚ контрагенттерінің сенімділігін тексеру жөніндегі регламентте белгіленген санаттау өлшемшарттарына сәйкес келетін Компанияның 34 контрагентін тексеру жүзеге асырылды. Осы тексерулердің нәтижесінде есепті кезеңде мүдделер қақтығысы жағдайлары анықталған жоқ.

# Басқарма

## «ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасы Компанияның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган болып табылады.

Компания Басқармасы қызметінің негізгі мақсаттары Компания алдында тұрған міндеттердің тиімді орындалуын қамтамасыз ету және даму стратегиясын іске асыру болып табылады. Осы мақсаттарды орындау кезінде Басқарма мынадай негізгі қағидаттарды басшылыққа алады: адалдық, адамгершілік, парасаттылық, пайымдық, жүйелілік, сондай-ақ Компания акционерлерінің құқықтары мен мүдделерін барынша сақтау және акционерлердің жалпы жиналысы мен Компанияның Директорлар кеңесінің шешімдеріне есеп беру.

Басқарма қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Компания Жарғысымен, корпоративтік басқару кодексімен, «ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасы туралы ережемен және Компанияның өзге де ішкі құжаттарымен реттеледі.

Басқарманы Директорлар кеңесі құрады және Компанияның мақсаттарына қол жеткізу бойынша атқарылған жұмыстар үшін Директорлар кеңесіне есеп береді. Басқарманы оның жұмысын ұйымдастыратын және үйлестіретін бас директор (Басқарма Төрағасы) басқарады.

Басқарма Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесі қойған мақсаттарды жүзеге асыру үшін қаржылық және адами ресурстарды бөлуге жауапты.

Компания Басқармасының өкілеттіктері туралы қосымша ақпарат Компанияның интернет-ресурсында «Корпоративтік басқару» бөлімінде қол жетімді.

# I Басқарманың құрамы

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасының құрамына алты мүше кірді.

## 2023 жылғы 31 желтоқсандағы «ҚазТрансОйл» АҚ Басқарма құрамы

Аты, тегі	Лауазымы
<b>Талғат Құрманбаев</b>	Бас директор (Басқарма төрағасы)
<b>Темірхан Әбдіров</b>	Бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары
<b>Эрик Сагиев</b>	Бас директордың тасымалдау жөніндегі орынбасары
<b>Әміржан Оспанов</b>	Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары
<b>Ғазиз Қошанов</b>	Әлеуметтік-еңбек қатынастары және жалпы мәселелер жөніндегі басқарушы директор
<b>Жайдарман Исақов</b>	Заң мәселелері жөніндегі басқарушы директор





Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
Магистральдық құбырлардың схемасы  
2023 жылғы негізгі оқиғалар  
Компанияның бизнес-моделі

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

## 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

## 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

## 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Корпоративтік басқару жүйесі және оның негізгі қағидаттары

Корпоративтік басқару кодексінің сақталуы туралы есеп

Акционерлердің жалпы жиналысы

Директорлар кеңесі

Басқарма

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Салық салу

Ішкі және сыртқы аудит

Тәуекелдерді басқару

## 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІН НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

## 6. ҚОСЫМШАЛАР



### ТАЛҒАТ ҚҰРМАНБАЕВ

Бас директор (Басқарма төрағасы)

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы  
1979 жылы 8 шілдеде дүниеге келген

- 2000 жылы Қазақ мемлекеттік заң академиясын (ҚАЗМЗА) «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірген. 2006 жылы Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетін «Газ-мұнай құбырлары мен газ-мұнай қоймаларын жобалау, салу және пайдалану» мамандығы бойынша бітірген.

#### Жұмыс тәжірибесі

- Еңбек жолын 2000 жылы «Мұнай-Транско» БК ЖАҚ менеджері болып бастаған. Әр жылдары «КазТрансОйл» АҚ, «ҚазМұнайТеңіз» ТМК» АҚ, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және «Самұрық-Қазына» АҚ-да жұмыс істеді.
- 2015–2020 жылдары — «КазМұнайГаз-Аэро» ЖШС бас директорының орынбасары, бас директоры.
- 2020 жылғы ақпаннан 2022 жылғы ақпанға дейін — Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Мұнай өнеркәсібін дамыту департаменті директорының орынбасары.
- 2022 жылғы 23 ақпаннан бастап қазіргі уақытқа дейін — «КазТрансОйл» АҚ Бас директоры (Басқарма төрағасы).

- 2022 жылғы 12 сәуірден бастап қазіргі уақытқа дейін — «КазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.
- Компания және ЕББҰ акцияларына иелік етпейді.
- Компанияның жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.
- Компания акцияларымен мәмілелерді жүзеге асырмаған.



### ТЕМІРХАН ӘБДІРОВ

Бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы  
1972 жылы 9 тамызда дүниеге келген

- 1997 жылы О. А. Байқоңыров атындағы Жезқазған университетін «Пайдалы қазбалар кен орындарын жерасты игеру» мамандығы бойынша бітірген. 2002 жылы-Қазақ ұлттық техникалық университеті. Қ. И. Сәтбаев «газ-мұнай құбырлары мен газ-мұнай қоймаларын жобалау, салу және пайдалану» мамандығы бойынша.

#### Жұмыс тәжірибесі

- Еңбек жолын 1992 жылы «Қазмеханомонтаж» Жезқазған монтаж басқармасының технологиялық жабдықтарын монтаждаушы болып бастаған. Әр жылдары «КазТрансОйл» АҚ және «Батумский морской порт» ЖШҚ-да жұмыс істеді.
- 2018 жылғы сәуірден 2019 жылғы қаңтарға дейін — «Батумский морской порт» ЖШҚ Бас директоры.
- 2019 жылғы ақпаннан 2022 жылғы маусымға дейін — «КазТрансОйл» АҚ Операторлық қызметтер департаментінің директоры.
- 2022 жылғы маусымнан 2023 жылғы наурызға дейін — «КазТрансОйл» АҚ Павлодар мұнай құбыры басқармасы басқармасының бастығы.
- 2023 жылғы наурыздан бастап қазіргі уақытқа дейін — «КазТрансОйл» АҚ Бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары.

- 2023 жылғы 13 наурыздан бастап қазіргі уақытқа дейін — «КазТрансОйл» АҚ Басқармасының мүшесі.
- «Магистральдық Суағызғысы» ЖШС Байқаушы кеңесінің төрағасы.
- «МұнайТас» СБҚК» ЖШС Байқаушы кеңесінің мүшесі.
- Компания және ЕББҰ акцияларына иелік етпейді.
- Компанияның жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.
- Компания акцияларымен мәмілелерді жүзеге асырмаған.



### ЭРИК САФИЕВ

Бас директордың тасымалдау жөніндегі орынбасары

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы  
1984 жылы 22 қыркүйекте дүниеге келген

- М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетін «Технологиялық машиналар мен жабдықтар» мамандығы бойынша бітірген. М. С. Нәрікбаев атындағы Қазақ мемлекеттік заң университетін (ҚАЗМЗҰ) «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірген.

#### Жұмыс тәжірибесі

- Еңбек жолын 2002 жылы Bonatti SpA құрылыс компаниясында материалдық-техникалық жабдықтау маманы болып бастады. Әр жылдары Karagachanap Petroleum Operating B. V., «Интергазстрой» АҚ, Top-Oil Srl, «Стройгазконсалтинг» ЖШС-да жұмыс істеді.
- 2016 жылғы сәуірден 2021 жылғы маусымға дейін — Астана қаласының «Сарыарқа» Кәсіпкерлер Қауымдастығының Басқарма Төрағасы, «Атамекен» ҰКП Өңірлік кеңесінің мүшесі.
- 2022 жылғы наурыздан 2022 жылғы сәуірге дейін — «КазТрансОйл» АҚ МТБО» бас директорының тасымалдау жөніндегі орынбасары — филиал директоры.
- 2022 жылғы 11 сәуірден бастап қазіргі уақытқа дейін — «КазТрансОйл» АҚ Бас директорының тасымалдау жөніндегі орынбасары.

- 2022 жылғы 5 наурыздан бастап қазіргі уақытқа дейін — «КазТрансОйл» АҚ Басқармасының мүшесі.
- «Батумский нефтяной терминал» ЖШҚ Байқаушы кеңесінің төрағасы.
- «Батумский морской порт» ЖШҚ Байқаушы кеңесінің төрағасы.
- Petrotrans Limited компаниясының директоры.
- ЕББҰ акцияларына иелік етпейді.
- Компанияның жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.
- Компания акцияларымен мәмілелерді жүзеге асырмаған.



### ӘМІРЖАН ОСПАНОВ

Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы  
1975 жылы 14 желтоқсанда дүниеге келген

- 1998 жылы С. Сейфуллин атындағы Ақмола аграрлық университетін «Бухгалтерлік есеп және аудит» мамандығы бойынша бітірген. 2010 жылы Роберт Гордон университетін (The Robert Gordon University) MBA дәрежесімен бітірді.

#### Жұмыс тәжірибесі

- Еңбек жолын 1998 жылы С. Сейфуллин атындағы Аграрлық университетте ассистент болып бастаған. Әр жылдары Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінде, «КазМұнайГаз» ҰК АҚ, «КазТрансОйл» АҚ, Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В (NCOС), «АЛМЭКС Плюс» ЖШС, BI Development, Otau Development ЖШС, «Қазкоммерцбанк» АҚ-да жұмыс істеді.
- 2018 жылғы шілдеден 2021 жылғы шілдеге дейін — Бизнес-жоспарлау департаменті директорының орынбасары, «КазМұнайГаз» ҰК АҚ бөлім бастығы.
- 2021 жылғы шілдеден 2022 жылғы маусымға дейін — «Drilling & Services» ЖШС Бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары.
- 2022 жылғы 15 маусымнан бастап қазіргі уақытқа дейін—«КазТрансОйл» АҚ Бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары.

- 2022 жылғы 15 маусымнан бастап қазіргі уақытқа дейін — «КазТрансОйл» АҚ Басқарма мүшесі.
- «Магистральдық Суағызғысы» ЖШС Байқаушы кеңесінің мүшесі.
- Компания және ЕББҰ акцияларына иелік етпейді.
- Компанияның жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.
- Компания акцияларымен мәмілелерді жүзеге асырмаған.



### ҒАЗИЗ ҚОШАНОВ

Әлеуметтік-еңбек қатынастары және жалпы мәселелер жөніндегі басқарушы директор

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы  
1964 жылы 13 қаңтарда дүниеге келген

- 1988 жылы Қарағанды политехникалық институтын «Пайдалы қазбаларды байыту» мамандығы бойынша бітірген. 2005 жылы Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетін «Газ-мұнай құбырлары мен газ-мұнай қоймаларын жобалау, салу және пайдалану» мамандығы бойынша бітірген. 2019 жылы И. М. Губкин атындағы Ресей мемлекеттік мұнай және газ университетін «Энергетикалық бизнесті басқару. Жобаларды басқару» мамандығы бойынша MBA дәрежесі беріле отырып бітірді.

#### Жұмыс тәжірибесі

- Еңбек жолын 1988 жылы Жезді кен басқармасының байыту фабрикасының ауысым шебері болып бастаған. Әр жылдары «Қазақойл-Продактс» ЖШС, «КазМұнайГаз» Сауда Үйі» АҚ, «КазМұнайГаз Өнімдері» ЖШС жұмыс істеді.
- 2017 жылғы қарашадан 2019 жылғы сәуірге дейін — «КазМұнайГаз-Аэро» ЖШС Бас директорының бірінші орынбасары, бас директорының даму жөніндегі орынбасары, бас директорының кеңесшісі.
- 2019 жылғы сәуірден 2022 жылғы сәуірге дейін — «PetroRetail PFS» ЖШС Бас директорының орынбасары.
- 2022 жылғы 11 сәуірден бастап қазіргі уақытқа дейін — «КазТрансОйл» АҚ әлеуметтік-еңбек қатынастары және жалпы мәселелер жөніндегі басқарушы директоры.

- 2022 жылғы 15 сәуірден бастап қазіргі уақытқа дейін — «КазТрансОйл» АҚ Басқармасының мүшесі.
- Басқа ұйымдардың басқару органдарының құрамына кірмейді.
- Компания және ЕББҰ акцияларына иелік етпейді.
- Компанияның жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.
- Компания акцияларымен мәмілелерді жүзеге асырмаған.



### ЖАЙДАРМАН ИСАҚОВ

Құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директор

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы  
1965 жылғы 29 қазанда дүниеге келген

- С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірген, біліктілігі — заңгер. 2003 жылы Ресей Федерациясы Үкіметі жанындағы Халық шаруашылығы академиясында оқыды, мамандану тақырыбы — «Мұнай-газ саласының заңгері».

#### Жұмыс тәжірибесі

- Еңбек жолын 1989 жылы КСРО Қорғаныс министрлігі Сауда Басқармасының № 456 сауда-дайындау базасының заңгері болып бастады. Әр жылдары Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінде, «КазТрансГаз» ЖАҚ, «Мұнай және газ көлігі» ҰК ЖАҚ және «КазМұнайГаз» ҰК АҚ жұмыс істеді.
- «КазТрансОйл» АҚ 2002 жылғы қазан айынан бастап жұмыс істейді.
- 2018 жылғы қаңтардан бастап — «КазТрансОйл» АҚ Басқарушы директоры
- 2020 жылғы маусымнан 2022 жылғы ақпанға дейін — «КазТрансОйл» АҚ Бас директорының орынбасары.
- 2022 жылғы 1 наурыздан бастап қазіргі уақытқа дейін — «КазТрансОйл» АҚ құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директоры.

- 2003 жылғы 12 мамырдан бастап қазіргі уақытқа дейін — «КазТрансОйл» АҚ Басқарма мүшесі.
- «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС Байқаушы кеңесінің төрағасы.
- «Батумский нефтяной терминал» ЖШҚ Байқаушы кеңесінің мүшесі.
- Компания және ЕББҰ акцияларына иелік етпейді.
- Компанияның жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.
- Компания акцияларымен мәмілелерді жүзеге асырмаған.





Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
Магистральдық құбырлардың схемасы  
2023 жылғы негізгі оқиғалар  
Компанияның бизнес-моделі

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

## 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

## 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

## 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Корпоративтік басқару жүйесі және оның негізгі қағидаттары  
Корпоративтік басқару кодексінің сақталуы туралы есеп  
Акционерлердің жалпы жиналысы  
Директорлар кеңесі  
Басқарма  
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл  
Салық салу  
Ішкі және сыртқы аудит  
Тәуекелдерді басқару

## 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІН НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

## 6. ҚОСЫМШАЛАР

2023 жылы  
Компания  
Басқармасы

**32**  
көзбе-көз  
отырыс өткізді

Компания  
Басқармасы  
барлығы

**210**  
мәселе  
бойынша  
шешім  
қабылдады


## I Басқарма қызметі

### 2023 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ Басқарма отырыстарына қатысу

Басқарма мүшесі	Отырыстарға қатысу		Есепті кезеңде Басқарма құрамында болу кезеңі
	Қатысқан отырыстардың саны	Қатысқан отырыстардың пайызы	
Талғат Құрманбаев	30 из 32	94%	01.01.2023 – 31.12.2023
Сәбит Арынов	4 из 4	100%	01.01.2023 – 02.03.2023
Темірхан Әбдіров	20 из 28	71%	13.03.2023 – 31.12.2023
Эрик Сағиев	28 из 32	87%	01.01.2023 – 31.12.2023
Әміржан Оспанов	31 из 32	97%	01.01.2023 – 31.12.2023
Ғазиз Қошанов	26 из 32	81%	01.01.2023 – 31.12.2023
Жайдарман Исақов	30 из 32	94%	01.01.2023 – 31.12.2023

\* Компанияның Директорлар Кеңесінің 2023 жылғы 2 наурыздағы шешіміне сәйкес «ҚазТрансОйл» АҚ Басқарма мүшесі Сәбит Арыновтың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды.

### «ҚазТрансОйл» АҚ Басқарма отырыстарында қаралған мәселелер саны



### Қаржы-шаруашылық қызмет:

- «ҚазТрансОйл» АҚ 2022 жылғы аудиттелген жылдық қаржылық есептілігін және аудиттелген шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін мақұлдау;
- «ҚазТрансОйл» АҚ 2022 жылғы таза табысын және 2022 жылғы дивиденд мөлшерін «ҚазТрансОйл» АҚ бір жай акциясына есептегенде бөлу тәртібін мақұлдау;
- 2022 жылға еншілес және бірлескен бақыланатын ұйымдардың жылдық қаржылық есептілігін және шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін мақұлдау.

Өткізілген отырыстар шеңберінде басқа да мәселелермен қатар келесі негізгі бағыттар бойынша мәселелер қаралып шешімдер қабылданды:

### I Стратегиялық даму

- «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2028 жылға дейінгі даму стратегиясын іске асыру туралы 2022 жылғы есепті мақұлдау;
- негізгі құралдардың артық бағаланған құны бойынша 2022 жылғы бюджет бөлігінде «ҚазТрансОйл» АҚ 2022-2026 жылдарға арналған бизнес-жоспарын іске асыру туралы есепті мақұлдау;
- негізгі құралдардың қайта бағаланған және тарихи құны бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ 2024-2028 жылдарға арналған бизнес-жоспарларының жобаларын мақұлдау.

### I Корпоративтік басқару:

- «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2022 жылғы жылдық есебін мақұлдау;
- 2022 жылғы нақты мәндері мен қорытынды нәтижелілігімен «ҚазТрансОйл» АҚ қызметінің корпоративтік түйінді көрсеткіштерін бекіту.

### I Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау:

- «ҚазТрансОйл» АҚ және оның еншілес және бірлескен бақыланатын ұйымдарының өндірістік және өндірістік емес тәуекелдері бойынша тоқсан сайынғы есептерді мақұлдау;
- «ҚазТрансОйл» АҚ және оның еншілес және бірлескен бақыланатын ұйымдарының 2024 жылға арналған өндірістік және өндірістік емес тәуекелдерін сәйкестендіру және бағалау нәтижелерін мақұлдау.

## I Басқарма мүшелеріне сыйақы

GRI 2-19, GRI 2-20

Компанияда қолданыстағы Басқарма мүшелерін марапаттау тәсілі жоғары білікті басқарушыларды тартуға және ұстап қалуға және олардың Компания алдында тұрған міндеттерді тиімді орындауға материалдық мүдделілігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Компанияның Басқарма мүшелеріне еңбекақы төлеу және сыйақы беру тәртібі «ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасы туралы ережеде, Басшы және басқарушы жұмыскерлер, «ҚазТрансОйл» АҚ Корпоративтік хатшысы қызметінің тиімділігін бағалау қағидаларында, сондай-ақ «ҚазТрансОйл» АҚ басшы және басқарушы жұмыскерлеріне, Ішкі аудит қызметінің басшысына және Корпоративтік хатшысына сыйақы төлеу қағидаларында айқындалған.

Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесі жалақының тұрақты бөлігін және бір жылдағы жұмыс қорытындылары бойынша сыйақыны қамтиды.

2023 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ Басқарма мүшелеріне жалпы сомасы 454 204 мың теңге сыйақы есептелді.

«ҚазТрансОйл» АҚ басшы жұмыскерлеріне жыл ішіндегі жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы Компанияның шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігі бекітілгеннен кейін Компания бюджетінде осы мақсаттарға көзделген ақшалай қаражат шегінде төленеді.

Бір жылдағы жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы төлеудің негізгі шарттары:

- есепті жылда шоғырландырылған қорытынды пайданың болуы;
- бір жылдағы жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы төлеу үшін уәждемелік ҚНҚ орындау;
- қызметкердің орындаушылық және еңбек тәртібін сақтауы.

Басшы жұмыскерлердің қызметін бағалау кезінде «ҚазМұнай-Газ» ҰК АҚ және «ҚазТрансОйл» АҚ стратегиялық мақсаттарын қаскадтау жолымен әзірленетін корпоративтік және функционалдық ҚНҚ қамтитын уәждемелік ҚНҚ қолданылады.

Басшы жұмыскердің бір жылдағы жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы мөлшері есепті кезеңде нақты жұмыс істеген уақыт үшін басшы жұмыскердің лауазымдық жалақысының жылдық үш еселенген сомасынан аспауға тиіс.

Басшы жұмыскерлердің ҚНҚ нақты орындалуын Компанияның Директорлар кеңесі деректерді келісу мен тексерудің белгіленген рәсімдерін ескере отырып бекітеді.



Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2023 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

2023 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

## 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

## 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

## 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Корпоративтік басқару жүйесі және оның негізгі қағидаттары

Корпоративтік басқару кодексінің сақталуы туралы есеп

Акционерлердің жалпы жиналысы

Директорлар кеңесі

Басқарма

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Салық салу

Ішкі және сыртқы аудит

Тәуекелдерді басқару

## 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІН НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

## 6. ҚОСЫМШАЛАР

# Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

## I Басқару тәсілі

GRI 3-3

«ҚазТрансОйл» АҚ-да Компанияның Директорлар кеңесіне есеп беретін комплаенс-бақылау қызметі жұмыс істейді. «ҚазТрансОйл» АҚ комплаенс-бақылау қызметінің құзыретіне сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, мүдделер қақтығысының алдын алу және шешу, Компания туралы ақпаратты ашу, инсайдерлік ақпаратқа билік ету және пайдалану бөлігінде реттеушілік талаптарды сақтауға бағытталған жұмыстарды жүргізуге бағытталған мәселелер, сондай-ақ экономикалық, инвестициялық немесе қаржылық шектеулерді, экспорттық бақылау талаптарын, сауда эмбаргосын немесе халықаралық ұйымдар және (немесе) Компания қызметінің саласына жататын мемлекеттер белгілейтін өзге де шектеу шараларын сақтауға бағытталған компанияның санкциялық тәуекелдерін басқару процесін ұйымдастыру мәселелері жатады.

Компанияның сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимыл мәселелерін реттейтін негізгі ішкі құжаттары мыналар болып табылады:

- «ҚазТрансОйл» АҚ Іскерлік әдеп кодексі;
- «ҚазТрансОйл» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-да Бұзушылықтардың пайда болу қаупін басқару саясаты;

- «ҚазТрансОйл» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары;
- «ҚазТрансОйл» АҚ лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің мүдделер қақтығысын басқару ережесі;
- «ҚазТрансОйл» АҚ контрагенттерінің сенімділігін тексеру регламенті.

Компанияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатында пайдаланылатын негізгі құралдар мен тетіктер мыналар болып табылады:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг;
- сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, бағалау және басқару, оның ішінде Компанияда сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу;
- кері байланыс және сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлау үшін бастамашыл ақпараттандыру арналарының жұмыс істеуі;
- контрагенттердің сенімділігін тексеру рәсімін жүргізу;
- Компанияның контрагенттермен жасалатын барлық шарттарына «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» бөлімін енгізу;
- жұмыскерлер мен контрагенттерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жүргізіліп жатқан мемлекеттік саясат мәселелері жөнінде, сондай-ақ Компанияның бизнесті әдеппен жүргізу саласындағы стандарттары туралы хабардар ету.

## I Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

GRI 205-2

Компания жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құзыреттілігін арттыру мақсатында комплаенс-бақылау қызметі сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың қолданылу мәселелері бойынша орталық аппараттың құрылымдық бөлімшелерінің, Компанияның ОҚБ басшыларымен семинар-кеңестер өткізді. Сондай-ақ, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында Компанияда комплаенс-бақылау қызметі мынадай тақырыптар бойынша оқыту семинарларын ұйымдастырды:

- Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамасына енгізілетін өзгерістерді түсіндіру және Компанияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес үшін өткізілетін іс-шаралар туралы хабардар ету;
- іскерлік әдепті сақтау, Компанияның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің мүдделер қақтығысын басқару;
- кірістер мен мүлкіті жалпыға бірдей декларациялау;

- контрагенттердің сенімділігіне тексеру жүргізу.

Компания қызметкерлерінің активтері мен міндеттемелері туралы декларацияларды ұсыну мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарының қорытындысы бойынша орталық аппарат пен ОҚБ басқару аппараттары қызметкерлерінің 99%-дан астамы декларацияларын ойдағыдай ұсынды.

2023 жылғы шілдеде Компанияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптық мониторинг жүргізілді, оның мәні сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігін, есепті кезеңдегі Компаниядағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құқық қолдану практикасының жай-күйін бағалау болып табылады. Компанияның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің қызметінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың расталған жағдайлары болған жоқ. Компанияның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің ағымдағы жұмысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен стандарттар сақталды.

2023 жылғы желтоқсанда Компанияда мынадай бағыттар бойынша 2022 – 2023 жылдар кезеңінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді:

- тауар биржалары арқылы тауарларды сатып алуды жүзеге асыру, пайдалануда болған құбыр өнімдерін тауар биржалары арқылы өткізу мәселелері бойынша Компанияның ұйымдық-басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- жоғарыда көрсетілген мәселелер бойынша Компанияның ішкі құжаттарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Ішкі талдау бағыттары бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері Компаниядағы сыбайлас жемқорлық деңгейіне орташа әлеуетті әсер етеді. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген талдау қорытындылары бойынша 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 2023 жылғы 30 қыркүйекке дейінгі кезеңде «ҚазТрансОйл» АҚ-да сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспары дайындалды, оның шеңберінде Компанияның/бақылау жүйелерінің тиісті ішкі құжаттарын өзектендіру бойынша ұсынымдар берілді.

## Сыбайлас жемқорлыққа байланысты тәуекелдерді бағалау жүргізілген «ҚазТрансОйл» АҚ бөлімшелері мен бизнес-процестері

GRI 205-1

	2019–2020	2021–2022	2022–2023
Сыбайлас жемқорлыққа байланысты тәуекелдерді бағалау жүргізілген құрылымдық бөлімшелердің жалпы саны, бірл.	4	5	3
Сыбайлас жемқорлыққа байланысты тәуекелдерді бағалау жүргізілген құрылымдық бөлімшелердің үлесі, %	15	19	4


Бұдан басқа, 2019-2022 жылдар аралығында жүргізілген «ҚазТрансОйл» АҚ-дағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері негізінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу жөніндегі іс-шаралардың орындалуына жүйелі негізде мониторинг жүргізілді. 2019-2022 жылдар аралығында өткізілген «ҚазТрансОйл» АҚ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша әзірленген барлық іс-шаралар орындалды.

Айта кеткен жөн, әлеуметтік өзара іс-қимыл және коммуникация орталығы жүргізген зерттеу деректеріне сәйкес 2023 жылдың қорытындысы бойынша сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік индексі 91%-ды құрады.

2023 жылдың қорытындысы бойынша сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік индексі

91%

## «ҚазТрансОйл» АҚ-да сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік индексі



- Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік индексі
- Егер сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылыққа куә болса, қайда жүгіну керектігін біледі
- Компания олардың хабарламасын қарастырғаннан кейін қажетті шараларды қабылдайды деп сенеді
- Компаниядағы сыбайлас жемқорлық жағдайларына куә болды/ ол туралы әріптестерінен/ таныстарынан естіді
- Кейбір мәселелерді «бейресми» жолдармен шешуге болады

Есепті кезең ішінде Компанияда ЕББҮ-да комплаенс функциясын ұйымдастыруға бағытталған жұмыс жүргізілді және ЕББҮ-ға қажетті әдістемелік қолдау көрсетілді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында Компанияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы жұмыскерлердің хабардарлығын арттыру бойынша жұмыс жүргізілуде. Компанияда

сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталуы, «Самұрық – Қазына» АҚ жедел желісінің жұмыс істеуі туралы ақпарат таратылатын ішкі және сыртқы ақпараттандыру (<https://sk-hotline.kz>), сыйлық беруге тыйым салуға қатысты Компанияның арнайы бөлінген желісі «Сыбайлас жемқорлық жоқ!» ([5213@kaztransoil.kz](mailto:5213@kaztransoil.kz)) (Жедел желілер) арналары пайдаланылады.





Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
Магистральдық құбырлардың схемасы  
2023 жылғы негізгі оқиғалар  
Компанияның бизнес-моделі

- 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ
- 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ
- 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР
- 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Корпоративтік басқару жүйесі және оның негізгі қағидаттары  
Корпоративтік басқару кодексінің сақталуы туралы есеп  
Акционерлердің жалпы жиналысы  
Директорлар кеңесі  
Басқарма  
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл  
Салық салу  
Ішкі және сыртқы аудит  
Тәуекелдерді басқару

5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІН НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

6. ҚОСЫМШАЛАР



«ҚазТрансОйл» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша оқудан өткен қызметкерлердің жалпы саны

**210**  
адам

Есепті кезеңде жедел желілерге

**19**  
өтініш түсті



Бұдан басқа, Компанияның құрылымдық бөлімшелеріне және ЕҚДБ-ға мерзімді негізде Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының қолданылуы және оны Компанияның лауазымды тұлғалары мен басқа да жұмыскерлеріне қатысты қолдану мәселелері туралы ақпарат жіберіледі. Компания және ЕҚДБ жұмыскерлерімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнама талаптарын сақтау қажеттілігі бөлігінде түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

GRI 205-2

Оқыту іс-шараларымен қамтылған Компания қызметкерлерінің жалпы саны 210 адамды құрайды. Есепті кезең-

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы талаптармен танысу, мүдделер қақтығысын реттеу, сондай-ақ Компанияға листингтік Компания ретінде қойылатын талаптар туралы хабардар ету шеңберінде комплаенс-бақылау қызметінің жұмыскерлері жаңа жұмыскерлермен нұсқама жүргізеді, онда көрсетілген бағыттар бойынша талаптар түсіндіріледі. 2023 жылы 371 қызметкер осындай нұсқамадан өтті.

де жоғары басқару органдарының мүшелері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл саласында оқыту жүргізілген жоқ.

«ҚазТрансОйл» АҚ жұмыскерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында оқыту

GRI 205-2

АДАМ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша оқудан өткен жұмыскерлер саны

Өңірлер	
Атырау облысы	29
Жетісу облысы	7
Маңғыстау облысы	9
Қарағанды облысы	8
Астана	113
Ақтөбе облысы	8
Павлодар облысы	9
Батыс Қазақстан облысы	0
Шымкент	9
Алматы	9
Солтүстік Қазақстан облысы	0
Қызылорда облысы	0
Түркістан облысы	0
Атырау облысы	9
Самара, Омск және Мәскеу қалаларындағы өкілдіктер	0
<b>Барлығы</b>	<b>210</b>

«ҚазТрансОйл» АҚ санаттары бойынша жұмыскерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында оқыту

GRI 205-2

АДАМ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша оқудан өткен қызметкерлер саны

Басшылық лауазымдарда	33
Мамандар	177
Жұмысшылар	0
<b>Барлығы</b>	<b>210</b>

Компанияның ресми интернет-ресурсында «Байланыс» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» бөлімдерінде мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде, сондай-ақ Компанияның Instagram-дағы ресми парақшасында (@kaztransoil.official) Компанияда жұмыс істейтін Жедел желілер туралы ақпарат орналастырылған. Қызу желілерге және басқа да ресми арналар арқылы келіп түскен өтініштер, оның ішінде жасырын өтініштер белгіленген рәсімдерге сәйкес қаралады. Өтініштерді қарау нәтижелері бойынша ақпарат «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ комплаенс қызметіне және өтініш берушілерге (жасырын өтініштерді қоспағанда) жіберіледі.

GRI 205-3

Есепті кезеңде жедел желілерге 19 өтініш түсті. Компания ішінде сыбайлас жемқорлық пен алаяқтық фактілері анықталған жоқ.

«ҚазТрансОйл» АҚ-ға келіп түскен өтініштердің серпіні

	2022	2023
<b>Келіп түскен өтініштердің барлығы</b>	<b>21</b>	<b>19</b>
Ақпарат расталмаған	17	14
Ақпарат расталды	4	5

Келіп түскен өтініштердің серпіні төмендеу үрдісіне ие, бұл:

- Компания қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және мүдделер қақтығысы мәселелері бойынша хабардар болуы;
- Компанияда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жүргізілетін профилактикалық шаралардың нәтижелілігі (қайталанатын өтініштердің болмауы);
- қызметкерлердің Іскерлік әдеп кодексіне сәйкес әдептік мінез-құлық қағидаттарына бейілділігі.

Комплаенс-тәуекелдерді анықтау шеңберінде «ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасының қарауына шығарылған 208 мәселе және «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған 142 мәселе қаралды.

2023 жылы Компанияның меншігін пайдалануға тыйым салуды немесе жеке пайда алу мақсатымен қызметтік жағдайды бұзу, сондай-ақ мүдделер қақтығысына жол бермеу қағидатын бұзу бөлігінде Іскерлік әдеп кодексін бұзудың 2 жағдайы анықталды. Көрсетілген жағдайлар бойынша қызметтік тексерулер жүргізілді, олардың нәтижелері бойынша тиісті шаралар қабылданды.

Жалпы алғанда, өткен жылы Компания бойынша іскерлік әдеп кодексінің өзге де бұзушылықтары тіркелмеген, қандай да бір елеулі жанжалды жағдайлар, сондай-ақ Компанияда бұзушылықтардың туындау қаупін басқару жөніндегі саясатты өрескел бұзушылықтар байқалмаған.

2024 жылға және орта мерзімді перспективаға арналған жоспарлар

1. Компанияда және ЕББҰ-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті дамытуға бағытталған жұмысты жалғастыру.
2. Компанияда және ЕББҰ-да комплаенс-тәуекелдерін басқару жүйесін құру бойынша одан әрі жұмыс жүргізу.
3. Компанияда сыбайлас жемқорлықты қабылдау деңгейін бағалау үшін Компания қызметкерлеріне сауалнама жүргізу.
4. Комплаенс ЕББҰ жүйелерінің жұмысын үйлестіру мен мониторингті жүзеге асыру.

О

сыбайлас жемқорлық және алаяқтық фактілері



Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2023 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

2023 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

## 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

## 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

## 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Корпоративтік басқару жүйесі және оның негізгі қағидаттары

Корпоративтік басқару кодексінің сақталуы туралы есеп

Акционерлердің жалпы жиналысы

Директорлар кеңесі

Басқарма

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Салық салу

Ішкі және сыртқы аудит

Тәуекелдерді басқару

## 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІН НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

## 6. ҚОСЫМШАЛАР

# Салық салу

## I Басқару тәсілі

Компанияда салық салудың жалпыға бірдей белгіленген тәртібі қолданылады. Компания Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салық салу саласындағы нормативтік талаптардың сақталуын жүзеге асырады.

Компанияда 2018 жылғы желтоқсанда Компанияның Директорлар кеңесі бекіткен «ҚазТрансОйл» АҚ Салықтық есеп саясаты жұмысын жалғасты-


руда. Бұл саясаттың мақсаты Компанияда салық есебін жүргізу тәсілін стандарттау болып табылады. «ҚазТрансОйл» АҚ салықтық есепке алу саясатын сақтауға жауапты лауазымды тұлғалары Компанияның бас директоры (Басқарма төрағасы) және/немесе ол уәкілеттік берген тұлға, Компанияның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары/«ҚазТрансОйл» АҚ ОҚБ және салықтық жоспарлау мен есепке алу департаментінің директоры болып табылады.

## I Салықтық бақылау

Компаниядағы салықтық жоспарлау және есепке алу мәселелерін Салықтық жоспарлау және есепке алу департаменті қадағалайды, оның міндеттеріне Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес Компанияның салық міндеттемелерін орындау, сондай-ақ Компанияның салықтық тәуекелдерінің басталуының теріс салдарын болғызбау және/немесе азайту жөнінде уақтылы шаралар қабылдауды қамтамасыз ету жатады.

Компания қолданыстағы заңнамаға сәйкес салық аударымдары бойынша мемлекет алдындағы міндеттемелерін адал орындайды, бұл елдің қаржылық тұрақтылығын және әлеуметтік дамуын қолдауға ықпал етеді.

### «ҚазТрансОйл» АҚ-ның мемлекет бюджетіне төлейтін салықтары мен басқа да міндетті төлемдері



Компания Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің 2022 жылғы 14 маусымдағы № 402 бұйрығына сәйкес көлденең мониторинг бойынша пилоттық жобаны іске асыруға қатысатын салық төлеушілердің тізбесіне енгізілген.

Көлденең мониторинг — бұл салық төлеуші нақты уақыт режимінде салық органдарына болашақта салық тәуекелдерінің пайда болуын болдырмай, бухгалтерлік және салықтық есеп деректеріне қол жеткізуге мүмкіндік беретін бақылау нысаны.

Көлденең мониторингтің негізгі мақсаты — көлденең мониторингтің пилоттық жобасына қатысушылардың ақпараттық жүйелеріне қол-жетімділікті белгілеу жолымен салық төлеушілердің тәуекелдік операцияларды және салық және өзге де заңнаманы бұзушылықтарды жүзеге асыруына уақтылы ден қою және алдын алу.

Салық төлеушілер үшін көлденең мониторинг бойынша пилоттық жобаны жүргізудің негізгі артықшылықтары:

- ірі салық төлеушілердің мониторингінен көлденең мониторингке қатысушыларды алып тастау;
- Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті мен салық төлеуші арасындағы құжат айналымына шығындарды азайтуға мүмкіндік беретін салық органдарымен қашықтықтан ақпараттық өзара іс-қимыл;
- салық төлеушілер үшін салықтық тәуекелдерді азайту және салықтық тексерулердің қорытындылары бойынша айыппұл санкцияларын болдырмау;
- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің төмендетілген, 0,65 еселенген базалық мөлшерлемесі бойынша өсімпұл төлеу;
- келісу комиссиясының даулы мәселелерді шешуі;
- Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің органдарымен сенімгерлік әріптестік қатынастар есебінен Компаниялардың инвестициялық тартымдылығын арттыру;
- 80% мөлшерінде жеңілдетілген тәртіппен ҚҚС асып кету сомасын қайтару.

Салықтық тәуекелдер шарттар, келісімшарттар мен келісімдер жасасу сатысында анықталады, оларға сараптама жүргізіледі.

Салық төлеушілерді санаттау нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Компанияға тәуекелдің төмен дәрежесін берді.

Есепті кезеңде Компания салық жеңілдіктері мен салықтық кредиттерді, субсидияларды, сыйлықақыларды, экспорттық-кредиттік агенттіктердің қаржылық қолдауын, кез келген операция үшін кез келген үкіметтен алынған немесе алынатын басқа да қаржылық жеңілдіктерді қоса алғанда, мемлекеттен қаржылық көмек алған жоқ.

### 2024 жылға және орта мерзімді перспективаға арналған жоспарлар

1. Компанияның салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша міндеттемелерін жоспарлауды қамтамасыз ету.
2. Компанияның бюджетке салық міндеттемелерін уақтылы және толық орындауы және бюджеттен тыс қорларға әлеуметтік төлемдерді есептеу, есептеу және төлеу жөніндегі міндеттерді орындауы.
3. Компанияның салықтық тәуекелдерінің туындауының теріс салдарын болдырмау және/ немесе азайту жөнінде уақтылы шаралар қабылдауды қамтамасыз ету.

# Ішкі және сыртқы аудит

## I Ішкі аудит

Компанияның ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесіне тікелей бағынады және есеп береді.

Ішкі аудит қызметі жұмысының негізгі мақсаты тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару процестерін жетілдіруге жүйелі тәсілді енгізу арқылы Компанияны тиімді басқаруды қамтамасыз етуге арналған тәуелсіз және объективті ақпаратты Директорлар кеңесіне ұсыну болып табылады.

Ішкі аудит қызметі өзінің функционалдық міндеттерін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Компания Жарғысын, сондай-ақ мынадай ішкі құжаттардың ережелерін басшылыққа алады:

- «ҚазТрансОйл» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ақпарат;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-да ішкі аудитті ұйымдастыру жөніндегі басшылық.

Ішкі аудит қызметі жұмысының негізінде Ішкі аудиторлар институты әзірлеген Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарының және Әдеп кодексінің базалық қағидаттары жатыр.

## I Сыртқы аудит

Қаржылық есептіліктің дұрыстығын растау мақсатында Компания тәуелсіз аудиторлық ұйымды тартады.

Компанияның сыртқы аудитормен өзара іс-қимылы «ҚазТрансОйл» АҚ-ның Аудиторлық ұйымдардың қызметтерін тарту саласындағы саясатымен реттеледі. Бұл Саясаттың мақсаты аудиторлық ұйымдардың қызметтерін тарту бойынша тиімді қызметті ұйымдастыру (аудиторлық ұйымдар көрсететін аудиторлық емес қызметтерді қоса алғанда), оларды таңдау бойынша біріздендірілген рәсімдерді енгізу, сондай-ақ аудиторлық және аудиторлық емес қызметтерді ұсыну кезінде «ҚазТрансОйл» АҚ аудиторларының тәуелсіздік мәртебесін сақтауын қамтамасыз ету және мүдделер қақтығысын болдырмау болып табылады.

Аудиторлық ұйымды таңдау кезінде қызметтердің сапасы, жеделдігі және уақтылығы, сондай-ақ олардың құны негізгі өлшемшарттар болып табылады.

Бұл ретте аудиторлық ұйым қызметтерінің сапасы мынадай факторлармен:

- аудиторлық ұйым мамандарының біліктілік деңгейімен;
- қазақстандық және халықаралық нарықта аудиторлық ұйым мамандарының жұмыс тәжірибесімен;
- мұнай-газ саласының аудиторлық ұйымы мамандарының білімімен;

2023 жылы Ішкі аудит қызметінің 2023 жылға арналған Жылдық аудиторлық жоспарына сәйкес жеті аудиторлық тексеру жүргізілді. Атап айтқанда, Атырау мұнай құбыры басқармасында, «МұнайТас» СБҚК» ЖШС, РТЛ, «Магистральдық Суағызғысы» ЖШС-де өндірістік, операциялық, қаржы процестеріне және Компанияда мұнай тасымалдау және өндірістік-технологиялық байланыспен қамтамасыз ету және компаниядағы технологиялық процестерді басқару және метрологиялық қамтамасыз ету жүйелерін автоматтандыру бойынша қызметтер көрсету процестеріне кешенді аудиттер орындалды. Сондай-ақ, Ішкі аудит қызметі Компанияның ЕББҰ аудиттерінің нәтижелері бойынша ұсынымдардың орындалуына пост-аудит жүргізді. 2023 жылы Ішкі аудит қызметі жүргізген тексерулердің нәтижелері бойынша барлығы 79 анықтама табылып, 148 ұсыныс берілді.

Ішкі аудит қызметінің берілген ұсынымдары бойынша аудит объектілері Анықталған сәйкессіздіктер бойынша түзету іс-қимылдарының жоспарларын әзірледі және бекітті.

2024 жылы Ішкі аудит қызметінің жұмысын сыртқы бағалау жоспарланған.

- Қазақстанда техникалық қолдаудың мамандандырылған тобының (экономиканың мұнай-газ секторында Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес есепке алу мәселелері жөніндегі сарапшылардың) болуы немесе аудиторлық ұйымның осындай топты құру туралы міндеттеме беруімен айқындалады.

2021 жылғы 12 қарашада Компанияның Директорлар кеңесі «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2022-2024 жылдардағы қаржылық есептілік аудиті үшін ҚҚС-ны есептемегенде 252 442 000 теңге сомасында аудиторлық ұйымның қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындады. 2022 жылғы 25 қаңтарда Компания Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысында Компанияның 2022-2024 жылдарға арналған аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым «Эрнст энд Янг» ЖШС-ні айқындау туралы шешім қабылданды.

Қаржылық есептілік аудиті қызметтері үшін аудиторлық ұйымға төленетін 2022, 2023 және 2024 жылдардағы ҚҚС-ны есептегендегі жыл сайынғы сыйақы мөлшері тиісінше 90 573 280 теңгені, 94 197 600 теңгені, 97 964 160 теңгені құрайды.

Есепті кезеңде «Эрнст энд Янг» ЖШС қаржылық есептілік аудитімен байланысты емес консультациялық қызметтер көрсеткен жоқ.





Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
Магистральдық құбырлардың схемасы  
2023 жылғы негізгі оқиғалар  
Компанияның бизнес-моделі

- 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ
- 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ
- 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР
- 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Корпоративтік басқару жүйесі және оның негізгі қағидаттары  
Корпоративтік басқару кодексінің сақталуы туралы есеп  
Акционерлердің жалпы жиналысы  
Директорлар кеңесі  
Басқарма  
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл  
Салық салу  
Ішкі және сыртқы аудит  
Тәуекелдерді басқару

5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

6. ҚОСЫМШАЛАР

# Тәуекелдерді басқару

## I Басқару тәсілі

Тәуекелдерді басқару «ҚазТрансОйл» АҚ-ның стратегиялық жоспарлау, корпоративтік басқару және қаржылық тұрақтылығын қолдау процесінде маңызды рөл атқарады.

«ҚазТрансОйл» АҚ-да ТБКЖ ұйымдастырылған және жұмыс істейді. Оның мақсаты — стратегиялық және операциялық мақсаттарға қол жеткізуге сенімділікті қамтамасыз ету және тәуекелдердің Компания қызметіне әсерін шектеу. ТБКЖ барлық елеулі тәуекелдерді сәйкестендіруге, бағалауға және мониторингтеуге, сондай-ақ тәуекелдер деңгейін төмендету жөнінде шаралар қабылдауға бағытталған корпоративтік басқару жүйесінің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады. Тәуекелдерді басқару тәсілі «ҚазТрансОйл» АҚ Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі жөніндегі саясатта көрініс тапқан.


ТБКЖ-ның жұмыс істеу процесі Компанияны басқарудың бизнес-процестеріне біріктірілген ТБКЖ-ның өзара байланысты жеті құрамдас бөлігі арқылы жүзеге асырылады:

- мақсат қою;
- тәуекелдерді/тәуекел-факторларды анықтау;
- тәуекелдерді/тәуекел-факторларды бағалау және талдау;
- тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шараларды әзірлеу және іске асыру;
- мониторинг және есептілік;
- ақпарат және байланыс;
- ішкі орта.

«ҚазТрансОйл» АҚ-да тәуекелдерді басқару процесін ұйымдастыру ақпараттың үздіксіз ағыны мен алмасуын, сондай-ақ басқарудың барлық деңгейлеріндегі осы мәселелер бойынша өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді. Тәуекелдерді басқару — «ҚазТрансОйл» АҚ әрбір қызметкерінің міндетті функциясы, ол үшін жауапкершілік лауазымдық нұсқаулықтарда бекітілген.

Тігінен «жоғарыдан төменге» берілетін ақпарат стратегиялық мақсаттарды, тәуекел дәрежесінің деңгейін және тәуекелдерді басқару тәсілдерін тәуекел иелері мен тәуекел-факторларға жеткізуге ықпал етеді. «Төменнен жоғарыға» ақпарат ағыны «ҚазТрансОйл» АҚ басшылығына «ҚазТрансОйл» АҚ анықталған тәуекелдерінің жай-күйі, оларды іске асырудың ықтималдығы мен әсерін бағалаудағы өзгерістер, сондай-ақ тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралардың орындалу мәртебесі туралы уақтылы және анық мәліметтер береді.

### Басқару процесінің негізгі кезеңдері



Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2023 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

2023 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

## 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

## 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

## 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Корпоративтік басқару жүйесі және оның негізгі қағидаттары

Корпоративтік басқару кодексінің сақталуы туралы есеп

Акционерлердің жалпы жиналысы

Директорлар кеңесі

Басқарма

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Салық салу

Ішкі және сыртқы аудит

Тәуекелдерді басқару

## 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІН НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

## 6. ҚОСЫМШАЛАР

ТБКЖ-ны реттейтін негізгі әдіснамалық құжаттар, оның ішінде:

- «ҚазТрансОйл» АҚ тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі жөніндегі саясат;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-да өндірістік және өндірістік емес тәуекелдерді басқару процесін ұйымдастыру қағидалары;

## I ТБКЖ құрылымы

«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі ТБКЖ-ның тиімді жұмыс істеуін бақылау мен қадағалауды ұйымдастыру бөлігінде шешуші рөл атқарады. Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару саясаттары мен рәсімдерін әзірлеу мен қолдануға «ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасы жауапты болады. Тәуекелдерді басқару процесінің тиімділігін құру мен қадағалауда Басқармаға есеп беретін Тәуекелдер комитеті шешуші рөл атқарады.

Тәуекелдерді басқару процесін үйлестіруді және тұрақты әдіснамалық қолдауды бизнес-процестер мен тәуекелдерді басқару департаменті жүзеге асырады. Департамент «ҚазТрансОйл» АҚ ОҚБ және ЕББҰ тәуекелдерін сәйкестендіру, талдау және бағалау мәселелері бойынша тұрақты консультациялық және әдіснамалық қолдау көрсетеді.

- «ҚазТрансОйл» АҚ-да тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау, тәуекелдерді басқару әдістерін таңдау әдістемесі;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-ның қызметтің және негізгі бизнес-процестердің сипаттамасын, басқарушылық шешімдер қабылдауды және т.б. регламенттейтін ішкі құжаттары болып табылады.

ТБКЖ мынадай 3 ішкі жүйелерді қамтиды:

- Ішкі бақылау жүйесі;
- Тәуекелдерді басқару жүйесі;
- Бизнестің үздіксіздігін басқару жүйесі.

Барлық ТБКЖ ішкі жүйелерінің өзара байланысы мүдделі тараптарға ақпаратты бір көзден алуға мүмкіндік береді.

### «ҚазТрансОйл» АҚ ТБКЖ-ның ұйымдық құрылымы



## I Тәуекелдер комитеті

«ҚазТрансОйл» АҚ тәуекелдерді басқару жөніндегі шешімдерді қабылдауға байланысты мәселелерді алдын ала қарау мақсатында Басқарма жанында консультативтік-кеңесші орган — Тәуекелдер комитеті жұмыс істейді. Тәуекелдер комитетінің шешімдері ұсынымдық сипатта болады. Тәуекелдер комитетінің функционалы «ҚазТрансОйл» АҚ және ҚДК тәуекелдерді басқарумен байланысты мәселелерді пысықтауды және басқарманың тәуекелге бағдарланған басқарушылық шешімдерді қабылдауына ықпал ететін ұсынымдар дайындауды қамтиды.

Тәуекелдер комитеті өз қызметінде «ҚазТрансОйл» АҚ Тәуекелдер комитеті туралы ережені және «ҚазТрансОйл» АҚ-ның өзге де ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

Тәуекелдер комитетінің негізгі міндеттері:

- «ҚазТрансОйл» АҚ тәуекелдерді басқару саласында шешімдер қабылдау кезінде «ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасына жәрдемдесу;
- «ҚазТрансОйл» АҚ тәуекелдерді тиімді басқаруды ұйымдастыру және қолдау бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар дайындау;
- «ҚазТрансОйл» АҚ тәуекелдерін анықтауға, өлшеуге, бақылауға және бақылауға арналған процестерді дамыту;
- «ҚазТрансОйл» АҚ тәуекелдерді басқару жөніндегі жұмысты үйлестіруді бақылау бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар дайындау.

Бас директор (Басқарма төрағасы) Тәуекелдер комитетінің төрағасы болып табылады.

Тәуекелдер комитетінің отырыстары «ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген Тәуекелдер комитетінің жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.

«ҚазТрансОйл» АҚ Тәуекелдер комитетінің жұмыс жоспарына сәйкес «ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген 2023 жыл (отырыстың 2023 жылғы 20 қаңтардағы №1 хаттамасы) есепті кезеңде Тәуекелдер комитеті 7 отырыс өткізді, онда:

- 2022 жылғы 4 тоқсан және 2023 жылғы 1-3 тоқсан үшін «ҚазТрансОйл» АҚ және оның ЕББҰ өндірістік және өндірістік емес тәуекелдер бойынша тоқсан сайынғы есептері қаралып, келісілді;
- «ҚазТрансОйл» АҚ бизнес-процестерінің жіктеуіші қаралды және келісілді;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-ның кейбір бизнес-процестері бойынша блок-схемалар, тәуекелдер мен бақылау матрицалары қаралды және келісілді;
- 2024 жылға арналған «ҚазТрансОйл» АҚ және оның ЕББҰ өндірістік және өндірістік емес тәуекелдерін сәйкестендіру және бағалау нәтижелері қаралды және келісілді.

Есепті кезеңде Тәуекелдер комитеті қараған және келіскен барлық мәселелер белгіленген тәртіппен «ҚазТрансОйл» АҚ тиісті органдарының қарауына және/немесе бекітуіне шығарылды.

## I Тәуекелдер тізілімі және картасы

Жоспарланатын жылға өндірістік және өндірістік емес мақсаттарға қол жеткізуге олардың болжамды әсері тұрғысынан тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау жыл сайын «ҚазТрансОйл» АҚ және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының бірыңғай тәуекел жіктеуішіне және «ҚазТрансОйл» АҚ-да тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау, тәуекелдерді басқару әдістерін таңдау әдістемесіне сәйкес жүргізіледі.

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның барлық тәуекелдері екі тіркелімге жатқызылды — көздері тиісті тәуекел-факторлар болып табылатын өндірістік және өндірістік емес тәуекелдер саласы. Тәуекелдер тәуекел туындаған кезде пайда болу және әсер ету ықтималдығын ескеретін сапалық және сандық құралдардың көмегімен бағаланады. Қалдық тәуекелдің қолайлы деңгейін қамтамасыз ету мақсатында тәуекелдерді басқару жөніндегі шаралар әзірленеді. Тәуекелдерді басқару әдістері мен шараларына қатысты ұсыныстарды тәуекел/тәуекел-факторлардың иелері ұсынады және олар тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарына енгізіледі.

«ҚазТрансОйл» АҚ құрылымдық бөлімшелерінің тәуекелдердің/тәуекел-факторлардың өзгеру серпіні және тәуекел деңгейін өзгерту бойынша пайдаланылатын іс-шаралардың/бақылау рәсімдерінің тиімділігі туралы есептілікті тоқсан сайын дайындауды сәйкестендірілген тәуекелдерді бақылау және мониторингтеу, жаңа тәуекел-факторларды анықтау құралдары болып табылады.

Мониторинг нәтижелері бойынша тәуекел-факторлар енгізіледі/алып тасталады, қалдық тәуекел-факторларды қайта бағалау жүргізіледі, сондай-ақ жоспарланатын іс-шаралар түзетіледі және/немесе қосымша әзірленеді.

Іске асырылған тәуекелдер туралы статистикалық деректерді есепке алу және одан әрі талдау мақсатында «ҚазТрансОйл» АҚ-да корпоративтік порталда іске асырылған тәуекелдік оқиғалар бойынша бірыңғай электрондық деректер базасы жүргізіледі.

2023 жылы 2022 жылғы 4-тоқсандағы және 2023 жылғы 1-3 тоқсандағы тәуекелдер бойынша тоқсан сайынғы есептілік шеңберінде және оларды іске асыру фактісі бойынша сәйкестендірілген тәуекелдердің жай-күйіне тұрақты бақылау және мониторинг жүргізілді. Мониторинг нәтижелері тоқсан сайын «ҚазТрансОйл» АҚ Тәуекелдер комитетіне, Басқарма-сы мен Директорлар кеңесіне ұсынылды.

2023 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ-да тәуекелдерді басқару бойынша барлық жоспарланған іс-шаралар толығымен орындалды. Іске асырылған тәуекелдер үшін ықтимал қаржылық шығындарды азайту мақсатында тиісті түзету шаралары қабылданды.

Тәуекелдерді басқару процесі үздіксіз циклдік процесс болып табылатындықтан, «ҚазТрансОйл» АҚ және оның ЕББҰ құрылымдық бөлімшелері бизнес-жоспарлау процесімен, мақсаттар мен міндеттер қоюмен, сондай-ақ келер жылға арналған ҚНҚ жобаларын әзірлеумен қатар 2024 жылға арналған өндірістік және өндірістік емес тәуекелдерді жыл сайын сәйкестендіру және бағалау жүргізілді. Бұл жұмыстың нәтижелері «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді (отырыстың 2023 жылғы 22 желтоқсандағы №16/2023 хаттамасы).

2024 жылы мақсаттарға теріс әсер етуі мүмкін ескерту әсерінің іс-шараларын ескере отырып қайта бағаланған қалдық өндірістік және өндірістік емес тәуекелдер мен тәуекел-факторлар, оның ішінде сыни тәуекелдер «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2024 жылға арналған тәуекелдер картасында айқын көрсетілген. Сыни тәуекелдерге залалдың әсер ету деңгейі 3 балдан жоғары тәуекелдер жатады, бұл «ҚазТрансОйл» АҚ тәуекелдер картасындағы қызыл және сары шекаралық облыстардағы тәуекелдерге тән.





Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
 Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
 2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
 Магистральдық құбырлардың схемасы  
 2023 жылғы негізгі оқиғалар  
 Компанияның бизнес-моделі

**1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ**

**2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ**

**3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР**

**4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ**


Корпоративтік басқару жүйесі және оның негізгі қағидаттары  
 Корпоративтік басқару кодексінің сақталуы туралы есеп  
 Акционерлердің жалпы жиналысы  
 Директорлар кеңесі  
 Басқарма  
 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл  
 Салық салу  
 Ішкі және сыртқы аудит  
 Тәуекелдерді басқару

**5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІН НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ**


**6. ҚОСЫМШАЛАР**



**«ҚазТрансОйл» АҚ өндірістік тәуекелдер саласының 2024 жылға арналған картасы**



**«ҚазТрансОйл» АҚ өндірістік емес тәуекелдер саласының 2024 жылға арналған картасы**



**Тәуекелдер картасын ашып жазу. Тәуекелдер мен тәуекел- факторлар**

Тәуекел-фактордың №	Тәуекел/Тәуекел-фактор
<b>Технологиялық режимді сақтамау</b>	
4	ТБАБЖ техникалық және бағдарламалық құралдар кешенінің істен шығуы және істен шығуы: техникалық құралдар, бағдарламалық қамтым
4-1	Энергетикалық жабдықты автоматтандыру жүйесінің техникалық және бағдарламалық құралдары кешенінің істен шығуы және бұзылуы: техникалық құралдар, бағдарламалық қамтым
8	Жабдықтар жұмысының нақты технологиялық режимдерінің оларды пайдаланудың техникалық нормаларына сәйкес келмеуі
9	Қауіпсіз пайдаланудың технологиялық регламентінің талаптарын сақтамау
10	Өнеркәсіптік, өрт қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарын сақтамау
30	Персоналдың дұрыс емес/қате әрекеттері
121	Сыртқы электрмен жабдықтаудағы іркілістер
125	Байланыс қызметтерін ұсынудағы іркілістер
128	ҚТП шегінен тыс технологиялық байланысты жабдықтың іркілістері
129	Табиғи әсерлер мен катаклизмдер
130	Соғыс қимылдары
131	Үшінші тұлғалар тарапынан қасақана/байқаусызда құқыққа қарсы әрекеттер
131-1	Үшінші тұлғалар тарапынан қасақана/байқаусызда құқыққа қарсы әрекеттер (үшінші тұлғалардың кінәсінен ЖКО)
132	Контрагенттер тарапынан міндеттемелерді орындамау / сапасыз орындау (тауарлар / жұмыстар / қызметтер / ақпарат беру / төлеу бойынша)
137	Компанияның қызметіне әсер ететін акционерлер (қатысушылар) тарапынан шешімдер қабылдау («ҚҚК» ЖШС, «МұнайТас» СБҚК» ЖШС)
<b>Технологиялық жабдықты уақтылы емес/сапасыз ауыстыру</b>	
90	Жөндеу үшін сапасыз қосалқы бөлшектер мен материалдарды жеткізу / Сапасыз жабдықты жеткізу
144	Оны пайдалану кезінде анықталған жаңа жабдықта зауыттық ақаудың болуы
<b>Кірістердің азаюы</b>	
301	Мұнай жеткізілімінің азаюы немесе тоқтатылуы
291	Стратегиялық серіктестермен қарым-қатынас шарттарын өзгерту
292	Стратегиялық әріптестердің қарым-қатынас шарттарын орындамауы (қызметтерді тұтынушылар тарапынан шарттық міндеттемелерді орындамауы немесе тиісінше орындамауы)
300 (ЕББҰ)	Қызметтерге/өнімдерге сұраныстың төмендеуі (ЕББҰ)
306	Дебиторлық берешекті қайтармау
306 (ЕББҰ)	Дебиторлық берешекті қайтармау (ЕББҰ)
304	Контрагент банктердің өз міндеттемелерін орындамауы
312-1 (ЕББҰ)	Тарифтік реттеу саласындағы уәкілетті органның шешімдер қабылдауы (ЕББҰ)
312-1	Тарифтік реттеу саласындағы уәкілетті органның шешімдер қабылдауы
204	БАҚ-та Компанияның беделіне теріс әсер ететін қызметі туралы көрінеу жалған немесе бұрмаланған мәліметтердің пайда болуының алдын алу тетіктерінің болмауы
<b>Шығыстардың өсуі</b>	
415	«Қазақстан-Қытай» мұнай құбыры құрылысы 2-кезеңінің 2-кезеңі. Өнімділікті жылына 20 млн тоннаға дейін арттыру («МұнайТас» СБҚК» ЖШС)
352	Салықтық тексерулер жүргізу кезінде салық органдарының салық заңнамасын түсіндіруі
352 (ЕББҰ)	Салық органдарының салық тексерулерін жүргізу кезінде салық заңнамасын түсіндіруі (ЕББҰ)
353	Сот талап қоюлары
353 (ЕББҰ)	Сот талап қоюлары (ЕББҰ)
347	Контрагенттер тарапынан міндеттемелерді орындамау (тауарлар / жұмыстар / қызметтер / ақпарат беру / төлеу бойынша)
360	«Нәзік жеткізу тізбегі»
310	Үшінші тұлғалар тарапынан қасақана құқыққа қарсы әрекеттер
324	Корпоративтік желіге сырттан рұқсатсыз кіру
317	Табиғи әсерлер, апаттар (оның ішінде пандемия)
216	Өндірістік өнімді дұрыс есепке алмау (БНТ)
261	Қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнаманы сақтамау
256	«ҚазТрансОйл» АҚ және оның ЕББҰ қызметкерлерінің ереуілдері, митингілері, наразылықтары
257	Компанияның қолданыстағы құқық талаптарын сақтамауы («Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы)
258	Қолданылатын санкциялармен белгіленген талаптар мен шектеулерді сақтамау
268	Сыбайлас жемқорлық сипаттағы құқыққа қайшы әрекеттер
276	Қолданыстағы бағдарламалық жасақтаманың істен шығуы (жоғалуы)
277	Қолданыстағы серверлік жабдықтың істен шығуы

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
Магистральдық құбырлардың схемасы  
2023 жылғы негізгі оқиғалар  
Компанияның бизнес-моделі

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

## 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

## 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

## 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Корпоративтік басқару жүйесі және оның негізгі қағидаттары

Корпоративтік басқару кодексінің сақталуы туралы есеп

Акционерлердің жалпы жиналысы

Директорлар кеңесі

Басқарма

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Салық салу

Ішкі және сыртқы аудит

Тәуекелдерді басқару

## 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІН НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

## 6. ҚОСЫМШАЛАР

1.

## ӨНДІРІСТІК ТӘУЕКЕЛДЕР

### «Технологиялық режимнің сақталмау» тәуекелі

#### Тәуекел-фактор

**ТПАБЖ техникалық және бағдарламалық құралдар кешенінің іркілісі және істен шығуы: техникалық құралдар, бағдарламалық қамтым**

**Энергетикалық жабдықты автоматтандыру жүйесінің техникалық және бағдарламалық құралдары кешенінің іркілісі және істен шығуы: техникалық құралдар, бағдарламалық қамтым**

#### Тәуекел-фактор

**Жабдықтар жұмысының нақты технологиялық режимдерінің оларды пайдаланудың техникалық нормаларына сәйкес келмеуі**

#### Тәуекел-фактор

**Қауіпсіз пайдаланудың технологиялық регламентінің талаптарын сақтамау**

**Өнеркәсіптік, өрт қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарын сақтамау**

**Қызметкерлердің дұрыс емес / қате әрекеттері**

#### Тәуекелді төмендету мақсатында алдын алу сипатындағы әсер іс-шаралары

Техникалық қызмет көрсету және техникалық жөндеу нормалары мен кестелеріне сәйкес тұрақты іс-шаралар:

- ТПАБЖ, энергетикалық жабдықтарды қорғау мен бұғаттауды тексеру;
- жасалған шарттар бойынша ТҚЖТЖ уақтылы өткізілуін бақылау, орындалған жұмыстардың/көрсетілген қызметтердің сапасын және қабылдануын, ТПАБЖ ның өз күштерімен қорғалуын және бұғатталуын тексеру;
- қажетті шикізат пен материалдар қорын/авариялық қорды ұстау;
- өлшеу құралдарының қозғалысын есепке алу, өлшеу құралдарын тексеру;
- ЕҚЖЕК саласындағы өндірістік бақылау/ішкі бақылау.

#### Тәуекелді төмендету мақсатында алдын алу сипатындағы әсер іс-шаралары

Регламенттерге, кестелерге, бизнес-жоспарға, жоспарларға және/немесе шарттарға сәйкес мерзімдерде жыл ішінде:

- мұнай құбырлары мен МАС-тың жұмыс режимдерін автоматты түрде реттеуді, мұнай айдау агрегаттарын, резервуарлар мен мұнай құбырларын рұқсат етілген шекті параметрлерден асып кетуден автоматты түрде қорғауды жүзеге асыру;
- магистральдық мұнай құбырлары жұмысының белгіленген оңтайлы технологиялық режимдерінің сақталуын, электр энергиясын есепке алуды бақылаудың автоматтандырылған жүйесін пайдалана отырып, негізгі сорғы агрегаттарының электр энергиясын тұтынуын күнделікті бақылауды және талдауды жүзеге асыру.

#### Тәуекелді төмендету мақсатында алдын алу сипатындағы әсер іс-шаралары

Регламенттерге, кестелерге, бизнес-жоспарға, жоспарларға және/немесе шарттарға сәйкес мерзімдерде жыл ішінде:

- МАС жоспарлы тоқтатылуын ескере отырып, жабдықты жөндеуге, ауыстыруға арналған жабдықты жөндеу/ауыстыру;
- отқа, газға қауіпті жұмыстарға және қауіптілігі жоғары жұмыстарға рұқсат беру нарядын қалыптастыру, жұмыс басталар алдында және жұмыс орнында нұсқау беру;
- жұмыс басшысы тарапынан бақылау, технологиялық процесті басқару кезінде МАС жедел персоналының іс-қимылын бақылау;
- жасалған шарттар бойынша орындалған жұмыстардың/көрсетілген қызметтердің сапасы мен қабылдануын бақылау;
- персоналды технологиялық жабдықта қажетті нұсқаулықтармен, пайдалану құжаттамасымен қамтамасыз ету;
- ЕҚЖЕК саласындағы өндірістік бақылау/ішкі бақылау.



#### Тәуекел-фактор

**Сыртқы электрмен жабдықтаудағы іркілістер**

**Байланыс қызметтерін ұсынудағы іркілістер**

**ҚТП шегінен тыс технологиялық байланысты жабдықтың іркілістері**

#### Тәуекелді төмендету мақсатында алдын алу сипатындағы әсер іс-шаралары

Техникалық қызмет көрсету және техникалық жөндеу нормалары мен кестелеріне сәйкес тұрақты іс-шаралар:

- белгіленген мерзімде тұрақты жұмыс істейтін комиссия құрамында тұрақты негізде магистральдық мұнай құбырлары объектілерінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау және өндірістік бақылау саласындағы ішкі бақылауды қамтамасыз ету;
- магистральдық мұнай құбырларын қауіпсіз және апатсыз пайдалануды қамтамасыз ететін айдаудың оңтайлы технологиялық режимін қамтамасыз ету;
- магистральдық мұнай құбырлары мен МАС жұмыс режимдерін автоматты реттеу, барлық техникалық жабдықтардың шекті рұқсат етілген параметрлерден асып кетуінен автоматты түрде қорғалуын бақылау;
- резервтік жабдықтың жұмыс қабілеттілігін қамтамасыз ету;
- қауіпті оқиғаларды (оқыс оқиғаларды, ақауларды) іске асыру шамасына қарай энергия беруші ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асыру.

Жыл сайынғы іс-шаралар:

- энергетикалық жабдықтарға ТҚЖЖ, байланысты қамтамасыз ету және сүйемелдеу қызметтері бойынша қажетті шарттар жасасу.

#### Тәуекел-фактор

**Соғыс қимылдары**

**Үшінші тұлғалар тарапынан қасақана/қасақана емес құқыққа қарсы әрекеттер**

#### Тәуекелді төмендету мақсатында алдын алу сипатындағы әсер іс-шаралары

Регламенттерге, кестелерге, бизнес-жоспарға, жоспарларға және/немесе шарттарға сәйкес мерзімдерде жыл ішінде:

- соғыс қимылдары жағдайында айдау бойынша жұмылдыру жоспарын әзірлеу;
- соғыс қимылдары жағдайында жұмылдыру резервін әзірлеу;
- Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуының үлгілік паспортын әзірлеу және оны өзектендіру;
- ОЖС бойынша жоспарларды әзірлеу және іске асыру;
- өңірлердегі әлеуметтік климатты бақылау;
- терроризмге қарсы қорғауды қамтамасыз ету мәселелері бойынша уәкілетті органдармен өзара іс-қимыл жасау;
- қауіпсіздік қызметінің қызметкерлерін террористік сипаттағы қауіп-қатерлерге алғашқы ден қою дағдыларына үйрету;
- террористік тұрғыдан осал объектілерді инженерлік-техникалық күзет құралдарымен жарактандыру.

#### Тәуекел-фактор

**Компанияның қызметіне әсер ететін акционерлер (қатысушылар) тарапынан шешімдер қабылдау («ҚКҚ» ЖШС, «МұнайТас» СБҚК» ЖШС)**

#### Тәуекелді төмендету мақсатында алдын алу сипатындағы әсер іс-шаралары

Қатысушылардың келісілген бюджеттері шеңберінде магистральдық мұнай құбырларын пайдалануға/техникалық қызмет көрсетуге/авариялық ден қоюға ұзақ мерзімді шарттар жасасу.





Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
Магистральдық құбырлардың схемасы  
2023 жылғы негізгі оқиғалар  
Компанияның бизнес-моделі

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

## 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

## 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

## 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Корпоративтік басқару жүйесі және оның негізгі қағидаттары  
Корпоративтік басқару кодексінің сақталуы туралы есеп  
Акционерлердің жалпы жиналысы  
Директорлар кеңесі  
Басқарма  
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл  
Салық салу  
Ішкі және сыртқы аудит  
Тәуекелдерді басқару

## 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІН НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

## 6. ҚОСЫМШАЛАР

1.

## ӨНДІРІСТІК ТӘУЕКЕЛДЕР

### «Технологиялық режимнің сақталмау» тәуекелі

#### Тәуекел-фактор

**Үшінші тұлғалар тарапынан қасақана/қасақана емес құқыққа қарсы әрекеттер (Үшінші тұлғалардың кінәсінен болған ЖКО)**

131-1

#### Тәуекелді төмендету мақсатында алдын алу сипатындағы әсер іс-шаралары

Регламенттерге, кестелерге, бизнес-жоспарға, жоспарларға және/немесе шарттарға сәй-кес мерзімдерде жыл ішінде:

- персоналды жол қозғалысы қауіпсіздігі бойынша қажетті құжаттамамен, плакаттармен, бейнеақпаратпен қамтамасыз ету;
- GPS жүйесі арқылы жылдамдық режимін бақылау;
- ЕҚЖЕҚ саласындағы өндірістік бақылау/ішкі бақылау;
- «Қорғау» картасын қолдану регламентін енгізу;
- «Қорғалған жүргізу» бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ (Defensive Driving Training) жүргізушілеріне арналған нұсқаулық өткізу.

#### Тәуекел-фактор

**Контрагенттер тарапынан міндеттемелерді орындамау/ сапасыз орындау (тауарлар/ жұмыстар/ қызметтер/ ақпарат беру/ төлеу бойынша)**

132

#### Тәуекелді төмендету мақсатында алдын алу сипатындағы әсер іс-шаралары

Регламенттерге, кестелерге, бизнес-жоспарға, жоспарларға және/немесе шарттарға сәй-кес мерзімдерде жыл ішінде:

- ФТҚ талаптарын, ИМЖ құжаттарын ескере отырып, ТТ әзірлеуді қамтамасыз ету;
- шартты уақтылы жасасуды және әкімшілендіруді қамтамасыз ету;
- жұмыстарды орындауға/қызметтер көрсетуге арналған шарттар бойынша жұмыстарды жүргізу кестелерінің орындалуын бақылау;
- түрлі ықпал ету шараларын қолдану (айыппұлдар, өсімпұлдар, сенімсіз жеткізушілер тізіміне енгізу), оның ішінде кепілдік міндеттемелер бойынша.

#### Тәуекел-фактор

**Табиғи әсерлер, катаклизмдер**

129

#### Тәуекелді төмендету мақсатында алдын алу сипатындағы әсер іс-шаралары

Тұрақты іс-шаралар:

- магистральдық мұнай құбырларының сенімділігін қамтамасыз ету бойынша ЖТМ жоспарларын әзірлеу, көктемгі су тасқыны кезеңінде магистральдық құбырлар объектілерін жұмысқа дайындау бойынша ЖТМ, күзгі-қысқы кезеңде өндірістік объектілерді жұмысқа дайындау бойынша ЖТМ;
- құрылыстардың, құбырлар мен жабдықтардың техникалық жай-күйін диагностикалау бойынша жоспарланған жұмыс көлемін жүргізу;
- жергілікті жерлерде метеорологиялық және табиғатты қорғау қызметтерімен өзара іс-қимыл жасау;
- мүлкті залалдан ерікті сақтандыру бойынша шарттар жасасу.

### «Технологиялық жабдықты уақтылы емес / сапасыз ауыстыру» тәуекелі

#### Тәуекел-фактор

**Сапасыз жабдықты жеткізу / сапасыз қосалқы бөлшектер мен жөндеу материалдарын жеткізу**

90

#### Тәуекелді төмендету мақсатында алдын алу сипатындағы әсер іс-шаралары

Регламенттерге, кестелерге, бизнес-жоспарға, жоспарларға және/немесе шарттарға сәй-кес мерзімдерде жыл ішінде:

- сапасыз ҚҚК және техникалық жабдықтарды ауыстыру туралы кепілдік міндеттемелерді Жеткізу шартына енгізу;
- келіп түскен жабдықтың техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексерудің белгіленген схемасы бойынша SAP жүйесіндегі өтінімдердің қажеттіліктерін блоктан шығару деңгейлерін (келісу иерархиясы) құру (Кіріс бақылауы);
- жұмыс басталғанға дейін беріктікке, герметикалыққа сынақтар жүргізу;
- қажетті шикізат пен материалдар қорын/авариялық қорды ұстау;
- жабдықты жеткізушіге оны ауыстыру туралы талаппен жарнама жіберу.

**Оны пайдалану кезінде анықталған жабдықта зауыттық ақаудың болуы**

144

2.

## ӨНДІРІСТІК ЕМЕС ТӘУЕКЕЛДЕР

### «Кірістердің азаюы» тәуекелі

#### Тәуекел-фактор

**Мұнай жеткізілімін азайту немесе тоқтату**

301

**Стратегиялық серіктестермен қарым-қатынас шарттарын өзгерту**

291

#### Тәуекелді төмендету мақсатында алдын алу сипатындағы әсер іс-шаралары

Тұрақты іс-шаралар:

- стратегиялық серіктестермен негізгі қызмет/ пайдалану және техникалық қызмет көрсету (ПЖТҚ) бойынша қызметтер көрсетуге ұзақ мерзімді шарттар жасасу;
- мұнайдың қосымша көлемін тарту үшін жағдай жасау.

Қажеттілігіне қарай өткізілетін іс-шаралар:

- мұнай тасымалдаудың баламалы бағыттарын пайдалану.

#### Тәуекел-фактор

**Стратегиялық әріптестердің қарым-қатынас шарттарын орындамауы (қызметтерді тұтынушылар тарапынан шарттық міндеттемелерді орындамауы немесе тиісінше орындамауы)**

292

#### Тәуекелді төмендету мақсатында алдын алу сипатындағы әсер іс-шаралары

Тұрақты іс-шаралар:

- мұнайды тасымалдау бойынша қызметтер көрсетуге арналған шарттардың және мұнайды қабылдау, тасымалдау және тапсыру тәртібі туралы техникалық келісімдердің талаптарына сәйкес тасымалданатын мұнайдың сапасына бақылау жүргізу;
- химиялық зертханаларды жарақтандыру және жылдық өтінімдерді қалыптастыру кезінде барлық қажетті аспаптар мен реактивтерді есепке алу;
- кондициялық емес мұнай тапсырылған жағдайда тұтынушылардың жауапкершілігін күшейту бөлігінде мұнайды тасымалдау жөніндегі қызметтерді ұсынуға арналған үлгілік шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі жұмысты жалғастыру;
- Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігімен жұмыс жүргізу.

#### Тәуекел-фактор

**Қызметтерге/ өнімдерге сұраныстың төмендеуі (ЕББҰ)**

300

#### Тәуекелді төмендету мақсатында алдын алу сипатындағы әсер іс-шаралары

Тұрақты іс-шаралар:

- нарықтар конъюнктурасының өзгерістерін мониторингтеу;
- мемлекеттік органдармен, сондай-ақ шаруашылық жүргізуші субъектілермен мұнай құю және құрғақ жүктерді тасымалдауды дамыту, сондай-ақ Грузиядағы теңіз портын басқару жағдайларын жақсарту бойынша жұмыс;
- жүктердің қолданыстағы түрлерін сақтау және қосымша жүк ағындарын тарту;
- Қазақстан Республикасынан түрлі жүктерді тасымалдау үшін Қара теңіз-Каспий өңірін пайдаланудың әлеуетті мүмкіндіктерін қарастыру;
- көрсетілетін қызметтерге қатысты икемді және тиімді тарифтік саясатты қолдану;
- бәсекелестік тарифтерді алу үшін шығындарды оңтайландыру арқылы өзіндік құнын төмендету бойынша жұмыс жүргізу.

#### Тәуекел-фактор

**Дебиторлық берешекті қайтармау («ҚазТрансОйл» АҚ/ ЕББҰ)**

306

#### Тәуекелді төмендету мақсатында алдын алу сипатындағы әсер іс-шаралары

Тұрақты іс-шаралар:

- контрагенттердің шарттар талаптарын орындауын мониторингтеу;
- жүкті ауыстырып тиеу және сақтау үшін алдын ала инвойстар мен салыстыру актілерін уақтылы қоюды қамтамасыз ету;
- дебиторлық берешекті талап ету бойынша жұмысты жалғастыру;
- тарихи және проблемалық дебиторлық берешектер бойынша талап-арыз жұмыстарын жүргізу.

Қажеттілігіне қарай өткізілетін іс-шаралар:

- алдыңғы және есепті кезеңдердің шығыстарында көрсетілген барлық мерзімі өткен дебиторлық берешектер бойынша резервтер құру.



## 2.

## ӨНДІРІСТІК ЕМЕС ТӘУЕКЕЛДЕР

## «Кірістердің азаюы» тәуекелі

## Тәуекел-фактор

312-1

**Тарифтік реттеу саласындағы уәкілетті органның шешімдер қабылдауы («ҚазТрансОйл» АҚ/ЕББҰ)**

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
Магистральдық құбырлардың схемасы  
2023 жылғы негізгі оқиғалар  
Компанияның бизнес-моделі

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

## 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

## 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

## 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Корпоративтік басқару жүйесі және оның негізгі қағидаттары

Корпоративтік басқару кодексінің сақталуы туралы есеп

Акционерлердің жалпы жиналысы

Директорлар кеңесі

Басқарма

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Салық салу

Ішкі және сыртқы аудит

Тәуекелдерді басқару

## 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІН НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

## 6. ҚОСЫМШАЛАР

## Тәуекел-фактор

304

**Контрагент банктердің өз міндеттемелерін орындамауы**

## Тәуекел-фактор

204

**БАҚ-та Компанияның беделіне теріс әсер ететін қызметі туралы көрінеу жалған немесе бұрмаланған мәліметтердің пайда болуының алдын алу тетіктерінің болмауы**

## Тәуекел-фактор

415

**Қазақстан-Қытай мұнай құбыры құрылысының 2-кезеңінің 2-кезегі. Өнімділікті жылына 20 млн тоннаға дейін арттыру («МұнайТас» СБҚК» ЖШС)**

## Тәуекелді төмендету мақсатында алдын алу сипатындағы әсер іс-шаралары

Тұрақты іс-шаралар:

- ҮӨТ енгізуге жол бермеу мақсатында ТЕ және ЖЖ-да бекітілген шығындар баптарының орындалуы бойынша мониторинг жүргізу («ҚазТрансОйл» АҚ/ЕББҰ);
- инвестициялық бағдарламаны және тарифтік сметаны бекітуге өтінімді уақтылы беру («ҚҚК» ЖШС);
- есепті кезеңде ТЕ және ЖЖ-ның орындалуы туралы есепті уәкілетті органға беру («ҚазТрансОйл» АҚ/ЕББҰ);
- ТЕ және ЖЖ-ны түзету (ЕББҰ);
- «Магистральдық Суағызғысы» ЖШС қызметінің залалсыздығына қол жеткізу үшін тариф белгілеудің ынталандырушы әдісіне көшу бойынша жұмыстар жүргізу.

## Тәуекелді төмендету мақсатында алдын алу сипатындағы әсер іс-шаралары

Тұрақты іс-шаралар:

- уақытша бос ақша қаражаты (УБА) инвестициялаудың ең оңтайлы әдісін таңдау мақсатында қаржы құралдарын талдау және олар бойынша ұсынылатын шарттарды жинау;
- контрагент банктердің қаржылық тұрақтылығын талдау;
- қаржылық тәуекелдерді басқару бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ ішкі құжаттарының және «Самұрық-Қазына» АҚ корпоративтік стандарттарының талаптарын сақтауды қамтамасыз ету;
- орналастырылатын УБА-ны артараптандыру.

## Тәуекелді төмендету мақсатында алдын алу сипатындағы әсер іс-шаралары

Тұрақты іс-шаралар:

- сыртқы және ішкі аудиториямен қарым-қатынас жасау арқылы «ҚазТрансОйл» АҚ-ның оң беделін қолдау;
- «ҚазТрансОйл» АҚ туралы өзекті ақпаратпен және «ҚазТрансОйл» АҚ ресми сайтында және әлеуметтік желілерінде стейкхолдерлер үшін «ҚазТрансОйл» АҚ-ның ағымдағы және жоспарланған қызметі туралы баспасөз релиздерінің жариялуын уақтылы қамтамасыз ету.

Қажеттілігіне қарай өткізілетін іс-шаралар:

- ақпараттық агенттіктердегі ішкі тергеулер негізінде ақпаратты жедел дайындау;
- БАҚ-ты төтенше жағдайлар мен оларды жоюға бағытталған іс-шаралар немесе «ҚазТрансОйл» АҚ қызметіне байланысты түрлі оқиғалар туралы хабардар ету мақсатында «ҚазТрансОйл» АҚ басшылығының брифингтерін, баспасөз конференцияларын, сөз сөйлеулерін ұйымдастыру.

## «Шығыстардың өсуі» тәуекелі

## Тәуекел-фактор

## Тәуекелді төмендету мақсатында алдын алу сипатындағы әсер іс-шаралары

Регламенттерге, кестелерге, бизнес-жоспарға, жоспарларға және/немесе шарттарға сәйкес мерзімдерде жыл ішінде:

- Реверс кіші жобасын аяқтау бойынша Жол картасы бойынша іс-шараларды іске асыру;
- барлық құрылыс және монтаждау жұмыстарының ұйымдастырылуын бақылау;
- мердігердің жұмыстарды жүргізу кестесін сақтауын, заңнамалық талаптарға, құрылыс нормаларына, жоба мен шарттардың талаптарына сәйкестігін, жұмыстардың барысы бойынша ақпаратпен есептілікті уақтылы ұсынуын бақылау.

## «Шығыстардың өсуі» тәуекелі

## Тәуекел-фактор

360

**«Жеткізілімнің нәзік тізбегі»**

## Тәуекелді төмендету мақсатында алдын алу сипатындағы әсер іс-шаралары

Тұрақты іс-шаралар:

- ағымдағы жөндеу жоспарлары және күрделі салымдар (КСал) бойынша жұмыстардың орындалуын бақылау бойынша жұмыс жүргізу;
- мердігерлік шарттардың уақтылы жасалуын қамтамасыз ету;
- ағымдағы жөндеу және КСал жоспарын уақтылы орындау үшін жұмыстар мен қызметтерді өндіру, тауарларды жеткізу кестесіне бақылау мен мониторингті жүзеге асыру;
- шарттық міндеттемелерді орындау бойынша мерзімін өткізіп алғаны үшін айыппұл санкцияларын қолдану, сондай-ақ өнім берушінің кепілдік міндеттемелері шеңберінде ақаулы тауарды ауыстыру.

Жыл сайын және қажеттілігіне қарай өткізілетін іс-шаралар:

- қосымша келісімдерді уақтылы жасасу;
- мердігерлерге Объекттегі жұмыстарды жеделдетуге және оларды шарт талаптарына сәйкес мерзімінде уақтылы тапсыруға бағытталған шараларды қабылдау қажеттілігі туралы хаттар жіберу;
- «ҚазТрансОйл» АҚ Бюджет комиссиясының отырысында КСал жоспарын түзету үшін өтінімдерді уақтылы беруді жүзеге асыру;
- 2023 жылға бекітілген инвестициялық бағдарламаны, оның ішінде 2022 жылға игерілмеген қаражатты түзету бойынша жұмыс жүргізу.

## Тәуекел-фактор

353

**Сот талап қоюы (ЕББҰ)**

## Тәуекелді төмендету мақсатында алдын алу сипатындағы әсер іс-шаралары

Тұрақты іс-шаралар:

- заңнамадағы өзгерістердің мониторингі;
- шарттарға құқықтық сараптама жүргізу;
- талап-арыз жұмысын жүргізуді жалғастыру;
- шарттар талаптарының орындалуын мониторингтеу;
- дауларды бейбіт жолмен реттеу бойынша контрагенттермен келіссөздер.

## Тәуекел-фактор

352

**Салықтық тексерулер жүргізу кезінде салық органдарының салық заңнамасын түсіндіруі («ҚазТрансОйл» АҚ/ЕББҰ)**

## Тәуекелді төмендету мақсатында алдын алу сипатындағы әсер іс-шаралары

Тұрақты іс-шаралар:

- салық заңнамасының талаптарын мониторингілеу және талдау;
- салық есептілігін жасаудың дұрыстығын және оны Қазақстан Республикасының салық органдарына уақтылы ұсынуды бақылау;
- Қазақстан Республикасының бюджетіне салықтар мен басқа да міндетті төлемдердің толық және уақтылы төленуін бақылау;
- «ҚазТрансОйл» АҚ қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының салық заңнамасы саласында әдіснамалық қолдау көрсету;
- салықтар бойынша бухгалтерлік есеп деректерін салықтар бойынша дербес шоттардың деректерімен салыстыруды жүргізу;
- қосымша салық есептілігі (бұрын ұсынылған салық есептілігін талдау, дайындау және қайта есептеу және Қазақстан Республикасының салық органдарына ұсыну үшін оған өзгерістер енгізу);
- «ҚазТрансОйл» АҚ салықтық тәуекелдерін жыл сайынғы салықтық шолу/тексеру/талдау;
- Қазақстан Республикасының салық заңнамасына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бойынша ақпараттық ресурсқа жазылу;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-ның Жаңа Қазақстанның салық төлеушілер қауымдастығына мүшелігі;
- БНТ компаниялар тобы бойынша есептелген салықтар мен айыппұлдарға шағымдану бойынша жұмыс жүргізу.





2.

**ӨНДІРІСТІК ЕМЕС ТӘУЕКЕЛДЕР**  
**«Шығыстардың өсуі» тәуекелі**

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
Магистральдық құбырлардың схемасы  
2023 жылғы негізгі оқиғалар  
Компанияның бизнес-моделі

**1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ**

**2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ**

**3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР**

**4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ**

Корпоративтік басқару жүйесі және оның негізгі қағидаттары

Корпоративтік басқару кодексінің сақталуы туралы есеп

Акционерлердің жалпы жиналысы

Директорлар кеңесі

Басқарма

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Салық салу

Ішкі және сыртқы аудит

Тәуекелдерді басқару

**5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІН НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ**

**6. ҚОСЫМШАЛАР**

347

**Тәуекел-фактор**

**Контрагенттер тарапынан міндеттемелерді орындамау (тауарлар/ жұмыстар/ қызметтер/ ақпарат беру/ төлеу бойынша)**

**Тәуекелді төмендету мақсатында алдын алу сипатындағы әсер іс-шаралары**

Тұрақты іс-шаралар:

- контрагенттерге еңбек жағдайларын уақтылы ұйымдастыру және қамтамасыз ету;
- ТМҚ жұмыстарды жүргізу/жеткізу кестесін бақылау және мониторингілеу;
- балама шешімдерді іздеу.

Қажеттілігіне қарай өткізілетін іс-шаралар:

- мердігерге / жеткізушіге салынатын айыппұлдар.

216

**Тәуекел-фактор**

**Өндірістік өнімді дұрыс есепке алмау (БНТ)**

**Тәуекелді төмендету мақсатында алдын алу сипатындағы әсер іс-шаралары**

Тұрақты іс-шаралар:

- мұнай өнімдерінің қалдықтарына түгендеу жүргізу және мұнай өнімдерінің қалдықтары бойынша клиенттермен салыстыру;
- Грузия Қаржы министрлігінің Кірістер қызметі порталынан қалдықтар бойынша ақпаратты түсіру жолымен кірістер қызметінің кеден департаментінде көрсетілген қалдықтармен мұнай өнімдерінің қалдықтарын салыстырып тексеру жүргізу;
- анықталған кедендік құқық бұзушылықтар нәтижесінде негізгі салық сомаларын төлеу бойынша контрагенттермен жұмыс жүргізу.

324

**Тәуекел-фактор**

**Корпоративтік желіге сырттан рұқсатсыз кіру**

**Тәуекелді төмендету мақсатында алдын алу сипатындағы әсер іс-шаралары**

Тұрақты іс-шаралар:

- антивирустық бағдарламалық қамтымды;
- пайдалану;
- бағдарламалық қамтым базасының жаңартуларын уақтылы орнату;
- желіаралық экранды пайдалану;
- техникалық қолдау шартын уақтылы жасасу;
- антивирустық базаны автоматты түрде жаңартуды қосу;
- кірудің алдын алу жүйелері мен желіаралық экрандарды пайдалану;
- Орталық аппарат қызметкерлерінің жеке құрамының қозғалысы туралы есеп негізінде өкілеттігерге сәйкес пайдаланушылардың құқықтарына мониторингті жүзеге асыру;
- бағдарламалық/жүйелік тәсілмен парольдердің күрделілігін бақылау;
- «ҚазТрансОйл» АҚ қызметкерлерінің парольдерді пайдалану және парольдер туралы ақпаратты қорғау саясатын сақтауын тұрақты бақылау;
- шабуылға төзімді түпнұсқаландыру құралдарын пайдалану.

317

**Тәуекел-фактор**

**Табиғи әсерлер, апаттар (оның ішінде COVID-19 коронавирус пандемиясы)**

**Тәуекелді төмендету мақсатында алдын алу сипатындағы әсер іс-шаралары**

Тұрақты іс-шаралар:

- «ҚазТрансОйл» АҚ-да COVID-19 коронавирустық инфекциясы мен ЖРВИ ауруларының алдын алу және таратпау бойынша санитарлық-гигиеналық жұмыстарды жүргізу;
- «ҚазТрансОйл» АҚ ішкі арналары арқылы COVID-19, ЖРВИ алдын алу бойынша жадынамалар, плакаттар мен бейнематериалдар жариялау;
- барлық ОҚБ-ны жұмыскерлерге арналған қажетті ЖҚҚ қорларымен және дезинфекциялау құралдарымен толық қамтамасыз ету;
- сондай-ақ №261, №257 тәуекел-фактор бойынша іс-шараларды қараңыз.

Қажеттілігіне қарай өткізілетін іс-шаралар:

- «ҚазТрансОйл» АҚ-да ДЖБК-ны белсендіру.

310

**Тәуекел-фактор**

**Үшінші тұлғалар тарапынан қасақана құқыққа қарсы әрекеттер**

**Тәуекелді төмендету мақсатында алдын алу сипатындағы әсер іс-шаралары**

Тұрақты іс-шаралар:

- «ҚазТрансОйл» АҚ объектілерін күзету бойынша қызметтер көрсетуге арналған шарт шеңберінде күзет ұйымының кесінділердің пайда болуы және мұнайды рұқсатсыз іріктеу үшін жауапкершілігін бекіту;
- «ҚазТрансОйл» АҚ объектілерінде криминалдық кесулерге, мұнай және тауар-материалдық қорларды ұрлауға қарсы іс-қимыл жөніндегі ұйымдық-профилактикалық іс-шаралардың күзет ұйымымен, құқық қорғау органдарымен және ОҚБ бірлескен жоспарларын / облыстардың ішкі істер департаменттері, «KMG-Security» ЖШС және мұнай құбыры басқармалары арасындағы ынтымақтастық және өзара іс-қимыл туралы меморандумдарды әзірлеу;
- магистральдық мұнай құбырларын күзетудің техникалық жүйелері мен құралдарын енгізу және пайдалану;
- Қазақстан Республикасының Заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесінің жұмысына қатысу;
- «ҚазТрансОйл» АҚ активтерін физикалық қорғаудың тиімді жүйесінің болуын қамтамасыз ету (объектілердің техникалық нығайтылуы, контрагенттердің сапалы күзет қызметтерін көрсетуі);
- «ҚазТрансОйл» АҚ объектілерін күзету мәселелері бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ ішкі құжаттарын әзірлеу/өзектендіру.

261

**Тәуекел-фактор**

**Қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнаманы сақтамау**

**Тәуекелді төмендету мақсатында алдын алу сипатындағы әсер іс-шаралары**

Тұрақты іс-шаралар:

- қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерінің жобаларын уақтылы әзірлеу (түзету), мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындыларын алу;
- мәлімделген көлемде экологиялық рұқсаттарды уақтылы алуды қамтамасыз ету;
- қоршаған ортаға эмиссиялар лимиттерінің сақталуын бақылау;
- өндірістік экологиялық бақылауды және міндетті экологиялық сақтандыруды жүргізуге шарттарды уақтылы жасасу;
- экологиялық аспектілер мен тәуекелдерді басқару;
- қоршаған ортаға теріс әсер еткені үшін міндетті төлемдерді жүзеге асыру;
- сондай-ақ №257 тәуекел факторы бойынша іс-шараларды қараңыз.

257

**Тәуекел-фактор**

**Компанияның қолданыстағы құқық талаптарын сақтамауы («Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы)**

**Тәуекелді төмендету мақсатында алдын алу сипатындағы әсер іс-шаралары**

Тұрақты іс-шаралар:

- энергия ресурстарын ұтымды пайдалану және атмосфераға парниктік газдар шығарындыларын азайту;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2020-2025 жылдарға арналған энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын уақтылы әзірлеу (түзету) және іске асыруды қамтамасыз ету;
- магистральдық мұнай құбырлары учаскелері жұмысының оңтайлы технологиялық режимдерін бір айға уақтылы әзірлеу;
- энергия тиімділігі индикаторларының орындалуын уақтылы мониторингтеу («ҚазТрансОйл» АҚ энергиясын ағымдағы тұтыну және пайдалану есебін әзірлеу және талдау);
- жаһандық жылынудың алдын алу мақсатында Таза шығарындылар мен парниктік газдар көлемін азайтуға көмектесетін жаңа және тиімді энергия үнемдеу технологияларын әзірлеу және енгізу, жаңартылатын/баламалы энергия көздерін пайдалану.

258

**Тәуекел-фактор**

**Қолданылатын санкциялармен белгіленген талаптар мен шектеулерді сақтамау**

**Тәуекелді төмендету мақсатында алдын алу сипатындағы әсер іс-шаралары**

Тұрақты іс-шаралар:

- контрагенттерге/ шарттық қатынастарға санкциялық тексеру жүргізу;
- «ҚазТрансОйл» АҚ қызметіне қатысты санкциялар туралы ақпаратты жинау, мониторингтеу, талдау.



Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
Магистральдық құбырлардың схемасы  
2023 жылғы негізгі оқиғалар  
Компанияның бизнес-моделі

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

## 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

## 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

## 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Корпоративтік басқару жүйесі және оның негізгі қағидаттары

Корпоративтік басқару кодексінің сақталуы туралы есеп

Акционерлердің жалпы жиналысы

Директорлар кеңесі

Басқарма

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Салық салу

Ішкі және сыртқы аудит

Тәуекелдерді басқару

## 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІН НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

## 6. ҚОСЫМШАЛАР

## 2.

### ӨНДІРІСТІК ЕМЕС ТӘУЕКЕЛДЕР

#### «Шығыстардың өсуі» тәуекелі

##### Тәуекел-фактор

**«ҚазТрансОйл» АҚ және оның ЕББҰ қызметкерлерінің ереуілдері, митингілері, наразылықтары**

256

##### Тәуекелді төмендету мақсатында алдын алу сипатындағы әсер іс-шаралары

Тұрақты іс-шаралар:

- қызмет нәтижелері бойынша материалдық және материалдық емес уәждеме мәселелерін қоса алғанда, «ҚазТрансОйл» АҚ міндеттері мен мақсаттары туралы хабардар ету үшін еңбек ұжымдарымен басшылықтың кездесулерін ұйымдастыру және өткізу;
- корпоративтік рухты арттыру («ҚазТрансОйл» АҚ басшылығының ағымдағы ахуал бойынша қызметкерлерге үндеуі, корпоративтік хабарларды тарату, «Munaiqubyrshu» ақпараттық хабаршысын жариялау);
- «ҚазТрансОйл» АҚ басшылығы мен қызметкерлер арасындағы ұжымдық шарт талаптарының сақталуын қамтамасыз ету;
- әлеуметтік тұрақтылық рейтингін жақсарту және өндірістік персоналды тарту бойынша жұмыс жүргізу.

##### Тәуекел-фактор

**Сыбайлас жемқорлық сипаттағы құқыққа қайшы әрекеттер**

268

##### Тәуекелді төмендету мақсатында алдын алу сипатындағы әсер іс-шаралары

Тұрақты іс-шаралар:

- мүдделер қақтығысының алдын алу;
- «ҚазТрансОйл» АҚ жаңадан қабылданған қызметкерлеріне «ҚазТрансОйл» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарымен, «ҚазТрансОйл» АҚ Іскерлік этика кодексімен танысу және мүдделер қақтығысын реттеу бойынша кіріспе нұсқаулықтар өткізу;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-да сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту/ алдын алу/ жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу және уақтылы орындау, оның орындалуына тұрақты мониторинг жүргізу;
- Қазақстан Республикасының қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының және «ҚазТрансОйл» АҚ ішкі құжаттарының талаптарын сақтау, сондай-ақ алаяқтық пен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша профилактикалық, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
- Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің қызметкерлерімен кездесулер ұйымдастыру және өткізу;
- «Жедел желі» байланыс арналары арқылы сыбайлас жемқорлыққа ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау, «ҚазТрансОйл» АҚ ішкі аудит қызметі, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ жүргізген тексерулердің нәтижелерін талдау, сондай-ақ ішкі тергеулердің нәтижелері, «ҚазТрансОйл» АҚ негізгі бизнес-процестерінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшырауына ішкі талдау.

##### Тәуекел-фактор

**Қолданыстағы бағдарламалық қамтымның істен шығуы (жоғалуы)**

276

##### Тәуекелді төмендету мақсатында алдын алу сипатындағы әсер іс-шаралары

Тұрақты іс-шаралар:

- бағдарламалық қамтымды техникалық қолдауды қамтамасыз ету және ақпараттық жүйелерді сүйемелдеу;
- бағдарламалық қамтымға өзгерістер енгізу регламентінің орындалуын қамтамасыз ету;
- бағдарламалық жасақтаманың сақтық көшірмесін жасау;
- серверлік жабдық компоненттерінің қайталануын (резервін) қамтамасыз ету;
- техникалық қолдау немесе қызмет көрсету шарттарының уақтылы орындалуын бақылауды қамтамасыз ету (оның ішінде ең жоғары жүктемелерді есепке алу);
- серверлік жабдықты пайдалану қағидаларының сақталуын қамтамасыз ету.

**Қолданыстағы серверлік жабдықтың істен шығуы**

277

# Ішкі бақылау жүйесі

Ішкі бақылау жүйесі (ІБЖ) — Директорлар кеңесі, Басқарма, Ішкі аудит қызметі және Компания қызметкерлері орындайтын процестер мен рәсімдердің жиынтығы. ІБЖ Компанияда өз қызметін 2013 жылы «Халықтық IPO» бағдарламасы бойынша KASE акцияларын орналастырғаннан кейін бастады және бүгінгі күнге дейін жұмыс істеп тұр.

ІБЖ негізгі мақсаттары мыналар болып табылады:

- Компанияның даму стратегиясына сәйкес операциялық қызметтің тиімділігін арттыру;
- Активтер мен ақпараттың сақталуын, ресурстарды тиімді пайдалану мен бөлуді қамтамасыз ету;
- Қаржылық және басқарушылық есептіліктің толықтығы мен дұрыстығын, сондай-ақ оны дайындау жүйесінің сенімділігін қамтамасыз ету;
- Қазақстан Республикасының заңнамасы мен нормативтік техникалық құжаттарының, Компанияның ішкі құжаттарының талаптарын сақтау;
- Тиімді бақылау рәсімдерін енгізу есебінен процестік деңгейдегі тәуекелдердің туындау ықтималдығын және ықтимал залалдарды азайту;
- Басқарушылық шешімдер қабылдау үшін сенімді ақпараттық негіз құру;
- Бизнес-процестердің тиімді жұмыс істеуін бақылау және Компания қызметінің нәтижелерін талдау;
- Компанияның оңтайлы ұйымдық құрылымын құруға жәрдемдесу;
- ІБЖ жақсарту және одан әрі жетілдіру үшін салаларды анықтау.

Ол Компанияның мақсаттарына қол жеткізуде ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз етуге және ІБЖ-ның үш негізгі саласындағы процестер деңгейінде тәуекелдерді азайтуға бағытталған тиімді және ұтымды қызметке ықпал ететін мінез-құлық пен іс-қимыл нормаларын қамтиды.





Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2023 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

2023 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

## 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

## 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

## 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Корпоративтік басқару жүйесі және оның негізгі қағидадтары

Корпоративтік басқару кодексінің сақталуы туралы есеп

Акционерлердің жалпы жиналысы

Директорлар кеңесі

Басқарма

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Салық салу

Ішкі және сыртқы аудит

Тәуекелдерді басқару

## 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

## 6. ҚОСЫМШАЛАР

ІБЖ қолданудың үш негізгі саласы:

- Операциялық. Операциялық қызметтің тиімділігін арттыру;
- Қаржылық. Толық және сенімді қаржылық есептілікті уақтылы дайындау;
- Заңнамалық. Қазақстан Республикасы заңнамасының және Компанияның ішкі құжаттарының талаптарын сақтау.

ІБЖ жұмысы «ҚазТрансОйл» АҚ ішкі бақылау жүйесінің саясатымен және «ҚазТрансОйл» АҚ ішкі бақылау жүйесінің регламентімен реттеледі.

Компаниядағы ішкі бақылау жүйесі өзара байланысты 5 компоненттен тұрады:

- Тәртіп пен құрылымдылықты қамтамасыз ететін бақылау ортасы. Бақылау ортасының факторларына адалдық, моральдық-этикалық құндылықтар және Қор қызметкерлерінің құзыреттілігі жатады;
- Тәуекелдерді бағалау. Қордың мақсаттарына қол жеткізуге әсер ететін тәуекелдерді сәйкестендіру және талдау болып табылады, оның нәтижелері бойынша тәуекелдерді басқару әдістерін айқындау үшін база қалыптастырылады;
- Жүйенің тиімділігін уақыт бойынша бағалауға мүмкіндік беретін мониторинг рәсімдері тұрақты мониторинг, біржолғы бағалау немесе олардың комбинациясы түрінде жүзеге асырылуы мүмкін;
- Ақпарат және оны беру. Белгілі бір мәселеге қатысты ақпарат анықталуы, жиналуы, өңделуі және берілуі тиіс;
- Бақылау рәсімдері. Басшылық өкімдерінің орындалуын, ішкі жергілікті актілерге сәйкестігін және Компанияның мақсаттарына қол жеткізуге әсер ететін тәуекелдерді басқаруды қамтамасыз етеді.

«ҚазТрансОйл» АҚ қызметіне тән процестік деңгейдегі тәуекелдерді уақтылы анықтауға және талдауға, сондай-ақ мынадай үш негізгі сала-

да: операциялық қызметтің тиімділігін арттыру, толық және шынайы қаржылық есептілікті дайындау және Қазақстан Республикасы заңнамасының және «ҚазТрансОйл» АҚ ішкі құжаттарының талаптарын сақтау саласында осы тәуекелдерді басқару жөніндегі бақылау рәсімдерін айқындау мен талдауға бағытталған ІБЖ-ны одан әрі жетілдіру мақсатында, 2023 жылы келесі іс-шаралар іске асырылды:

- «ҚазТрансОйл» АҚ бизнес-процестерінің жіктеуіші қалыптастырылды және ол «ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілді;
- 2022 жылғы 27 желтоқсанда «ҚазТрансОйл» АҚ бас директоры (Басқарма төрағасы) бекіткен 2023 жылға арналған «ҚазТрансОйл» АҚ ішкі бақылау жүйесі бойынша жұмыстардың күнтізбелік жоспар-кестесіне сәйкес, барлық жоспарланған 12 бизнес-процестер/кіші процестер бойынша 2022 жылғы қарашада өзектендірілген «ҚазТрансОйл» АҚ ішкі бақылау жүйесінің регламентіне сәйкес жаңа форматта тәуекелдер мен бақылаулардың блок-схемалары мен матрицалары әзірленді және олар «ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасының шешімдерімен бекітілді;
- 12 бизнес-процестер/кіші процестер бойынша бақылау рәсімдері дизайнының тиімділігін талдау нәтижелері бойынша есептер бекітілді;
- жаңартылған ІБЖ бойынша қызметкерлерді оқыту жүргізілді.

## 2024 жылға және орта мерзімді перспективаға арналған жоспарлар

2023 жылғы 25 желтоқсанда «ҚазТрансОйл» АҚ бас директоры (Басқарма төрағасы) бекіткен 2024 жылға арналған «ҚазТрансОйл» АҚ ІБЖ бойынша күнтізбелік жоспар-кестеге сәйкес ІБЖ-ның ішкі бақылау жүйесін жетілдіру жөніндегі жұмыстарды жалғастыру.

# Қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесі

2023 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ қызметінің үздіксіздігін басқару жүйесінің саясатын және «ҚазТрансОйл» АҚ қызметінің үздіксіздігін басқару жүйесінің регламентін іске асыру мақсатында қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесін (ҚҮБЖ) енгізу бойынша жұмыс басталды.

2023 жылғы 25 желтоқсанда «ҚазТрансОйл» АҚ бас директоры (Басқарма төрағасы) бекіткен «ҚазТрансОйл» АҚ ҚҮБЖ бойынша 2024 жылға арналған күнтізбелік жоспар-жұмыс кестесі әзірленді.

## 2024 жылға және орта мерзімді перспективаға арналған жоспарлар

1. Кейбір бизнес-процестердің «ҚазТрансОйл» АҚ бизнесіне әсеріне талдау жүргізу.
2. «ҚазТрансОйл» АҚ сыни бизнес-процестерін анықтау.
3. «ҚазТрансОйл» АҚ сыни бизнес-процестері үшін қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жоспарларды және Компания қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз етудің кешенді жоспарын әзірлеу және бекіту.



Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
 Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
 2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
 Магистральдық құбырлардың схемасы  
 2023 жылғы негізгі оқиғалар  
 Компанияның бизнес-моделі

**1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ****2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ****3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР****4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ****5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІН НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ**

Негізгі шоғырландырылған қаржылық нәтижелер

Активтер, капитал және міндеттемелер

**6. ҚОСЫМШАЛАР**

# Қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелері. Басшылықтың есебі

Негізгі шоғырландырылған қаржылық нәтижелер ..... 204  
 Активтер, капитал және міндеттемелер ..... 208

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Баскарма төрағасының) үндеуі

2023 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

2023 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

## 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

## 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

## 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

## 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

Негізгі шоғырландырылған қаржылық нәтижелер

Активтер, капитал және міндеттемелер

## 6. ҚОСЫМШАЛАР

Бұл бөлім Компания менеджменті тарапынан талқылаулар мен талдаудың нәтижесі болып табылады және «ҚазТрансОйл» АҚ-ның ағымдағы қаржылық жағдайы, өндірістік қызмет нәтижелерінің және сыртқы ортадағы өзгерістердің Компанияның қаржылық көрсеткіштеріне әсері туралы ақпаратты ашуға бағытталған.

Осы шолу ХҚЕС-ке сәйкес дайындалған «ҚазТрансОйл» АҚ аудиттелген жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігіне негізделген және оны жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікпен және ілеспе ескертпелермен, сондай-ақ Есептің басқа бөлімдерінде ұсынылған өзге де ақпаратпен бірге оқу керек.

# Негізгі шоғырландырылған қаржылық нәтижелер

2023 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы қол жеткізген қаржылық нәтиженің 2022 жылғы нәтижелермен салыстырғанда өзгеруі мынадай негізгі факторларға:

- түсімді ұлғайтуға;
- басқа операциялық шығыстарды азайтуға;
- қаржылық кірістің өсуіне;
- бірлесіп бақыланатын ұйымдардың пайдадағы үлесін ұлғайтуға;
- басқа операциялық кірістердің өсуіне;

Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп Компанияның және оның еншілес ұйымдарының – БНТ, РТЛ, «Магистральдық Суағызғысы» ЖШС («ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы) кірістері мен шығыстарын қамтиды. Бірлескен бақыланатын ұйымдардың қаржылық нәтижелері – «ҚҚТ» ЖШС және «МұнайТас» СБҚЖ» ЖШС – бірлесіп бақыланатын ұйымдардың пайдасындағы/(залалындағы) үлесі) бабы бойынша үлестік қатысу әдісі бойынша көрсетіледі.

- сату құнының өсуіне;
- қаржылық шығындардың өсуіне;
- табыс салығы бойынша шығыстардың өсуіне;
- бағамдық айырмашылықтан түсетін кірістің төмендеуіне;
- жалпы және әкімшілік шығыстарды ұлғайтуға байланысты.

2023 жылы шоғырландырылған түсімнің көрсеткіші 290 386 млн теңгені құрады. Компанияның 2023 жылдың қорытындысы бойынша шоғырландырылған таза пайдасы 32 845 млн теңгені құрады.

### «ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобының қаржылық көрсеткіштері

GRI 201-1	МЛН ТЕҢГЕ			
Шоғырландырылған көрсеткіштер	2021	2022	2023	Өзгеріс 2023-2022, %
Түсім	238 176	255 627	<b>290 386</b>	14%
Сатудың өзіндік құны	-173 246	-219 435	<b>-248 858</b>	13%
Жалпы пайда	64 930	36 193	<b>41 528</b>	15%
Жалпы және әкімшілік шығыстар	-15 550	-16 539	<b>-17 294</b>	5%
Өзге операциялық кірістер	3 095	2 028	<b>2 128</b>	5%
Өзге операциялық шығыстар	-1 263	-13 923	<b>-7 241</b>	-48%
Операциялық пайда	51 213	7 758	<b>19 121</b>	146%
Бағамдық айырмадан болған кіріс (шығын), нетто	-88	1 945	<b>643</b>	-67%
Қаржылық кірістер	3 201	4 029	<b>10 262</b>	155%
Қаржылық шығыстар	-4 116	-4 779	<b>-7 011</b>	47%
Бірлесіп бақыланатын ұйымдардың пайдадағы үлесі	12 788	15 974	<b>16 873</b>	6%
Салық салуға дейінгі пайда	62 998	24 926	<b>39 889</b>	60%
Табыс салығы бойынша шығыстар	-12 391	-5 124	<b>-7 044</b>	37%
Кезең ішіндегі шоғырландырылған таза пайда	50 607	19 802	<b>32 845</b>	66%

### Кірістердің құрылымы (бірлесіп бақыланатын ұйымдардың пайдадағы үлесін есепке алмағанда)

Шоғырландырылған көрсеткіштер	2021	2022	2023	%
Түсім	97,4	97,0	<b>95,7</b>	
Қаржылық кірістер	1,3	1,5	<b>3,4</b>	
Өзге кірістер*	1,3	1,5	<b>0,9</b>	

\* Өзге операциялық кірістер, бағамдық айырмашылықтан түскен кіріс, негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің құнсыздануын қалпына келтіру, нетто.

2023 жылы жалпы кірістегі кірістің үлесі 95,7%-ды құрады, ал 2022 жылы кірістің үлесі 97,0%-ға жетті.

### Түсімнің құрылымы

Шоғырландырылған көрсеткіштер	2021	2022	2023	Өзгеріс 2023-2022, %	МЛН ТЕҢГЕ
<b>Пайда, оның ішінде:</b>	238 176	255 627	<b>290 386</b>	13,6%	
Шикі мұнайды тасымалдау*	191 849	184 916	<b>210 710</b>	13,9%	
Құбырларды пайдалану және техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметтер	18 091	24 064	<b>26 567</b>	10,4%	
Мұнай мен мұнай өнімдерін ауыстырып тиеу және теміржол арқылы тасымалдау	7 044	22 499	<b>20 202</b>	-10,2%	
Су беру	9 051	11 930	<b>19 822</b>	66,2%	
Мұнай және теңіз портының көлік экспедициясының қызметтері	7 192	8 537	<b>8 806</b>	3,1%	
Мұнайдың жеткізілмеген көлемі үшін төлемақы	3 407	1 790	<b>1 783</b>	-0,4%	
Өзге түсім	1 540	1 892	<b>2 497</b>	31,9%	

\* «Шикі мұнайды тасымалдау» бөлімі «ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық мұнай құбырлары жүйесі бойынша жүзеге асырылатын мұнайды айдау, ағызу, құю және ауыстырып тиеу қызметтерін қамтиды.

2023 жылғы түсім 290 386 млн теңгені құрады, бұл 2022 жылғы деңгейден 13,6%-ға немесе 34 758 млн теңгеге жоғары.

## Шикі мұнайды тасымалдау

2023 жылы Компанияның шикі мұнайын тасымалдаудан түскен түсім 2022 жылғы фактімен салыстырғанда 25 794 млн теңгеге ұлғайды, бұл негізінен экспортқа тарифтің өсуіне (2022 жылғы 1 маусымнан бастап 1 тоннаға 7 358,76 теңгеден 1000 км-ге 1 тоннаға 8 830,51 теңгеге дейін 1000 км-ге, 2023 жылғы 1 шілдеден бастап 1000 км-ге 1 тонна үшін 10 150 теңге тариф), сондай-ақ ішкі нарыққа тарифтің 2022 жылғы 1 желтоқсаннан бастап 1 000 км-ге 3 728,82-ден 4 355,57 теңге/тоннаға дейін, 2023 жылғы 1 шілдеден бастап 1 000 км-ге 4 849,39 теңге/тонна өсуімен, 2023 жылғы наурыздан бастап Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Өзбекстан Республикасына экспорт мақсатында Ресейден шыққан мұнайды тасымалдау есебінен транзит бойынша кірістің өсуіне байланысты.

## Бөгде ұйымдарға тиесілі магистральдық мұнай құбырларын пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызмет

Магистральдық мұнай құбырларын пайдалану және техникалық қызмет көрсету бойынша түсім 2023 жылы көрсетілетін қызметтер құнының ұлғаюына байланысты 10,4%-ға немесе 2 503 млн теңгеге ұлғайды.

## Мұнай мен мұнай өнімдерін ауыстырып тиеу және теміржол арқылы тасымалдау

2023 жылы Компанияның еншілес шетелдік кәсіпорындары (БНТ және РТЛ) бойынша мұнай мен мұнай өнімдерін ауыстырып тиеу мен тасымалдаудан түсетін кірістер өткен жылмен салыстырғанда 10,2%-ға немесе 2 297 млн теңгеге азайды.

Бұл төмендеу негізінен Теңіз мұнайының, геосаяси жағдайға байланысты Ресей мұнайының, сондай-ақ 2022 жылы келісімшарттың аяқталуына байланысты Түрікмен мұнайының көлемін азайту есебінен мұнайды тасымалдау мен ауыстырып тиеуден түсетін түсімнің азаюымен байланысты.

## Су беру

Су беруден түскен түсім негізінен 2022 жылғы 1 қазаннан бастап су беру бойынша тарифті ұлғайту, сондай-ақ 2021 жылғы сәуірде «Құлсары – Теңіз» техникалық су құбырын және 2022 жылғы қарашада техникалық су сорғы станциясын (болашақ кезеңдердің кірістерінің амортизациясы) «Теңізшевройл» ЖШС-нен өтеусіз алу нәтижесінде міндеттеменің амортизациясына байланысты табысты тану есебінен 66,2%-ға немесе 7 892 млн теңгеге ұлғайды.

## Мұнай және теңіз портының көлік экспедициясының қызметтері

Түсім 3,1%-ға немесе 269 млн теңгеге ұлғайды, бұл негізінен мұнайдың көліктік экспедициясы бойынша табыстың өсуіне байланысты, бұл «Самара» ҚТП бағыты бойынша мұнайды тасымалдау көлемінің ұлғаюына байланысты.

## Мұнайдың жеткізілмеген көлемі үшін төлемақы

Есепті кезең ішінде жеткізілмеген мұнай көлемі үшін төлем 2022 жылғы деңгейде орындалды. Мұнайдың жеткізілмеген көлемі үшін түсім «айда немесе төле» шарттарымен мұнайды тасымалдауға жасалған шарттар негізінде танылады.

## Өзге түсім

Өзге түсім 2023 жылы 31,9%-ға немесе 2022 жылғы фактімен салыстырғанда 604 млн теңгеге ұлғайды, бұл негізінен жүктердің танкерлік партияларының жинақталуына байланысты БНТ резервуарларында мұнай мен мұнай өнімдерін сақтаудан түсетін кірістердің өсуіне байланысты.

## Қаржылық кірістер

2023 жылы қаржылық кірістер 10 262 млн теңгені құрады және негізінен сыйақы мөлшерлемелерін ұлғайту есебінен банктерде орналастырылған салымдар мен «ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобының ағымдағы шоттары бойынша пайыздық кірістердің ұлғаюына байланысты.

## Шығыстар

2023 жылғы жалпы шығыстар 280 404 млн теңгені құрады, бұл 2022 жылғы жалпы шығыстардан 10%-ға жоғары (254 676 млн теңге).



Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2023 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

2023 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

## 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

## 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

## 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

## 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

Негізгі шоғырландырылған қаржылық нәтижелер

Активтер, капитал және міндеттемелер

## 6. ҚОСЫМШАЛАР

### Шығыстардың құрылымы

	2021	2022	2023	%
<b>Шоғырландырылған көрсеткіштер</b>				
Сатудың өзіндік құны	89,2	86,2	<b>88,7</b>	
Жалпы және әкімшілік шығыстар	8,0	6,5	<b>6,2</b>	
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің құнсыздануы	0,2	5,1	<b>1,7</b>	
Қаржылық шығыстар	2,1	1,9	<b>2,5</b>	
Өзге шығыстар*	0,5	0,4	<b>0,9</b>	

\* Басқа операциялық шығыстар және бағамдық айырмадан келген шығын, нетто.

2023 жылы сатудың өзіндік құны 248 858 млн теңгені құрайды, бұл 2022 жылғы көрсеткіштен 13%-ға немесе 29 423 млн теңгеге артық. Өсу негізінен мынадай факторларға байланысты:

- 2022 жылдың соңында оларды қайта бағалау нәтижесінде негізгі құралдар құнының өсуіне байланысты тозу және амортизация бойынша шығыстардың ұлғаюы;
- «ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобы өндірістік персоналының жалақысын индекскеуіне байланысты персоналға арналған шығыстарды ұлғайту;
- қорғау бойынша шығыстардың ұлғаюы негізінен мердігер персоналының жалақысын индекскеуіне байланысты көрсетілетін қызметтер құнының ұлғаюына байланысты;
- 2022 жылдың аяғындағы негізгі құралдардың баланстық құнын ұлғайту нәтижесінде, оның ішінде негізгі құралдарды толық бағалау есебінен, негізінен мүлік салығы есебінен салықтар бойынша шығыстарды ұлғайту.

Сонымен қатар есепті кезеңде 2022 жылмен салыстырғанда жекелеген баптар бойынша шығыстардың төмендеуі байқалды, оның ішінде:

- теміржол қызметтері үшін шығыстарды азайту. Азайту 2022 жылы қазақстандық мұнайдың қосымша көлемі тартылғандығына байланысты («Теңізшевройл» ЖШС);
- 23.02.2023 ж. орын алған «Қазавиақұтқару» АҚ Ми-8 тікұшағының қатты қонуы себебінен әуе патрульдеуге байланысты ұшуларды тоқтата тұруға байланысты авиатасымалдау қызметтері бойынша шығыстар.

### Сату өзіндік құнының құрылымы

	2021	2022	2023	%
<b>Шоғырландырылған көрсеткіштер</b>				
Персонал шығындары	35,5	40,6	<b>39,3</b>	
Тозу және амортизация	30,1	24,4	<b>28,6</b>	
Отын және материалдар	5,4	4,1	<b>3,8</b>	
Табыс салығынан басқа салықтар	5,4	5,0	<b>4,9</b>	
Негізгі құралдарды ұстауға, жөндеуге және қызмет көрсетуге арналған шығыстар	4,8	4,0	<b>3,9</b>	
Электр энергиясы	5,0	4,4	<b>4,0</b>	
Күзет қызметтері	3,5	4,4	<b>5,3</b>	
Газ шығындары	1,7	1,5	<b>1,3</b>	
Теміржол қызметтері	1,6	6,0	<b>3,9</b>	
Тамақтану және тұру	1,2	1,0	<b>1,0</b>	
Иссапар шығыстары	0,5	0,4	<b>0,4</b>	
Қоршаған ортаны қорғау	1,4	0,7	<b>0,4</b>	
Әуе патрульдеу қызметтері	0,3	0,3	<b>0,3</b>	
Өзгелер	0,3	0,3	<b>0,1</b>	

2023 жылы жалпы және әкімшілік шығыстар 17 294 млн теңгені құрады, бұл 2022 жылғы көрсеткіштен 5%-ға жоғары (16 539 млн теңге).

2023 жылы 2022 жылғы фактімен салыстырғанда шоғырландырылған жалпы және әкімшілік шығыстардың ұлғаюы негізінен 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап индекскеуі нәтижесінде компанияның әкімшілік персоналының жалақысының ұлғаюына, сондай-ақ негізгі құралдарды толық бағалау есебінен тозу мен амортизация бойынша өсуге байланысты.

Қаржылық шығындар 7 011 млн теңгені құрады, бұл 2022 жылғы көрсеткіштен 2 232 млн теңгеге жоғары. Ұлғаю негізінен жалдау бойынша міндеттемелер дисконты амортизациясының ұлғаюымен (жаңа ұзақ мерзімді шарттарды тануға байланысты), сондай-ақ олардың баланстық құны мен есепті жылдың басындағы дисконттау мөлшерлемесінің ұлғаюы нәтижесінде бағалау міндеттемелері бойынша дисконт амортизациясының ұлғаюымен (оларды пайдалану және жерді рекултивациялау активтерінің шығуы бойынша және қызметкерлерге сыйақы бойынша міндеттемелер бойынша) байланысты.

### Жалпы және әкімшілік шығыстардың құрылымы

	2021	2022	2023	%
<b>Шоғырландырылған көрсеткіштер</b>				
Персонал шығындары	63,2	66,8	<b>65,4</b>	
Тозу және амортизация	9,4	8,7	<b>9,2</b>	
Қайырымдылық шығыстары	0,0	0,0	<b>0,0</b>	
Кеңсеге қызмет көрсету	3,7	3,0	<b>2,5</b>	
Консультациялық қызметтер	2,1	2,6	<b>2,0</b>	
Күтілетін кредиттік залалдар бойынша резервті есептеу	0,2	1,9	<b>2,2</b>	
Жөндеу және техникалық қызмет көрсету	1,8	2,1	<b>3,2</b>	
Аутстаффинг қызметтері	1,7	1,8	<b>1,9</b>	
Қысқа мерзімді резервтер бойынша шығыстарды есептеу	0,0	0,0	<b>0,2</b>	
Табыс салығынан басқа салықтар	2,1	1,6	<b>1,6</b>	
Материалдар мен отын	0,4	0,4	<b>0,2</b>	
Өтеуге ҚҚС есептен шығару бойынша шығыстар	0,5	0,8	<b>1,3</b>	
Ақпараттық қамтамасыз ету	0,9	0,9	<b>0,8</b>	
Байланыс қызметтері	0,8	0,6	<b>0,5</b>	
Иссапар шығыстары	1,4	1,5	<b>1,4</b>	
Банк қызметтері	0,4	0,4	<b>0,3</b>	
Сақтандыру және қауіпсіздікті қамтамасыз ету	0,3	0,3	<b>0,6</b>	
Жарнама бойынша шығыстар	0,1	0,1	<b>0,1</b>	
Өзге де	11,0	6,4	<b>6,6</b>	

## I Бірлесіп бақыланатын ұйымдардың пайдадағы үлесі

Бірлескен бақыланатын ұйымдардың қаржылық нәтижелерінде Компания пайдасының танылған үлесі 2022 жылғы 15 974 млн теңгеден 2023 жылы 16 873 млн теңгеге дейін ұлғайды.

### «ҚазТрансОйл» АҚ-ның бірлескен бақыланатын ұйымдардың пайдасындағы үлесі

	2021	2022	2023	Өзгеріс 2023-2022, %
<b>Көрсеткіштер</b>				
«МұнайТас» СБҚК» ЖШС пайдасындағы үлесі	1 180	1 248	<b>888</b>	-28,9%
«ҚҚК» ЖШС пайдасындағы үлесі	11 608	14 726	<b>15 986</b>	8,6%
<b>Жиыны:</b>	<b>12 788</b>	<b>15 974</b>	<b>16 873</b>	<b>5,6%</b>

**«ҚҚК» ЖШС.** 2023 жылы «ҚҚК» ЖШС таза табысы 31 971 млн теңгені құрады, Компанияның тиісті үлесі – 15 986 млн теңге.

Бірлескен бақыланатын ұйымдардың пайдасындағы Компания үлесінің артуы негізінен мұнай тасымалдаудан түсетін кірістің өсуімен байланысты.

**«МұнайТас» СБҚК» ЖШС.** «МұнайТас» СБҚК» ЖШС-нің 2023 жылғы таза пайдасы 1 741 млн теңгені құрады, Компанияның тиісті үлесі – 888 млн теңге.

## I Табыс салығы

2023 жылы корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар 7 044 млн теңгені құрады, бұл 2022 жылдың қорытындысы бойынша қалыптасқан көрсеткіштен 37,5%-ға жоғары (5 124 млн теңге).

### Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар

	2021	2022	2023	Өзгеріс 2023-2022, %
<b>Шоғырландырылған көрсеткіштер</b>				
Ағымдағы табыс салығы бойынша шығыстар	16 164	11 145	<b>14 200</b>	27,4%
Кейінге қалдырылған табыс салығын үнемдеу	-3 773	-6 021	<b>-7 156</b>	18,9%
Табыс салығы	12 391	5 124	<b>7 044</b>	37,5%





Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2023 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

2023 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

**1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ****2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ****3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР****4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ****5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІН НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ**

Негізгі шоғырландырылған қаржылық нәтижелер

Активтер, капитал және міндеттемелер

**6. ҚОСЫМШАЛАР****I Активтер, капитал және міндеттемелер****Активтер, капитал және міндеттемелер**

Шоғырландырылған көрсеткіштер	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін			
	2021	2022	2023	Өзгеріс 2023-2022, %
<b>Активтер</b>	<b>983 163</b>	<b>1 235 418</b>	<b>1 358 382</b>	<b>10%</b>
Ұзақ мерзімді активтер	901 119	1 114 340	<b>1 224 043</b>	10%
Ағымдағы активтер	82 043	121 078	<b>134 339</b>	11%
<b>Меншікті капитал және міндеттемелер</b>	<b>983 163</b>	<b>1 235 418</b>	<b>1 358 382</b>	<b>10%</b>
Меншікті капитал	737 108	912 453	<b>956 870</b>	5%
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	167 447	231 362	<b>288 766</b>	25%
Ағымдағы міндеттемелер	78 607	91 602	<b>112 746</b>	23%

2023 жылдың соңында (2022 жылдың 31 желтоқсанымен салыстырғанда) «ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобының ұзақ мерзімді активтері 10%-ға немесе 109703 млн теңгеге ұлғайды. Ұзақ мерзімді активтер құнының өсуінің негізгі факторлары:

- «Астрахань — Маңғышлақ» магистральдық суағызғысын реконструкциялау және кеңейту» (1-кезек) және «Өзен — Атырау — Самара» ММҚ құбырының учаскелерін ауыстыру» жобалары бойынша түсімдер есебінен негізгі құралдардың құнын ұлғайту;
- кезең ішінде бірлескен бақыланатын ұйымдар (ББҰ) пайдасын алу нәтижесінде таза активтердегі үлесті өзгерту есебінен ББҰ инвестицияларды ұлғайту;

**Негізгі құралдардың құрылымы**

Шоғырландырылған көрсеткіштер	2021	2022	2023	Өзгеріс 2023-2022, %
Құбырлар	284 044	351 406	<b>428 778</b>	22%
Технологиялық мұнай	201 418	223 788	<b>229 024</b>	2%
Машиналар мен жабдықтар	133 952	183 759	<b>171 283</b>	-7%
Ғимараттар мен құрылыстар	84 747	114 312	<b>112 969</b>	-1%
Аяқталмаған құрылыс	49 635	28 277	<b>74 507</b>	163%
Жер	26 148	35 758	<b>35 251</b>	-1%
Көлік активтері	18 037	25 560	<b>23 348</b>	-9%
Өзгелер	5 092	11 735	<b>8 986</b>	-23%
<b>Жиыны:</b>	<b>803 073</b>	<b>974 596</b>	<b>1 084 146</b>	<b>11%</b>

Ағымдағы активтердің өсуі 2023 жылдың соңына (2022 жылдың 31 желтоқсанымен салыстырғанда) 11% немесе 13 261 млн теңгені құрады, бұл негізінен тарифтердің ұлғаюы нәтижесінде мұнай тасымалдаудан түсетін түсімнің өсуімен байланысты.

Меншікті капиталдың 5%-ға немесе 44 417 млн теңгеге өсуі негізінен 2023 жылғы таза пайданың ұлғаюымен, сондай-ақ акционердің операциялар бойынша кірісті тануымен байланысты (нарықтық және купондық сый-ақы мөлшерлемелері арасындағы айырмашылық нәтижесінде «Астрахань — Маңғышлақ» магистральдық суағызғысын реконструкциялау және кеңейту» (1-кезек) жобасын қаржыландыру шеңберінде «Магистральдық Суағызғысы» ЖШС шығарған облигациялар бойынша дисконт).

Ұзақ мерзімді міндеттемелерді 25%-ға немесе 57 404 млн теңгеге ұлғайту «Астрахань — Маңғышлақ» магистральдық суағызғысын реконструкциялау және кеңейту» (1-кезек) жобасын қаржыландыру шеңберінде «Магистральдық Суағызғысы» ЖШС қарызын (екінші траншты) тартуға және облигацияларын шығаруға байланысты.

- «Астрахань — Маңғышлақ» магистральдық суағызғысын реконструкциялау және кеңейту» (1-кезек) жобасы бойынша негізгі қаражат түсімдері есебінен өтеуге ҚҚС ұлғайту.

Бұл ұлғаю «Астрахань — Маңғышлақ» магистральдық суағызғысын (1-кезек) реконструкциялау және кеңейту жобасы бойынша түсімдер есебінен жеткізушілерге негізгі қаражат үшін берілген аванстардың азаюымен ішінара төмендетілді.

Ағымдағы міндеттемелердің 23%-ға немесе 21 144 млн теңгеге ұлғаюы негізінен күрделі сипаттағы шарттар бойынша кредиторлық берешектің (жыл соңында «Астрахань — Маңғышлақ» магистральдық суағызғысын реконструкциялау және кеңейту» (1-кезек) жобасы бойынша шарттардың орындалуы, сондай-ақ «Өзен-Атырау» ММҚ учаскелерін ауыстыру нәтижесінде), мұнай тасымалдау қызметі бойынша аванстар (тарифтердің өсуіне байланысты), жалдау бойынша міндеттемелер (ұзақ мерзімді жалдау шарттарын жасасу нәтижесінде) және өндірістік персоналдың жалақысын индексстеуге байланысты персоналдың сыйақысы бойынша міндеттемелердің өсуіне байланысты.

**I Тиімділік көрсеткіштері****Тиімділіктің негізгі көрсеткіштері**

Негізгі қаржылық көрсеткіштер	2021	2022	2023	Өзгеріс 2023-2022, %
EBITDA*, млн теңге	103 038	74 527	<b>97 030</b>	30%
EBITDA маржасы (EBITDA-ның пайдаға арақатынасы), %	43,3	29,2	<b>33,4</b>	15%
Жалпы пайда нормасы (жалпы пайда мен түсімнің арақатынасы), %	27,3	14,2	<b>14,3</b>	1%
Таза пайда нормасы (таза пайданың түсімге арақатынасы), %	21,2	7,7	<b>11,3</b>	46%

\* Көрсеткіш «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 30 қаңтардағы шешімімен бекітілген EBITDA ҚҢК-да көзделген түзетулерді есепке алмай есептелген.

Төмендегі кестеде есепті жылдағы пайда туралы мәліметтер негізінде EBITDA операциялық көрсеткішінің құрамдас бөліктері туралы ақпарат берілген.

**EBITDA көрсеткішін есептеу**

Көрсеткіштер	2021	2022	2023	Өзгеріс 2023-2022, %
<b>Есепті жылдағы пайда</b>	50 607	19 802	<b>32 845</b>	66%
+ табыс салығы бойынша шығыстар	12 391	5 124	<b>7 044</b>	37%
<b>Салық салуға дейінгі пайда</b>	62 998	24 926	<b>39 889</b>	60%
+ бағамдық айырмадан келген шығын (нетто)	88	0	<b>0</b>	-
- бағамдық айырмадан түскен кіріс (нетто)	0	1945	<b>643</b>	-67%
+ қаржылық шығындар	4 116	4 779	<b>7 011</b>	47%
- қаржылық кірістер	3 201	4 029	<b>10 262</b>	155%
+ бірлесіп бақыланатын кәсіпорындардың шығындағы үлестері	0	0	<b>0</b>	-
- бірлесіп бақыланатын кәсіпорындардың пайдадағы үлесі	12 788	15 974	<b>16 873</b>	6%
<b>Операциялық пайда</b>	51 213	7 758	<b>19 121</b>	146%
+ тозу және амортизация	53 658	54 874	<b>72 796</b>	33%
+ өзге операциялық шығыстар	926	1 011	<b>2 510</b>	148%
- өзге операциялық кірістер	3 095	2 028	<b>2 128</b>	5%
- негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің құнсыздануын / (құнсыздануын) қалпына келтіру, нетто	-336	-12 912	<b>-4 731</b>	-63%
<b>EBITDA*</b>	<b>103 038</b>	<b>74 527</b>	<b>97 030</b>	<b>30%</b>

\* Көрсеткіш «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 30 қаңтардағы шешімімен бекітілген EBITDA ҚҢК-да көзделген түзетулерді есепке алмай есептелген.

**Тиімділіктің негізгі көрсеткіштері**

Атауы	2021	2022	2023	%
ROA (таза пайда/активтердің орташа жылдық сомасы)	5,5	1,8	<b>2,5</b>	
ROE (таза пайда / меншікті капиталдың орташа жылдық сомасы)	7,3	2,4	<b>3,5</b>	

**I Өтімділік және қаржылық тұрақтылық көрсеткіштері**

Компанияның өтімділігі мен қаржылық тұрақтылығының негізгі көзі негізгі қызмет нәтижесінде алынған ақша қаражаты болып табылады.

Өтімділік көрсеткіші Компанияның ағымдағы активтеріне сүйені отырып, қысқа мерзімді міндеттемелерін орындау қабілетін сипаттайды. Жалпы (ағымдағы) өтімділік коэффициенті ағымдағы міндеттемелердің ағымдағы активтермен қаншалықты жабылатындығын сипаттайды. Төмендегі кестеден көріп отырғанымыздай, орта есеппен ағымдағы міндеттемелердің 1 теңгесі ағымдағы активтердің 1,19 теңгесін жабады.



Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
Магистральдық құбырлардың схемасы  
2023 жылғы негізгі оқиғалар  
Компанияның бизнес-моделі

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

## 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

## 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

## 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

## 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІН НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

Негізгі шоғырландырылған қаржылық нәтижелер

Активтер, капитал және міндеттемелер

## 6. ҚОСЫМШАЛАР

### Өтімділік коэффициенттері

Шоғырландырылған көрсеткіштер	Нормативтік өлшемшарттар	2021	2022	2023
Жалпы өтімділік коэффициенті (Ағымдағы активтер / Ағымдағы міндеттемелер)	1,5–2,5	1,04	1,32	<b>1,19</b>
Жылдам өтімділік коэффициенті ((ағымдағы активтер – ТМҚ) / Ағымдағы міндеттемелер)	1,5–2,5	0,93	1,23	<b>1,11</b>

Жылдам өтімділік коэффициенті ағымдағы міндеттемелердің «ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобының қолда бар ақшалай қаражаты есебінен ғана емес, сондай-ақ көрсетілген қызметтер үшін күтілетін түсімдер (қысқа мерзімді дебиторлық берешек) не өзге де қысқа мерзімді активтерді пайдалану есебінен өтелуі мүмкін бөлігін сипаттайды. 2022 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда жылдам өтімділік коэффициентінің төмендеуі 2024 жылы өтеуге күтілетін сауда және өзге де кредиторлық берешектің өсуі есебінен ағымдағы міндеттемелердің ұлғаюына байланысты.

### Ақшалай қаражат және олардың баламалары

«ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобының ақшалай қаражаты және олардың баламалары 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 76 673 млн теңгені құрады.

#### Ақша қаражатының айналымы

Шоғырландырылған көрсеткіштер	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін			Өзгеріс 2023-2022, %
	2021	2022	2023	
Операциялық қызметтен түскен таза ақша ағындары	86 977	73 513	<b>87 839</b>	19%
Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары (Пайдаланылған)/қаржылық қызметтен алынған таза ақша ағындары	-45 969	-47 288	<b>-160 028</b>	238%
Ақша қаражаты мен олардың баламаларындағы таза өзгеріс	-11 795	43 236	<b>-7 771</b>	-118%
Таза бағамдық айырма	280	1 425	<b>-720</b>	-151%
Күтілетін кредиттік залалдарға арналған резервтегі өзгеріс	-1	-2	<b>6</b>	-400%
Кезеңнің басындағы ақша қаражаты және олардың баламалары	52 015	40 499	<b>85 158</b>	110%
Кезең соңындағы ақша қаражаты және олардың баламалары	40 499	85 158	<b>76 673</b>	-10%

2023 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобының операциялық қызметінен алынған таза оң ақша ағындары 87 839 млн теңгені құрады, бұл 2022 жылғы көрсеткіштен 19%-ға немесе 14 326 млн теңгеге жоғары. Осы көрсеткіштің ұлғаюына әсер еткен негізгі фактор тарифтердің ұлғаюуы нәтижесінде мұнай тасымалдау қызметтері бойынша түсімдердің өсуі болып табылады.

«ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобының инвестициялық қызметі бойынша таза теріс ақша ағындары 2023 жылы 160 028 млн теңгені құрады, бұл 2022 жылғы көрсеткіштен 238%-ға немесе 112 740 млн теңгеге жоғары. Бұл өзгеріс «Астрахань – Маңғышлақ» магистральдық суағызғысын реконструкциялау және кеңейту» (1-кезек) жобасы шеңберінде күрделі жұмыстарды орындауға, сондай-ақ «Өзен – Атырау-Самара» ММҚ учаскелерін ауыстыруға ақшалай қаражатты бағыттауға байланысты. Сонымен қатар ақшалай қаражаттың шығарылуын ұлғайту Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноталарын сатып алуға байланысты.

2023 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ Компаниялар тобының қаржылық қызметінен алынған таза оң ақша ағындары 64 418 млн теңгені құрады, бұл 2022 жылғы көрсеткіштен 279%-ға немесе 47 407 млн теңгеге жоғары. Ұлғайту «Магистральдық Суағызғысы» ЖШС-нің 11 800 млн теңге мөлшерінде екінші транш қарыз алуымен (2022 жылғы қарашада 29 593 млн теңге мөлшерінде бірінші транш алынды), сондай-ақ «Астрахань – Маңғышлақ» магистральдық суағызғысын реконструкциялау және кеңейту» (1-кезек) жобасы қаржыландыру үшін 70 000 млн теңге сомасына шығарылған облигацияларды орналастырумен байланысты. Бұл өсім дивидендтер төлеу есебінен ішінара төмендетілді: 2023 жылы 2022 жылғы қызмет нәтижелері бойынша төлемдер 15 000 млн теңгені құрады.





Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
Магистральдық құбырлардың схемасы  
2023 жылғы негізгі оқиғалар  
Компанияның бизнес-моделі

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

## 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

## 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

## 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

## 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

## 6. ҚОСЫМШАЛАР

1-қосымша. Есеп туралы

2-қосымша. 2023 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ жасаған, «ҚазТрансОйл» АҚ-ның жасалуына мүдделілігі бар мәмілелер тізбесі

3-қосымша. GRI индексі

4-қосымша. БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттары және орнықты даму мақсаттары бойынша индекс

5-қосымша. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл

6-қосымша. Аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілік

7-қосымша. Орнықты даму саласындағы сандық көрсеткіштер

8-қосымша. Қысқартулар тізімі

# Қосымшалар

1-қосымша. Есеп туралы	214
2-қосымша. 2023 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ жасаған, «ҚазТрансОйл» АҚ-ның жасалуына мүдделілігі бар мәмілелер тізбесі	219
3-қосымша. GRI индексі	221
4-қосымша. БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттары және орнықты даму мақсаттары бойынша индекс	226
5-қосымша. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл	228
6-қосымша. Аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілік	232
7-қосымша. Орнықты даму саласындағы сандық көрсеткіштер	297
8-қосымша. Қысқартулар тізімі	311



Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Баскарма төрағасының) үндеуі

2023 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

2023 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

## 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

## 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

## 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

## 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІН НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

## 6. ҚОСЫМШАЛАР

1-қосымша. Есеп туралы

2-қосымша. 2023 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ жасаған, «ҚазТрансОйл» АҚ-ның жасалуына мүдделілігі бар мәмілелер тізбесі

3-қосымша. GRI индексі

4-қосымша. БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттары және орнықты даму мақсаттары бойынша индекс

5-қосымша. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл

6-қосымша. Аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілік

7-қосымша. Орнықты даму саласындағы сандық көрсеткіштер

8-қосымша. Қысқартулар тізімі

# 1-қосымша. Есеп туралы

## Есеп беру тәсілі

GRI 2-3

«ҚазТрансОйл» АҚ өз қызметінде ашықтық қағидатын қатаң ұстанады және мүдделі тараптардың кең ауқымы үшін ақпаратты тиімді және толық ашуды қамтамасыз етуге ұмтылады.

Бұл «ҚазТрансОйл» АҚ-ның он бірінші интеграцияланған жылдық есебі (Есеп), онда қызметтің қаржылық және операциялық нәтижелері, корпоративтік басқару және тәуекелдерді басқару жүйесі, даму стратегиясы, сондай-ақ орнықты даму саласындағы нәтижелер көрсетілген. Алдыңғы Есеп 2023 жылғы мамырда жарияланған.

Есеп жыл сайынғы негізде шығарылады және бұл жағдайда 2023 жылғы 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейінгі кезеңдегі компания қызметінің нәтижелерін, сондай-ақ мүмкіндігінше компанияның 2024 жылға арналған

жоспарларының сипаттамасын және орта мерзімді перспективаны қамтиды.


Есеп Global Reporting Initiative (GRI) есептілігі жөніндегі жаһандық бастаманың орнықты даму саласындағы есептілік стандарттарына, сондай-ақ орнықты даму саласындағы ақпаратты ашу тәртібін айқындайтын GRI 11: Oil and Gas Sector Disclosures мұнай-газ компаниялары үшін салалық стандартқа сәйкес дайындалды.

Компанияның қаржылық есептілігіне қатысты сыртқы аудит рәсімін «Эрнст энд Янг» ЖШС орындады. 2023 жылдың қорытындысы бойынша орнықты даму саласындағы қаржылық емес ақпаратты сыртқы растау жүргізілген жоқ.

## Есеп мазмұнын анықтау процесі

GRI 3-1

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2023 жылғы есебінің мазмұны GRI стандарттарында ұсынылған қағидаттарға сәйкес айқындалды:



Есепті дайындау процесінде сондай-ақ интеграцияланған есептілік жөніндегі халықаралық кеңес (IIRC) әзірлеген интеграцияланған есептіліктің халықаралық стандартының ұсынымдары және KASE талаптары ескерілді. Ақпарат корпоративтік басқару кодексінің және Компанияның өзге де ішкі құжаттарының ережелеріне сәйкес, сондай-ақ Қазақстан заңнамасының нормаларына сәйкес Есепте ашылады.

Есепте Компанияның Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) Жаһандық шартының қағидаттарын ұстануы және Компанияның БҰҰ-ның Орнықты

даму мақсаттарына қол жеткізуге қосқан үлесі туралы ақпарат ашылады. Осы ақпаратты ашқан кезде Компания Қазақстан Республикасындағы және шетелдегі басқа ұйымдармен ақпараттың салыстырмалылығын қамтамасыз ету үшін үздік халықаралық тәжірибелерді басшылыққа алды.

Компанияның қаржы-шаруашылық қызметі саласындағы нәтижелердің сипаттамасы «Менеджмент түсініктемесі» ХҚЕС практикалық басшылығының ұсынымдарына сәйкес дайындалды.

## Маңыздылық қағидатын сақтау

GRI 3-2

Осы Есепте ашылатын орнықты даму саласындағы елеулі тақырыптарды таңдау үшін Компания GRI Standards стандарттары ұсынған тақырыптардың тізімін талдады.

Елеулі тақырыптардың бастапқы тізімі Компанияның қызметін ішкі талдау және оның қоғамға және қоршаған ортаға әсерін бағалау, сондай-ақ шетелдік тәжірибе мен эталондарды талдау барысында анықталды.

Елеулі тақырыптардың аралық тізімі әсердің маңыздылығын бағалау үшін мүдделі тараптарға сауалнама жүргізуге негізделген. Сауалнамаға мүдделі тараптардың ішкі және сыртқы топтарының 20-дан астам өкілдері қатысты. Сауалнама қорытындысы бойынша мүдделі тараптардың барлық жауаптары бойынша, яғни маңыздылығы төмен шекті мәннен жоғары (3,2 баллдан жоғары) орташа бағаны шығару арқылы негізгі әсерлер мен елеулі тақырыптар бөлінді.

Нәтижесінде Компания қызметін талдау мен мүдделі тараптардың сауалнамасы нәтижелерінің арақатынасы негізінде төменде келтірілген маңыздылық матрицасы келісіліп бекітілді.

### Елеулі тақырыптарды анықтау тәсілі



Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2023 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

2023 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

## 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

## 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

## 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

## 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІН НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

## 6. ҚОСЫМШАЛАР

1-қосымша. Есеп туралы

2-қосымша. 2023 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ жасаған, «ҚазТрансОйл» АҚ-ның жасалуына мүдделілігі бар мәмілелер тізбесі

3-қосымша. GRI индексі

4-қосымша. БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттары және орнықты даму мақсаттары бойынша индекс

5-қосымша. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл

6-қосымша. Аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілік

7-қосымша. Орнықты даму саласындағы сандық көрсеткіштер

8-қосымша. Қысқартулар тізімі

Қорытынды тізімде төменде келтірілген 15 елеулі тақырып GRI 11: Oil and Gas Sector Disclosures стандартына сәйкес есепте ашылған. Есептің стандартты элементтерінің толық тізбесін және есептегі ақпаратты ашуға сілтемелерді қамтитын кесте есепке 3-қосымшада берілген.

### Елеулі тақырыптардың толық тізбесі

Санаты	№	Елеулі тақырыптар	
Экономикалық	1.	11.14 Экономикалық әсері	
	2.	11.20 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	
	3.	11.1 Парниктік газдар шығарындылары	
	4.	11.2 Климатқа бейімделу, тұрақтылық және өтпелі кезең	
	5.	11.3 Атмосфераға шығарындылар	
	Экологиялық	6.	11.4 Биоалуантүрлілік
		7.	11.5 Қалдықтар
		8.	11.6 Су және ағынды сулар
		9.	11.8 Активтердің тұтастығы және маңызды оқиғаларды басқару
10.		11.7 Активтерді жабуды басқару	
11.		11.9 Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы	
Әлеуметтік	12.	11.10 Жұмысқа орналасу тәжірибесі	
	13.	11.11 Кемсітушілікке қарсы іс-қимыл және тең мүмкіндіктер	
	14.	11.13 Қауымдастық бостандығы және ұжымдық келіссөздер жүргізу	
	15.	11.15 Жергілікті қауымдастықтар	

## Есеп тақырыптарының шегі

### GRI 2-2

«ҚазТрансОйл» АҚ және оның ЕББҰ операциялық және қаржылық көрсеткіштері шоғырландырылған негізде көрсетілген және ЕББҰ қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелерін қамтиды.

Орнықты даму саласындағы көрсеткіштер, егер өзгеше көрсетілмесе, Компания және оның еншілес ұйымдары туралы ақпаратты қамтиды.

### «ҚазТрансОйл» АҚ есебінің шегіне кіретін еншілес ұйымдар

Еншілес ұйымдардың тізбесі	Есептегі атауы	Қатысу аймағы
«Магистральдық Суағызғысы» ЖШС	«Магистральдық Суағызғысы» ЖШС	Қазақстан Республикасы
«Батумский нефтяной терминал» ЖШҚ	БНТ	Грузия
«Petrotrans Limited» ЖШЖК	PTL	Abu Dhabi Global Market

2023 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ алғаш рет орнықты даму көрсеткіштерін шоғырландыруды жүргізуде, осыған байланысты GRI 11: Oil and Gas Sector Disclosures мынадай маңызды көрсеткіштері және «ҚазТрансОйл» АҚ еншілес ұйымдары қызметінің ерекшелігіне сәйкес қосымша метрикалар іріктеп алынды.

### Есептілік көрсеткіштерінің шегі

Көрсеткіштің атауы	«ҚазТрансОйл» АҚ еншілес ұйымдары		
	«Магистральдық Суағызғысы» ЖШС	БНТ	PTL
<b>GRI 11 көрсеткіштері: Oil and Gas Sector Disclosures, o.i.:</b>			
<b>Әлеуметтік көрсеткіштер</b>			
2-7 – Жұмыскерлер	✓	✓	✓
204-1 – Жергілікті жеткізушілерге арналған шығыстардың үлесі	✓	✓	
401-1 – Жаңадан жалданған жұмыскерлер және кадрлардың ауысуы	✓	✓	✓
403-5 – Жұмыс орнындағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік мәселелері бойынша кәсіптік даярлық	✓	✓	
403-8 – Жұмыс орнында еңбекті қорғау және қауіпсіздік мәселелерін басқару жүйесімен қамтылған жұмыскерлер	✓	✓	
403-9 – Өндірістік жарақаттар	✓	✓	
404-1 – Бір жұмыскерге шаққандағы оқу сағаттарының орташа жылдық саны	✓	✓	
405-1 – Басшы органдары мен қызметкерлерінің әртүрлілігі	✓	✓	✓
405-2 – Базалық жалақы мен сыйақының арақатынасы	✓	✓	✓
<b>Экологиялық көрсеткіштер</b>			
302-1 – Ұйым ішіндегі энергияны тұтыну	✓	✓	
302-3 – Энергия сыйымдылығы	✓	✓	
303-3 – Алынатын судың жалпы мөлшері	✓	✓	
303-4 – Суды ағызу	✓	✓	
305-7-NOx, SOx және басқа да маңызды атмосфералық шығарындылар	✓	✓	
306-3 – Қалдықтардың пайда болуы	✓	✓	
<b>Қосымша метрикалар</b>			
Қоршаған ортаны қорғауға арналған шығыстар	✓	✓	
Өнеркәсіптік қауіпсіздік пен еңбекті қорғауға салынған инвестициялар көлемі	✓	✓	
Санитариялық-эпидемиологиялық және емдеу-профилактикалық іс-шараларды жүргізуге арналған шығыстар	✓		
Персоналды оқытуға салынатын инвестициялар	✓	✓	✓
Өндірістік объектілердегі практиканттар саны	✓	✓	
Өз қызметкерлерін және олардың отбасы мүшелерін әлеуметтік қолдауға бағытталған шығындар	✓	✓	✓

Компания көрсеткіштерді ашу тәжірибесін үш жылдық динамикада сақтайды. Ақпаратты неғұрлым толық ашу үшін қажет болған жағдайда, есепті кезеңге дейін немесе одан кейін болған оқиғалар келтірілген.

Кейбір жағдайларда Есеп 2024 жылға арналған жоспарлар мен болжамды сипаттағы орта мерзімді перспективаға қатысты ақпаратты қамтиды. Оларды іске асыру Компанияға тәуелді емес сыртқы факторлардың әсерінен болатындығын ескеру қажет, болашақ есепті кезеңдерде қол жеткізілген нәтижелер Есепте көрсетілген болжамды бағдарлармен сәйкес келмеуі мүмкін.





Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
Магистральдық құбырлардың схемасы  
2023 жылғы негізгі оқиғалар  
Компанияның бизнес-моделі

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

## 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

## 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

## 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

## 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІН НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

## 6. ҚОСЫМШАЛАР

1-қосымша. Есеп туралы

2-қосымша. 2023 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ жасаған, «ҚазТрансОйл» АҚ-ның жасалуына мүдделілігі бар мәмілелер тізбесі

3-қосымша. GRI индексі

4-қосымша. БҰҰ Жаһандық шартының қағидадары және орнықты даму мақсаттары бойынша индекс

5-қосымша. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл

6-қосымша. Аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілік

7-қосымша. Орнықты даму саласындағы сандық көрсеткіштер

8-қосымша. Қысқартулар тізімі

## I Кері байланыс

Компания Есепті одан әрі дамыту үшін кері байланыс алуға және мүдделі тараптар үшін ақпаратты сапалы ашуға мүдделі. Осы құжаттың соңында кері байланыс сауалнамасы енгізілген. Компания оны толтырғанын және төмендегі байланыс тұлғаларына жібергенін бағалайды.

## I Байланыс ақпараты

Компанияның біріктірілген жылдық есептерін Компанияның интернет-ресурсынан [www.kaztransoil.kz](http://www.kaztransoil.kz) «Акционерлер мен инвесторларға/Жылдық есептер» бөлімінен табуға болады.

Төменде Есепте көрсетілген мәселелер бойынша, сондай-ақ кері байланыс үшін қосымша ақпарат сұрауға болатын контактілер берілген.

### КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ДЕПАРТАМЕНТІ

+7 (7172) 555-346  
[Keldibekova@kaztransoil.kz](mailto:Keldibekova@kaztransoil.kz)

### ИНВЕСТОРЛАРМЕН БАЙЛАНЫС ҚЫЗМЕТІ

+7 (7172) 555-049  
[Masalin@kaztransoil.kz](mailto:Masalin@kaztransoil.kz)

### ЖҰРТШЫЛЫҚПЕН БАЙЛАНЫС ЖӘНЕ ІШКІ КОММУНИКАЦИЯЛАР ДЕПАРТАМЕНТІ

+ 7 (7172) 555-135, 555-134

### КОМПАНИЯНЫҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ

Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Нұра ауданы, Тұран даңғылы, 20-ғимарат, 12-тұрғын емес үй-жай.

## 2-қосымша. 2023 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ жасаған, «ҚазТрансОйл» АҚ-ның жасалуына мүдделілігі бар мәмілелер тізбесі

№	Мәміленің атауы	«ҚазТрансОйл» АҚ органының шешімі
<b>«КҚК-К» АҚ</b>		
1.	2018 жылғы 16 мамырдағы №К-ОД-18-0078//ОС125/2018 Қызметтер көрсетуге арналған шартқа №8 өзгеріске ордер	«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің шешімі (отырыстың 2023 жылғы 25 мамырдағы №8/2023 хаттамасы)
2.	2018 жылғы 16 мамырдағы №К-ОД-18-0078//ОС125/2018 Қызметтер көрсетуге арналған шартқа №9 өзгеріске ордер	«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің шешімі (отырыстың 2023 жылғы 24 қарашадағы №15/2023 хаттамасы)
3.	Қазақстан Республикасының аумағында КҚК мұнай құбыры жүйесіне техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтер көрсетуге арналған шарт	«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің шешімі (отырыстың 2023 жылғы 22 желтоқсандағы №16/2023 хаттамасы)
<b>«ТОРФАЙ-ПЕТРОЛЕУМ» АҚ</b>		
4.	«ТОРФАЙ-ПЕТРОЛЕУМ» АҚ мұнай құбырын пайдалануға 2023 жылға арналған келісім	«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің шешімі (отырыстың 2023 жылғы 30 қаңтардағы №1/2023 хаттамасы)
5.	«ТОРФАЙ-ПЕТРОЛЕУМ» АҚ мұнай құбырын пайдалануға 2024 жылға арналған келісім	«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің шешімі (отырыстың 2023 жылғы 22 желтоқсандағы №16/2023 хаттамасы)
<b>«МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ» АҚ</b>		
Еңшілес және бірлескен бақыланатын ұйымдар (ЕББҰ)	<ul style="list-style-type: none"> <li>Қолданыстағы заңнаманы сақтау;</li> <li>ЕББҰ басқару органдарына және қаржы-шаруашылық қызметті тексеру жөніндегі тексеріс комиссияларына қатысу;</li> <li>Іскерлік әдеп нормаларын сақтау;</li> <li>Тиімді корпоративтік басқару.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Компанияның орнықтылығы және қаржылық тұрақтылығы;</li> <li>Ақпараттық ашықтық және айқындылық;</li> <li>Инвестициялық жобаларды іске асыруға бірлесіп қатысу;</li> <li>Жұмыс топтарына, кеңестерге, кездесулерге бірлесіп қатысу.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету;</li> <li>Корпоративтік сайтта жариялау;</li> <li>Акционерлердің/қатысушылардың жалпы жиналыстарында, сондай-ақ Директорлар кеңестерінде/байқаушы кеңестерде акционердің мүдделерін білдіру;</li> <li>Кеңестер, консультациялық панельдер, конференц-қоңыраулар өткізу;</li> <li>Комитеттерге, жұмыс топтарына қатысу;</li> <li>Тренингтер, семинарлар ұйымдастыру.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>ЕББҰ қатысушысы, серіктесі, акционері ретінде шешімдер, сондай-ақ Байқаушы кеңестің, Компанияның директорлары жиналысының шешімдері қабылданды;</li> <li>ЕББҰ қызметі және инвестициялық жобаларды іске асыру мәселелері бойынша жұмыс топтарының отырыстарына, кеңестерге, кездесулерге қатысу;</li> <li>ЕББҰ-да комплаенс-қызметтер құрылды, комплаенс функциясы бойынша процестерді реттейтін құжаттар бекітілді;</li> <li>БНТ «Батуми теңіз порты» ЖШС айлақтары арқылы ауыстырып тиеудің ең аз көлемі бойынша ковананттардың орындалуын қамтамасыз етті;</li> <li>«Магистральдық Суағызғысы» ЖШС Атырау облысында «Қашаған кен орнында газды кешенді дайындау қондырғысы үшін суағызғысын салу» жобасын іске асырды;</li> <li>«Магистральдық Суағызғысы» ЖШС «Қашаған» ГКДҚ суағызғысын салу» жобасын іске асырды.</li> </ul>

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Баскарма төрағасының) үндеуі

2023 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

2023 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

## 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

## 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

## 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

## 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

## 6. ҚОСЫМШАЛАР

1-қосымша. Есеп туралы

2-қосымша. 2023 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ жасаған, «ҚазТрансОйл» АҚ-ның жасалуына мүдделілігі бар мәмілелер тізбесі

3-қосымша. GRI индексі

4-қосымша. БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттары және орнықты даму мақсаттары бойынша индекс

5-қосымша. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл

6-қосымша. Аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілік

7-қосымша. Орнықты даму саласындағы сандық көрсеткіштер

8-қосымша. Қысқартулар тізімі

# 6-қосымша. Аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілік

## 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін, тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебімен

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі .....	233
<b>Шоғырландырылған қаржылық есептілік</b> .....	<b>238</b>
Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп .....	238
Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп .....	240
Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп .....	242
Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп .....	244
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер .....	245



«Эрнст энд Янг» ЖШС  
Әл-Фараби д-лы, 77/7  
«Есентай Тауэр» ғимараты  
Алматы қ., 050060  
Қазақстан Республикасы  
Тел.: +7 727 258 5960  
Факс: +7 727 258 5961  
www.ey.com

ТОО «Эрнст энд Янг»  
пр. Аль-Фараби, 77/7  
здание «Есентай Тауэр»  
г. Алматы, 050060  
Республика Казахстан  
Тел.: +7 727 258 5960  
Факс: +7 727 258 5961

Ernst & Young LLP  
Al-Farabi ave., 77/7  
Esentai Tower  
Almaty, 050060  
Republic of Kazakhstan  
Tel.: +7 727 258 5960  
Fax: +7 727 258 5961

## Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның Акционерлері мен Директорлар кеңесіне

### Пікір

Біз «ҚазТрансОйл» АҚ мен оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі «Топ») шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, әрі оған 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп, жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп, көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін меншікті капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп және ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп, сондай-ақ есеп саясатының маңызды ережелері туралы ақпаратты қоса алғанда, шоғырландырылған қаржылық есептілікке жасалған ескертпелер жатады.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік барлық елеулі қатынастарда 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының шоғырландырылған қозғалысы мен шоғырландырылған қаржылық нәтижелерін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дұрыс бейнелейді.

### Пікірді білдіру негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз одан әрі біздің есебіміздің «Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлігінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңестің Кәсіпқой бухгалтерлер этикасының кодексіне (БХЭСК Кодексі) және Қазақстан Республикасында біздің шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитіне қойылатын этикалық талаптарға сәйкес Топқа қатысты біз тәуелсізбіз және біз осы талаптар мен БХЭСК Кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық. Біз алынған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылады деп пайымдаймыз.

### Аудиттің шешуші мәселелері

Аудиттің шешуші мәселелері - біздің кәсіптік пайымдауымызға сай ағымдағы кезең үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болып табылған мәселелер. Бұл мәселелер шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитіміздің контекстінде және осы есептілік туралы пікірімізді қалыптастыру кезінде қарастырылған және біз бұл мәселелер жөнінде бөлек пікірімізді білдірмейміз. Төменде көрсетілген мәселеге қатысты бұл мәселенің аудитіміздің барысында қалай қарастырылғанының сипаты осы контекстінде келтіріледі.



Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Баскарма төрағасының) үндеуі

2023 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

2023 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

## 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

## 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

## 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

## 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІН НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

## 6. ҚОСЫМШАЛАР

1-қосымша. Есеп туралы

2-қосымша. 2023 жылғы «ҚазТрансОйл» АҚ жасаған, «ҚазТрансОйл» АҚ-ның жасалуына мүдделілігі бар мәмілелер тізбесі

3-қосымша. GRI индексі

4-қосымша. БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттары және орнықты даму мақсаттары бойынша индекс

5-қосымша. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл

6-қосымша. Аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілік

7-қосымша. Орнықты даму саласындағы сандық көрсеткіштер

8-қосымша. Қысқартулар тізімі



Біз есебіміздің «Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған міндеттерді, оның ішінде осы мәселеге де қатысты міндеттерді орындадық. Тиісінше, аудитімізге шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін бағалауымызға жауап ретінде әзірленген рәсімдерді орындау жатады. Аудиторлық процедураларымыздың, соның ішінде төменде көрсетілген мәселені қарастыру барысында орындалған процедуралардың нәтижелері қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы аудиторлық пікірімізді білдірудің негізі болады.

### Аудиттің шешуші мәселесі

#### Негізгі құралдардың әділ құны

Топтың Қазақстан мен Грузияда орналасқан негізгі құралдары бар. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қазақстан мен Грузиядағы негізгі құралдар Топ активтерінің елеулі бөлігін құрайды.

Топтың негізгі құралдары қайта бағалау күнінен кейін танылған жинақталған амортизация мен құнсыздану шығындарын шегере отырып Топтың есеп саясатына сәйкес әділ құны бойынша көрсетіледі. Әрбір есепті күнге Топ негізгі құралдардың әділ құны олардың баланстық құнынан қаншалықты ерекшеленетінін талдайды.

Негізгі құралдардың әділ құнын бағалау кезінде пайдаланылған жорамалдар субъективтілігінің жоғары деңгейіне орай, біз бұл мәселе аудитіміз үшін барынша маңызды болып табылады деп есептейміз.

Топтың Қазақстандағы активтерінің әділ құны мұнайды тасымалдау бойынша мамандандырылған активтер үшін экономикалық құнсыздану тестісін өткізу шеңберінде кірістілік тәсілін, суды тасымалдау бойынша мамандандырылған активтер үшін шығынды тәсілді және мамандандырылмаған активтер үшін нарықтық тәсілді пайдалана отырып бағаланды.

Әділ құнды есептеу кезінде пайдаланылған елеулі жорамалдарға тасымалдаудың келешек көлемдері, тарифтер, дисконттау мөлшерлемесі мен өсімнің ұзақ мерзімді қарқыны кірді.

Бағалау мақсатында Грузияда орналасқан активтер екі топқа бөлінді: «Батумский морской порт» (БМП) и «Батумский нефтяной терминал» (БНТ).

### Бұл шешуші мәселе ретінде аудитіміздің барысында қарастырылды

Біз Топ басшылығынан негізгі құралдардың әділ құнының ықтимал өзгерістеріне талдау алдық.

Кірісті және шығынды тәсілдермен қайта бағаланған активтер үшін, сондай-ақ экономикалық құнсыздану қолданылған активтер үшін біз басшылық пайдаланған бастапқы деректерді Топтың соңғы бизнес-жоспарларымен салыстырдық. Біз қолданылатын жорамалдарды бағаладық және оларды тарихи деректермен салыстырдық.

Біз есептеу кезінде пайдаланылған дисконттау мөлшерлемесі мен ұзақ мерзімді өсу қарқындарын қолдағы сыртқы ақпаратпен салыстырдық және бұл есептеулердің математикалық дәлдігін тексердік.

Біз күтілетін болашақ ақша ағындарының ағымдағы құнын есептеудің математикалық дәлдігін тексердік.

Индексацияны пайдалана отырып қайта бағаланған активтер үшін біз индекстердің есептеулерін бағаладық және әділ құнды есептеу кезінде пайдаланылған индекстерді қолжетімді сыртқы ақпаратпен салыстырдық.

Тікелей шығындар арқылы қайта бағаланған активтер үшін біз негізгі бастапқы деректерді (активтердің техникалық сипаттамаларын (ұзындығын, енін, көлемін және т.с.с.), материалдардың құнын, құрылыс жұмыстарының құнын, еңбек шығындарының коэффициенттерін)



«БНТ» барлық активтері мен «БМП» мамандандырылмаған активтерінің әділ құны нарықтық тәсілді пайдалана отырып айқындалды. «БМП» мамандандырылған активтерінің әділ құны кірісті тәсілді пайдалана отырып айқындалды.

«БМП» активтерінің әділ құнын есептеу кезінде пайдаланылған елеулі жорамалдарға, ауытқудың болжамды көлемдері, тарифтер, күрделі және операциялық шығындар, дисконттау мөлшерлемесі және өсімнің ұзақ мерзімді қарқыны кірді.

Негізгі құралдар туралы ақпарат шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 6-ескертпесінде ашылып көрсетілді; есеп саясатының, негізгі пайымдаулар мен бағалау мәндерінің сипаттамасы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 4 және 5-ескертпелерінде ашылып көрсетілді.

### Топтың 2023 жылғы жылдық есебіне қосылған басқа да ақпарат

Басқа да ақпаратқа Топтың 2023 жылғы жылдық есебінде қамтылған ақпарат жатады, бірақ шоғырландырылған қаржылық есептілік пен сол туралы біздің аудиторлық есебіміз жатпайды. Басқа да ақпарат үшін жауапкершілікті басшылық көтереді. Топтың 2023 жылғы Жылдық есебі, жорамалмен, бізге осы аудиторлық есеп күнінен кейін ұсынылады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікіріміз басқа ақпаратқа таралмайды және біз бұл ақпаратқа қатысты қандай да бір нысанда сенімділікті білдіретін тұжырымды ұсынбаймыз.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудитті жүргізуімізге орай біздің міндетіміз жоғарыда аталған басқа ақпаратпен, ол бізге ұсынылған кезде танысу және бұл ретте басқа да ақпарат пен шоғырландырылған қаржылық есептіліктің немесе аудит барысында ие болған біліміміз арасында елеулі сәйкессіздіктердің болуы және басқа да ақпарат өзге елеулі бұрмалануларды қамтымайтындығы мәселесін қарастыру болып табылады.

### Басшылықтың және аудит жөніндегі комитеттің шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Басшылық шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ХҚЕС-ке сәйкес жасалуы және шынайы ұсынылуы үшін әрі басшылық шынайы емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан маңызды бұрмалануы жоқ шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілік көтереді.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыра алу қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтердің ашылып көрсетілуі үшін және басшылық Топты таратқысы келген, оның қызметін тоқтатқысы келген жағдайларды немесе оның мұндай әрекеттерге іс жүзіндегі баламасы болмай қалған жағдайларды қоспағанда, есептіліктің қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде жасалуы үшін жауапкершілік көтереді.

Топтың ішкі техникалық құжаттамасымен салыстырдық.

Нарықтық тәсілмен қайта бағаланған активтер үшін біз бастапқы деректерді дәл сондай позициялар бойынша қолдағы нарықтық деректермен салыстырдық.

Біз әділ құн есептеулерінің математикалық дәлдігін тексердік.

Біз қаржылық есептілікте негізгі құралдарды қайта бағалау жөніндегі ашып көрсетулерді сараладық.



Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Баскарма төрағасының) үндеуі

2023 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

2023 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

## 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

## 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

## 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

## 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІН НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

## 6. ҚОСЫМШАЛАР

1-қосымша. Есеп туралы

2-қосымша. 2023 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ жасаған, «ҚазТрансОйл» АҚ-ның жасалуына мүдделілігі бар мәмілелер тізбесі

3-қосымша. GRI индексі

4-қосымша. БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттары және орнықты даму мақсаттары бойынша индекс

5-қосымша. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл

6-қосымша. Аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілік

7-қосымша. Орнықты даму саласындағы сандық көрсеткіштер

8-қосымша. Қысқартулар тізімі



Аудит жөніндегі комитет Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігінің дайындалу процесін қадағалау үшін жауапкершілік көтереді.

### Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз шоғырландырылған қаржылық есептілік бүтіндей адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық есепті шығаруда елеулі бұрмалануларды қамтымайды деген ақылға қонымды сенімдікке қол жеткізу болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит елеулі бұрмалану бола қалғанда оны әрдайым анықтайтындығының кепілдігі болып табылады. Бұрмаланулар адал емес әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке-жеке немесе жиынтығында осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің негізінде қолданылатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізделген күйде пайымдауға болса, елеулі болып есептеледі.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудиттің шеңберінде біз кәсіпқой пайымдауды қолданып, бүкіл аудиттің бойына кәсіптік скептицизмді сақтап қаламыз. Сонымен бірге, біз келесіні орындаймыз:

- адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан болған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтап, бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық процедураларды жасаймыз; өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Қателердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмауы тәуекеліне қарағанда, жоғарыдағы адал емес әрекеттердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмай қалу тәуекелі, өйткені адал емес әрекеттерге сөз байласу, алдау, қасақана жіберіп қою, ақпараттың дұрыс ұсынылмауы немесе ішкі бақылау жүйесін айнала жасалған амалдар кіруі мүмкін;
- Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық процедураларды әзірлеу мақсатында, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсінеміз;
- қолданылатын есеп саясатының лайықты сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің және тиісті ақпараттың ашылып көрсетілу негізділігін бағалаймыз;
- басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды қолдану заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз және түскен аудиторлық дәлелдердің негізінде Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінде айтарлықтай күмән туғыза алатын оқиғаларға немесе талаптарға орай елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы тұжырым жасаймыз. Егер де біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы тұжырымға келетін болсақ, біз өзіміздің аудиторлық есебімізде шоғырландырылған қаржылық есептілікте ақпараттың тиісінше ашылып көрсетілуіне назар аудартуымыз керек немесе егер ақпараттың осылайша ашылып көрсетілуі лайықты болып табылмаса, пікірімізді түрлендіру керек. Біздің тұжырымдар аудиторлық есебіміз жасалған күнге дейін түскен аудиторлық дәлелдерге негізделген. Дегенмен келешек оқиғалар немесе талаптар Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылып қалуына әкеп соқтыра алады;
- шоғырландырылған қаржылық есептіліктің бүтіндей ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын бағалаймыз, оған қоса ақпаратты ашып көрсету, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің оның негізінде болған операциялар мен оқиғаларды олардың шынайы ұсынылуын қамтамасыз ететіндей етіп ұсынылатындығын бағалаймыз.



- шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікірді білдіру үшін ұйымның қаржылық ақпаратына және Топ ішіндегі шаруашылық қызметке қатысты жеткілікті болатын лайықты аудиторлық дәлелдерді аламыз. Біз жалпы басшылық ету, бақылау және Топ аудитінің жүргізілуі үшін жауап береміз. Біз аудиторлық пікіріміз үшін жеке дара жауапты болып табыламыз.

Біз аудит жөніндегі комитеттің назарына, өзгесінен басқа, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы, оның ішінде егер біз аудит процесінде ондайларды анықтасақ, ішкі бақылау жүйесінің едәуір кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, онымен ақпараттық өзара әрекеттесуді жүзеге асырамыз.

Сондай-ақ біз аудит жөніндегі комитетке тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды сақтағандығымыз туралы мәлімдеме жасадық және осы тұлғаларды барлық өзара қарым-қатынастар мен аудитордың тәуелсіздігіне әсер етеді деп негізделген түрде есептеуге болатын басқа да мәселелер туралы, ал қажетті жағдайларда – қауіп-қатерлерді жою үшін жасалған іс-қимылдар немесе қолға алынған сақтық шаралары туралы хабардар еттік.

Біз аудит жөніндегі комитеттің назарына жеткізген мәселелерден біз ағымдағы кезең үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болған және тиісінше, аудиттің шешуші мәселелері болып табылатын мәселелерді айқындаймыз. Біз бұл мәселелерді аудиторлық есебімізде сипаттаймыз, тек бұл мәселелер туралы ақпаратты жария ету заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған жағдайдан немесе қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің есебімізде хабарланбауы тиіс екендігі туралы тұжырымға келген сирек жағдайлардан басқа, өйткені мұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оның хабарлануынан қоғамдық маңызы бар пайдадан асады деп жорамал жасауға болады.

Соның нәтижелері бойынша тәуелсіз аудитордың осы аудиторлық есебі шығарылған, аудиттің жүргізілуіне жауапты жетекші - Адиль Сыздықов.

## „Эрнст энд Янг“ ЖШС



Адиль Сыздықов Аудитор

Аудитордың 2013 жылғы 23 желтоқсандағы № 0000172 біліктілік күәлігі

050060, Алматы қ., Қазақстан  
Әл-Фараби даңғылы, 77/7,  
2024 жылғы 1 наурыз



Рустамжан Саттаров  
«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің  
Бас директоры

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі  
2005 жылғы 15 шілдеде берген сериясы  
МФЮ-2 № 0000003 болатын Қазақстан  
Республикасында аудиторлық қызметпен  
айналысуға арналған мемлекеттік лицензия



Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
Магистральдық құбырлардың схемасы  
2023 жылғы негізгі оқиғалар  
Компанияның бизнес-моделі

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

## 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

## 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

## 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

## 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІН НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

## 6. ҚОСЫМШАЛАР

1-қосымша. Есеп туралы

2-қосымша. 2023 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ жасаған, «ҚазТрансОйл» АҚ-ның жасалуына мүдделілігі бар мәмілелер тізбесі

3-қосымша. GRI индексі

4-қосымша. БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттары және орнықты даму мақсаттары бойынша индекс

5-қосымша. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл

6-қосымша. Аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілік

7-қосымша. Орнықты даму саласындағы сандық көрсеткіштер

8-қосымша. Қысқартулар тізімі

## ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

Мың теңгемен	Ескертпе	2023 жылғы 31 желтоқсанға	2022 жылғы 31 желтоқсанға
<b>Активтер</b>			
<b>Ұзақ мерзімді активтер</b>			
Негізгі құралдар	6	1.084.145.524	974.595.927
Пайдалану құқығы түріндегі активтер	7	6.731.336	917.065
Материалдық емес активтер	8	7.991.075	8.515.332
Бірлескен бақылаудағы кәсіпорындарға инвестициялар	9	106.754.214	94.588.186
Негізгі құралдар үшін жеткізушілерге берілген алғытөлемдер	10	1.507.687	29.219.803
Өтелуге жататын ҚҚС	14	15.198.605	4.314.632
Өзге де ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	12	721.048	883.284
Банк салымдары	16	718.088	945.452
Өзге де ұзақ мерзімді активтер		275.336	360.146
		<b>1.224.042.913</b>	<b>1.114.339.827</b>
<b>Қысқа мерзімді активтер</b>			
Қорлар	11	8.932.013	8.758.265
Сауда және өзге де дебиторлық берешек	12	8.447.028	8.366.581
Жеткізушілерге берілген алғытөлемдер	13	727.872	1.787.294
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем		750.449	1.878.426
Өтелуге жататын ҚҚС және өзге де салықтар бойынша алдын ала төлем	14	10.955.879	8.439.215
Өзге де қысқа мерзімді активтер	15	27.853.344	6.690.814
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	17	76.672.612	85.157.538
		<b>134.339.197</b>	<b>121.078.133</b>
<b>Активтер жиыны</b>		<b>1.358.382.110</b>	<b>1.235.417.960</b>

## ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (ЖАЛҒАСЫ)

Мың теңгемен	Ескертпе	2023 жылғы 31 желтоқсанға	2022 жылғы 31 желтоқсанға
<b>Меншікті капитал және міндеттемелер</b>			
<b>Меншікті капитал</b>			
Жарғылық капитал	18	61.937.567	61.937.567
Акционерлерден қайта сатып алынған меншікті акциялар		(9.549)	(9.549)
Активтерді қайта бағалау бойынша резерв	18	380.639.671	423.217.162
Есептілік валютасын қайта есептеу бойынша резерв		46.118.253	46.952.044
Капиталдың өзге де резервтері	18	1.244.710	(188.145)
Үлестірілмеген пайда		466.939.672	380.544.246
<b>Меншікті капитал жиыны</b>		<b>956.870.324</b>	<b>912.453.325</b>
<b>Ұзақ мерзімді міндеттемелер</b>			
Алынған қарыздар	19	47.390.786	29.760.793
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	20	41.302.077	–
Қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер	21	18.045.542	18.096.363
Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер	35	99.367.910	107.509.698
Активтерді пайдаланудан шығару және жерді қайта өңдеу бойынша міндеттемелерге резерв	26	45.648.971	40.664.979
Сатып алушылармен шарттар бойынша міндеттемелер	22	31.908.136	35.132.179
Жалдау бойынша міндеттемелер	24	5.102.611	198.450
		<b>288.766.033</b>	<b>231.362.462</b>
<b>Қысқа мерзімді міндеттемелер</b>			
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	20	72.778	–
Қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелердің қысқа мерзімді бөлімі	21	1.185.285	1.046.911
Төленуге жататын табыс салығы		1.467.774	1.470.302
Сауда және өзге де кредиторлық берешек	23	34.937.605	19.230.822
Жалдау бойынша міндеттемелер	24	2.420.628	942.217
Сатып алушылармен шарттар бойынша міндеттемелер	22	31.246.778	29.529.193
Төлемге өзге де салықтар	25	7.869.753	8.740.967
Резервтер	26	1.303.694	1.309.778
Өзге де қысқа мерзімді міндеттемелер	27	32.241.458	29.331.983
		<b>112.745.753</b>	<b>91.602.173</b>
<b>Міндеттемелер жиыны</b>		<b>401.511.786</b>	<b>322.964.635</b>
<b>Меншікті капитал мен міндеттемелер жиыны</b>		<b>1.358.382.110</b>	<b>1.235.417.960</b>
<b>Бір жай акцияның теңгерімдік құны (теңгемен)</b>	<b>18</b>	<b>2.467</b>	<b>2.350</b>

2024 жылғы 1 наурызда қол қойылды және шығаруға рұқсат етілді.

Бас директор (Басқарма төрағасы)

  
Т.Н. Құрманбаев

  
А.С. Ахмедина







Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2023 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

2023 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

## 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

## 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

## 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

## 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

## 6. ҚОСЫМШАЛАР

1-қосымша. Есеп туралы

2-қосымша. 2023 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ жасаған, «ҚазТрансОйл» АҚ-ның жасалуына мүдделілігі бар мәмілелер тізбесі

3-қосымша. GRI индексі

4-қосымша. БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттары және орнықты даму мақсаттары бойынша индекс

5-қосымша. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл

6-қосымша. Аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілік

7-қосымша. Орнықты даму саласындағы сандық көрсеткіштер

8-қосымша. Қысқартулар тізімі

### ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

Мың теңгемен	Ескертпе	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін	
		2023 жылғы	2022 жылғы
Түсім	28	290.385.624	255.627.309
Өткізімнің өзіндік құны	29	(248.857.819)	(219.434.650)
<b>Жалпы пайда</b>		<b>41.527.805</b>	<b>36.192.659</b>
Жалпы және әкімшілік шығыстар	30	(17.294.048)	(16.539.471)
Өзге де операциялық кірістер	31	2.128.447	2.027.914
Өзге де операциялық шығыстар	32	(2.510.255)	(1.011.127)
Негізгі құралдардың құнсыздануы, нетто	6	(4.730.780)	(12.911.982)
<b>Операциялық пайда</b>		<b>19.121.169</b>	<b>7.757.993</b>
Бағамдық айырмадан болған кіріс, нетто		642.755	1.944.638
Қаржылық кірістер	33	10.262.467	4.028.576
Қаржыландыру шығындары	34	(7.010.615)	(4.778.915)
Бірлескен бақылаудағы кәсіпорындардың кірісіндегі үлесі	9	16.873.439	15.973.820
<b>Салық салғанға дейінгі пайда</b>		<b>39.889.215</b>	<b>24.926.112</b>
Табыс салығы бойынша шығыстар	35	(7.043.878)	(5.124.419)
<b>Есепті жылдағы таза пайда</b>		<b>32.845.337</b>	<b>19.801.693</b>

### ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (ЖАЛҒАСЫ)

Мың теңгемен	Ескертпе	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін	
		2023 жылғы	2022 жылғы
<b>Өзге де жиынтық (залал)/кіріс</b>			
<b>Кейінгі кезеңдерде пайда немесе залал құрамына қайта жіктеуге жататын өзге де жиынтық (залал)/кіріс</b>			
Топтың шетел бөлімшелерінің есептілігін қайта есептеу кезіндегі бағамдық айырмашылық		(833.791)	6.319.279
<b>Кейінгі кезеңдерде пайда немесе залал құрамына қайта жіктеуге жататын таза өзге де жиынтық (залал)/кіріс</b>		<b>(833.791)</b>	<b>6.319.279</b>
<b>Кейінгі кезеңдерде пайда немесе залал құрамына қайта жіктеуге жатпайтын өзге де жиынтық (залал)/кіріс</b>			
Топтың негізгі құралдарының қайта бағалануы және құнсыздануы, нетто	6	(3.184.948)	170.785.590
Табыс салығының әсері	35	636.990	(33.286.881)
		(2.547.958)	137.498.709
Топ бойынша активтерді пайдаланудан шығару және жерді қайта өңдеу бойынша міндеттемелер резервін (есептеу)/қалпына келтіру	26	(1.943.919)	6.810.783
Табыс салығының әсері	35	388.784	(1.362.157)
		(1.555.135)	5.448.626
Бірлескен бақылаудағы кәсіпорындар бойынша негізгі құралдарының қайта бағалануы және құнсыздануы, нетто		-	11.611.744
Табыс салығының әсері		-	(2.322.349)
		-	9.289.395
Бірлескен бақылаудағы кәсіпорындар бойынша активтерді пайдаланудан шығару және жерді қайта өңдеу резервін (есептеу)/қалпына келтіру		(934.700)	3.582.283
Табыс салығының әсері		186.939	(716.457)
		(747.761)	2.865.826
Топ қызметкерлеріне сыйақылар бойынша актуарлық кірістер	21	1.472.627	4.238.724
Табыс салығының әсері	35	(40.473)	(116.499)
		1.432.154	4.122.225
Бірлескен бақылаудағы кәсіпорындардың қызметкерлеріне сыйақылар бойынша актуарлық пайда/(залал)		876	(141)
Табыс салығының әсері		(175)	28
		701	(113)
<b>Кейінгі кезеңдерде пайда немесе залал құрамына қайта жіктеуге жатпайтын таза өзге де жиынтық (залал)/кіріс</b>		<b>(3.417.999)</b>	<b>159.224.668</b>
<b>Салықтарды шегергендегі өзге де жиынтық (залал)/кіріс жиыны</b>		<b>(4.251.790)</b>	<b>165.543.947</b>
<b>Есепті жылға салықтарды шегергендегі жиынтық кіріс жиыны</b>		<b>28.593.547</b>	<b>185.345.640</b>
<b>Акцияға базалық және таратылған пайда (теңгемен)</b>	<b>18</b>	<b>85</b>	<b>51</b>

2024 жылғы 1 наурызда қол қойылды және шығаруға рұқсат етілді.

Бас директор (Басқарма төрағасы)

  
Т.Н. Құрманбаев

  
А.С. Ахмедина

Бас бухгалтер





Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2023 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

2023 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

## 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

## 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

## 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

## 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІН НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

## 6. ҚОСЫМШАЛАР

1-қосымша. Есеп туралы

2-қосымша. 2023 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ жасаған, «ҚазТрансОйл» АҚ-ның жасалуына мүдделілігі бар мәмілелер тізбесі

3-қосымша. GRI индексі

4-қосымша. БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттары және орнықты даму мақсаттары бойынша индекс

5-қосымша. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл

6-қосымша. Аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілік

7-қосымша. Орнықты даму саласындағы сандық көрсеткіштер

8-қосымша. Қысқартулар тізімі

## АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

Мың теңгемен	Ескертпе	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін	
		2023 жылғы	2022 жылғы
<b>Операциялық қызметтен түскен ақша ағындары</b>			
<b>Салық салынғанға дейінгі пайда</b>		<b>39.889.215</b>	<b>24.926.112</b>
<b>Салық салынғанға дейінгі таза ақша ағындарымен салыстыруға арналған түзетулер</b>			
Тозу және амортизация	29, 30	72.796.495	54.873.727
Бірлескен бақылаудағы кәсіпорындардың пайдасындағы үлесі	9	(16.873.439)	(15.973.820)
Қаржы кірістер	33	(10.262.467)	(4.028.576)
Қаржыландыру шығындары	34	7.010.615	4.778.915
Негізгі құралдардың құнсыздануы, нетто	6	4.730.780	12.911.982
Болашақ кезеңдегі кірістердің амортизациясы	22, 31	(3.095.896)	(2.441.250)
Активтерді пайдаланудан шығару және жерді қайта өңдеу бойынша міндеттемелерді бағалауды қалпына келтіру және қайта қарау, нетто	31	(987.121)	(853.813)
Еңбек қызметі аяқталуына байланысты қызметкерлерге сыйақылар, ағымдағы кезеңдегі қызметтер құны	29, 30	707.377	725.176
Қорлардың құнын өткізудің таза құнына дейін есептен шығару	32	661.271	394.769
Бағамдық айырмадан болған кіріс, нетто		(642.755)	(1.944.638)
Күтілетін несиелік шығындар бойынша резервті есептеу, нетто	30	374.603	308.922
Өтеуге жататын ҚҚС-ты есептен шығару бойынша шығыстар	30	228.373	132.234
Ақтуарлық залалдар	32	96.799	4.163
Негізгі құралдардың шығуынан болған залал, нетто	32	74.950	313.510
Қысқа мерзімді резервтерді есептеу/(қалпына келтіру), нетто	30	51.096	(7.836)
Өзге де		(73.690)	60.677
<b>Айналым капиталының өзгерісіне дейінгі операциялық қызметтен түскен ақша ағындары</b>		<b>94.686.206</b>	<b>74.180.254</b>

### Операциялық активтердегі (ұлғаю)/азаю

Қорлар	(210.905)	156.418
Сауда және өзге де дебиторлық берешек	(74.167)	(1.470.580)
Жеткізушілерге берілген алғытөлемдер	4.025.477	(1.360.094)
Өтеуге жататын ҚҚС және өзге де салықтар бойынша алғытөлемдер	(14.603.823)	(1.326.542)
Өзге де қысқа мерзімді активтер	243.639	85.834

### Операциялық міндеттемелердегі ұлғаю/(азаю)

Сауда және өзге де кредиторлық берешек	4.274.883	(1.226.263)
Сатып алушылармен шарттар бойынша міндеттемелер	1.798.157	7.656.256
Төлемге өзге де салықтар	(16.042)	4.149.327
Өзге де ағымдағы және ұзақ мерзімді міндеттемелер және қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер	834.829	282.972
<b>Операциялық қызметтен түскен ақша ағындары</b>	<b>90.958.254</b>	<b>81.127.582</b>

Төленген табыс салығы	(11.878.967)	(10.732.060)
Алынған пайыздар	8.759.722	3.117.385
<b>Операциялық қызметтен түскен таза ақша ағындары</b>	<b>87.839.009</b>	<b>73.512.907</b>

## АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (ЖАЛҒАСЫ)

Мың теңгемен	Ескертпе	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін	
		2023 жылғы	2022 жылғы
<b>Инвестициялық қызметтегі ақша ағындары</b>			
Негізгі құралдарды мен материалдық емес активтерді сатып алу		(143.350.254)	(64.234.328)
Ұлттық Банкінің Ноталарын сатып алу		(124.071.785)	-
Ұлттық Банкінің Ноталарын өтеуден түсетін түсімдер		102.535.718	-
Бірлескен бақылаудағы кәсіпорындарынан түскен дивидендтер	9	3.960.351	7.636.855
Негізгі құралдарды және сатуға арналған ұзақ мерзімді активтерді сатудан түсімдер		570.961	54.179
Банк салымдарын алу		222.975	9.212.398
Облигацияларды қайта сатып алудан түскен түсімдер		104.147	42.452
<b>Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары</b>		<b>(160.027.887)</b>	<b>(47.288.444)</b>
<b>Қаржылық қызметтегі ақша ағындары</b>			
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша түсімдер	20	70.000.000	-
Төленген дивидендтер	18	(15.000.496)	(10.000.331)
Алынған қарыздар бойынша түсімдер	19	11.800.000	29.592.745
Жалдау міндеттемелері бойынша төлемдер	24	(2.381.354)	(2.048.030)
Өзге де төлемдер	19	-	(533.127)
<b>Қаржы қызметтен түскен таза ақша ағындары</b>		<b>64.418.150</b>	<b>17.011.257</b>
<b>Ақша қаражаттарындағы және олардың баламаларындағы таза өзгерістер</b>		<b>(7.770.728)</b>	<b>43.235.720</b>
<b>Төленген табыс салығы</b>			
Таза бағамдық айырма		(720.246)	1.424.711
Күтілетін несиелік шығындар бойынша резервтің өзгерістері		6.048	(1.865)
Жылдың басына ақша қаражаттары және олардың баламалары		85.157.538	40.498.972
<b>Жылдың аяғына ақша қаражаттары және олардың баламалары</b>	<b>17</b>	<b>76.672.612</b>	<b>85.157.538</b>

2024 жылғы 1 наурызда қол қойылды және шығаруға рұқсат етілді.

Бас директор (Басқарма төрағасы)



Т.Н. Құрманбаев



А.С.Ахмедина

Бас бухгалтер



Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Баскарма төрағасының) үндеуі

2023 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

2023 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

## 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

## 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

## 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

## 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІН НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

## 6. ҚОСЫМШАЛАР

1-қосымша. Есеп туралы

2-қосымша. 2023 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ жасаған, «ҚазТрансОйл» АҚ-ның жасалуына мүдделілігі бар мәмілелер тізбесі

3-қосымша. GRI индексі

4-қосымша. БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттары және орнықты даму мақсаттары бойынша индекс

5-қосымша. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл

6-қосымша. Аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілік

7-қосымша. Орнықты даму саласындағы сандық көрсеткіштер

8-қосымша. Қысқартулар тізімі

### МЕНШІКТІ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

Мың теңгемен	Жарғылық капитал	Акционерлерден қайта сатып алынған меншікті акциялар	Активтерді қайта бағалау бойынша резерв	Есептік валютасын қайта есептеу бойынша резерв	Капиталдың өзге де резервтері	Үлестірілмеген пайда	Жиыны
<b>2021 жылғы 31 желтоқсанға</b>	61.937.567	(9.549)	285.685.165	40.632.765	(4.310.257)	353.172.325	737.108.016
Есепті жылдағы таза пайда	-	-	-	-	-	19.801.693	19.801.693
Өзге де жиынтық кіріс	-	-	155.102.556	6.319.279	4.122.112	-	165.543.947
<b>Жылдағы жиынтық кіріс жиыны</b>	-	-	<b>155.102.556</b>	<b>6.319.279</b>	<b>4.122.112</b>	<b>19.801.693</b>	<b>185.345.640</b>
Негізгі құралдарды қайта бағалау бойынша резервінің амортизациясы	-	-	(17.570.559)	-	-	17.570.559	-
Дивидендтер (18-ескертпе)	-	-	-	-	-	(10.000.331)	(10.000.331)
<b>2022 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>61.937.567</b>	<b>(9.549)</b>	<b>423.217.162</b>	<b>46.952.044</b>	<b>(188.145)</b>	<b>380.544.246</b>	<b>912.453.325</b>
Есепті жылдағы таза пайда	-	-	-	-	-	32.845.337	32.845.337
Өзге де жиынтық залал	-	-	(4.850.854)	(833.791)	1.432.855	-	(4.251.790)
<b>Жылдағы жиынтық кіріс жиыны</b>	-	-	<b>(4.850.854)</b>	<b>(833.791)</b>	<b>1.432.855</b>	<b>32.845.337</b>	<b>28.593.547</b>
Негізгі құралдарды қайта бағалау бойынша резервінің амортизациясы	-	-	(37.726.637)	-	-	37.726.637	-
Дивидендтер (18-ескертпе)	-	-	-	-	-	(15.000.496)	(15.000.496)
Акционермен басқа операциялар (18-ескертпе)	-	-	-	-	-	30.823.948	30.823.948
<b>2023 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>61.937.567</b>	<b>(9.549)</b>	<b>380.639.671</b>	<b>46.118.253</b>	<b>1.244.710</b>	<b>466.939.672</b>	<b>956.870.324</b>

2024 жылғы 1 наурызда қол қойылды және шығаруға рұқсат етілді.

Бас директор (Баскарма төрағасы)

Т.Н. Құрманбаев

Бас бухгалтер

А.С. Ахмедина



# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

## 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

### 1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«Мұнай және Газ Көлігі» ұлттық компаниясы» ЖАҚ (бұдан әрі – МГК) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 2 мамырдағы қаулысына сәйкес құрылды. Осы қаулының негізінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті «ҚазТрансОйл» ҰМТК» ЖАҚ акцияларына меншік құқығын МГК-ға берді, осының нәтижесінде «ҚазТрансОйл» ҰМТК» ЖАҚ «ҚазТрансОйл» ЖАҚ болып қайта тіркелді және қайта аталды.

Бірігу арқылы қайта құрылған «Қазақойл» ұлттық мұнай-газ компаниясы» және «Мұнай және Газ Көлігі» ұлттық компаниясы» жабық акционерлік қоғамдары негізінде Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 ақпандағы Жарлығымен «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» жабық акционерлік қоғамы құрылды, ол «ҚазТрансОйл» ЖАҚ-тың жалғыз акционері болды.

2004 жылғы 31 мамырда Қазақстан заңнамасының талаптарына сай «ҚазТрансОйл» ЖАҚ «ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі – Компания) болып қайта тіркелді.

2023 жылдың 31 желтоқсанына Компания акцияларының 10%-ы «Халықтық IPO» бағдарламасы аясында сатып алған миноритарлық акционерлерге тиесілі. Компанияға қатысудың бақылау үлесі (90%) тиесілі компанияның ірі акционері «ҚазМұнайГаз «Ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі – ҚМГ немесе бас Компания) болып табылады. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚМГ акцияларының 67,42%-ы «Самұрық – Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – Самұрық-Қазына) тиесілі, ҚМГ акцияларының 20%-ы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне тиесілі, акцияларының 9,58%-ы «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» республикалық мемлекеттік мекемесіне тиесілі және акцияларының 3%-ы Астана қор биржасында (АИХ) және Қазақстан қор биржасында (KASE) (бұдан әрі – ҚҚБ) еркін айналымда орналасқан. Қазақстан Республикасының Үкіметі Самұрық-Қазынаның жалғыз акционері болып табылады.

2023 және 2022 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның келесі ұйымдарда қатысу үлесі болды:

	Тіркелген жері	Негізгі қызметі	Қатысу үлесі	
			2023 жылғы 31 желтоқсан	2022 жылғы 31 желтоқсан
«МұнайТас» СБҚК» ЖШС (бұдан әрі – МұнайТас)	Қазақстан	Мұнай тасымалдау	51%	51%
«Қазақстан – Қытай Құбыры» ЖШС (бұдан әрі – ҚҚК)	Қазақстан	Мұнай тасымалдау	50%	50%
«Батуми Мұнай Терминалы» ЖШС (бұдан әрі – БМТ)*	Грузия	Мұнайды және мұнай өнімдерін экспедициялау, ауыстырып құю және сақтау, теңіз кемежайын пайдалану	100%	100%
«Petrotrans Limited» (бұдан әрі – PTL)	Біріккен Араб Әмірліктері	Мұнайды және мұнай өнімдерін экспедициялау	100%	100%
«Магистральдық Суағызғысы» ЖШС (бұдан әрі – Магистральдық Суағызғысы)	Қазақстан	Су тасымалдау	100%	100%

\* БМТ «Батуми Теңіз Кемежайы» ЖШС-ның (бұдан әрі – БТК) 100% үлесін басқаруға айрықша құқыққа ие.

Компания және оның еншілес ұйымдары бұдан әрі мәтін бойынша Топ ретінде қаралады.

Компанияның бас кеңесі Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Тұран даңғылы, 20 мекенжайы бойынша орналасқан.

Компанияның Қазақстан Республикасының Маңғыстау, Атырау, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Қарағанды, Ұлытау, Павлодар, Түркістан, Солтүстік Қазақстан облыстары мен Шымкент қаласында орналасқан өндірістік нысандары, Астана қаласында (Зерттеулер және әзірлемелер орталығы және Мұнайды тасымалдауды басқару орталығы) орналасқан филиалдары және Ресей Федерациясында (Мәскеу, Омбы және Самара) өкілдік кеңселері бар.

Компания Қазақстан Республикасының магистральдық мұнай құбыры бойынша ұлттық операторы болып табылады. Топтың ұзындығы 5,338 км магистральдық мұнай құбырлары және ұзындығы 2,308 км суағызғылар желілері бар. Компания магистральдық мұнай құбырлары бойынша мұнай тасымалдау, қазақстандық мұнайды басқа мемлекеттердің құбырлары бойынша келік экспедициясы қызметтерін, өзге ұйымдардың, соның ішінде Топтың бірлескен бақылаудағы кәсіпорындарының магистральдық мұнай құбырларын пайдалану және техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметтерді көрсетеді. Топтың МұнайТас және ҚҚК бірлескен бақылаудағы кәсіпорындары негізінде Қазақстан мұнайын, сондай – ақ ресей мұнайын Қытайға транзитпен тасымалдау үшін пайдаланылатын Кеңқияқ – Атырау, Кеңқияқ – Құмкөл және Атасу – Алашақай құбырларына иелік етеді.

Компания табиғи монополист болып табылады және тиісінше Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитетінің (бұдан әрі – ТМПК) реттеу нысаны болады. ТМПК тариф есеп-қисабының әдіснамасын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ішінде мұнай тасымалдау тарифтік ставкаларын бекіту үшін жауапты.





Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2023 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

2023 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

### 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

### 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

### 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

### 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

## 6. ҚОСЫМШАЛАР

1-қосымша. Есеп туралы

2-қосымша. 2023 жылғы «ҚазТрансОйл» АҚ жасаған, «ҚазТрансОйл» АҚ-ның жасалуына мүдделілігі бар мәмілелер тізбесі

3-қосымша. GRI индексі

4-қосымша. БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттары және орнықты даму мақсаттары бойынша индекс

5-қосымша. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл

6-қосымша. Аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілік

7-қосымша. Орнықты даму саласындағы сандық көрсеткіштер

8-қосымша. Қысқартулар тізімі

## 1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ (ЖАЛҒАСЫ)

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеу мақсатында магистральдық құбырлармен мұнай тасымалдау қызметі және Қазақстан Республикасы төңірегінен шет аймаққа экспорттау табиғи монополиялық реттеу саласына кірмейді.

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап 30 маусымға дейін ішкі нарыққа мұнай айдау жөніндегі бекітілген тариф 1.000 километрге тонна үшін ҚҚС-сыз 4.355,57 теңге құрайды. 2023 жылғы 1 шілдеден бастап көрсетілген қызметке 1.000 километрге тонна үшін ҚҚС-сыз 4.849,39 теңге мөлшерінде (2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 тамызға дейін: 1.000 километрге тонна үшін ҚҚС-сыз 3.728,82 теңге; 2022 жылғы 1 қыркүйектен бастап 30 қарашаға дейін: 1.000 километрге тонна үшін ҚҚС-сыз 4.328,04 теңге; 2022 жылғы 1 желтоқсанынан бастап 31 желтоқсанға дейін: 1.000 километрге тонна үшін ҚҚС-сыз 4.355,57 теңге) тариф қолданысқа енгізілді.

2020 жылғы 1 наурыздан бастап 2022 жылғы 31 мамырға дейін қолданылатын Қазақстан Республикасынан тыс жерге экспортқа мұнай айдау тарифі 1.000 километрге тонна үшін ҚҚС-сыз 7.358,76 теңгені құрады, 2022 жылғы 1 маусымнан бастап 2023 жылғы 30 маусымға дейін — 1.000 километрге тонна үшін ҚҚС-сыз 8.830,51 теңге. 2023 жылғы 1 шілдеден бастап аталған қызметке 1.000 километрге тонна үшін ҚҚС-сыз 10.150,00 теңге мөлшерінде жаңа тариф қолданысқа енгізілді.

2018 жылғы 1 сәуірден бастап «Тұймазы – Омбы – Новосібір-2» қазақстандық магистральдық мұнай құбырының учаскесі арқылы транзит мақсатында мұнайды айдау тарифі 1.000 километрге тонна үшін 4.292,4 теңгені құрады. 2023 жылғы 27 маусымнан бастап аталған қызметке 1.000 километрге тонна үшін 11,28 АҚШ доллары мөлшерінде тариф қолданысқа енгізілді.

2019 жылғы 1 қаңтардан бастап ресей мұнайын Қазақстан Республикасы аумағы арқылы Қытай Халық Республикасына Ресей Федерациясының шекарасы – Қазақстан Республикасының шекарасы (Прииртышск) – Атасу (Қазақстан Республикасы) – Алашаңқай (Қытай Халық Республикасы) бағыты бойынша тасымалдау тарифі 1 тоннаға 4,23 АҚШ долларын құрайды (Прииртышск – Атасу учаскесінде).

Негізінде, тарифтер іске қосылған активтерге капитал құнын қайтаруға негізделеді. Қазақстан Республикасының табиғи монополиялардың қызметін реттеу туралы заңнамасына сәйкес тарифтер қызметтерді көрсету үшін қажетті шығындардың құнынан төмен бола алмайды және табиғи монополия субъектісінің тиімді қызмет етуін қамтамасыз ететін пайда алу мүмкіндігін есепке алу керек.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті Компанияның Директорлар Кеңесінің ішкі аудит Комитеті басып шығаруды мақұлдады және бас директор (Басқарма төрағасы) мен бас бухгалтер 2024 жылдың 1 наурызында қол қойды.

## 2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

Топтың осы шоғырландырылған қаржылық есептілігі Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына (бұдан әрі – ҚЕХС) сәйкес Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары кеңесі (бұдан әрі – ҚЕХС жөніндегі кеңес) бекіткен редакцияда дайындалған.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік қайта бағаланған құны бойынша есептелетін негізгі құралдарды және есеп саясатында және осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ескертпелерінде көрсетілген басқа баптарды қоспағанда бастапқы құны бойынша бағалау қағидатына сәйкес дайындалған.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік теңгемен берілген, ал барлық сома арнайы көрсетілген жағдайларды қоспағанда, тұтас мыңдыққа дейін дөңгелектеп алынған.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікте алдыңғы кезең үшін салыстырмалы ақпарат берілген.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде Топ басшылығы бірқатар белгісіздіктердің болуын, соның ішінде Украинадағы соғысқа байланысты әлемдегі ағымдағы экономикалық және геосаяси жағдайды назарға алды (38-ескертпе). Шоғырландырылған қаржылық есептілік қызметтің үздіксіздігі қағидатына сәйкес дайындалды.

## 3. ШОҒЫРЛАНДЫРУ НЕГІЗІ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік Компанияның және оның еншілес кәсіпорындарының 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық есептілігін қамтиды. Бақылау Топтың инвестиция объектісіне қатысудан түсетін кірістің өзгерісіне байланысты тәуекелге ұшыраған немесе осындай кірістерді алуға құқығы, сондай-ақ инвестиция объектісіне қатысты өз өкілеттіктерін жүзеге асыру арқылы кіріске ықпал етуге мүмкіндігі болған жағдайда жүзеге асырылады.

Атап айтқанда, Топ инвестиция объектісін мына шарттар орындалған жағдайда ғана бақылайды:

- Топтың инвестиция объектісіне қатысты өкілеттігі болғанда (яғни инвестиция объектісінің маңызды қызметін басқарудың ағымдағы мүмкіндігін қамтамасыз ететін құқығы болған);
- Топта инвестиция объектісіне қатысудан түсетін кірістің өзгеруіне байланысты шығынға ұшырағанда немесе осындай кірісті алуға құқығы болғанда;
- Топта инвестиция объектісіне қатысты өз өкілеттіктерін жүзеге асыру көмегімен кіріске ықпал етуге мүмкіндігі болғанда.

Топта инвестиция объектісіне қатысты басым дауыс құқығынан кем немесе ұқсас құқық болған жағдайда, Топ осы инвестиция объектісіне қатысты

өкілеттіктің болуын бағалау кезінде барлық ақылға қонымды фактілерді және жағдаяттарды ескереді:

- Инвестиция объектісінде өзге де дауыс беру құқығын ұстаушылармен келісім;
- Басқа келісімдермен негізделген құқықтар;
- Топқа тиесілі дауыс құқығы және ықтимал дауыс құқығы.

Егер фактілер мен жағдаяттар бақылаудың үш құраушысының біреуінің немесе бірнешеуінің өзгергенін білдірсе, Топ инвестиция объектісіне қатысты бақылаудың болуын қайта талдайды. Еншілес мекемені шоғырландыру Топ еншілес Топты бақылауды алған кезден басталады және Топ еншілес мекемені бақылауды жоғалтқан кезде доғарылады.

Еншілес мекемені шоғырландыру Топ еншілес Топты бақылауды алған кезден басталады және Топ еншілес мекемені бақылауды жоғалтқан кезде доғарылады.

Пайда немесе залал және өзге де жиынтық табыстың әр құраушысы, егер бұл бақыланбайтын қатысу үлестерінің теріс сальдосына әкелген жағдайдың өзінде де Топтың бас компаниясының меншігі және бақыланбайтын қатысу үлесі болып табылады. Қажет болған жағдайда еншілес компаниялардың қаржы есептілігі Топтың есеп саясатымен сәйкестікке келтіру үшін осындай компаниялардың есеп саясаты түзетіледі.

Бақылауды жоғалтпағанда еншілес кәсіпорындағы қатысу үлесінің өзгерісі капиталмен операция ретінде ескеріледі. Егер Топ еншілес кәсіпорынға бақылауды жоғалтса, ол тиісті активтер мен міндеттемелерді (оның ішінде гудвилді), бақыланбайтын қатысу үлестерін және капиталдың өзге де құралымдарын тануды тоқтатады және туындаған пайданы немесе залалды пайда мен залал құрамында таниды. Қалған инвестицияларды әділ құны бойынша танылады.

## 4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

### 4.1 БІРЛЕСКЕН ҚЫЗМЕТКЕ ҚАТЫСУ

Топтың бірлескен бақылаудағы кәсіпорындар нысанында бірлескен қызметке қатысу үлесі бар.

Топтың бірлескен бақылаудағы кәсіпорындарға инвестициялары үлестік қатысу әдісі бойынша ескеріледі. Үлестік қатысу әдісіне сәйкес бірлескен бақылаудағы кәсіпорындарға инвестициялар бастапқы құны бойынша танылады. Инвестициялардың теңгерімдік құны бірлескен бақылаудағы кәсіпорындардың таза активтеріндегі сатып алу күнінен кейін туындайтын өзгерістердегі үлесті тану салдарынан артылады немесе кемітіледі.

Бірлескен бақылаудағы кәсіпорындарға қатысты гудвил инвестициялардың теңгерімдік құнына кіреді және амортизацияланбайды, сондай-ақ құнсыздану мәніне жеке тексеруге ұшырамайды.

Шоғырландырылған жиынтық кіріс туралы есеп Топтың бірлескен бақылаудағы кәсіпорын қызметінің қаржылық нәтижелеріндегі үлесін көрсетеді. Осындай объектілердің өзге де жиынтық табысындағы өзгерістер Топтың өзге де жиынтық табысының құрамында ұсынылады. Сонымен бірге, егер бірлескен кәсіпорынның меншік капиталында тікелей танылған өзгерістер орын алса, Топ осындай өзгерістердегі өз үлесін мойындайды және бұл меншік капиталдың өзгерістері туралы есепте қолданылатын болса, осы фактіні ашады. Топтың бірлескен кәсіпорындармен операциялары бойынша туындайтын іске асырылмаған пайда мен залалдар Топтың бірлескен бақылаудағы кәсіпорынға қатысу үлесі болатын дәрежеде алынып тасталады.

### 4.2 ШЕТЕЛ ВАЛЮТАСЫН ҚАЙТА ЕСЕПТЕУ

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі теңгемен берілген. Топтың әр компаниясы өзінің қызмет ететін валютасын анықтайды және әр компанияның қаржылық есептілігіне кіргізілген баптар осы қызмет ететін валютада бағаланады. Компанияның, «Магистральдық Суағызғысы» ЖШС-ның және бірлескен бақылаудағы кәсіпорындардың МұнайТас пен ҚҚҚ атқарымдық валютасы теңге болып табылады. PTL және БМТ-ның атқарымдық валютасы АҚШ доллары болып табылады, БТК-ның атқарымдық валютасы грузин лариі.

### Операциялар мен қалдықтар

Топ компаниялары шетел валютасындағы операцияларды бастапқыда өздерінің қызмет ететін валютасында операция тану көрсеткіштеріне қанағаттандыратын күнге қолданылатын валюта бағамы бойынша есептейді.

Шетел валютасында бейнеленген монетарлық активтер мен міндеттемелер есепті күнге қолданыстағы қызмет ететін валюта спот-бағамымен қайта есептеледі.

Монетарлық баптарды өтеу және қайта есептеу кезінде туындайтын барлық бағамдық айырма шоғырландырылған жиынтық кіріс туралы есепке кіргізіледі.

Тарихи құн негізінде шетел валютасында бағаланатын монетарлық емес баптар бастапқы мәмілелер жасау күніне қолданыстағы бағам бойынша қайта есептеледі. Әділ құн негізінде шетел валютасында бағаланатын монетарлық емес баптар әділ құнды айқындау күніне қолданыстағы бағам бойынша қайта есептеледі. Монетарлық емес баптарды қайта есептеу кезінде туындайтын пайда мен залал баптың әділ құны (яғни баптар бойынша бағамдық айырмалар, өзге де жиынтық кіріс немесе пайда не залал құрамында танылған әділ құнның өзгерісінен болған пайдалар немесе залалдар да тиісінше өзге де жиынтық кіріс немесе пайда не залал құрамында танылады) өзгерісі нәтижесінде болған пайданы немесе залалды тану қағидаттарына сәйкес есептеледі.



Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2023 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

2023 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

## 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

## 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

## 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

## 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

## 6. ҚОСЫМШАЛАР

1-қосымша. Есеп туралы

2-қосымша. 2023 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ жасаған, «ҚазТрансОйл» АҚ-ның жасалуына мүдделілігі бар мәмілелер тізбесі

3-қосымша. GRI индексі

4-қосымша. БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттары және орнықты даму мақсаттары бойынша индекс

5-қосымша. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл

6-қосымша. Аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілік

7-қосымша. Орнықты даму саласындағы сандық көрсеткіштер

8-қосымша. Қысқартулар тізімі

## 4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

### 4.2 ШЕТЕЛ ВАЛЮТАСЫН ҚАЙТА ЕСЕПТЕУ (ЖАЛҒАСЫ)

#### Топ компаниялары

Шоғырландыру кезінде шетелдік бөлімшелердің активтері мен міндеттемелері есепті күніне қолданыстағы бағам бойынша теңгемен қайта есептеледі, осындай бөлімшелердің пайдасы мен залалдары орташа бағам бойынша қайта есептеледі. Осындай қайта есептеу кезінде пайда болатын бағамдық айырма өзге жиынтық кіріс құрамында танылады. Шетел бөлімшесі шыққан кезде осы шетел бөлімшесіне жататын өзге жиынтық кіріс құрамдастары пайда немесе залал құрамында танылады.

Шетелдік бөлімшені сатып алған ретте пайда болатын гудвил және активтер мен міндеттемелердің теңгерімдік құны олардың әділ құнына дейін шетелдік бөлімшенің активтері мен міндеттемелері ретінде ескеріледі және есепті күнге қолданыстағы валюта бағамы бойынша қайта есептеледі.

#### Валюта айырбастау бағамдары

ҚҚБ белгіленген орташа өлшенген айырбас бағамдары Қазақстан Республикасындағы ресми айырбас бағамдары ретінде пайдаланылады.

2023 және 2022 жылдардағы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін орташа өлшенген айырбас бағамдары келесіні құрады:

Теңге	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін	
	2023 жылғы	2022 жылғы
АҚШ доллары	456,21	460,93
Ресей рублі	5,41	6,92
Еуро	493,22	485,29
Грузин лариі	175,78	160,65

31 желтоқсанға ҚҚБ белгілеген валюта айырбастау бағамдары келесіні құрады:

Теңге	2023 жылғы	2022 жылғы
АҚШ доллары	454,56	462,65
Ресей рублі	5,06	6,43
Еуро	502,24	492,86
Грузин лариі	170,69	173,28

### 4.3 АКТИВТЕР МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ АЙНАЛЫМДЫ/ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЖӘНЕ АЙНАЛЫМНАН ТЫС/ҰЗАҚ МЕРЗІМДІГЕ ЖІКТЕУ

Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте Топ активтер мен міндеттемелерді айналымды/қысқа мерзімді және айналымнан тыс/ұзақ мерзімді жіктеу негізінде көрсетеді. Актив айналымды болып табылады, егер:

- Оны іске асыру болжанса немесе ол сатуға немесе қарапайым операциялық кезең аясында тұтынуға арналса;
- Ол негізінен сату мақсатына арналса;
- Оны есепті кезең аяқталғаннан кейін он екі ай ішінде іске асыру болжанса; немесе
- Есепті кезең аяқталғаннан кейін кемінде он екі ай ішінде міндеттемелерді өтеу үшін, оны айырбастауға немесе пайдалануға қатысты шектеулерді қоспағанда, ақша қаражаттарын немесе олардың баламаларын білдірсе.

Барлық өзге ұзақ мерзімді активтер ретінде жіктеледі.

Міндеттеме қысқа мерзімді болып табылады, егер:

- Оны қалыпты операциялық кезең аясында өтеу болжанса;
- Ол негізінен сауда мақсатында ұсталса;
- Ол есепті кезең аяқталғаннан кейін он екі ай ішінде өтеуге жатса; немесе
- Топта есепті кезең аяқталғаннан кейін кемінде он екі ай ішінде міндеттемелерді өтеу мерзімін ұзарту сөзсіз құқығы болмаса.

Топ өзге барлық міндеттемелерді ұзақ мерзімді ретінде жіктейді.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері айналымнан тыс/ұзақ мерзімді активтер мен міндеттемелер ретінде жіктеледі.

### 4.4 ӘДІЛ ҚҰНДЫ БАҒАЛАУ

Әділ құн бағалау күніне нарық қатысушылары арасында қалыпты тәртіпте жасалатын мәміле аясында активтерді сату үшін алынатын немесе міндеттемелерді беру үшін төленетін баға болып табылады. Әділ құн бағасы активтерді сату немесе міндеттемелерді беру жөніндегі мәміле келесі түрде болып өтуін болжайды:

- Не осы актив немесе міндеттеме үшін негізгі нарықта;
- Не негізгі нарық болмаған жағдайда осы актив немесе міндеттеме үшін неғұрлым қолайлы нарықта.

Топ негізгі немесе неғұрлым қолайлы нарыққа қол жеткізуі тиіс. Активтің немесе міндеттеменің әділ құны жорамалдарды пайдалану арқылы бағаланады, оларды нарық қатысушылары активтің немесе міндеттеменің бағасын айқындау кезінде пайдалануы мүмкін, бұл орайда нарық қатысушылары өзінің озық мүдделерінде әрекет етеді.

Қаржылық емес актив әділ құнының бағасы не активті ең жақсы және неғұрлым тиімді түрде пайдалану жолымен немесе осы активті ең жақсы және неғұрлым тиімді түрде пайдаланатын нарықтың басқа қатысушысына сату нәтижесінде нарық қатысушысының экономикалық пайдасын еселеу мүмкіндігін ескереді. Топ бағалаудың пайда болған жағдаяттарында қолайлы және әділ құнын бағалау үшін жеткілікті деректерге қол жетімді бағалау әдістемелерін пайдаланады, бұл орайда бақыланатын орынды бастапқы деректерді мейлінше көп және бақыланбайтын бастапқы деректерді мейлінше аз пайдаланады.

Әділ құны шоғырландырылған қаржылық есептілікте бағаланатын немесе шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілетін барлық активтер мен міндеттемелер тұтас алғанда әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректер негізінде әділ құн көздерінің төменде сипатталған сатылары аясында жіктеледі:

- 1-деңгей – барабар активтер немесе міндеттемелер бойынша белсенді нарықтағы бағалардың нарықтық белгіленуі бойынша (қандай да бір түзетулерсіз);
- 2-деңгей – сатының ең төменгі деңгейіне жататын әділ құнын бағалау үшін маңызды бастапқы деректер нарықта тікелей немесе жанама бақыланатын болып табылатын баға үлгісі;
- 3-деңгей – сатының ең төменгі деңгейіне жататын әділ құнын бағалау үшін маңызды бастапқы деректер нарықта бақыланбайтын болып табылатын баға үлгісі.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікте кезеңдік негізде қайта бағаланатын активтер мен міндеттемелер жағдайында әр есепті кезеңнің аяғына жіктемені (тұтас алғанда әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректер негізінде) қайтадан талдай отырып Топ оларды саты көздері деңгейлері арасында ауыстыру қажеттілігін анықтайды.

Әр есепті кезеңге Топтың есеп саясатына сәйкес қайта талдау және қайта бағалау қажет болатын активтер мен міндеттемелер құнының өзгерістерін Топ талдау жүргізеді. Осындай талдау аясында Топ соңғы бағалау кезінде қолданылған негізгі бастапқы деректерді бағалау кезінде пайдаланылатын ақпаратты шарттармен және өзге де орынды құжаттармен салыстыру жолымен тексереді. Топ және сыртқы бағалаушылар әр актив пен міндеттеменің әділ құнының өзгерісін өзгерістің негізділігін айқындау мақсатында тиісті сыртқы дереккөздермен салыстырады.

Әділ құн туралы ақпаратты ашу мақсатында Топ активтер мен міндеттемелерді олардың сипаты, оларға тән сипаттама мен тәуекелдер, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген әділ құн көздері сатысының қолданылатын деңгейі негізінде жіктейді.

Негізгі құралдардың әділ құнын талдау және оны анықтау әдістері туралы қосымша ақпарат 5-ескертпеде келтірілген.

### 4.5 НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР

Негізгі құралдар бастапқыда өзіндік құны бойынша есепке алынады. Кейінгі есепке алу жинақталған амортизацияны (жерден, технологиялық мұнайдан және аяқталмаған құрылыстан басқа) және қайта бағалау болған жағдайда, және танылған құнсыздандудан болатын залалдарды шегергендегі әділ құны бойынша жүргізіледі.

Топ кезеңімен өзінің негізгі құралдарының орнын толтыру құнын нарықтық құнына дейін қайта бағалау жүргізу үшін тәуелсіз сарапшыларды тартады. Негізгі құралдарды қайта бағалау есебін жүргізу саясатына сәйкес кемінде 3 жылда бір рет (әділ құнның өзгеруіне байланысты кезең бойында қайта бағаланатын технологиялық мұнайды қоспағанда) қайта бағаланған активтің әділ құны оның теңгерімдік құнынан елеулі айырмашылығы болмағанына сенімділікті қамтамасыз ету үшін жүзеге асырылады.



Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2023 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

2023 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

## 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

## 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

## 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

## 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІН НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

## 6. ҚОСЫМШАЛАР

1-қосымша. Есеп туралы

2-қосымша. 2023 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ жасаған, «ҚазТрансОйл» АҚ-ның жасалуына мүдделілігі бар мәмілелер тізбесі

3-қосымша. GRI индексі

4-қосымша. БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттары және орнықты даму мақсаттары бойынша индекс

5-қосымша. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл

6-қосымша. Аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілік

7-қосымша. Орнықты даму саласындағы сандық көрсеткіштер

8-қосымша. Қысқартулар тізімі

## 4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

### 4.5 НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР (ЖАЛҒАСЫ)

Қайта бағалаудан құнның өсуі өзге де жиынтық кіріс құрамында көрсетіледі және меншік капиталдың құрамына кіретін активтерді, оның осы активтің құнын қайта бағалау салдарынан болған және пайда немесе залал құрамында бұрын жасалған қайта бағалау салдарынан танылған мұндай активтерді қайта бағалаудан болған залалды қалпына келтіретін бөлікті қоспағанда, активтерді қайта бағалау резерві қорының артуына жатады. Қайта бағалаудан болатын залал оның бұрын активті қайта бағалау резерві қорының құрамында танылған осы актив бойынша оның қайта бағалауын тікелей кемітетін бөлігін қоспағанда пайда немесе залал құрамында танылады.

Активтің қайта бағаланған теңгерімдік құны негізінде есептелген амортизация мен активтің бастапқы құны негізінде есептелген амортизация арасындағы айырмашылық активтерді қайта бағалау резервінен жыл сайын бөлінбеген пайдаға ауыстырылады. Сонымен қатар қайта бағалау күніне жинақталған амортизация және құнсыздану активтің жалпы теңгерімдік құнын бір мезгілде азайта отырып алынып тасталады және одан кейін таза сома активтің қайта бағаланған құнына дейін жете бағаланады. Актив шығарылған кезде нақты шығарылатын активке жататын қайта бағалау резерві бөлінбейтін пайдаға көшіріледі.

Негізгі құралдардың құнына капиталдандыру белгісі орындалатын жабдықтар бөліктерін ауыстыру құны және ұзақ мерзімді құрылыс жобалары бойынша қарыз жөніндегі шығындар кіреді. Белгілі бір уақыт аралығында негізгі құралдардың маңызды құраушыларын ауыстыру қажет болған жағдайда, Топ осындай құраушыларды өздеріне сәйкес дербес пайдалы қолдану мерзімдері бар жеке активтер ретінде таниды. Солай сияқты басты техникалық тексеріс кезіндегі шығыстардың тану критерийлері болса, жабдықтарды ауыстыру ретінде негізгі құралдардың теңгерімдік құны бойынша танылады.

Жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге арналған өзге барлық шығын пайда немесе залал құрамында танылады.

Топ артық технологиялық мұнай анықтағанда, нәтижесінде алынған объект актив анықтамасын қанағаттандыратындылығын анықтайды, және егер солай болса, пайда болған активті негізгі құрал ретінде таниды. Бастапқы тану кезінде негізгі құрал нөлдік құн бойынша бағаланады және әрбір есепті күнге қайта бағаланады.

Актив пайдаланылғаннан кейін оны пайдаланудан шығару бойынша күтілетін шығындардың келтірілген бағасы келешек шығындарға резервті тану критерийлері орындалатын болса тиісті активтің бастапқы бағасына қосылады. Активтерді пайдаланудан шығару және жерлерді қайта өңдеу бойынша танылған резерв туралы толық ақпарат 5, 26-ескертпелерде көрсетілген.

Амортизация желілік әдіспен активтерді пайдалы қолданудың бағалау мерзімі ішінде келесі түрде есептеледі:

	Жылдар
Ғимараттар мен құрылыс	5-50
Машиналар мен жабдық	3-30
Құбырлар жүйесі	15-30
Өзге де көлік активтері	5-12
Өзге де	2-10

Топтың Есеп саясатына сәйкес технологиялық мұнай, аяқталмаған құрылыс және жер амортизацияланбайды.

Бұрын танылған негізгі құралдарды немесе олардың маңызды құрауыштарын тануды доғару олар шығарылған кезде немесе егер келешекте осы активті пайдаланудан немесе шығарудан экономикалық тиімділік алу күтілмеген жағдайда болады. Активті тануды тоқтату нәтижесінде туындайтын кіріс немесе шығыс (активтің шығуынан және теңгерімдік құнынан болатын таза түсімдер арасындағы айырмашылық ретінде есептелген) активті тану доғарылған есепті жыл үшін пайдаға және залалға кіргізіледі.

Таратылу құны, активтерді пайдалы қолдану мерзімі және негізгі құралдардың амортизациялау әдістері әрбір жылдық есепті кезеңнің аяғында талданады және қажетіне қарай келешекті негізде түзетіледі.

### 4.6 МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР

Жеке сатып алынған материалдық емес активтер бастапқы танылған кезде бастапқы құны бойынша бағаланады. Бизнесі біріктіру кезінде сатып алынған материалдық емес активтердің бастапқы құны сатып алу күніндегі әділ құны болып табылады. Бастапқы танудан кейін материалдық емес активтер жинақталған амортизацияны және құнсызданудан болған жинақталған залалды шегергенде (олар болған ретте) бастапқы құны бойынша есептеледі. Топ ішінде жүргізілген материалдық емес активтер өнім әзірлеуге арналған капиталдандырылған шығындарды қоспағанда, капиталдандырылмайды және тиісінше шығыс туындаған есепті кезең үшін пайда мен залал құрамында көрсетіледі.

Материалдық емес активтердің пайдалы қолдану мерзімі шектеулі.

Пайдалы қолдану шектеулі мерзімі бар материалдық емес активтер осы мерзім ішінде амортизацияланады және егер осы материалдық емес активтің құнсыздану белгілері болса, құнсыздану мәніне бағаланады. Амортизация активтер қызметінің бағаланған пайдалы мерзімі үшін тік желілік әдіс негізінде есептеледі. Материалдық емес активтер негізінен жеті-он жыл ішінде амортизацияланады. Пайдалы қолдану мерзімі шектеулі материалдық емес актив үшін амортизацияны есептеу кезеңі мен әдісі кем дегенде әр есепті кезеңнің аяғында қайта қаралады. Активке кіргізілген келешек экономикалық тиімділікті пайдалы қолданудың болжалды мерзімінің немесе тұтынудың болжалды құрылымының өзгерісі тиісінше амортизация кезеңіне немесе есептеу әдісін өзгертеді және есепке алу бағаларының өзгерісі ретінде ескеріледі. Пайдалы қолдану мерзімі шектеулі материалдық емес активтің амортизациясына арналған шығындар шоғырландырылған жиынтық кіріс туралы есепте материалдық емес активтер қызметіне сәйкес шығыстар санатында танылады.

Материалдық емес активтерді танудың тоқтатылуынан болатын кіріс немесе шығыс активтің шығуынан болатын таза түсім және активтің теңгерімдік құны арасындағы айырмашылық ретінде өлшенеді және осы активті тану тоқтатылған кездегі шоғырландырылған жиынтық кіріс туралы есепте танылады.

### 4.7 ҚАРЖЫ ЕМЕС АКТИВТЕРДІҢ ҚҰНСЫЗДАНУЫ

Әрбір есепті күнге Топ активтің мүмкін болатын құнсыздану белгілері болуын айқындайды. Егер осындай белгілер орын алса немесе егер активті құнсыздануға жыл сайынғы тексеру талап етілсе, Топ активтің өтеу құнына бағалау жүргізеді. Активтің немесе ақша ағынын туындатушы бөлімше (бұдан әрі – ААТБ) өтеу құны – мына шамалардың ең үлкені: сатуға арналған шығындарды шегергенде активтің (ААТБ) әділ құны және активті (ААТБ) пайдалану құндылығы.

Актив негізінен басқа активтер немесе активтер тобы тудыратын ағындарға тәуелсіз ақша қаражаты ағындарын тудырмайтын жағдайларды қоспағанда, өтеу құны жеке актив үшін айқындалады. Егер активтің немесе ААТБ-ның теңгерімдік құны оның өтеу құнынан артып кетсе, актив құнсызданған деп саналады және өтеу құнына дейін есептен шығарылады. Пайдалану құндылығын бағалау кезінде келешек ақша ағындары активке тән ақшаның және тәуекелдің уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын көрсететін салық салғанға дейінгі дисконттау мөлшерлемесі бойынша дисконтталады.

Сатуға арналған шығындарды шегергенде әділ құнын анықтау кезінде жуық арадағы нарықтық мәмілелер ескеріледі (егер ондайлар орын алса). Олар болмаған ретте бағалаудың тиісті үлгісі қолданылады. Бұл есептер бағалау коэффициенттерімен, акциялардың нарығында еркін айналыстағы бағаларды белгілеумен немесе әділ құнның өзге де қол жетімді көрсеткіштерімен расталады.

Топ құнсыздану сомасын Топтың жеке активтер жатқызылатын ААТБ үшін дайындалатын нақты жоспарлар және болжау есептерін ескере отырып айқындайды. Бұл жоспарлар мен болжау есептері әдетте бес жылға жасалады. Неғұрлым ұзақ кезеңдер үшін өсудің ұзақ мерзімді қарқыны есептеледі, ол бесінші жылдан кейінгі келешек болжауды ақша ағындарына қатысты қолданылады.

Жалғасып отырған қызметтің құнсыздануынан (қорлардың құнсыздануын қоса есептегенде) болатын залалдар қайта бағалау өзге де шоғырландырылған жиынтық кіріс құрамында танылған, гудвилді қоспағанда, бұрынғы қайта бағаланған негізгі құралдарды қоспағанда, құнсызданған актив қызметіне сәйкес шығыстар санаты құрамындағы шоғырландырылған жиынтық кіріс туралы есебінде танылады. Бұл жағдайда құнсызданудан болған залалдар да бұрын жүргізілген қайта бағалау сомасы шегінде өзге де жиынтық кіріс құрамында танылады.

Әрбір есепті күнге Топ бұрын активтің құнсыздануынан болған деп танылған залалдардың енді жоқ екендігінің немесе қысқарғандығының белгілері бар не жоқ екендігін анықтайды. Егер мұндай белгі бар болса, Топ активтің немесе ААТБ-ның өтелу құнын есептейді. Кейінгі құнсызданудан болған деп танылған залалдардан бері активтің өтеу құнын анықтау үшін қолданылған жорамалдар өзгерілген жағдайда ғана бұрын құнсызданудан болған деп танылған залалдар қалпына келтіріледі. Қалпына келтіру активтің теңгерімдік құны оның өтеу құнынан асып кетпеуімен, сондай-ақ амортизацияны шегеріп тастағанда теңгерімдік құнынан аспауымен шектелген, бұл актив егер алдыңғы жылдары құнсызданудан болған залал деп танылмаған жағдайда, теңгерімдік құны бойынша танылуы мүмкін. Құнды бұлайша қалпына келтіру актив қайта бағаланған құны бойынша есептелген жағдайларды қоспағанда, пайдалар мен залалдарда танылады. Соңғы жағдайда, құнды қалпына келтіру құнның қайта бағалаудан болған өсуі ретінде ескеріледі.

Қаржы емес активтердің құнсыздануы туралы ақпарат 5, 6-ескертпелерде ашылған.

### 4.8 ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ

#### Бастапқы тану және бағалау

Қаржылық активтер бастапқы тану кезінен кейін амортизацияланған құн бойынша, өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша және пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатындар ретінде жіктеледі.

Бастапқы тану кезінде қаржылық активтерді жіктеу қаржылық актив бойынша ақша ағыны шартымен кәделген сипаттамаға және осы активтерді басқару үшін Топ қолданатын бизнес-үлгіге байланысты болады. Қаржыландырудың елеулі компонентін қамтымайтын немесе Топ практикалық сипаттағы ықшамдауды қолданған сауда дебиторлық берешекті қоспағанда, Топ бастапқыда қаржылық активтерді пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланбайтын қаржылық активтер жағдайында мәміле бойынша шығындар сомасына ұлғайтылған әділ құн бойынша бағалайды. Қаржыландырудың елеулі компонентін қамтымайтын немесе Топ практикалық сипаттағы ықшамдауды қолданған сауда дебиторлық берешек «Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім» 15 ҚЕХС (IFRS) сәйкес айқындалған мәміле бағасы бойынша бағаланады.



Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2023 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

2023 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

## 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

## 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

## 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

## 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІН НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

## 6. ҚОСЫМШАЛАР

1-қосымша. Есеп туралы

2-қосымша. 2023 жылғы «ҚазТрансОйл» АҚ жасаған, «ҚазТрансОйл» АҚ-ның жасалуына мүдделілігі бар мәмілелер тізбесі

3-қосымша. GRI индексі

4-қосымша. БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттары және орнықты даму мақсаттары бойынша индекс

5-қосымша. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл

6-қосымша. Аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілік

7-қосымша. Орнықты даму саласындағы сандық көрсеткіштер

8-қосымша. Қысқартулар тізімі

## 4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

### 4.8 ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

#### Бастапқы тану және бағалау (жалғасы)

Қаржылық активтерді амортизацияланған құн бойынша немесе өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша жіктеу және бағалау үшін бұл активтің шарттық талаптары қарыздың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне «қарыздың негізгі сомасы және проценттер есебіне ерекше төлемдер» болып табылатын ақша ағынын алуды қарастыруы қажет. Мұндай бағалау SPPI-тест деп аталады және әр құрал деңгейінде жүзеге асырылады.

Топ қаржылық активтерді басқару үшін қолданатын бизнес-модель ақша ағындарын өндіру мақсатында Топ өзінің қаржылық активтерін басқаратын тәсілді сипаттайды. Бизнес-модель ақша ағыны шартпен көзделген ақша ағынын алу, қаржылық активтерді сату немесе екеуінің де салдары бола алатындығын айқындайды.

Заңнамамен немесе белгілі бір нарықта қабылданған қағидалармен («стандарттық жағдайлардағы» сауда) белгіленетін мерзімде активтерді жеткізуді талап ететін қаржылық активтерді сатып алу немесе сату бойынша барлық мәмілелер мәміле жасалған күнге, яғни Топ активті сатып алу немесе сату міндеттемесін өзіне алған күнге танылады.

Топтың қаржылық активтері ақша қаражаттарын, банк салымдарын, сауда және өзге де дебиторлық берешекті және облигацияларға инвестицияны, Ұлттық Банктің Ноталарды, кері репо мәмілелерді қамтиды.

#### Кейінгі бағалау

Кейінгі бағалау мақсатында қаржылық активтер төрт санатқа жіктеледі:

- Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер (борышқорлық құралдар);
- Жинақталған пайда мен залалды кейінгі қайта жіктеумен өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер (борышқорлық құралдар);
- Тану тоқтатылған кезде жинақталған пайда мен залалды кейінгі қайта жіктеусіз өзге жиынтық кіріс арқылы ұйымның қалауымен әділ құн бойынша бағаланатындар ретінде жіктелген қаржылық активтер (үлестік құралдар);
- Пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер.

#### Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер (борышқорлық құралдар)

Бұл санат Топ үшін ең орындысы болып табылады. Топ мынандай екі шарт орындалғанда қаржылық активтерді амортизацияланған құн бойынша бағалайды:

- Қаржылық активтер шартпен қарастырылған ақша ағынын алу мақсатында ұстап қалу болып табылатын бизнес-модель аясында ұсталынатын; және
- Қаржылық активтің шарттық талаптары бойынша борыштың негізгі сомасын және осы борыштың негізгі соманың өтелмеген бөлігіне пайыздар есебіне ерекше төлемдер болып табылатын ақша ағындарын көрсетілген күнде алуды көздегенде.

Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер кейін тиімді проценттік мөлшерлеме әдісін пайдаланумен бағаланады және оларға құнсыздануға қатысты талаптар қолданылады. Пайда немесе залал активті, оның модификациясын тану тоқтатылған немесе құнсызданған жағдайда пайда немесе залал құрамында танылады.

Топ амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер санатына сауда және өзге де дебиторлық берешекті және кредит мекемелеріндегі құралдарды (банк салымдары, ақша қаражаттары және олардың баламалары), Ұлттық Банктің Ноталарды, кері репо мәмілелерді жатқызады.

#### Тануды тоқтату

Қаржы активінің (немесе қолданылу ретіне қарай – қаржы активінің бөлігі немесе осындай қаржы активтері тобының бөлігі) тануы доғарылады (яғни Топтың қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есебінен шығарылады), егер:

- Активтен ақша ағынын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталса;
- Топ активтен ақша ағынын алуға өзінің құқығын берсе не алынатын ақша ағынын толық көлемде және «транзиттік» келісім бойынша айтарлықтай кідіртусіз үшінші тарапқа төлеуге өзіне міндеттеме алса; және не (а) Топ активтен болатын барлық тәуекел мен табысты берсе, не (б) Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен табысты бермесе және өзінде сақтамаса, бірақ осы активке бақылауды берсе.

Егер Топ активтен ақша ағынын алуға өзінің барлық құқығын берсе не транзиттік келісім жасаса, ол меншік құқығына байланысты тәуекелдер мен табысты сақтап қала алған-алмағанын және, егер сақтап қала алған болса, онда қандай көлемде екендігін бағалайды. Егер Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен табысты бермесе және өзінде сақтамаса, сондай-ақ активке бақылауды бермесе, берілген актив Топ берілген активке өзінің қатысуын жалғастыруы дәрежесінде әрі қарай танылады.

Бұл жағдайда Топ сонымен қатар тиісті міндеттемені таниды. Берілген актив пен тиісті міндеттеме Топ сақтаған құқық пен міндеттемені көрсететін негізде бағаланады. Берілген активке кепілдік нысанындағы жалғасқан қатысу активтің бастапқы теңгерімдік құны немесе Топтан талап етілуі мүмкін төлемнің ең жоғары сомасы өлшемдердің ең кішісі бойынша танылады.

## 4.9 ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІНІҢ ҚҰНСЫЗДАНУЫ

Қаржы активтерінің құнсыздануы туралы толық ақпаратты ашу келесі ескертпелерде берілген:

- Маңызды есепке алу пайымы, бағалау мәндері жорамалдар (5-ескертпе);
- Сауда және өзге де дебиторлық берешек (12-ескертпе);
- Банк салымдары (16-ескертпе);
- Ақша қаражаттары және олардың баламалары, кері репо мәмілері (17-ескертпе);
- Ұлттық Банктің Ноталары (15-ескертпе).

Топ пайда немесе залал арқылы әділ құнмен бағаланбаған барлық қарыздар мен басқа да борыштық қаржылық активтер бойынша күтілетін несиелік шығындардың (КНШ) бағалау резервін көрсетеді. КНШ келісімшарт бойынша ұйымға тиесілі күтілетін ақша ағыны мен Топпен алынатын барлық ақша ағындарының арасындағы айырма ретінде есептеледі. КНШ кредиттік рейтингісімен ұқсас құрал үшін бастапқы тиімді проценттік мөлшерлемеге тең келетін мөлшерлеме бойынша дисконтталады.

КНШ екі кезеңде танылады. Бастапқы тану кезінен несиелік тәуекелі едәуір ұлғаймаған қаржы құралдары үшін келесі 12 ай ішінде (12 айлық күтілетін несиелік шығындар) дефолт салдарынан пайда болуы күтілетін несиелік шығындарға қатысты шығындар үшін бағалық резерв жасалады. Бастапқы тану кезінен несиелік тәуекелі едәуір ұлғайған қаржы құралдары үшін дефолттың басталу мерзіміне қарамастан осы қаржы құралының қалған қолдану мерзімінің ішінде күтілетін несиелік шығындарға қатысты (барлық мерзімге күтілетін несиелік шығындар) залалдар үшін бағалық резерв жасалады.

Топ шарт бойынша сауда дебиторлық берешектер мен активтерге қатысты КНШ-ты есептеген кезде жеңіл тәсіл қолданады. Яғни, Топ несиелік тәуекелдің өзгеруін бақыламайды, оның орнына барлық мерзімге КНШ-ға тең сомада шығындар үшін әр есептік күнге бағалау резервін мойындайды. Топ несиелік шығындардың пайда болуындағы бұрыңғы тәжірибені ескеріп дайындалған, қарыз алушы үшін өзгеше факторларды және жалпы экономикалық жағдайларды ескере отыра түзетілген бағалау резервінің үлгісін қолданды.

Кредиттік мекемелердегі қаражаттарға (ақша қаражаттары және олардың баламалары, банк салымдары), кері репо мәмілелері және Ұлттық Банктің Ноталарға қатысты Топ 12 айлық кезең ішінде күтілетін несиелік шығындарды есептеді. 12 айлық күтілетін несиелік шығындар – есеп беру күнінен кейінгі 12 ай ішінде мүмкін болатын қаржы құралы бойынша дефолттарға байланысты туындайтын күтілетін несиелік шығындарды білдіретін бүкіл мерзімге күтілетін несиелік шығындардың бір бөлігі болып табылады. Алайда, бастапқы танудан кейін қаржы құралының несиелік тәуекелінің едәуір ұлғаюы жағдайында, бағаланған залал резерві барлық мерзім ішінде күтілетін несиелік шығындарға тең сомада бағаланады.

Топ, келісімшарт бойынша төлемдер 30 күннен астам уақытқа созылған жағдайда, несиелік тәуекелдің елеулі ұлғаюы орын алған деп есептейді. Келісімшарт бойынша төлемдер 90 күнге дейін мерзімі өткен жағдайда, қаржы активі бойынша дефолт бар деп есептеледі. Сонымен қатар, белгілі бір жағдайларда, Топ, егер ішкі немесе сыртқы ақпарат, Топтың қарызды көтеру тетіктерін ескерместен Топ келісімшартта көзделген қалған төлемдердің толық көлемін алуы екіталай деп болжайтын болса, қаржы активі үшін дефолт болды деп қорытынды жасауға болады.

### 4.10 ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

#### Бастапқы тану және бағалау

Қаржылық міндеттемелер бастапқыда олармен мәміле бойынша тікелей байланысты шығындар шегеріліп (қарыздар, несиелер және кредиторлық берешек жағдайында) әділ құны бойынша танылады.

#### Кейінгі бағалау

Кейінгі бағалау мақсаттары үшін қаржылық міндеттемелер қаржылық міндеттемелер мынадай санаттарға жіктеледі:

- Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер;
- Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер.

#### Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер

Бұл санат Топ үшін ең маңызды болып табылады. Бастапқы танудан кейін мұндай міндеттемелер тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып, амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Осындай қаржылық міндеттемелер бойынша пайда мен залал тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып амортизация есептелуіне қарай пайда немесе залал құрамында танылады. Амортизацияланған құн сатып алу кезіндегі дисконттарды немесе сыйлықақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын комиссияларды немесе шығындарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеменің амортизациясы пайда немесе залал туралы есепте қаржылық шығындардың құрамына кіреді.

Топ осы санатқа сауда және өзге де кредиторлық берешек, қарыздар, шығарылған борыштық бағалы қағаздар мен жалдау міндеттемелерін жатқызады.

Білікті активті сатып алуға, салуға немесе өндіруге тікелей қатысты қарыздар және шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша шығындар осындай актив құнының бөлігі ретінде капиталдандырылады. Қарыздар және шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша өзге де шығындар пайда болған сәттегі шығыстар ретінде танылады. Толығырақ ақпарат 19, 20-ескертпелерде берілген.



Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2023 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

2023 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

## 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

## 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

## 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

## 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

## 6. ҚОСЫМШАЛАР

1-қосымша. Есеп туралы

2-қосымша. 2023 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ жасаған, «ҚазТрансОйл» АҚ-ның жасалуына мүдделілігі бар мәмілелер тізбесі

3-қосымша. GRI индексі

4-қосымша. БҰҰ Жаһандық шартының қағидадары және орнықты даму мақсаттары бойынша индекс

5-қосымша. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл

6-қосымша. Аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілік

7-қосымша. Орнықты даму саласындағы сандық көрсеткіштер

8-қосымша. Қысқартулар тізімі

## 4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

### 4.10 ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

#### Тануды доғару

Егер міндеттеме өтелген, жойылған немесе оның қолданылу мерзімі біткен болса, қаржылық міндеттеменің тануы доғарылады.

Егер бар қаржылық міндеттеме елеулі айырмашылығы бар шарттарда сол кредитордың алдында басқа міндеттемемен ауыстырылатын болса немесе егер бар міндеттеменің шарттары елеулі өзгерсе, мұндай ауыстыру немесе өзгерту бастапқы міндеттемені тануды доғару және жаңа міндеттемені тану ретінде ескеріледі, ал олардың теңгерімдік құнындағы айырма жиынтық кіріс туралы есепте кіріс немесе шығыс ретінде ескеріледі.

### 4.11 ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫН ӨЗАРА ЕСЕПКЕ АЛУ

Қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер өзара есепке алуға, ал қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте берілген таза сома ұсынуға болады егер қазіргі кезде заңды қорғаумен қамтамасыз етілген танылған сомаларды өзара есепке алуға құқық болған кезде, сондай-ақ таза негізде есеп айырысуға не активтерді өткізіп, сонымен бір мезгілде міндеттемелерді өтеуге ниет болғанда жүзеге асырылады.

### 4.12 ҚОРЛАР

Қорлар екі өлшемнің ең азы бойынша бағаланады: бастапқы сатып алу құны және өткізудің таза құны.

Қорлардың бастапқы құны қорларды орнына жеткізумен және оларды ағымдағы күйге келтірумен байланысты күнделікті қызмет барысында шеккен барлық шығынды өзіне қамтиды.

Сатудың таза мүмкін құны өндірісті аяқтауға арналған есепті шығыстар мен өткізуге кеткен есепті шығындарын шегеріп тастап, кәдімгі күнделікті қызмет барысында сатудың есепті бағасы ретінде анықталады.

Қорлардың өзіндік құны ФИФО әдісін пайдалану арқылы айқындалады.

### 4.13 АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте ақша қаражаттары және олардың баламалары кассадағы қолма-қол ақшаны, банктердегі ақша қаражаттарын, қысқа мерзімді банк салымдары, өтеудің бастапқы мерзімі үш айдан аспайтын басқа да қысқа мерзімді жоғары өтімді инвестицияларды (кері репо мәмілерді) қамтиды.

Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы шоғырландырылған есептің мақсаттары үшін ақша қаражаттары және олардың баламалары өтелмеген банкілік овердрафттарды шегеріп тастағанда, жоғарыдағы анықтамаға сай ақша қаражаттарынан, қысқа мерзімді банк салымдарынан және өзге де қысқа мерзімді жоғары өтімді инвестициялардан тұрады.

### 4.14 РЕЗЕРВТЕР

Егер Топтың өткен оқиға нәтижесінде пайда болған ағымдық міндеттемесі болса (заңды немесе тәжірибеден шыққан); осы міндеттемені өтеу үшін қажет болатын экономикалық пайдадан айрылу ықтимал болса және осындай міндеттеме сомасының сенімді бағасын алу мүмкін болса, резервтер танылады. Егер Топ резервтің бір бөлігінің немесе барлығының өтемін алуды болжаса, мысалы, сақтандыру шарты бойынша, өтеу дербес актив ретінде танылады, бірақ тек өтеуді алу күман тұғызбайтын жағдайда. Резервке жататын шығыстар өтеуді шегеріп тастап, пайдалар мен залалдарда көрсетіледі.

Топ активтерді пайдаланудан шығару және жерді қайта өңдеу бойынша болашақ шығындарға қатысты резервті таниды. Активтерді пайдаланудан шығару және жерді қайта өңдеу шығындары бойынша резервтер есепті ақша ағынын пайдалануды есеп алған міндеттемелерді реттеуге жұмсалатын күтілетін шығындардың дисконтталған бағасы бойынша ескеріледі және тиісті актив бағасының бөлігі ретінде танылады. Ақша ағындары активтерді пайдаланудан шығару және жерді қайта өңдеу бойынша міндеттемелерге тән тәуекелдерді көрсететін салық салуға дейінгі ағымдағы мөлшерлеме бойынша дисконтталады. Дисконттау әсері пайда болуына қарай шығындар шотына қарайды және шоғырландырылған жиынтық кіріс туралы есепте қаржы шығындары ретінде танылады.

Активтерді пайдаланудан шығару және жерді қайта өңдеу бойынша болашақ шығындар жыл сайын қайта қаралып отырады және қажеттілігіне қарай түзетіледі. Күтілетін болашақ шығындардағы немесе дисконттаудың қолданылатын мөлшерлемесіндегі өзгерістер актив бағасына қосылады немесе алынады (5, 26-ескертпелер).

### 4.15 ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ СЫЙАҚЫЛАР

Топ өз қызметкерлеріне Топ пен өз қызметкерлері арасындағы Ұжымдық шарттарға және Жұмыс істемейтін зейнеткерлер және мүгедектерді әлеуметтік қолдау қағидаларына сәйкес зейнеткерлікке шыққанға дейін де және кейін де ұзақ мерзімді сыйақы ұсынады. Ұжымдық шарттар, аталған қағидалар, зейнеткерлікке шыққанда біржолғы жәрдемақы төлеуді, еңбекке жарамсыздық, мерейтой және қаза болу жағдайында қызметкерлерге материалдық көмек көрсетуді көздейді. Жәрдемақы алу құқығы әдетте қызметкердің зейнеткерлікке шыққанға дейін жұмысты жалғастыру қажеттігімен байланыстырылады.

Біржолғы жәрдемақыларды төлеу бойынша күтіліп отырған шығыстарды есептеу еңбек қызметі аяқталуы бойынша белгіленген төлемдері бар зейнетақылық жоспарларды есептеу кезінде қолданылатын әдіс бойынша қызметкердің еңбек қызметі ішінде жүзеге асырылады. Белгіленген төлемдері бар жоспар бойынша сыйақылар ұсыну құны «болжанатын шартты бірлік» әдісін пайдалана отырып айқындалады. Ақтуарлық пайда мен залал ақтуарлық болжамдардағы өзгерістердің әсерін де, ақтуарлық болжамдар мен нақты деректер арасындағы айырмашылықтарға байланысты өткен тәжірибенің әсерін де қамтиды.

Басқа өзгерістер ағымдағы қызметтер құнын, бұрынғы қызметтер құнын және кадрлар қысқаруын немесе жасалған есеп айырысуларды қоса алғанда ағымдағы кезеңде танылады.

Зейнетақылық міндеттемелерді есепке алғанда қолданылған аса елеулі болжамдар – бұл дисконт мөлшерлемесі, өлім-жітімді болжау, болашақ материалдық көмектің өсуі. Дисконт мөлшерлемесі болашақ міндеттемелердің таза келтірілген құнын анықтау үшін қолданылады және әр жылы осындай міндеттемелер бойынша шегерім амортизациясы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте пайыздық шығыстар ретінде көрсетіледі. Өлім-жітімді, болашақ жалақы мен материалдық көмектің өсуі болжау сыйақы төлеудің болашақ ағынын болжамдау үшін қолданылады, ол сонан соң міндеттемелердің таза келтірілген құнын алу үшін дисконтталады.

Ақтуарлық пайдалар мен залалдарды қамтитын қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелерді қайта бағалау нәтижелерін Топ былай көрсетеді:

- Еңбек қызметі аяқталғаннан кейінгі сыйақылар бойынша өзге де жинақталған кіріс арқылы. Одан кейінгі кезеңдерде қайта бағалау нәтижелері пайдалар мен залалдар құрамында қайта жіктеуге жатпайды;
- Пайда мен залалдар арқылы өзге ұзақ мерзімді сыйақылар.

Таза пайыздар белгіленген төлемдері бар жоспар бойынша таза-міндеттемелерге қатысты дисконттау ставкасын пайдалана отырып айқындалады. Топ жиынтық кіріс туралы есепте (функция бойынша жіктеле отырып) «Өткізімнің өзіндік құны», «Жалпы және әкімшілік шығыстар» және «Қаржылық шығындар» баптары құрамында белгіленген төлемдері бар жоспар бойынша таза міндеттемелердегі көрсетілген өзгерістерді таниды:

- Қызмет құны, ол өзіне ағымдағы қызмет құнын, өткен кезеңнің қызмет құнын қамтиды;
- Таза пайыздық шығындар немесе кірістер.

Қызметкерлерге берілетін сыйақылар, бір жолғы жәрдемақылардан, еңбек қызметі аяқталғаннан кейінгі сыйақылардан басқа, басқа ұзақ мерзімді сыйақылар ретінде қарастырылады. Осы сыйақылар бойынша есептелген шығыстар белгіленген зейнетақы жоспарларын есептеу кезінде қолданылатын әдіснаманы пайдалана отырып, қызметкердің еңбек қызметі барысында есептеледі.

Мұндай міндеттемелер жыл сайын тәуелсіз білікті актуарийлер тарапынан бағаланады.

Толығырақ ақпарат 5, 21-ескертпелерде ашылған.

### 4.16 ТҮСІМДІ ЖӘНЕ БАСҚА ДА КІРІСТЕРДІ ТАЛУ

Топтың қызметі, негізінен, Қазақстан Республикасындағы магистральды мұнай құбырлары бойынша мұнай мен суды тасымалдауға, сондай-ақ Грузияда мұнай мен мұнай өнімдерін ауыстырып құюға байланысты.

Сатып алушылармен жасалған келісімшарттардан түсетін түсім тауарлар немесе қызметтерді бақылау сатып алушыға берілсе және Топ осындай тауарлар немесе қызметтерге айырбас құқығын алуды көздейтін өтемді көрсететін сомада бағаланады.

Топ пайда алуды көздейтін өзі жасаған шарттарды өзі принципал ма әлде агент пе дегенді анықтау мақсатында белгілі бір өлшемдерге сәйкес талдайды.

Топ өз қызметтеріне комиссияны табыс ретінде танитын, Топ агент ретінде қатысатын көліктік экспедициялау шарттарын қоспағанда барлық осындай шарт бойынша (шарт бойынша өзіне міндеттеме алатын негізгі тарап болғандықтан шартпен байланысты пайда мен тәуекелдерді қабылдайды) принципал ретінде әрекет етеді деген қорытындыға келді.

Шоғырландырылған қаржы есептілігінде Топ жалпы түсімді төмендегі түрлер бойынша таниды:

#### Тасымалдау бойынша қызметтер көрсету

Тасымалдау және ауыстырып құю қызметтерінен алынған кіріс есепті кезеңде тасымалданған мұнай мен судың нақты көлемі негізінде қызметтер көрсету кезінде белгілі бір уақыт мерзімінде танылады.

#### Құбырларды пайдалану және техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтер көрсету

Құбырларды пайдалану және техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтерден түсетін түсімдер кезең ішінде іске асу арқылы танылады, өйткені сатып алушы Топтың шарттық міндеттемелерін орындау барысында бір мезгілде тиімділікті алады және тұтынады.

#### Басқа да қызметтерді көрсету

Басқа да қызметтерді көрсетуден алынған кірістер оларды көрсету кезінде танылады.





Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2023 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

2023 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

## 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

## 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

## 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

## 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІН НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

## 6. ҚОСЫМШАЛАР

1-қосымша. Есеп туралы

2-қосымша. 2023 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ жасаған, «ҚазТрансОйл» АҚ-ның жасалуына мүдделілігі бар мәмілелер тізбесі

3-қосымша. GRI индексі

4-қосымша. БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттары және орнықты даму мақсаттары бойынша индекс

5-қосымша. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл

6-қосымша. Аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілік

7-қосымша. Орнықты даму саласындағы сандық көрсеткіштер

8-қосымша. Қысқартулар тізімі

## 4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

### 4.16 ТҮСІМДІ ЖӘНЕ БАСҚА ДА КІРІСТЕРДІ ТАҢУ (ЖАЛҒАСЫ)

#### Пайыздық кіріс

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын барлық қаржы құралы және пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын, сондай-ақ өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын пайыздық кіріс немесе залал тиімді пайыздық ставка әдісін пайдалана отырып танылады. Тиімді пайыздық мөлшерлеме – бұл қаржы құралының болжалды пайдалану мерзімі бойына немесе егер бұл орынды болса қаржы активінің немесе міндеттемесінің таза теңгерімдік құнына дейінгі ұзақтығы кемдеу кезеңіне күтілетін келешек төлемдерді немесе ақша қаражатының түсімін дәл дисконттайтын мөлшерлеме. Пайыздық кіріс шоғырландырылған жиынтық кіріс туралы есепте қаржыландырудан алынған табыс ретінде көрсетіледі.

#### Жеткізілмеген мұнай көлемі үшін төлемнен алынатын кіріс

Жеткізілмеген мұнай көлемі үшін төлемнен алынатын кіріс «айда немесе төле» шартында мұнай тасымалдау қызметтерін көрсетуге арналған шарттарға сәйкес танылады.

15 ҚЕХС (IFRS) қолдану кезінде Топ келесіні назарға алады:

#### Ауыспалы өтеу

15 ҚЕХС (IFRS) түсімнің көтеріңкі сомасын тануды болдырмау үшін есептік ауыспалы өтеуді шектеуді талап етеді.

Жеңілдіктердің, несиелердің, баға шегерімінің, ынталандырмалардың, нәтижелер үшін бонустардың немесе басқа ұқсас баптардың жоқтығына байланысты сатып алушылармен жасалған шарттарда өтеудің ауыспалы бөлігі жоқ. Бұл жаңарту түсімді тануға әсер етпейді.

#### Принципал немесе агент рөлі

15 ҚЕХС (IFRS) сәйкес, Топ ескерілген тауарды немесе қызметті олар сатып алушыға/қызметтердің тапсырыс берушінің сатып алушысына тапсырылғанға дейін бақылайтындығын бағалауы қажет.

Топ түсім алуды көздейтін барлық шарттар бойынша принципал ретінде болатынын анықтады (себебі ол уәделескен қызметті оны тапсырыс берушінің немесе тапсырыс берушінің сатып алушысының қабылдауына дейін бақылайды), тек көлік экспедиторлық қызметтерін көрсету бойынша шарттарды қоспағанда, онда Топ қызметтерді сатып алушының қабылдағанына дейін оны бақыламайтынын анықтады. Демек, ол көлік жөнелту қызметтерін көрсету шарттары бойынша принципал емес, агент болып табылады.

#### Сатып алушылардан алынған алғытөлемдер

Сатып алушылардан алынған алғытөлемдер келісімшарт бойынша міндеттемелер болып табылады. Келісімшарт бойынша міндеттемелер – бұл сатып алушыдан алынған өтемақы үшін Топтың сатып алушыға тауар немесе қызметті жеткізу міндеттемесі. Егер Топ сатып алушыға тауар немесе қызметті жеткізуден бұрын, сатып алушы өтемақыны төлесе, төлем жасалу кезінде немесе төлем төленуге тиіс болған кезде келісімшарт міндеттемесі танылады (қайсысы бұрын болатынына қарай). Топ шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаған кезде, келісімшарт міндеттемелері түсім ретінде танылады.

15 ҚЕХС-ке (IFRS) сәйкес Топ келісімшарттарда қаржыландырудың елеулі компоненттерінің бар болуын бағалау тиіс.

Топ сатып алушылардан тек қысқа мерзімді алғытөлемдерді алады. Олар сатып алушылармен шарттар бойынша міндеттемелер құрамында көрсетіледі. Топ уәделескен қызметтерді сатып алушыларға беру уақытының аралығы мен сатып алушының осындай қызметтерді төлеу мезеті салыстырмалы түрде қысқа деп анықтады. Сонымен Топ бұл шарттарда қаржыландырудың елеулі компоненттері жоқ деген қорытындыға келді.

Шоғырландырылған қаржылық есептілігіне қойылатын талаптарға сәйкес Топ сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша мойындалған, экономикалық факторлар түсім мен ақша ағынының пайда болу сипатына, көлеміне, мерзімдеріне және тұрлаусыздығына қалай әсер ететінін көрсететін сандық факторлар бойынша түсім туралы ақпараттың егжей-тегжей талдады. Егжей-тегжей түсім туралы ақпаратты ашып көрсету 28-ескертепде қарастырылған.

Тану мен бағалауға 15 ҚЕХС (IFRS) талаптары қаржы емес активтердің (мысалы, негізгі құралдар мен материалдық емес активтер объектілерінің) шығуынан, егер осындай шығу қалыпты қызметтің нәтижесі болмаған жағдайда, пайдалар мен залалдарды тануға әрі бағалауға қатысты қолданылады. Бұл өзгерістер Топтың шоғырландырылған қаржы есептілігіне әсер етпейді.

### 4.17 САЛЫҚТАР

#### Ағымдағы табыс салығы

Ағымдағы табыс салығы бойынша активтер және міндеттемелер салық органдарынан өтелуге немесе салық органдарына төлеуге болжанып отырған сома бойынша бағаланады.

Осы соманы есептеу үшін қолданылатын салық мөлшерлемелері және салық заңнамасы бұл есепті күнге Топ өз қызметін жүзеге асыратын және салық салынатын табыс алатын елдерде қабылданған немесе іс жүзінде қабылданған мөлшерлемелер мен заңнама.

Тікелей меншік капиталда танылған баптарға жататын ағымдағы табыс салығы жиынтық кіріс пен залалда емес, меншік капитал құрамында танылады. Топ басшылығы салық декларацияларында көрсетілген көрсеткіштерді бағалауды мезгіл-мезгіл жүзеге асырады, тиісті салық заңнамасы оларға қатысты әртүрлі түсінілуі мүмкін, сөйтіп қажет болуына қарай резервтер жасалады.

#### Кейінге қалдырылған салық

Кейінге қалдырылған салық есепті күнге активтер мен міндеттемелердің салық базасы және олардың қаржылық есептілігі үшін теңгерімдік құны арасындағы уақыт айырмасын анықтау арқылы міндеттемелер әдісімен есепті күнге есептеледі. Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері барлық салық салынатын уақыт айырмалары бойынша мына жағдайларды қоспағанда танылады:

- Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі гудвилді, активті немесе міндеттемелерді бастапқы тану нәтижесінде, бизнесті біріктіру емес мәмілелер барысында пайда болады және операцияларды жасау кезінде бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын пайдаға немесе залалдарға әсер етпейді;
- Еншілес ұйымдарға, қауымдасқан компанияларға, сондай-ақ бірлескен қызметке үлестермен қатысуға инвестициялармен байланысты салық салынатын уақыт айырмашылықтарына қатысты егер уақыт айырмасының уақыттың азайып бөлінуін бақылау мүмкін болса және уақыт айырмасы таяу болашақта азаймайтындығына елеулі мүмкіндік бар болса.

Кейінге қалдырылған салық активтері барлық шегерілетін уақыт айырмалары, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері және пайдаланылмаған салық залалдары бойынша салық салынатын пайда бар дәрежеде танылады, оған қарсы шегерілетін уақыт айырмалары, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері және пайдаланылмаған салық залалдары мына жағдайларды қоспағанда есептелуі мүмкін:

- Шегерілетін уақыт айырмасына жататын кейінге қалдырылған салық активі бизнесті біріктіру салдарынан тумаған болса және ол операцияны жасау кезінде бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын пайдаға немесе залалдарға да әсер етпейтін активті немесе міндеттемелерді бастапқы тану нәтижесінде туындаса;
- Еншілес ұйымдарға, қауымдасқан компанияларға, сондай-ақ бірлескен қызметке үлестермен қатысуға инвестициялармен байланысты шегерілетін уақыт айырмаларына қатысты салық активтері таяу болашақта уақыт айырмашылықтары пайдаланылуы және салық салынатын пайда болуы мүмкін екендігі елеулі бар дәреже ғана танылады, уақыт айырмашылықтары оған қарсы пайдаланылуы мүмкін.

Кейінге қалдырылған салық активтерінің теңгерімдік құны әрбір есепті күнге қайта қаралады және кейінге қалдырылған салық активтерінің барлығы немесе бір бөлігі жеткілікті салық салынатын пайда деңгейінде кемітіледі. Танылмаған кейінге қалдырылған салық активтері әрбір есепті күнге қайта қаралады және келешек салық салынатын пайда кейінге қалдырылған салық активтерін пайдалануға мүмкіндік беруі елеулі мүмкіндігі пайда болатын дәрежеде танылады.

Кейінге қалдырылған салық активтері және міндеттемелер есепті күнге жағдай бойынша қабылданған немесе іс жүзінде қабылданған активтер өткізілген, ал міндеттеме өтелген есепті жылы қолданылуы мүмкін салық мөлшерлемелері (және салық заңнамасы) бойынша бағаланады.

Пайда немесе залал құрамында танылмаған баптарға жататын кейінге қалдырылған салық та пайда немесе залал құрамында танылмайды. Кейінге қалдырылған салықтар баптары олардың негізінде жатқан операцияларға сәйкес басқа жиынтық кіріс құрамында немесе тікелей меншік капитал құрамында танылады.

Кейінге қалдырылған салық активтері және кейінге қалдырылған салық міндеттемелері егер ағымдағы салық активтері мен міндеттемелерін есепке алудың заңдық бекітілген құқығы бар болса және кейінге қалдырылған салықтар сол бір салық салынатын компанияға және салық органына жататын болса, бір-біріне қарама-қарсы есепке алынады.

Бизнесті біріктіру аясында сатып алынған, бірақ осы күнге жеке тану үшін өлшемді қанағаттандыра алмайтын салық пайдалары фактілер мен жағдаяттардың өзгерістері туралы жаңа ақпарат пайда болған жағдайда, кейін танылады. Түзету егер ол бизнесті сатып алудың бастапқы есебі аяқталғанға дейін жүзеге асырылған болса, гудвилдің азаюы (егер шамасы гудвил мөлшерінен аспаса) ретінде көрінеді, өзге жағдайларда ол пайда немесе залал құрамында танылады.

#### Қосылған құн салығы (ҚҚС)

Салық органдары нетто-негізде сату және сатып алу бойынша ҚҚС-ты өтеуге мүмкіндік береді. Өтеуге арналған ҚҚС ішкі нарықтағы сату бойынша ҚҚС шегерілген ішкі нарықтағы сатып алу бойынша ҚҚС болып табылады. Экспортқа сатудың нөлдік мөлшерлемесі бар.

Түсім, шығыстар мен активтер активтерді немесе қызметтерді сатып алу бойынша пайда болған ҚҚС-ты салық органдары өтейтін жағдайларды қоспағанда, ҚҚС сомасы шегеріліп, танылады; бұл жағдайда ҚҚС тиісінше активті сатып алу шығыстарының бір бөлігі немесе шығыстар бабының бір бөлігі ретінде танылады.

Салық заңнамасының және Топ қызметінің ерекшелігіне қарай өтеуге жататын ҚҚС-тың белгілі бір бөлігі кейінгі жылдарға ауыстырылуы мүмкін. ҚҚС-тың мұндай бөлігі ұзақ мерзімді актив ретінде жіктеледі, құнсыздану мәніне бағаланады және бар ААТБ-ға бөлінген жеке актив ретінде қаралады.

Дебиторлық және кредиторлық берешек ҚҚС сомасы есебімен көрсетіледі.

Салық органы өтейтін немесе оған төленетін ҚҚС-тың таза сомасы өтелетін ҚҚС және өзге де салықтар бойынша алдын ала төлем, сондай-ақ қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрінетін төлеуге жататын өзге де салықтар құрамына кіргізіледі.



Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2023 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

2023 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

## 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

## 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

## 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

## 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

## 6. ҚОСЫМШАЛАР

1-қосымша. Есеп туралы

2-қосымша. 2023 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ жасаған, «ҚазТрансОйл» АҚ-ның жасалуына мүдделілігі бар мәмілелер тізбесі

3-қосымша. GRI индексі

4-қосымша. БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттары және орнықты даму мақсаттары бойынша индекс

5-қосымша. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл

6-қосымша. Аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілік

7-қосымша. Орнықты даму саласындағы сандық көрсеткіштер

8-қосымша. Қысқартулар тізімі



## 4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

### 4.18 ЕСЕП ЖҮРГІЗУ САЯСАТЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫ АШУ ҚАҒИДАТТАРЫ

Қабылданған есеп жүргізу саясаты 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне кірген төменде келтірілген жаңа немесе қайта қаралған стандарттарды қоспағанда алдыңғы есеп беру жылында қолданылған есеп жүргізу саясатына сәйкес келеді.

#### Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер

Кейбір стандарттар мен түзетулер алғаш рет 2023 жылы қолданылды. Әрбір жаңа стандарттың/түзетудің сипаты мен әсері төменде сипатталған:

#### 17 ХҚЕС (IFRS) «Сақтандыру шарттары»

17 ХҚЕС (IFRS) «Сақтандыру шарттары» тану және бағалау, ұсыну және ақпаратты ашу мәселелерін қарастыратын сақтандыру шарттары үшін қаржылық есептіліктің жаңа кешенді стандарты. 17 ХҚЕС (IFRS) 4 ХҚЕС-тің (IFRS) «Сақтандыру шарттары» орнына келеді. 17 ХҚЕС (IFRS) сақтандыру шарттарының барлық түрлеріне (яғни өмірді сақтандыру және өмірді сақтандырудан, тікелей сақтандырудан және қайта сақтандырудан басқа сақтандыру шарттарына), сондай-ақ дискрециялық қатысу талаптары бар белгілі бір кепілдіктер мен қаржы құралдарына қолданылады. Қолдану аясынан бірнеше ерекшеліктер бар. 17 ХҚЕС (IFRS) негізгі мақсаты сақтандырушылар үшін тиімдірек және дәйекті болып табылатын сақтандыру шарттарын есепке алу моделін ұсыну болып табылады. 17 ХҚЕС (IFRS) негізінде келесілермен толықтырылған жалпы модель жатыр:

- Тікелей қатысу шарттары бар сақтандыру шарттары үшін белгілі бір модификациялар (ауыспалы сыйақы әдісі);
- Жеңілдетілген тәсіл (сыйлықақыны бөлуге негізделген тәсіл) негізінен қысқа мерзімді келісімшарттар үшін.

Бұл түзету Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер еткен жоқ.

#### 8 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер — «Бухгалтерлік бағалауды анықтау»

8 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер бухгалтерлік есептегі өзгерістер мен есеп саясатындағы өзгерістер мен қателерді түзету арасындағы айырмашылықты түсіндіреді. Сонымен қатар, құжат ұйымдардың бухгалтерлік есепті әзірлеу үшін өлшеу әдістері мен бастапқы деректерді қалай қолданатынын түсіндіреді.

Бұл түзету Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілікке әсер еткен жоқ.

#### 1 ХҚЕС-ке (IAS) «Есеп саясаты туралы ақпаратты ашу» және ХҚЕС қолдану бойынша №2 Практикалық ұсынымдарға түзетулер

1 ХҚЕС-қа (IAS) және «Маңыздылығы туралы пайымдауларды қалыптастыру» ХҚЕС қолдану бойынша №2 Практикалық ұсынымдарға түзетулерде ұйымдарға есеп саясаты туралы ақпаратты ашу кезінде маңыздылық туралы пайымдауларды қолдануға көмектесетін нұсқаулар мен мысалдар келтірілген. Түзетулер ұйымдармен есеп саясатының «маңызды ережелерін» ашу талабын есеп саясаты туралы «маңызды ақпаратты» ашу талабына алмастыру арқылы, сондай-ақ есеп саясаттың ақпаратын ашу туралы шешім қабылдау кезінде маңыздылық ұғымын қалай қолдануы керектігі туралы басшылықты қосу арқылы есеп саясаты туралы неғұрлым пайдалы ақпаратты ашуға көмектесуі керек.

Бұл түзетулер Топтың есеп саясаты туралы ақпаратты ашуына әсер етті, бірақ Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіндегі кез келген баптарды бағалауға, тануға немесе ұсынуға әсер етпеді.

#### 12 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер — «Бір операция нәтижесінде туындайтын активтер мен міндеттемелерге байланысты кейінге қалдырылған салық салу»

12 ХҚЕС-ке (IAS) «Пайдаға салынатын салықтар» түзетулер бастапқы тануға қатысты қолдану аясындағы босатуларды тарылтады, осылайша салық салынатын және шегерілетін уақытша айырмашылықтарға тең әкелетін операцияларға қатысты, мысалы жалдау немесе объектілерді пайдаланудан шығару міндеттемелер жағдайда, енді қолданылмайды.

Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер еткен жоқ.

#### 12 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер — «Халықаралық салық реформасы — Pillar II үлгілік ережелері»

12 ХҚЕС-ке (IAS) осы түзетулер BEPS ОЭСР жобасы шеңберінде екінші компоненттің (Pillar II) қағидаларын қабылдау нәтижесінде шығарылды және мыналарды көздейді:

- Заңнамаға Pillar II үлгілік ережелерін енгізуге байланысты туындайтын кейінге қалдырылған салықтарды танудан және ашудан міндетті түрде уақытша босату және
- Жаңа заңнамаға жататын ұйымдардың қаржылық есептілігін пайдаланушыларға осы ұйымдарға заңнамада көзделген Pillar II ережелеріне сәйкес, оның ішінде күшіне енгенге дейін табыс салығы қандай әсер ететінін жақсы түсінуге көмектесетін ақпаратты ашуға қойылатын талаптар.

Міндетті уақытша босату өзгерістер енгізілген сәттен бастап дереу қолданылады, бұл ретте оның қолданылуы туралы ақпаратты ашу талап етіледі. Ақпаратты ашуға қойылатын қалған талаптар 2023 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты қолданылады, бірақ 2023 жылғы 31 желтоқсанда немесе осы күнге дейін аяқталатын аралық кезеңдерге қатысты қолданылмайды.

Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер еткен жоқ, өйткені топтың жылдық кірісі 750 миллион еуродан аспайды, осыған байланысты Pillar II типтік ережелері топқа қатысты қолданылмайды.

#### Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар

Төменде шығарылған, бірақ Топтың қаржылық есептілігі шығарылған күнге әлі күшіне енбеген жаңа стандарттар, түзетулер мен түсіндірулер келтірілген. Топ осы стандарттарды, түзетулер мен түсіндірулерді, егер қолданылатын болса, олар күшіне енген күннен бастап қолдануға дайын.

#### 16 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер — «Кері жалдау сату операциясы шеңберіндегі жалдау міндеттемесі»

2022 жылдың қыркүйегінде ХҚЕС Кеңесі сатушы-жалға алушының сатушыда сақталатын пайдалану құқығына қатысты кез келген пайда немесе залал сомасын мойындауын болдырмау үшін сатушы-жалға алушы кері жалдау операциясынан туындайтын жалдау міндеттемесін бағалау кезінде пайдаланатын талаптарды нақтылайтын 16 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулерін шығарды.

Түзетулер 2024 жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді және 16 ХҚЕС (IFRS) бастапқы қолданылу күнінен кейін жасалған кері жалдау сату мәмілелеріне ретроспективті түрде қолданылуы керек. Бұл факт ашылған жағдайда мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі.

Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етпейді деп күтілуде.

#### 1 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер — «Міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді деп жіктеу»

2020 жылдың қаңтарында және 2022 жылдың қазанында ХҚЕС Кеңесі міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді деп жіктеуге қатысты талаптарды түсіндіретін 1 ХҚЕС-тің (IAS) 69-76-тармақтарына түзетулер шығарды.

Түзетулерде мыналар түсіндіріледі:

- Міндеттемелерді реттеуді кейінге қалдыру құқығы нені білдіреді;
- Міндеттемелерді реттеуді кейінге қалдыру құқығы есепті кезеңнің соңында болуы тиіс;
- Міндеттемелерді жіктеуге ұйымның міндеттемелерді реттеуді кейінге қалдыру құқығын орындау ықтималдығы әсер етпейді;
- Міндеттеме шарттары оның жіктелуіне әсер етпейді, егер айырбасталатын міндеттемеге енгізілген туынды құралдың өзі үлестік құрал болса.

Сонымен қатар, несиелік келісімге байланысты туындайтын міндеттеме ұзақ мерзімді болып жіктелген және ұйымның осы міндеттемені реттеуді кейінге қалдыру құқығы он екі ай ішінде Болашақ келісімдердің сақталуына байланысты болатын жағдайларда ақпаратты ашу туралы талап енгізілді.

Бұл түзетулер 2024 жылғы 1 қаңтардан басталатын немесе осы күннен кейінгі жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді және ретроспективті түрде қолданылады. Қазіргі уақытта топ осы түзетулердің міндеттемелердің ағымдағы жіктелуіне ықтимал әсерін және қолданыстағы қарыз шарттары бойынша талаптарды қайта қарау қажеттілігін талдайды.

#### 7 ХҚЕС-ке (IAS) және 7 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер — «Жеткізушілерді қаржыландыру туралы келісімдер»

2023 жылдың мамырында Кеңес 7 ХҚЕС (IAS) «Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп» және 7 ХҚЕС (IFRS) «Қаржы құралдары: ақпаратты ашу» түзетулерін шығарды, онда жеткізушілерді қаржыландыру туралы келісімдердің сипаттамалары сипатталған және осындай келісімдер туралы қосымша ақпаратты ашуға қатысты талаптар қамтылған. Ақпаратты ашуға қойылатын талаптар қаржылық есептілікті пайдаланушыларға жеткізушілерді қаржыландыру келісімдерінің ұйымның міндеттемелеріне, оның ақша ағындарына және өтімділік тәуекеліне әсерін түсінуге көмектесуге бағытталған.

Түзетулер 2024 жылдың 1 қаңтарында немесе одан кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді. Бұл факт ашылған жағдайда мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі. Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етпейді деп күтілуде.

## 5. МАҢЫЗДЫ ЕСЕП ЖҮРГІЗУ ПАЙЫМДАУЛАРЫ, БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ ЖӘНЕ БОЛЖАУЛАР

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау оның басшылығынан есепті кезеңнің аяғында есептілікте ұсынылатын түсімдер, шығыстар сомасына, активтерге және міндеттемелерге, сондай-ақ міндеттемелер шарттары туралы ақпаратты ашуға әсер ететін бағалау мәндерін және болжауларды пайымдау мен анықтау енгізуді талап етеді. Алайда осы болжаулар мен бағалау мәндеріне қатысты айқынсыздық келешекте осындай болжаулар мен бағалау қолданылатын активтер мен міндеттемелердің теңгерімдік құнын елеулі түзетуді талап етуі мүмкін.

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2023 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

2023 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

## 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

## 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

## 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

## 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

## 6. ҚОСЫМШАЛАР

1-қосымша. Есеп туралы

2-қосымша. 2023 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ жасаған, «ҚазТрансОйл» АҚ-ның жасалуына мүдделілігі бар мәмілелер тізбесі

3-қосымша. GRI индексі

4-қосымша. БҰҰ Жаһандық шартының қағидадары және орнықты даму мақсаттары бойынша индекс

5-қосымша. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл

6-қосымша. Аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілік

7-қосымша. Орнықты даму саласындағы сандық көрсеткіштер

8-қосымша. Қысқартулар тізімі

## 5. МАҢЫЗДЫ ЕСЕП ЖҮРГІЗУ ПАЙЫМДАУЛАРЫ, БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ ЖӘНЕ БОЛЖАУЛАР (ЖАЛҒАСЫ)

Топтың тәуекелдерге бейімділігі туралы және белгісіздіктер туралы өзге ақпаратты ашу мына ескертпелерде ұсынылған:

- Қаржылық тәуекелдерді басқару мақсаты мен саясаты (39-ескертпе);
- Сезімталдықты талдау туралы ақпаратты ашу (39-ескертпе).

### БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ ЖӘНЕ БОЛЖАУЛАР

Болашақ туралы негізгі болжаулар және есепті күнге бағалаулардағы айқынсыздықтың басқа да негізгі көздері төменде қаралады, олар келесі қаржы жылы ішінде активтердің теңгерімдік құны мен міндеттемелерге елеулі түзетулердің себебі болуы мүмкін. Топтың болжаулары мен бағалау мәндері шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде қолында болған бастапқы деректерге негізделген. Алайда ағымдағы жағдаяттар мен болашаққа қатысты болжаулар нарықтық өзгерістер мен Топ бақылауында емес жағдаяттарға байланысты өзгеруі мүмкін. Мұндай өзгерістер олардың пайда болуына қарай болжауларда көрініс табады.

### Топтың негізгі құралдарының әділ құнын бағалау

Топ негізгі құралдарды қайта бағаланған құн бойынша жүргізеді. 2022 жылдың ішінде Топтың негізгі құралдардың қайта бағалауы үшін Топ тәуелсіз кәсіби бағалаушыларды жұмысқа тарты.

Әділ құнды бағалау және талдау кезінде Топ қолданатын бағалау әдістері бағаланатын активті ең жақсы және ең тиімді пайдалану тұрғысынан қарастырылады. БМТ мен Магистральдық Суағызғысын қоспағанда, Топ активтерін ең жақсы және ең тиімді пайдалану оларды операциялық қызметте пайдалану болып табылады. БМТ активтерін ең жақсы және ең тиімді пайдалану оларды сату болып табылады. Магистральдық Суағызғысы активтерін ең жақсы және ең тиімді пайдалану оларды өңірдегі мұнай өндіруші компаниялардың активтерімен жиынтықта пайдалану болып табылады.

Қазақстан Республикасының қалаларындағы Топтың тиісті жер учаскелерімен бірге кеңсе ғимараттарының, Грузиядағы жер учаскелерін (Батуми қ.), сондай-ақ көлік құралдарының және өзге де арнайы емес активтердің әділ құнын анықтау үшін пайдаланған бастапқы деректер әділ құн иерархиясындағы 2-ші деңгейге жатады (бағасы белгіленбейтін байқалатын бастапқы деректер).

Топтың қалған негізгі құралдары арнайы активтерге жатады және олардың әділ құнын анықтау үшін әділ құн иерархиясындағы 3-ші деңгейге жататын бастапқы деректер пайдаланды (байқалмайтын бастапқы деректер).

БМТ-дан басқа Топ компанияларының арнайы активтерін бағалау үшін пайдаланған әдіснама бастапқыда амортизацияланған ауыстыру құнын бағалауға негізделген («шығын әдісі»). Нарықтық әдіс бойынша БМТ негізгі құралдырының әділ құны анықталды.

Әділ құнды бағалау кезінде бағалаушы Топтың негізгі құралдарының арнайы объектілерінің экономикалық тозу мөлшерін анықтау үшін кірістер әдісін қолдана отырып, тиісті кірістілікке тест жүргізді. БМТ және Магистральдық Суағызғысы қоспағанда, Топ компанияларының негізгі құралдарының өтелетін құны пайдалану құндылығын бағалау жолымен айқындалған. Активтерді пайдалану құны таза айналым капиталының әділ құнына түзетілген бизнес құны ретінде анықталады. Ақша ағындарын болжау Топ басшылығы мақұлдаған бюджеттерге және топ компанияларының сәйкесінше 2022 жылға және 2023-2027 жылдарға арналған бизнес-жоспарларына негізделген. Болжамнан кейінгі кезеңдегі ақша ағындары ұзақ мерзімді өсу қарқынын қолдана отырып, болжамды деректерді экстраполяциялау негізінде анықталады. Жоғарыда аталған активтер ақша ағындарын жасайтын бөлімшелерге топтастырылды (бұдан әрі — ААЖБТ) — ААЖБТ Мұнай тасымалдау (Компания) және ААЖБТ БМП. Пайдалану құндылығын анықтау кезінде келесі негізгі болжамдар жасалды:

Пайдалану құны бойынша алынған нәтижелер амортизацияланған ауыстыру құны бойынша анықталған көрсеткіштерден төмен болды, сондықтан Топтың тиісті негізгі құралдарының әділ құны ретінде алынды.

2022 жылғы тәуелсіз бағалау нәтижелері бойынша Топтың негізгі құралдарының (технологиялық мұнайды қоспағанда) теңгерімдік құны 135.460.032 мың теңгеге ұлғайды (6-ескертпе). Бұл ретте қайта бағалау резерві арқылы нетто-жете бағалау 148.348.617 мың теңгені құрады, ал шегерім пайда мен залал арқылы 12.888.585 мың теңге мөлшерінде танылды.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ әділ құнға талдау жүргізді және БМТ (БТК ААЖБТ қоса алғанда) және Магистральдық Суағысының негізгі құралдарының теңгерімдік құны олардың әділ құнына шамамен тең екенін анықтады. БТК ААЖБТ пайдалану құнын анықтау кезінде келесі негізгі болжамдар қолданылды: дисконттау мөлшерлемесі (WACC) 13,9% және ұзақ мерзімді өсу қарқыны 2%.

Сонымен қатар, құнсыздану белгілерінің болуына байланысты (мұнай айналымының болжамды көлемінің төмендеуі, дисконттау мөлшерлемесінің өзгеруі (WACC)) ААЖБТ бойынша мұнай тасымалдау (Компания), Топ пайдаланудың құндылығын бағалау арқылы негізгі құралдардың өтелетін құнын талдауды жаңартты. Пайдалану құнын анықтау кезінде келесі негізгі болжамдар қолданылды: дисконттау мөлшерлемесі (WACC) 17,43% және ұзақ мерзімді өсу қарқыны 4%.

Талдау нәтижелері бойынша Топ ААЖБТ бойынша мұнайды тасымалдау (Компания) әділ құн иерархиясындағы 3-деңгейге жататын оның негізгі құралдарының теңгерімдік құны (бақыланбайтын бастапқы деректер) олардың өтелетін құнынан асып кеткенін анықтады. Осылайша, Топ осы негізгі құралдар бойынша жалпы сомасы 12.179.036 мың теңгеге құнсыздануды мойындады, оның ішінде қайта бағалау резерві арқылы 7.638.849 мың теңге және пайда мен залал арқылы 4.540.187 мың теңге танылды (6-ескертпе). Сонымен қатар, әділ құн иерархиясындағы 2-деңгейге жататын компанияның негізгі құралдарының теңгерімдік құны (бақыланбайтын бастапқы деректер) олардың әділ құнына тең.

Бұдан басқа, 2023 жыл ішінде Топ жекелеген негізгі құралдар бойынша жалпы сомасы 979.515 мың теңгеге, оның ішінде 788.922 мың теңгеге қайта бағалау резерві арқылы және 190.593 мың теңге мөлшерінде пайда мен залал арқылы құнсыздануды мойындады (6-ескертпе), өйткені осы негізгі құралдардың теңгерімдік құны олардың өтелетінінен асып түсті.

Пайдалану құндылығын бағалау нәтижелері дисконттау мөлшерлемесінің өзгеруіне және ұзақ мерзімді өсу қарқынына, сондай-ақ ұсынылатын қызметтерді іске асыру көлеміне, ұсынылатын қызметтерге тарифтер деңгейіне, күрделі және ағымдағы шығындар мөлшеріне қатысты болжамдарға сезімтал.

Дисконттау мөлшерлемесін және ұзақ мерзімді өсу қарқынын өзгертуге арналған негізгі құралдар құнының сезімталдығын талдау келесідей:

Миллион теңгемен	Негізгі құралдардың құнын (төмендеуі)/өсуі		
	Ставкиның (төмендеуі)/өсуі	ААЖБТ Мұнай тасымалдау (Компания)	ААЖБТ БМП
Дисконттау мөлшерлемесі	-0,5%	24.027	2.247
	+0,5%	(22.264)	(2.063)
Ұзақ мерзімді өсу қарқыны	-0,5%	(16.059)	(1.314)
	+0,5%	17.301	1.429

### Технологиялық мұнайды қайта бағалау

Технологиялық мұнайды қайта бағалау мұнайдың әділ бағасының ауытқуы айтарлықтай жиі әрі елеулі болатындықтан, әр есеп күніне жүргізіледі. Компанияның технологиялық мұнайы аралық кезеңдердің әр есеп беру күнінде және 2023 және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қайта бағаланды.

Технологиялық мұнайдың әділ құнын анықтауға арналған бастапқы деректер әділ құн сатында 2 деңгейге жатады (бағасы белгіленбейтін байқалатын бастапқы деректер).

Топ басшылығы технологиялық мұнайдың әділ құнын анықтау кезінде келесі пайымдауларды назарға алды:

- Технологиялық мұнай құбырды пайдалану үдерісінің ажырағысыз бөлігі, онсыз тасымалдау мүмкін емес және тиісінше бағалау нысаны мамандандырылған актив болып табылады;
- Технологиялық мұнай ТМРК қойған шектеулер нәтижесінде сатыла да және өзгелей түрде пайдаланыла да алмайды;
- ТМРК және Қазақстан Республикасының Үкіметі елдегі жалпы баға индексіне тарифтердің жағымсыз әсерінің алдын алу үшін оларды мұқият қадағалап отырады (экспорт үшін және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттің тарифтарын қоспағанда), және тиісінше егер мұнай халықаралық нарық бағасы бойынша бағаланған болса, оның құнын өтеуге мүмкіндік бермейтін деңгейде белгіленуі мүмкін;
- Және егер Топқа құбырдың жаңа бөліктерін толтыру үшін қосымша мұнай сатып алу қажет болса, онда мұнай өндіруші ұйымдар Топтың талабы бойынша Топтың магистральдық құбыр жүйесін толтыру үшін мұнай жеткізу деген тасымалдау келісім-шарттарының талаптарын қолданатын болады;
- Мұнай өндіруші ұйымдар үшін ішкі баға немесе ҚМГ тобының мұнай зауыттарына жеткізілетін толлингтік мұнай бағасы қолданылады.

Осы факторлардың бәрін ескере отырып, 2023 жылғы 31 желтоқсанға Топтың технологиялық мұнайының әділ құны бір тонна үшін 84.524 теңге бағасы ретінде анықталды (2022 жылғы 31 желтоқсанға: бір тонна үшін 84.050 теңге). Мұнайдың әділ құнының өзгеруінен болған өзге де жиынтық кіріс 2023 жылы 1.262.334 мың теңгені (2022 жылы: 19.423.763 мың теңге) құрады. Бұдан басқа, 2023 жылы 3.980.489 мың теңге (2022 жыл: 3.229.453 мың теңге) сомасында артық мұнайды қайта бағалаудан түскен өзге де жиынтық кіріс, сондай-ақ есептен шығарудан болған 7.712 мың теңге (2022 жыл: 282.934 мың теңге) сомасында залал танылды. 2023 жылы қайта бағалауға нәтижесінде өзге де жиынтық кіріс 5.242.823 мың теңгені құрады (2022 жылы: 22.653.216 мың теңге) (6-ескертпе).

2023 жылғы 31 желтоқсанға құбырдағы мұнай көлемі 2.710 мың тоннаны құрады (2022 жылғы 31 желтоқсан: 2.663 мың тонна). 2023 жылдың соңына жүргізілген түгендеу нәтижесі бойынша 47.093 тонна көлемінде (2022 жылы: 38.423 тонна) артық мұнай танылды.

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2023 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

2023 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

## 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

## 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

## 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

## 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІН НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

## 6. ҚОСЫМШАЛАР

1-қосымша. Есеп туралы

2-қосымша. 2023 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ жасаған, «ҚазТрансОйл» АҚ-ның жасалуына мүдделілігі бар мәмілелер тізбесі

3-қосымша. GRI индексі

4-қосымша. БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттары және орнықты даму мақсаттары бойынша индекс

5-қосымша. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл

6-қосымша. Аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілік

7-қосымша. Орнықты даму саласындағы сандық көрсеткіштер

8-қосымша. Қысқартулар тізімі

## 5. МАҢЫЗДЫ ЕСЕП ЖҮРГІЗУ ПАЙЫМДАУЛАРЫ, БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ ЖӘНЕ БОЛЖАУЛАР (ЖАЛҒАСЫ)

### БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ ЖӘНЕ БОЛЖАУЛАР (ЖАЛҒАСЫ)

#### Негізгі құралдардың пайдалы қызмет мерзімі

Топ негізгі құралдар қызметінің қалған пайдалы қызмет мерзімін ең әрі дегенде әрбір қаржы жылының соңына бағалайды және егер күтілетіні бұрынғы бағалаудан өзгеше болса, өзгерістер 8 ҚЕХС (IAS) «Есеп жүргізу саясаты, есептеу бағаларындағы өзгерістер мен қателіктерге» сәйкес есептеу бағаларындағы өзгерістер ретінде ескеріледі.

#### Активтерді пайдаланудан шығару және жерді қайта өңдеу бойынша міндеттеме

Есепті күнгі жағдай бойынша резервтер сомасы төменде берілген міндеттемені орындаудың күтілетін мерзімін, инфляция мөлшерлемесін және есепті кезеңнің аяғына дисконт мөлшерлемесін пайдалана отырып белгіленді:

Пайыз ретінде	2023 жыл	2022 жыл
Дисконттау мөлшерлемесі	8,77%	10,46%
Инфляция мөлшерлемесі	4,75%	6,23%
Міндеттемені орындаудың мерзімі	11 лет	12 лет

Қазақстан Республикасында жоғары өтімді корпоративтік облигациялардың белсенді нарығының болмауына және Қазақстан Республикасының мемлекеттік облигациялары бойынша мәмілелердің жеткіліксіздігіне байланысты, Топ есептік дисконт мөлшерлемесі ретінде өтеу мерзімдері активтерді пайдаланудан шығару және жерді қайта өңдеу бойынша міндеттемелердің күтілетін мерзіміне сәйкес, елдік тәуекелді және Қазақстан Республикасының инфляция деңгейін ескере отырып түзетілген АҚШ-тың мемлекеттік қазынашылық облигациялары бойынша тәуекелсіз мөлшерлемесін пайдаланады.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша активтерді пайдаланудан шығару және жерді қайта өңдеу бойынша міндеттемелерге арналған резервтің теңгерімдік құны 45.648.971 мың теңгені құрады (2022 жылғы 31 желтоқсанда: 40.664.979 мың теңге) және мұнай құбырлары, мұнай айдау станциялары (МАС) және полигондар бойынша тиісті резервтерді қамтиды (26-ескертпе).

#### Мұнай құбырлары бойынша резервтер

2012 жылғы 4 шілдеде күшіне енген «Магистралдық құбыр туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Топтың пайдалану аяқталғаннан кейін магистралдық құбырды (мұнай құбырын) жою және бұдан әрі қоршаған ортаны қалпына келтіру, соның ішінде жерді қайта өңдеу жөнінде іс-шаралар жүргізу бойынша заңды міндеттемесі бар. Құбырлардың пайдалы қолдану мерзімі біткенде ауыстыруға байланысты, жерді қайта өңдеу бойынша міндеттеме іс-шаралары жүргізіледі.

#### МАС бойынша резервтер

Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодексіне енгізілген өзгерістерге сәйкес, қоршаған ортаға теріс әсер ететін объектілерді пайдалану тоқтатылғаннан кейін объектілердің операторлары (меншік иелері) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес объектілерді пайдалану салдарын жоюды қамтамасыз етуге міндетті. Қоршаған ортаға теріс әсер ететін объектілерді пайдалану салдарын жою шеңберінде Қазақстан Республикасының жер заңнамасында көзделген тәртіппен жер учаскелерін адамдардың қауіпсіздігін және (немесе) денсаулығын, қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ететін және оларды нысаналы мақсаты бойынша одан әрі пайдалануға жарамды жай-күйге келтіру жөнінде жұмыстар жүргізілуге тиіс. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес Топтың объектілері қоршаған ортаға орташа теріс әсер ететін II санатқа жатады. Тиісінше, топ 2022 жылы МАС жерлерін пайдаланудан шығару және рекултивациялау бойынша қосымша резерв құрды.

#### Полигондар бойынша резервтер

Полигондар бойынша резервтер 2013 жылы Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес құрылды.

Залалды жою кезіндегі шығындарды бағалау табиғатты қорғау талаптарындағы және заңнаманы түсіндірудегі әлеуетті өзгерістерге ұшырайды. Сондай-ақ, мұндай шығындарды бағалау кезіндегі айқынсыздықтар балама таңдаулардағы, бұзылған жерлерді жою мен қайта қалпына келтіру әдістеріндегі, дисконт деңгейлері мен инфляция мөлшерлемесіндегі және осы міндеттеме күшіне енетін кезеңдегі әлеуетті өзгерістерді қамтиды.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша активтерді пайдаланудан шығару және жерді қайта өңдеу бойынша міндеттемелердің маңызды болжамдарының өзгерісіне сезімталдықты талдау келесідей берілген:

Мың теңгемен	Мөлшерлеменің (төмендеуі)/өсуі	Міндеттемелердің (төмендеуі)/өсуі
Дисконттау мөлшерлемесі	-0,5%	2.358.603
	+0,5%	(2.232.013)
Инфляция мөлшерлемесі	-0,5%	(2.325.923)
	+0,5%	2.439.635

#### Жеткізушілерге берілген алғытөлемдердің құнсыздануы бойынша резервтер

Топ жеткізушілерге берілген ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді алғытөлемдердің құнсыздануына қатысты резервтерді мойындады. Резервті бағалау кезінде мердігерлердің қызметіндегі бұрынғы және күтілетін нәтижелер есепке алынды. Экономикадағы, саладағы және нақты сипаттамалардың өзгерістері шоғырландырылған қаржы есептілігінде ескерілген резервтерге әсер етуі мүмкін.

2023 және 2022 жылдардағы 31 желтоқсанда осы резервтер сәйкесінше, 872.104 мың теңге және 886.666 мың теңге сомасында қалыптасты (10, 13-ескертпелер).

#### Қаржылық активтер бойынша резервтер

Топ дебиторлық берешек және кредиттік мекемелердегі қаражаттар (ақша қаражаттары және олардың баламалары, банк салымдары), кері репо мәмілелері, Ұлттық Банктің Ноталары бойынша күтілетін несиелік шығындарға резервтерді құрайды.

Сауда және өзге де дебиторлық берешек бойынша күтілетін несиелік шығындарды бағалау кезінде Топ стандартта көзделген жеңілдетілген тәсілді қолданды және күтілетін несиелік шығындарды аталған қаржы құралдарының бүкіл қызмет ету мерзімі ішінде есептеді. Топ қарыз алушыларға тән факторларға және жалпы экономикалық жағдайларға түзетілген кредиттік залалдарды өтеу тәжірибесін ескере отырып дайындалған бағалау резервтер моделін пайдаланды.

Кредиттік мекемелердегі қаражаттарға (ақша қаражаттары және олардың баламалары, банк салымдары), кері репо мәмілелері, Ұлттық Банктің Ноталары қатысты Топ 12 айлық кезең ішінде күтілетін несиелік шығындарды есептеді. 12 айлық несиелік залалдар – есеп беру күнінен кейінгі 12 ай ішінде мүмкін болатын қаржы құралы бойынша дефолттарға байланысты туындайтын күтілетін несиелік шығындарды білдіретін бүкіл мерзімге күтілетін несиелік шығындардың бір бөлігі болып табылады. Алайда, бастапқы танудан кейін қаржы құралының несиелік тәуекелінің едәуір ұлғаюы жағдайында, бағаланған шығыс резерві барлық мерзім ішінде күтілетін несиелік шығындардыға тең сомада бағаланады.

Топ, келісімшарт бойынша төлемдер 30 күннен астам уақытқа созылған жағдайда, кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюы орын алған деп есептейді. Келісімшарт бойынша төлемдер 90 күнге дейін мерзімі өткен жағдайда, қаржы активі бойынша дефолт бар деп есептеледі. Сонымен қатар, белгілі бір жағдайларда, Топ, егер ішкі немесе сыртқы ақпарат, Топтың қарызды көтеру тетіктерін ескерместен Топ келісімшартта көзделген қалған төлемдердің толық көлемін алуы екіталай деп болжайтын болса, қаржы активі үшін дефолт болды деп қорытынды жасауға болады. Сонымен, 2023 және 2022 жылғы 31 желтоқсанда күтілетін несиелік шығындар бойынша резервтер тиісінше 5.476.500 мың теңге және 6.313.128 мың теңге көлемінде қалыптастырылды (12, 16, 17-ескертпелер). Есептелген резервтің негізгі сомасы мұнай тиеу қызметтерін тұтынушылардың мерзімі өткен дебиторлық берешегіне байланысты (БМТ және PTL).



Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі

2023 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

2023 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

## 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

## 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

## 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

## 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

## 6. ҚОСЫМШАЛАР

1-қосымша. Есеп туралы

2-қосымша. 2023 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ жасаған, «ҚазТрансОйл» АҚ-ның жасалуына мүдделілігі бар мәмілелер тізбесі

3-қосымша. GRI индексі

4-қосымша. БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттары және орнықты даму мақсаттары бойынша индекс

5-қосымша. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл

6-қосымша. Аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілік

7-қосымша. Орнықты даму саласындағы сандық көрсеткіштер

8-қосымша. Қысқартулар тізімі



## 5. МАҢЫЗДЫ ЕСЕП ЖҮРГІЗУ ПАЙЫМДАУЛАРЫ, БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ ЖӘНЕ БОЛЖАУЛАР (ЖАЛҒАСЫ)

### БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ ЖӘНЕ БОЛЖАУЛАР (ЖАЛҒАСЫ)

#### Салықтар бойынша резервтер

Күрделі салық заңнамасын түсіндіруге, салық заңнамасындағы өзгерістерге, сондай-ақ келешекте салық салыныатын кірістерді алу мерзімі мен сомаларына қатысты айқындық жоқ, Шарттық қатынастардың ұзақ мерзімді сипатының күрделілігін ескергенде, нақты нәтижелер мен қабылданып рұқсат етілген нәтижелер арасында пайда болған айырма немесе мұндай рұқсат етілген нәтижелердің болашақтағы өзгеруі пайда салығы бойынша шығыстар немесе кірістер сомасы есептілігінде көрсетілген болашақ түзетулерге әкелуі мүмкін. Негізделген болжауларға сүйене отырып, Топ салық органдары жүргізген салық тексеруінен болуы мүмкін салдарына арнап резерв жасайды. Осындай резервтердің мөлшері түрлі факторларға, мысалы, алдыңғы тексерулердің және салық заңнамасын салық төлеуші компанияның және тиісті салық органының түсіндіруіне тәуелді болады. Талдаудағы мұндай айырмашылықтар мемлекеттегі басымды жағдайға байланысты көптеген сұрақтар туындайды.

#### Кейінге қалдырылған салықтық активтер

Кейінге қалдырылған салықтық активтер шегерілетін уақытта айырмашылықтар, пайдаланылмаған салық залалдары және салық жеңілдіктері бойынша оған қарағанда салық залалдары есептелуі мүмкін салық салынатын пайда алу мүмкін болатын мөлшерде танылады.

Болашақ салық салынатын пайданы алудың ықтимал мерзімі мен мөлшері негізінде шоғырландырылған қаржылық есептілігінде тануға болатын кейінге қалдырылған салықтық активтері сомасын анықтау үшін басшылықтың елеулі пайымдауы қажет. 2023 жылғы 31 желтоқсанда мерзімі ұзартылған салық бойынша танылған активтер сомасы кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелерінің сомасына өтелген 24.805.588 мың теңгені құрады (2022 жылғы 31 желтоқсанға: 18.461.648 мың теңге кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелерінің сомасына ішінара өтелді) (35-ескертпе). 2023 және 2022 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың кейінге қалдырылған салық бойынша танылмаған активтері болған жоқ.

#### Қызметкерлерге сыйақылар

Зейнеткерлікке шыққанға дейін және одан кейін қызметкерлерге ұзақ мерзімді сыйақылар құны және келтірілген міндеттемелер құны актуарлық әдіс қолданылып белгіленеді. Актуарлық әдіс келешекте нақты нәтижелерден айырмашылығы болуы мүмкін түрлі болжамдарды қолдануды білдіреді. Актуарлық әдіс дисконттау мөлшерлемелері, келешекте еңбекақының өсімі, өлім-жітім деңгейі және келешекте қызметкерлерге сыйақылар өсімі туралы болжамдарды қамтиды.

Негізгі болжауларды бағалаудың күрделілігіне және еңбек қызметінің аяқталуы бойынша қызметкерлерге төленетін сыйақылар бойынша міндеттемелердің ұзақ мерзімді сипатына байланысты мұндай міндеттемелер осындай болжаулардың өзгерістеріне аса сезімтал. Барлық болжау әрбір есепті күнге қайта қаралады.

Қазақстан Республикасында жоғары өтімді корпоративтік облигациялардың белсенді нарығының болмауына және Қазақстан Республикасының мемлекеттік облигациялары бойынша мәмілелердің жеткіліксіздігіне байланысты, Топ есептік дисконт мөлшерлемесі ретінде өтеу мерзімдері қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелердің күтілетін мерзіміне сәйкес, елдік тәуекелді және Қазақстан Республикасының инфляция деңгейін ескере отырып түзетілген АҚШ-тың мемлекеттік қазынашылық облигациялары бойынша тәуекелсіз мөлшерлемесін пайдаланады.

Өлім-жітім деңгейі ашық қол жетімді өлім-жітім кестесіне негізделеді. Болашақ еңбекақы мөлшерінің көбеюі және зейнетақы мөлшерінің көбеюі күтіліп отырған болашақ инфляция қарқынына негізделеді.

2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанына қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелерді бағалау үшін пайдаланылған негізгі актуарлық болжаулар келесі түрде көрсетілген:

	2023 жыл	2022 жыл
Дисконттау мөлшерлемесі	<b>10,93%</b>	10,46%
Болашақта материалдық көмектің өсуі	<b>7,15%</b>	7,50%
Болашақта еңбекақының өсуі	<b>5,63%</b>	5,74%
Өлім-жітім пайызы	<b>5,44%</b>	5,81%

2023 жылғы 31 желтоқсанға еңбек қызметінің аяқталуынан кейін қызметкерлерге сыйақы бойынша міндеттеменің орташа ұзақтығы 17,98 жылды құрады (2022 жылғы 31 желтоқсанда: 18,7 жыл).

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелердің маңызды болжауларының өзгерісіне сезімталдықты талдау келесідей берілген:

Мың теңгемен	Мөлшерлеменің (төмендеуі)/өсуі	Міндеттемелердің өсуі/(төмендеуі)
Дисконттау мөлшерлемесі	-0,5%	1.187.706
	+0,5%	(1.086.147)
Болашақта еңбекақының өзгеруі	-1,0%	(2.191.723)
	+1,0%	2.384.923
Болашақта жалақының өзгеруі	-1,0%	(204.534)
	+1,0%	237.923
Өмірдің ұзақтығы	-1 год	(197.601)
	+1 год	196.760



Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
Магистральдық құбырлардың схемасы  
2023 жылғы негізгі оқиғалар  
Компанияның бизнес-моделі

### 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

### 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

### 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

### 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

### 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

### 6. ҚОСЫМШАЛАР

1-қосымша. Есеп туралы  
2-қосымша. 2023 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ жасаған, «ҚазТрансОйл» АҚ-ның жасалуына мүдделілігі бар мәмілелер тізбесі  
3-қосымша. GRI индексі  
4-қосымша. БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттары және орнықты даму мақсаттары бойынша индекс  
5-қосымша. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл  
6-қосымша. Аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілік  
7-қосымша. Орнықты даму саласындағы сандық көрсеткіштер  
8-қосымша. Қысқартулар тізімі

## 6. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР

2023 және 2022 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша негізгі құралдар келесі түрде көрсетілген:

Мың теңгемен	Жер	Мұнай құбырлар	Су құбырлар	Көлік активтері	Ғимараттар мен құрылыстар	Машиналар, беріліс құрылғылар және жабдық	Технологиялық мұнай	Өзге де	Аяқталмаған құрылыс	Жиыны
<b>2022 жылғы 1 қаңтарға жалпы теңгерімдік құны</b>	<b>26.148.404</b>	<b>276.731.868</b>	<b>44.628.241</b>	<b>25.016.533</b>	<b>100.840.287</b>	<b>188.867.764</b>	<b>201.418.200</b>	<b>11.402.731</b>	<b>50.045.315</b>	<b>925.099.343</b>
Валютаны қайта есептеудің әсері	1.446.528	-	-	807.443	1.875.708	1.067.951	-	72.308	50.098	5.320.036
Түсімдер	-	3.466	-	2.073.803	3.594.052	5.569.049	-	288.115	39.632.697	51.161.182
Борыштық қаржы құралдары бойынша капиталдан-дырылған шығындар (19-ескертпе)	-	-	-	-	-	-	-	-	434.328	434.328
Шығарылу	(33.338)	(1.609.403)	-	(190.860)	(285.832)	(1.224.495)	(282.934)	(543.034)	(229.616)	(4.399.512)
Активтерді пайдаланудан шығару және жерді қайта өңдеу бойынша міндеттемелерге резервтен түсімдер (26-ескертпе)	-	346.567	-	-	13.612.707	-	-	-	-	13.959.274
Активтерді пайдаланудан шығару және жерді қайта өңдеу бойынша міндеттемелер резерві бойынша өзгертулер (26-ескертпе)	-	-	-	-	(3.359.391)	-	-	-	-	(3.359.391)
Жете бағалау (активті қайта бағалаудан болған резерв) (5-ескертпе)	7.924.207	38.830.932	4.500.283	7.937.633	21.305.154	59.569.747	22.653.216	7.855.504	425.157	171.001.833
Қайта бағалау кезінде пайда мен залал арқылы құнсыздану және қайта бағалау, нетто	198.463	236.171	145.956	(825.371)	(3.965.391)	(5.996.689)	-	13.800	(2.695.524)	(12.888.585)
Аяқталмаған құрылыстан ауыстырылған	412	21.976.427	21.027.064	812.642	4.439.206	10.775.486	-	158.483	(59.189.720)	-
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтерден ауыстырылған	73.519	-	-	102.667	672.938	31.483	-	604	-	881.211
Қайта бағалау кезінде жинақталған амортизацияны және құнсыздандуды шегеру	-	(47.983.967)	(6.622.204)	(9.875.606)	(24.034.638)	(73.668.233)	-	(7.489.914)	(180.880)	(169.855.442)
Ауыстырулар мен аударымдар	-	230.913	-	(85.550)	-	(164.563)	-	19.200	-	-
Қорларға ауыстырылған	-	(14.191)	-	-	-	-	-	-	(14.457)	(28.648)
<b>2022 жылғы 31 желтоқсанға жалпы теңгерімдік құны</b>	<b>35.758.195</b>	<b>288.748.783</b>	<b>63.679.340</b>	<b>25.773.334</b>	<b>114.694.800</b>	<b>184.827.500</b>	<b>223.788.482</b>	<b>11.777.797</b>	<b>28.277.398</b>	<b>977.325.629</b>
Валютаны қайта есептеудің әсері	(431.820)	-	-	(71.546)	(154.172)	(98.805)	-	7.295	(36.278)	(785.326)
Түсімдер	4.760	4.898	-	3.137.346	711.631	2.514.859	-	678.899	174.798.655	181.851.048
Борыштық қаржы құралдары бойынша капиталдан-дырылған шығындар (19, 20-ескертпелер)	-	-	-	-	-	-	-	-	8.218.340	8.218.340
Шығарылу	(80.983)	(298.912)	-	(8.520)	(1.233.742)	(136.438)	(7.717)	(204.101)	(12.429)	(1.982.842)
Активтерді пайдаланудан шығару және жерді қайта өңдеу бойынша міндеттемелерге резервтен түсімдер (26-ескертпе)	-	36.142	-	-	-	-	-	-	-	36.142
Жете бағалау (активті қайта бағалаудан болған резерв) (5-ескертпе)	-	-	-	-	-	-	5.242.823	-	-	5.242.823
Қорларға ауыстырылған	-	(1.268.199)	-	(92.744)	(16.292)	(83.078)	-	(907)	(125.100)	(1.586.320)
Аяқталмаған құрылыстан ауыстырылған	663	3.886.503	107.129.476	210.878	8.712.720	16.182.881	-	651.605	(136.774.726)	-
Ауыстырулар мен аударымдар	-	(1.197.382)	-	(80.749)	(38.990)	(393.107)	-	(1.291)	1.711.519	-
<b>2023 жылғы 31 желтоқсанға жалпы теңгерімдік құны</b>	<b>35.250.815</b>	<b>289.911.833</b>	<b>170.808.816</b>	<b>28.867.999</b>	<b>122.675.955</b>	<b>202.813.812</b>	<b>229.023.588</b>	<b>12.909.297</b>	<b>76.057.379</b>	<b>1.168.319.494</b>



Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі  
Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі  
2023 жылғы негізгі көрсеткіштер  
Магистральдық құбырлардың схемасы  
2023 жылғы негізгі оқиғалар  
Компанияның бизнес-моделі

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

## 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

## 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

## 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

## 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІН НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

## 6. ҚОСЫМШАЛАР

1-қосымша. Есеп туралы

2-қосымша. 2023 жылғы «ҚазТрансОйл» АҚ жасаған, «ҚазТрансОйл» АҚ-ның жасалуына мүдделілігі бар мәмілелер тізбесі

3-қосымша. GRI индексі

4-қосымша. БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттары және орнықты даму мақсаттары бойынша индекс

5-қосымша. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл

6-қосымша. Аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілік

7-қосымша. Орнықты даму саласындағы сандық көрсеткіштер

8-қосымша. Қысқартулар тізімі

## 6. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР (ЖАЛҒАСЫ)

Мың теңгемен	Жер	Мұнай құбырлар	Су құбырлар	Көлік активтері	Ғимараттар мен құрылыстар	Машиналар, беріліс құрылғылар және жабдық	Технологиялық мұнай	Өзге де	Аяқталмаған құрылыс	Жиыны
<b>2022 жылғы 1 қаңтарға жинақталған тозу мен құнсыздану</b>	-	<b>(32.702.622)</b>	<b>(4.613.795)</b>	<b>(6.979.408)</b>	<b>(16.093.165)</b>	<b>(54.915.653)</b>	-	<b>(6.311.026)</b>	<b>(410.496)</b>	<b>(122.026.165)</b>
Валютаны қайта есептеудің әсері	-	-	-	(196.035)	(124.655)	(216.993)	-	(7.872)	-	(545.555)
Тозу	-	(15.890.284)	(3.030.408)	(3.031.604)	(8.117.800)	(20.674.358)	-	(1.745.090)	-	(52.489.544)
Шығарылу	-	626.175	-	189.278	149.395	1.068.892	226.758	531.541	229.616	3.021.655
Құнсыздану (пайдалар мен залалдар арқылы)	-	(12.882)	-	-	-	-	(10.515)	-	-	(23.397)
Құнсыздану (активті қайта бағалаудан болған резерв)	-	-	-	-	-	-	(216.243)	-	-	(216.243)
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтерден ауыстырылған	-	-	-	(71.087)	(231.183)	(5.325)	-	(604)	-	(308.199)
Қайта бағалау кезінде жинақталған амортизацияны және құнсыздануды алу	-	47.983.967	6.622.204	9.875.606	24.034.638	73.668.233	-	7.489.914	180.880	169.855.442
Қорларға ауыстырылған	-	2.304	-	-	-	-	-	-	-	2.304
Ауыстырулар мен аударымдар	-	(6.658)	-	5	-	6.653	-	-	-	-
<b>2022 жылғы 31 желтоқсанға жинақталған тозу мен құнсыздану</b>	-	-	<b>(1.021.999)</b>	<b>(213.245)</b>	<b>(382.770)</b>	<b>(1.068.551)</b>	-	<b>(43.137)</b>	-	<b>(2.729.702)</b>

Валютаны қайта есептеудің әсері	-	-	-	12.021	10.964	18.870	-	858	-	42.713
Тозу	-	<b>(21.324.798)</b>	<b>(4.011.836)</b>	<b>(5.397.433)</b>	<b>(7.559.599)</b>	<b>(27.956.926)</b>	-	<b>(3.955.157)</b>	-	<b>(70.205.749)</b>
Шығарылу	<b>15.852</b>	<b>260.986</b>	-	<b>8.416</b>	<b>329.147</b>	<b>106.556</b>	<b>5.786</b>	<b>203.279</b>	-	<b>930.022</b>
Қорларға ауыстырылған	-	<b>802.227</b>	-	<b>75.210</b>	<b>6.286</b>	<b>62.744</b>	-	<b>830</b>	-	<b>947.297</b>
Құнсыздану (пайдалар мен залалдар арқылы)	-	<b>(2.218.829)</b>	-	<b>(4.049)</b>	<b>(458.202)</b>	<b>(557.030)</b>	-	<b>(5.484)</b>	<b>(1.487.186)</b>	<b>(4.730.780)</b>
Құнсыздану (активті қайта бағалаудан болған резерв)	<b>(15.852)</b>	<b>(4.428.420)</b>	-	<b>(1.257)</b>	<b>(1.652.428)</b>	<b>(2.136.247)</b>	<b>(5.786)</b>	<b>(124.201)</b>	<b>(63.580)</b>	<b>(8.427.771)</b>
<b>2023 жылғы 31 желтоқсанға жинақталған тозу мен құнсыздану</b>	-	<b>(26.908.834)</b>	<b>(5.033.835)</b>	<b>(5.520.337)</b>	<b>(9.706.602)</b>	<b>(31.530.584)</b>	-	<b>(3.923.012)</b>	<b>(1.550.766)</b>	<b>(84.173.970)</b>

Мың теңгемен	Жер	Мұнай құбырлар	Су құбырлар	Көлік активтері	Ғимараттар мен құрылыстар	Машиналар, беріліс құрылғылар және жабдық	Технологиялық мұнай	Өзге де	Аяқталмаған құрылыс	Жиыны
<b>2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша</b>										
<b>Жалпы теңгерімдік құны</b>	<b>35.250.815</b>	<b>289.911.833</b>	<b>170.808.816</b>	<b>28.867.999</b>	<b>122.675.955</b>	<b>202.813.812</b>	<b>229.023.588</b>	<b>12.909.297</b>	<b>76.057.379</b>	<b>1.168.319.494</b>
Жинақталған тозу және құнсыздану	-	<b>(26.908.834)</b>	<b>(5.033.835)</b>	<b>(5.520.337)</b>	<b>(9.706.602)</b>	<b>(31.530.584)</b>	-	<b>(3.923.012)</b>	<b>(1.550.766)</b>	<b>(84.173.970)</b>
<b>Теңгерімдік құн</b>	<b>35.250.815</b>	<b>263.002.999</b>	<b>165.774.981</b>	<b>23.347.662</b>	<b>112.969.353</b>	<b>171.283.228</b>	<b>229.023.588</b>	<b>8.986.285</b>	<b>74.506.613</b>	<b>1.084.145.524</b>
<b>2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша</b>										
<b>Жалпы теңгерімдік құны</b>	35.758.195	288.748.783	63.679.340	25.773.334	114.694.800	184.827.500	223.788.482	11.777.797	28.277.398	977.325.629
Жинақталған тозу және құнсыздану	-	-	(1.021.999)	(213.245)	(382.770)	(1.068.551)	-	(43.137)	-	(2.729.702)
<b>Теңгерімдік құн</b>	<b>35.758.195</b>	<b>288.748.783</b>	<b>62.657.341</b>	<b>25.560.089</b>	<b>114.312.030</b>	<b>183.758.949</b>	<b>223.788.482</b>	<b>11.734.660</b>	<b>28.277.398</b>	<b>974.595.927</b>

Егер жинақталған тозуды және жинақталған құнсыздануды шегергенде активтер бастапқы баға бойынша ескерілсе, шоғырландырылған қаржылық есептілік-ке қосылған негізгі құралдардың әрбір қайта бағаланған санатының теңгерімдік құны төмендегідей көрсетіледі:

Мың теңгемен	Жер	Мұнай құбырлар	Су құбырлар	Көлік активтері	Ғимараттар мен құрылыстар	Машиналар, беру құрылғылар және жабдық	Технологиялық мұнай	Өзге де	Аяқталмаған құрылыс	Жиыны
<b>2023 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>25.383.825</b>	<b>185.440.267</b>	<b>161.706.274</b>	<b>18.934.819</b>	<b>81.675.140</b>	<b>114.824.712</b>	<b>30.270.415</b>	<b>3.904.078</b>	<b>76.050.941</b>	<b>698.190.471</b>
2022 жылғы 31 желтоқсанға	25.830.607	189.124.116	57.548.517	18.600.228	77.129.454	109.740.860	30.270.506	3.616.687	30.654.199	542.515.174

2023 және 2022 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша аяқталмаған құрылыс негізінен келесі өндірістік объектілерді қамтиды:

- Магистральды мұнай құбыры учаскелерін ауыстыру;
- Магистральдық мұнай құбыры және магистральдық суағызғысы объектілерінің (сорғы станциялары, байланыс желілері, электрмен жабдықтау, автоматика жүйесі, технологиялық құбырлар, мұнай резервуарлары, электрмен жабдықтау және басқалары) ауыстыруы, қайта құруы және құрылысы.

2023 жылдың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша:

- Толығымен амортизацияланған, бірақ әлі күнге дейін қолданыстағы негізгі құралдардың жалпы теңгерімдік құны мен тиісті жинақталған амортизациясы 8.712 мың теңгені (2022 жылғы 31 желтоқсанға: ноль теңге) құрады;
- Аяқталмаған құрылыс 4.206.770 мың теңге көлемінде (2022 жылғы 31 желтоқсанға: 3.191.264 мың теңге) құрылыс жұмыстары үшін сатып алынған материалдар мен босалқы бөлшектерді қамтиды.

31 желтоқсанда аяқталған 2023 жыл үшін аяқталмаған құрылыс құнына енгізілген тозу сомасы 22.037 мың теңгені (2022 жыл үшін: 21.500 мың теңге) құрады.

Су құбырын салу жөніндегі ынтымақтастық туралы келісім шеңберінде Топ өтеусіз негізінде 2022 жылғы қарашада 7.467.625 мың теңге сомасына техникалық су сорғы станциясы пайдалануға қабылдады (37-ескертпе).

31 желтоқсанда аяқталған 2023 жыл үшін аяқталмаған құрылысқа түсімдер негізінен «Астрахань-Маңғышлақ» магистральдық су құбырын қайта жаңарту және кеңейту 1-кезек» жобасы және «Өзен-Атырау-Самара» магистральдық мұнай құбырының бөлігін ауыстыру жөніндегі жұмыстармен байланысты.





Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Бас директордың (Баскарма төрағасының) үндеуі

2023 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

2023 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

## 2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

## 3. ОРНЫҚТЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

## 4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

## 5. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІН НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

## 6. ҚОСЫМШАЛАР

1-қосымша. Есеп туралы

2-қосымша. 2023 жылғы «ҚазТрансОйл» АҚ жасаған, «ҚазТрансОйл» АҚ-ның жасалуына мүдделілігі бар мәмілелер тізбесі

3-қосымша. GRI индексі

4-қосымша. БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттары және орнықты даму мақсаттары бойынша индекс

5-қосымша. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл

6-қосымша. Аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілік

7-қосымша. Орнықты даму саласындағы сандық көрсеткіштер

8-қосымша. Қысқартулар тізімі

## 7. ПАЙДАЛАНУ ҚҰҚЫҒЫ ТҮРІНДЕГІ АКТИВТЕР

2023 және 2022 жылдардағы 31 жетоқсандағы жағдай бойынша пайдалану құқығы түріндегі активтер келесі түрде көрсетілген:

Мың теңгемен	Пайдалану құқығы түріндегі активтер				
	Жер және басқа активтер	Көлік активтері	Фимараттар мен құрылыстар	Машиналар, жабдық және беріліс құрылғылары	Жиыны
<b>2022 жылғы 1 қаңтарға қалдық күн</b>	<b>73.230</b>	<b>748.021</b>	<b>180.450</b>	<b>109.771</b>	<b>1.111.472</b>
Түсімдер (24 ескертпе)	2.249	–	13.912	114.694	130.855
Шығарылу	(2.872)	–	–	–	(2.872)
Модификация (24 ескертпе)	–	994.358	265.523	–	1.259.881
Амортизация	(3.535)	(1.379.309)	(134.865)	(64.562)	(1.582.271)
<b>2022 жылғы 31 желтоқсанға қалдық күн</b>	<b>69.072</b>	<b>363.070</b>	<b>325.020</b>	<b>159.903</b>	<b>917.065</b>
Түсімдер (24 ескертпе)	<b>684</b>	<b>7.514.228</b>	<b>130.734</b>	<b>–</b>	<b>7.645.646</b>
Шығарылу	–	–	<b>(135.330)</b>	<b>(114.694)</b>	<b>(250.024)</b>
Модификация (24 ескертпе)	–	<b>283.158</b>	<b>72.159</b>	<b>4.210</b>	<b>359.527</b>
Амортизация	<b>(2.260)</b>	<b>(1.739.267)</b>	<b>(157.394)</b>	<b>(41.957)</b>	<b>(1.940.878)</b>
<b>2023 жылғы 31 желтоқсанға қалдық күн</b>	<b>67.496</b>	<b>6.421.189</b>	<b>235.189</b>	<b>7.462</b>	<b>6.731.336</b>

2023 жылғы көлік активтері бойынша түсімдер ұзақ мерзімді жалдау шарттарын жасасумен байланысты.

## 8. МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР

2023 және 2022 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша материалдық емес активтер келесі түрде көрсетілген:

Мың теңгемен	Лицензиялар	Бағдарламалық жасақтама	Жерді пайдалануға арналған құқықтар	Аяқталмаған капиталдандырылған шығындардан және өзге де	Жиыны
<b>2022 жылғы 1 қаңтарға қалдық күн</b>	<b>411.873</b>	<b>695.852</b>	<b>6.023.532</b>	<b>220.977</b>	<b>7.352.234</b>
Түсімдер	240.641	27.148	107.858	232.349	607.996
Аяқталмаған капиталдандырылған шығындардан ауыстырылған	111.622	149.120	–	(260.742)	–
Амортизация	(258.809)	(303.861)	(255.738)	(5.004)	(823.412)
Шығарылу	(54.788)	(199.081)	–	–	(253.869)
Шығарылудан жинақталған тозу	54.788	199.081	–	–	253.869
Валютаны қайта есептеу	5.079	–	1.369.910	3.525	1.378.514
<b>2022 жылғы 31 желтоқсанға қалдық күн</b>	<b>510.406</b>	<b>568.259</b>	<b>7.245.562</b>	<b>191.105</b>	<b>8.515.332</b>
Түсімдер	<b>74.404</b>	<b>18.286</b>	<b>–</b>	<b>149.195</b>	<b>241.885</b>
Аяқталмаған капиталдандырылған шығындардан ауыстырылған	<b>38.858</b>	<b>105.950</b>	<b>–</b>	<b>(144.808)</b>	<b>–</b>
Амортизация	<b>(193.433)</b>	<b>(192.592)</b>	<b>(281.938)</b>	<b>(3.942)</b>	<b>(671.905)</b>
Шығарылу	<b>(21.702)</b>	<b>(103.005)</b>	<b>–</b>	<b>(3)</b>	<b>(124.710)</b>
